



РУХАНИ  
ЖАҢГЫРУ

ЖАҢА ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ 100 ЖАҢА ОҚУЛЬЫҚ



Дерек Джонстон  
**ФИЛОСОФИЯНЫҢ  
ҚЫСҚАША ТАРИХЫ**

СОКРАТТАН ДЕРРИДАҒА ДЕЙІН

A BRIEF HISTORY OF PHILOSOPHY  
FROM SOCRATES TO DERRIDA

ДЕРЕК ДЖОНСТОН

ФИЛОСОФИЯНЫҢ  
ҚЫСҚАША ТАРИХЫ  
СОКРАТТАН ДЕРРИДАФА  
ДЕЙІН



Астана  
2018

«Жаңа гуманитарлық білім.  
Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»  
жобасының редакциялық алқасы:

Редакциялық алқаның төрағасы – Тәжсин М.М.

Төрағаның орынбасары – Сагадиев Е.К.

Жаупты хатшы – Кенжеханұлы Р.

Алтаев Ж.А.

Алишанов Р.А.

Жаманбалаева Ш.Е.

Жолдасбеков М.Ж.

Қасқабасов С.А.

Қарин Е.Т.

Құрманбайұлы Ш.

Масалимова Ә.Р.

Мұтанов Ф.М.

Нұрышева Г.Ж.

Нысанбаев Ә.Н.

Өмірзаков С.Ы.

Саңғылбаев О.С.

Сыдықов Е.Б.

Кітапты баспаға әзірлеген:

Ұлттық аударма бюросы

Аудармашылар – Әбдірасылова Г.З.

Нұрышева Г.Ж.

Әдеби редактор – Смаділ Қ.  
Сыбанбай С.Ә.

Жалпы редакциясын  
басқарған – Нұрышева Г.Ж.

Жаупты шығарушы – Жеңісұлы Е.

Пікір жазғандар – Нұрмұратов С.Е.  
Сәбит М.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық  
университетінің Философия кафедрасында  
ғылыми редакциядан өткен

Copyright © Derek Johnston, 2006

All rights reserved. No part of this publication may be reproduced or transmitted in any form or by any means, electronic or mechanical, including photocopying, recording, or any information storage or retrieval system, without prior permission in writing from the publishers.

This translation is published by arrangement with Bloomsbury Publishing Plc. Copyright © 2017 by «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры ("National Bureau of Translations" Public Foundation). All rights reserved.

Джонстон Д.

Д37 **Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін.** – Алматы:  
«Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 216 бет.

ISBN 978-601-7943-05-9

Дерек Джонстонның «Философияның қысқаша тарихы» атты бұл еңбегіне философиялық ойдың даму тарихына айрықша үлес қосқан танымал 15 ойшылдың шығармашылығы топтастырылған. Автор Батыс дәстүріндегі көрнекті философтардың негізгі еңбектері мен теорияларын оқырмандарға кезең-кезеңмен таныстыруды көздейді. Кітап тарауларында философтардың өмір сүрген дәуіріне шолу жасалып, сөз болатын шығармалардың негізгі идеяларын талдауға басымың берілген.

Сондай-ақ жинақта философтардың өмір деректері мен басты еңбектерінің тізімі, сол дәүірдегі ғылыми жаңалықтар мен тарихи оқигалар, философиялық, әдеби және көркем туындылар да қамтылған. Әр шығармаға арналып оның түйінді идеясын білдіретін ықшам анықтама дайындалған. Тақырыптар хронологиялық ретпен баяндалса да, материал кез келген тараудан бастап түсініп оки беруге лайықталып, әрқайсысы жеке бітіммен құрастырылған.



...Біздің мақсатымыз айқын, бағыттымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу.

Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүрөі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады.

Біз алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілден қазақ тіліне аударып, жастарға дүниежүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасаймыз.

Жаңа мамандар ашықтық, прагматизм мен бәсекелестікке қабілет сияқты сананы жаңғыртудың негізгі қагидаларын қогамда орнықтыратын басты күшке айналады. Осылайша болашақтың негізі білім ордаларының аудиторияларында қаланады...

Қазақстан Республикасының Президенті  
Н.Ә. Назарбаевтың

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты еңбегінен

# МАЗМҰНЫ

<b>КІРІСПЕ</b>	9
1. <b>Сократ пен Платон:</b> от пен күн	14
2. <b>Аристотель:</b> ақылды пайымдау	31
3. <b>Эпикур мен Зенон:</b> жақсы өмірдің сыры	49
4. <b>Акуинолық Томас:</b> нақты дүниені бірыңғай түсіндіру	63
5. <b>Рене Декарт:</b> жүйелі күмәндану – философиялық әдістің бір түрі	78
6. <b>Локк және Монтескье:</b> либерал мемлекет	90
7. <b>Бенедикт Спиноза:</b> тиянақты ой және байыпты тұжырым	104
8. <b>Дэвид Юм:</b> эмпирикалық растау	114
9. <b>Иммануил Кант:</b> ақылға сын	124
10. <b>Карл Маркс:</b> тарих үдерісі	135
11. <b>Фридрих Ницше:</b> билікке құштарлық	147
12. <b>Людвиг Витгенштейн:</b> тіл және нақты дүние	157
13. <b>Мартин Хайдеггер:</b> біз болмысты ұмыттық	168
14. <b>Жан-Поль Сартр:</b> экзистенциалистің азабы	179
15. <b>Жак Деррида:</b> нақты дүниені деконструкциялау	190
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b>	204
<b>СІЗГЕ ҚЫЗЫҚ КІТАПТАР</b>	211

# **СҮРЕТТЕР ТІЗІМІ**

2.1	Аристотель	32
3.1	Эпикур	51
4.1	Акуинолық Томас	64
5.1	Рене Декарт	79
6.1	Джон Локк	93
9.1	Иммануил Кант	125
10.1	Карл Маркс	136
11.1	Фридрих Ницше	148
14.1	Жан-Поль Сартр	180
15.1	Жак Деррида	191

# Kіrіспе

Сіз философия кітабын қолыңызға алдыңыз, демек, сіз философияның не екенін білуге қызығып тұрсыз. Адамдар «философия» сөзін әртүрлі жағдайларда қолданады. Абстрактілі ойлау оны түсінудің бір тәсілі болуы мүмкін. Менің күнделікті өмірімді айқындаپ тұратын идеялар жиынтығы – оның басқаша мәні. Ал тіршілік түйткілдерінен бой тартқым келетіні – «философия» сөзін қолданудың үшінші тәсілі. Философияның осы анықтамаларының бәрі адамның өмірлік бай тәжірибесінен алынған. Философия (үлкен әріппен жазылатын нағыз философия) – ойлауға тікелей байланысты ғылым. Бірақ кәсіби мамандардың өзі мұндай анықтамамен үнемі келісе бермейді.

## Философия дегеніміз не?

Бұл кітапта философияның бірыңғай қабылданған анықтамасы жоқ. Сіз белгілі философтардың осы мәселеге қай қырынан келгенін мысалдар арқылы таба аласыз. Философияның бірнеше негізгі тармағы белгілі бір кезеңдерге қатысты баяндалады.

**Эпистемология** – философияның заттарды қалай танып-білетіні тура-лы бөлімі. Біз бірдене білеміз деп қай үақытта айта аламыз? «Білемін» деген сөз нені білдіреді? «Білемін» сөзіне назар аударсаңыз, ол түрлі сөйлемдерде түрліше қолданылады:

Екі жердегі екінің төрт екенін білемін.  
Жердің Күнді айналатынын білемін.  
Джонды білемін.  
Лондонды жақсы білемін.  
Банкоматты қалай қолдануды білемін.  
Бөлмеде он бес адам бар екенін білемін.

Кейде «білемін» сөзі әлдекіммен немесе әлденемен, мысалы, мінез-құлық ережелерімен, қандай да бір іс-әрекет машиғын менгерумен, бір сөзben

айтқанда, өзіміз тексеріп, түсінген нәрселермен жақын таныстықты білдіреді. Кейде ол тұрақты, өзгермейтін нақты дүниеге, кейде уақытша, тұрақсыз істерге қатысты қолданылады. Бұл мағыналар өте нәзік өлшемдер арқылы ажыратылады.

**Логика** – ойларымызды белгілі бір ретпен – мұқият және батыл түзуімізге көмектесетін ережелерге қатысты ғылым. Логика ғылымы ойлау ережелерін қашан және қалай қолдануымыз қажеттігін анықтайды.

**Метафизика** көз алдымызды болмысты зерттейді. Метафизика – болмыстың шығу, пайда болу себептері мен принциптерін зерделейтін ғылым. Ол заттарды жеке зерттей отырып, біздің санамыздан жоғары дүниелерге ақыл-ой көзімен қарап, мәнін ұғынуға тырысады. Бұл – түсінуге құрделі ұғым. Ен дұрысы, осы кітаптың әр түсында келтірілген мысалдардың қалай және қашан қолданылғанына назар аударып отыру керек.

**Этика** нениң дұрыс, нениң бұрыс екенін түсінуге тікелей байланысты. Қандай іс-әрекеттер дұрыс, ал қайсысы бұрыс? Мұны қайдан білемін? Дұрыс өмірлік мақсат дегеніміз не? Соған жетудің он жолы қандай? Мақсат-ниетім дұрыс болса, бұған қалай жететінім маңызды ма? Міндеттерім қандай? Парызым ше?

**Саяси философия** – этиканың бір саласы. Ол біздің қауымдаса өмір сүруімізді зерттейді. Саяси философия басқару формаларын байыптауды және кімнің заң шығаруға құқы бар, мұндай құқық қайдан шықты деген сипаттағы сұрақтарға жауап іздейді. Жалпы міндеттер, сондай-ақ азаматтар мен мемлекеттің міндеттері қандай? Азаматтардың құқықтары қандай? Құқықтар мен міндеттердің өзара байланысы қалай көрінеді? Кім басқаларға билік жүргізе алады? Қандай жағдайларда билік өкілеттігін қолдануға болады?

**Эстетика** – өнерге және әдемілікке, сонымен қатар адамның осы ұғымдар жайлы түсінігіне байланысты ілім.

Бұлар – философияның негізгі бөлімдері. Философияның мұнан да басқа бөлімдері бар. Солардың бірі – ғылым философиясы. Көптеген теориялық және техникалық ғылымдар да бір кездері философияның бөлігі саналды, бірақ уақыт өте толығымен тәуелсіз салаға айналды. Осы қатарға психологияны, математика мен лингвистиканы да қоса кеткен дұрыс.

Философтар айналысатын түрлі мәселелерге көбірек тоқталып отырғанымызды байқаған шығарсыз. Әрине, берілген жауаптардың көбіне философтардың бәрі бірдей келіспеуі мүмкін. Тіпті олар қандай сұрақтарға басымдық беру керегі жөнінде де бір келісімге келе қоймайды. Философияның бізді баурай түсуінің бір себебі де осы – онда: «Дәл солай! Сұраққа бұлжымас жауап таптық!» деген бір көзқарасқа келу мүмкіндігі тіпті жоқ. Ендеше ма-

засызданудың қажеті бар ма? Иә, бар. Философтар мұнымен толық келіседі. Бірақ философия не нәрсеге мазасыздануға, ой жүгіртуге тиіс? Түрлі ойшылдар бұл сұраққа әртүрлі жауап береді. Сондықтан сіз бұл сұрақты оқып, танысу кезінде жауап жүптауға тиіссіз. Мұнда мен тек екі себепті атап көрсетемін: өмірдің барлық саласында біз ұсынған ұсыныстар әрқашан сыни тұрғыда қарастырылуы керек. Одан бөлек, біз басқаша ойлануға дайын болуымыз қажет.

Методология туралы бірер сөз. Философтар жүйесіз және орынсыз әркетке бармайды. Олар: «Сізбен келіспейтінімді сезіп тұрмын және келісе салайын деген ниетім де жоқ. Сіз де бұған ештеңе істей алмайсыз. Міне, осылай!» – деп ешқашан айтпайды. Философия – айқын және парасатты ғылым. Философия мәселе туралы терең толғанудан, сол мәселені жан-жақты қарастырудан, мұқият бағалай отырып сынаудан тұрады. Бұл жағдайда сынға теріс қарамау керек: сын – ой-пікірді таразылауға көмектеседі және қисынды қорытындыларға жетелейді. Бұл жерде ең бастысы – ақыл-ой, өйткені біз адам көңілінің құбылуы туралы емес, логика жайында айтып отырмыз.

## **Сіз бұл кітаптан не табасыз?**

Бұл кітап әлемге танымал он бес философ жайлы баяндайды. Олардың әрқайсысы философияға маңызды үлес қосты немесе философия туралы көзқарасымыздың өзгеруіне ықпал етті. Бұл ойшылдар философиялық қызметтерін өздеріне дейінгі философтарды сынаудан бастаған. Олар философияның өз көзқарастарына қайшы келетін анықтамасымен мындаған жылда да келіспес еді. Себебі ойлау әдістері әртүрлі.

Философия туралы бірдене білетін адам осы кітапты ашып: «Мыналарды қалай іріктеген? Мен осы он бес философты ешқашан таңдамас едім!» – дер еді. Иә, келісемін. Бірақ неге осы он бес ойшыл?

Философтарды таңдағанда үш өлшемді қолданым. Біріншіден, ұлы философтардың Батыста дәстүрлі ілімге айналған негізгі идеяларын оқырманың көпшілігіне түсінікті тілмен баяндап бергім келді. Сондықтан белгілі бір философиялық бағыттан кемі бір ойшылды қосуға тырыстым. Философтардың бәрінің ойларын қамту мүмкін емес еді, сосын әйгілі он бес ойшылға ғана тоқталуды жөн деп таптым. Маған осы сан оңтайлы көрінді. Осынша ойшылдың теорияларына үнілу негізгі философиялық идеяларды тез-тез баяндап қана шықпай, философиялық ойдың дамуын бағамдауға мүмкіндік береді. Дегенмен кей тарауларда бір емес, екі бірдей ойшылдың теорияла-

ры мен идеялары қамтылған (кез келген философқа байыптаң қарасаңыз, олардың өздері айтқандай, соншалықты қатал емес екенін байқайсыз). Осы кітаптың он бес тарауы жаңа идеяларға парасат тұрғысынан қарау керектігін білдіреді. Өйткені сини ойлау белсенділігі аз адам философиямен айналыса алмайды.

Екіншіден, оқырмандарды әртүрлі философиялық бағыттардың негізгі ұғымдарымен таныстырым келді. Соңдықтан бұл міндетті орындауға көмегі тиетін философтарды таңдадым.

Үшіншіден, өзімнің жеке қалауыма, білімім мен білігіме басымдық бердім. Таңдалған философтардың бәрін бірдей жақсы көремін дей алмаймын. Олардың бір-екеуі мені зеріктіріп те жіберді. Бірақ олардың бәрі біз үшін маңызды деп білемін. Өйткені бұлар біздің Батыс дүниесі туралы түсінігіміздің, санамыздың қалыптасуына қомақты үлес қосты және қазіргі қалпымызға жетуімізге көмектесті.

Көп адамдар мен ұмыт қалдырған нәрселерге көнілі қалып, ренжитіні анық. Менің айтарым: қолымнан келгені осы болды. Көвшілік оқырман үшін кітап пайдалы болады, білімін жетілдіре түсуге ынталандырады, уақыт өте келе өз көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік береді деп үміттенемін. Мен қолданған өлшемдерді «негізделген субъективтілік» деп сипаттауға болады деп есептеймін!

Кітаптың құрылымын біркелкі етуге шамам жеткенше тырыстым. Әр тарауда ойшылды және ол өмір сүрген дәуірді таныстыруға арналған кіріспе бар. Әрі қарай философтың өмірі туралы қысқаша айтып өтеміз. Бірақ философтар туралы айтқанда, оның идеялары жөнінде сөз қозғаған дұрыс. Соңдықтан әр тараудың негізгі бөлігі идеяларға арналады.

Философтың негізгі идеялары әртүрлі кітаптардың немесе жазбалардың негізінде, байыппен және ретімен баяндалады. Осылайша идеялар айдарларға жіктеледі. Сонымен қатар шағын анықтамаларда (анықтамалық мәліметтерде) түрлі ойшылдардың бірқатар еңбектеріндегі негізгі идеялар көрініс тапқан.

Түрлі тарауларда әр философтың зерттеуіне қатысты негізгі идеялар мен терминдер берілген (қысқаша түсіндірмелер беретін анықтамалық мәлімет). Анықтамалар қажетті мәліметті іздең, қыруар бетті босқа парактамас үшін қайталанып беріледі. Материал хронологиялық ретпен баяндалса да, кез келген бетін ашып, зерттеуге кірісуге мүмкіндік беретіндегі етіп құрастырылған. Арнайы терминдер өте аз, кездескен жерден-ақ оның түсіндірмесін табасыз.

Әр философтың «өмір шежіресі» бар. Мұнда оның өмірінің маңызды кезеңдері және негізгі еңбектерінің тізімі көрсетіледі. Сонымен қатар сол дәуір-

де жазылған философиялық, әдеби және көркем туындыларға, ғылыми ізденістерге, тарихи оқиғаларға сілтеме жасалуы мүмкін.

Әр тарау өзінше түйіндеумен аяқталады. Бұл түйіндеу сіз сол ойды ғана дұрыс деп қабылдауының қажет дегенді білдірмейді. Олар сіздің идеяларды қабылдауыныңға немесе терістеуіңізге, философиялық тұрғыда пайымдай бастауыныңға көмектесетін әдістерді ғана аңдатады.

Сіз осы еңбекте әйел философтар туралы сөз болмағанын байқайсыз. Мәселе Батыс философиясында әйелдердің жаңашылдар ретінде көп танылмауында. Дегенмен біртіндеп олар философияда маңызды орынға ие бола бастады. Философия өткен дәуірде де тоқтап қалмаған, бүгін де тоқырамайды. Ал болашақтың философиясы – әйелдердің маңызды үлес қосатынымен ерекше әрі қызықты. Бұл үрдіс қазір теологияда байқалады. Оның дамуына әйелдер елеулі үлес қосып келе жатыр.

Философия – адамның ойлау тәсілдерін сынни бағалауды жүзеге асырудың және «түрліше ойлаудың» жаңа мүмкіндіктерін ашудың тұрақты үдерісі. Кітаптағы қызықты оқиғалар мен баяндаулар оқырманды өзіне баурап әкетеді деп ойлаймын. Дегенмен бұл еңбек – ауқымды жұмыстың бастамасы ғана. Философияны зерделеу үшін сіз көп уақытыңыз бер қажыр-қайратынызды арнауының керек. Жұмсаған күш-қуатыңыз бекер кетпейді деп үміттенемін.

# **1. Сократ пен Платон: от пен күн**

Платон – өз еңбектерінде қазіргі заманғы тоталитарлық мемлекеттің теориялық негіздемесін тұжырымдаған және ер балалардың дәстүрлі мектеп-интернаттарының орындылығын алғаш болып дәйектеген философ. (Осының барлығын б.д.д. төртінші ғасырда айтып кеткен.) Шын мәнінде, ол бұдан да көп іс тындырды: Платон таным теориясын бірінші болып ұсынды. Платон мен оның ұстазы Сократ – адамгершілік мәселелерін шешу үшін ақыл-ойды қолдануды алдымен айтқан адамдар.

## **Ежелгі Грекия**

Философия әлеміне саяхатқа аттанбас бұрын ежелгі Грекияға, үш ұлы философ өмір сүрген дәуірге көз жіберіп көрейік. Бұл – биік таулар қоршаған, құнарлы жазирасты да бар, аумағы шағын, табиғаты қатал аймақ еді. Бұл жерлерді тәуелсіз, ержүрек және денсаулығы мығым адамдар мекендеді. Саяхаттың ең қарапайым тәсілі – теңіз жолы еді. Қалалар бір-біріне өте жақын орналасқанымен, араларын құрделі рельефтер бөліп тұрды. Гректер көкөніс пен жемістің бірнеше түрін ғана өсірді. Балық қоры солтүстік аймақтардағыдай мол болған жоқ. Ешкі еті негізгі тағам ретінде көп пайдаланылды. Барлық жерде зәйтүн ағаштары жайқалып өсіп тұратын, зәйтүн майы, шарап мол болды. Ауа райы ыстық, жазы өте құрғақ, ылғалы аз еді. Аптап ыстық адамды қалжырататын. Осындай аймақты «мықты, іскер, алғыр және зерек» деп сипатталған адамдар мекендеді.

Ежелгі Грекия қазіргі мемлекеттердей біртұтас болған жоқ. Әр қала тәуелсіз құрылым еді. Афина қаласы шамамен 240 000 адам мекендеген мемлекет болды. Тұрғындарының басым бөлігі құлдар еді. Қаланы тәуелсіз азаматтардың халықтық жиналышы басқарды. Афина сәулет өнерімен, музыкасымен, әдебиетімен және философиясымен танылды. Ал Спарта мұлде басқа ел еді, ол қатаң әскери мемлекет болатын. Мұнда сәбілерді ата-ана құшағынан алғаш кетіп, әскери ортада тәрбиеледі. Спарта әдебиетті, сәулет

өнерін немесе өнердің басқа да түрлерін бағалаған жоқ. Экономикасы құлдар еңбегін пайдалануға негізделді. Ал барша ер-азамат тек әскери істі ғана менгерді.

## Сократ

Біз ұлы ойшылдардың бірі Платон туралы баяндағанда, оның досы және ұстазы Сократты айтпай кете алмаймыз. Сократ философияның бастауында тұрған жанның бірі болды. Оны философия үшін зардап шеккен ең алғашқы адам деуге де болады. Ақиқат жолындағы табандылығы мен адалдығы Сократты өлімге душар етті. Сократ «Афина жастарын азғындағатты, қаланың құдайларына құлшылық етпей, жаңа құдайларға табынуға шақырды» деп айыпталды.

### Әмір шежіресі

(Барлық даталар – біздің дәуірімізге дейінгі)

Шамамен 470 жыл – Сократ дүниеге келді

460 жыл – Олимпиядағы Зевс ғибадатханасының құрылышы басталды

458 жыл – Эсхил «Орестея» туындысын жазды

Шамамен 450 жыл – Көне Інжілдегі «Әндердің әні» кітабы жазылды: Рим құқығының ең алғашқы жиынтығы – он екі кесте жасалды; темір дәуіріндегі Еуропада кельт мәдениеті – латен мәдениеті дүниеге келді

447–432 жылдар – Афинада – Акрополь, соның ішінде, Парфенон салынды

431–404 жылдар – Спарта мен Афина арасындағы Пелопеннес соғысы

430–420 жылдар – шамамен осы үақыт аралығында Сократ үйленді

430 жыл – Софокл «Эдип патшаны» жазды

420–399 жылдар – Сократ Ұстаз ретінде әйгілі болды

404 жыл – Афина империясының ақыры

399 жыл – Сократ өлім жазасына кесілді

### Әмірі

Сократ шамамен б.д.д. 470 жылды дүниеге келді (біз оның б.д.д. 399 жылды өлтірілгенін білеміз). Жастық дәурені мен балалық шағы Афина қаласының ықпалы артып, мәдени дамуы шарықтау шегіне жеткен кезеңіне тұспа-тұс

келді. Сократ Афина армиясында гоплит қызметінде болды. Түр-келбеті өте ұсқынсыз болған. Бір замандасы оның Сатирға ұқсайтынын айтыпты. Енді бірі Сократтың жүрісі суда жүзген құсқа ұқсайтынын, көзі аударылып-төң-керіліп тұратынын айтады. Ол қысы-жазы бір киіммен және үнемі жалаңаяқ жүретін. Сократ өте ыңғайсыз қалыпта ұзақ уақыт бойы қозғалмастан тұра беретін. Сірә, бұл оның ақыл-ой тұғғиырына бойлауының ұзаққа созылған сәттері болса керек. Дельфилік сәуегей тірілер ішінде Сократтан асқан кеменгердің жоғын айттыпты. Сократ өзінің дана екенін түсінді, өйткені өзінің ештеңе білмейтінін білді. Ол – адамгершілік туралы толғаған мысқылшыл философ. Сократтың негізгі әдісі – адамдардан олардың өз пікірлерінің дұрысы мен ақиқат екенін қайдан білетінін сұрау болатын. Демек, ол – философиялық жүйе жасаушы емес, басқа адамдардың ойларын қатаң сынаушы. Сократ этика (өмірлік оң мақсаттарды және оларға жетудің мүмкін жолдарын таңдау) ұғымын бірінші болып тұжырымдады. Философ ішкі ұят оған ешқашан не істеу керегін айтпайтынын, бұрыс іс істегендеге белгі беріп, ескертетінін айтты. Сократтың өмірі туралы бізге жеткен мәліметтер бойынша, оның әйелі Ксантиппа долы, тілі ащы жан болған. Осы мінезін еш тайсалмай күйеуіне де көрсетіп отырған. Бірақ бұл болмысы оның күйеуімен тайталаса өмір сұруіне мүмкіндік те берді.

**Сатир** – ауылдық жерлерді мекендейтін ұсқынсыз құбыжық. Жартылай адам, жартылай ешкі. Денесін қалың түк басқан. Халықтың дәстүрлі түсінігі бойынша, Сатир интим мәселелеріне қатты қызыққан.

**Гоплит** – гректің ауыр қару-жарақ асынған жаяу әскери. Негізінен, дәулетті тап өкілдері, себебі гоплиттер өздерін-өзі жабдықтауы тиіс болған.

**Демон** – бұрыс іс жасағанда іштен үн қататын дауысқа Сократтың берген атауы.

**Дельфилік сәуегей** – Дельфиде гректер үшін маңызы зор Аполлон құдайының ғибадатханасы орналасқан. Осындағы абыз-әйел өзіне Құдай жіберген хабарларды адамдарға жеткізіп отырған.

## Мәдени бастаулар

Сократтың жастық шағында Афина өзінің байлығымен, жоғары даму деңгейімен және қуаттылығымен даңқы шықты. Афинаның саяси құрылымы демократиялық болды, қаланы әлеуметтік белсенді ақсүйектер басқарды. Халық барлық дау-дамайды түрлі соттарда шешті. Судьялар жеребе бойынша сайланды, сондықтан шешен сөйлеудің маңызы өте зор еді. Б.д.д. V ғасырда

адамдарды иландыру өнерін насихаттаған жиһанкез ұстаздардан құралған ерекше әлеуметтік топ аса танымал болды. Олар софист – жастарды саяси өмірге дайындайтын кәсіби оқытушы ретінде белгілі еді. Софистер өз шеберлігін кейде белден баса отырып та қолдана алатын. Жалпы алғанда, олар дінге, моральдық қағидаларға немесе өмірлік философиялық көзқарастарға немікүрайды қарады. Софист Протагор: «Адам – барлық заттардың, тіршілікте бардың – бар екенінің және тіршілікте жоқтың – жоқ екенінің өлшемі», – деп үйретті. Адамдар оны «ешқандай тәуелсіз ақиқат болмауға тиіс: бір адамның пікірі қаншалықты дұрыс болса, екінші адамның пікірі де соншалықты дұрыс» деген мағынада түсінді. Сократ софистермен келіспеді және олармен сөз майданына түсті. Ол үшін адамгершілік ұстанымдар қашанда маңызды болды. Ол лайықты азаматтар тәрбиелеуге тырысты.

## **Платон сұхбаттарындағы Сократ тұлғасы**

Сократ бізге өзінің ешбір жазба жұмысын қалдыրған жоқ. Қолымызда ұлы философ туралы мәлімет беретін екі дереккөз бар. Біріншісі – «Сократ өз идеяларымен афиналық жастарды азғыннатты» деген айыпты алып тастауға тырысқан, өте қарапайым өмірлік көзқарастарға ие Ксенофонтың естеліктепері. Келесі дереккөз: дарынды жазушы және философиялық жүйені алғаш құрушылардың бірі – Платон. Платонның еңбектері бізге сұхбаттар жиынтығы ретінде жетті. Ол сұхбаттарда екі адам философия жайлы пікірлеседі. Сұхбатқа қатысушылардың бірі Сократ болып шығады. Дегенмен Платон жазған мәтіннің қай бөлігінде Сократ ілімі баяндалып, қай жерінде Платонның өз пікірі берілгенін дәл анықтау қыын. Ертеректегі сұхбаттарда Сократ ілімі тікелей берілген. Ал кейінгі сұхбаттарда Платон ұстазының ілімін кейінге ысырып, өз ойларын баяндауға кіріскең делінеді.

## **Ойлары**

Сократ «ізгілік – басты құндылық» деген пікірді ұстанды. Ешқандай сыртқы себеп адамды ізгілікten айыра алмайды. Сократ бұ дүниелік байлықты елең қылмады. Ол рухани дүниеге қатты қызықты. Сократ әрдайым өзін надан адаммын деп санады; ол ештеңе білмейтінін білгендіктен ғана басқалардан ақылдырақ болды. Бірақ Сократ білім іздеу басқа нәрсениң бәрінен әлдеқайда

маңыздырақ және білім жинау жолы арқылы ғана адам ізгі және қайырымды бола алады деп есептеді. Ол сұрақ және жауап әдісін (бұл «диалектика» деген атаумен белгілі) қолдана отырып, жаңа білім іздеді. Сократ еске түсіру арқылы таным қалыптастыруға үйретті. Бұл ілім бойынша, біз өлмейтін жанымыздың бұрынғы өмірінде игергендерін есімізге түсіру арқылы білім жинаймыз.

Сократ «құндылық», «әділет», «ақиқат» және «әдемілік» сияқты ұғымдардың ақиқат мәнін сұрақ-жауап әдісінің көмегімен табуға тырысты. Философ мұлде бұрыс пайымдарды әшкерелеуден тіпті де қорықпады. Басқалардың қате пікірлеріне ымырасызықпен қарауы оның беделін арттыра қойған жоқ. Алайда ойшыл бұған мән бермеді. Логика осы кезеңде өз дамуының алғашқы сатысында ғана еді. Бірақ Сократ өз пікірлеріне қарсы дәлел айтқан адамды білім-білігімен оп-оңай жеңіп кете алатын.

Сократтың басты пайымы: ізгілік – білімнен, дұрыс іс-әрекет рационалды түсінуден туындаиды. Барлық адам ізгілікті қалайды. Ал олар жасайтын кез келген зұлымдық олардың ізгіліктің не екенін білмеуінен пайда болады. Сократ өзінің ештеңе білмейтінінен басқа ештеңені білмеймін деп есептеді. Өзінің негізгі міндеті – білім беру емес, барша адамды өз пікір-пайымдарын сыни бағалауға, сол қорытынды бағалар ақыл-ойдан туындаған жағдайда олардан бас тартуға жетелеу деп санады.

## Сократтың өлімі

Спартамен соғыстағы жеңілістен соң орныққан олигархия кезеңінен кейін, б.д.д. 399 жылды Афина демократиясы қалпына келді. Қайта жаңырған демократияның саяси көшбасшылары Сократты сотқа берді. Тағылған айып, ең алдымен, саяси себептерден туындағаны күмәнсіз. Сократ саяси сәтсіздіктердің бірқатарына жауапты болған Алкивиадтың да, олигархтар ішіндегі ең қаталы Критийдің де ұстазы еді. Айыптаушылар Сократ сотқа қарамай, Афинадан өз еркімен кетіп қалады деп күтті. Бірақ философ Афинада қалды және сотта өзін-өзі қорғады. Алқабилердің көпшілік даусымен Сократ өлім жазасына кесілді. Дәстүрге сәйкес, ол балама үкім ұсынуға құқықты болды. Бұл жағдайда қомақты айыппұл төлегені немесе өзін Афинадан қуу туралы үкім шығарушылармен келіскені әлдеқайда жөн болар еді. Оның орнына Сократ өлім жазасын адамның құлқісін келтіретіндей аз мөлшердегі айыппұлмен алмастыруды сұрады. Мемлекеттің діни салтына сәйкес, жазаны орындау бір ай мерзімге ысырылды. Сократ қашуға көмектескісі келгендерді де тындаған жоқ. Оның бұз дүниедегі өмірінің соңғы күні Платонның «Федон» сұхбатында

баяндалған. Сократ ол күнді достарымен жанның мәңгілік екені, өлмейтіні туралы пікірталас жүргізумен өткізді. Тұрме қарауылы әкелген уды философ асықпай ішіп, қайтыс болды. Оның соңғы сөзі мынадай: «Критон, біз Асклепийге бір тауық қарызыбыз. Берсөңдерші енді, ұмытпандашы!».

**Олигархия** – шағын адамдар тобы немесе бірнеше ықпалды отбасының қолында шоғырланатын биліктің саяси құрылымы. Олигарх – осындай үкіметтің мүшесі.

**Отыз** – Афинаны Пелопоннес соғысындағы женілістен кейін басқарған отыз тиранның (олигархтың) кеңесі, Спартаны жақтайдын үкімет. Отыз тиран деспотизммен және адамдарды қисапсыз қырып-жоюмен әйгілі болды. Олардың билігі б.д.д. 404–403 жылдар арасында құлатылып, демократия қалпына келтірілді.

**Алкивиад** – демократиялық көзқарасты ұстанған афиналық әскербасы. Оның Сицилияға әскери жорығының салдарынан Афина қаласы қирады. Алкивиадқа «Гермес құдайдың мұсіндерін аяқасты етті» деген айып тағылды (Герместің мұсіні қаланың көптеген жерлерінде қойылған болатын және ол – күш-куат пен мол өнімнің кепілі саналатын). Алкивиад өзінің ескі жауларына – Спартада қашты, кейінірек Афинада қайтып оралды. Ол құғында жүріп, кісі қолынан мерт болды.

**Критий** – афиналық саясаткер және Платонның ағасы. Ол Отыз тиран кеңесінің мүшесі болды.

## Сократтың ақиқатқа ұмтылуы

Сократ өз даналығын жоққа шығарды. Оны адамгершіліктің негізі не екені қызықтырған жоқ, бірақ өз сұхбаттастарымен бірге адасқан ойлардың астарындағы жасырын ақиқатты табуға тырысты. Философ объективті ақиқаттың бар екені жайлы ой-пікірден шабыт алды. Сократ адамның дұрыс әрекетінің негізін қалайтын білім ғана екеніне және адамның жақсы өмірі ненің дұрыстығын білуге байланысты екеніне сенді. Сократ интеллектуалдық мұқияттылықтың, ақиқатқа адалдықтың үлгісі болды.

## Түйін

Сократ ғылыми жаңалықтарға қарағанда, этикалық мәселелерге көбірек қызықты.

Сократ ұсынған үлгі (немесе диалектикалық әдіс) логикалық сенімділік пен анықтамалардың дәлдігін сақтауға көмектесе алады. Алайда бұл әдіс маңызды емес мәселелерде ұсақ-түйек нәрселерге орынсыз шұқшиюға ұрындырады. Адамдар өз ұстанымдарын қорғауға тырысатындықтан, белгілі бір

жағдайларда осының бәрі пікірталастарға және қарсы сөз айтуға итермелейді. Сонда, сіздің ойыңызша, жаңа фактілерді қалай зерттеу керек? Ол үшін ең қолайлы әдіс-тәсіл қайсысы?

Сократ анықтаманың (мәннің анықтығының) ерекше маңызын атап көрсетті. Барынша тиянақты анықтамалар жасаған кезі сирек болса да, ол, неғізінен, этикалық ұфымдарға анықтамалар іздеумен айналысты. Неге? Сіз біреумен адамгершілік мәселелерін талқылап, дауласқан кезде білім алуға емес, басқалардың ойының қате екенін (және сіздің жеке пікіріңіздің дұрыстығын) дәлелдеуге көбірек мүдделісіз.

Сократтың көзқарасы бойынша, ізгілік дегеніміз – білім. Бұл ақиқат тұжырым ба? Кез келген жағдайда қалай әрекет ету керек екенін, ол әрекеттің нақты қандай болатынын алдын ала білуге бола ма? Тіпті бұл әрекет өз мұддесіне қайшы келіп жатса да, ізгі адам дұрыс әрекет етуге тырысқаны жөнбе?

## *Платонның үш сұхбаты*

Ұлы адамның адамдарға нені және қалай үйреткені туралы қандай да бір түсінік беру үшін біз Платонның Сократ туралы үш сұхбатына қысқаша шолу жасаймыз. Олардың бәрі – Платонның алғашқы сұхбаттары. Олар Сократтың ойларына негізделген секілді. Кейінгі сұхбаттар Платонның өз пайымдарына көбірек ұқсайды. (Ескерту: бұл қысқаша шолу Платонның түпнұсқа шығармаларын оқудың баламасы емес.)

### **Менон**

Менон Сократтан ізгілікке қалай жетуге болатынын сұрайды. Менонға сұрақ қоя отырып, Сократ оның не айтқысы келетіні түсініксіз екенін байқайды. Менон «ізгілік» сөзінің өзін осы ұфымның мағынасын көрсету үшін қолданады, жекелеген мысалдар келтіріп қана қояды немесе анықтамаларды қайталай береді.

Сократ: «Адам не туралы білгісі келетінін білмесе, нені сұрау керек екенін қайдан біледі?» – дейді. Ол: «Адам жаны өлмейді, жанның көшүі барысында біз ғалам туралы білім аламыз», – деп болжам жасайды. Осылайша бұл дүниедегі біліміміз – жанымыз болған кезімізде білгендеріміз туралы естеліктерімізді ояту болып шығады. Сократ ізгілік – білім болған жағдайда ғана танылады деген қорытынды жасайды. Алайда ізгілік пен адамгершілікке үйретуге қабілетті ұстаздар жоқ. Ізгілік – Құдайлар жіберетін сый.

## Горгий

Сократ пен Горгий нанымды сөйлеу өнері жайлы пікірталас жүргізеді. Сократтың пікірінше, шешен өзінің не туралы айтып тұрғаны жайлы білмесе, мұны надан-ның наданды үйретуінің мысалы деп айтуға әбден болады. Егер адам әділеттілік туралы айтса, оның әділет туралы түсінігі болуы тиіс. (Риториканың сотта ұстанымды дәлелдеу үшін қолданылғанын ұмытпаңыз; әділеттілікке қызығушылық осыдан туындаиды.) Сіз әділеттілік туралы біletін болсаңыз, сіз – әділсіз; демек, әділетсіздікке төзе алмайсыз. Егер кімде-кім әділетсіздікке жол берсе, ол не туралы айтып тұрғанын білмей сөйлейді. Адамдардың бәрі қандай да бір иғі ниет үшін әрекет етуге тырысады. Егер олар ізгіліктің не екенін толық білмей әрекеттегетін болса, өздері қалаған ізгілікті жасай алмайды. Біз бұрыс іс жасасақ, оны зұлымдық істегенімізді білмегеніміздің нәтижесінде жасадық. Осыдан шығатыны: жаман әрекет үшін берілетін жазаның мақсаты – түзеу болуы тиіс. Жазадан құтылып кеткеннен гөрі, өз әрекеттерің үшін жазаланғаның дұрыс. Сократ шешендік өнер адамдарды әділетсіздіктің не екенін түсінуге ұмтылдырып, одан айығу үшін қолдану қажет дейді.

Калликл болса, әділеттілік – күштінің ұстанатын ережесі деп ойлады; ал Сократ даналық – нағыз күш дейді. Калликл кез келген данагей бұз дүниедегі игіліктерден рақаттануға ұмтылады деп тұжырымдайды. Сократ рақат пен аурудың ізгілік-пен және зұлымдықпен бірдей еместігін көрсетеді.

## Апология

Дельфілік сәуегей Сократты өз заманының асқан данагейі деп жариялады. Сократтың айтуынша, егер ол басқалардан ақылдырақ болса, бұл – өзінің білімсіздігінің деңгейін білгендейдіken ғана. Платон жазған бұл сұхбат ақыры өлім жазасымен біткен айыптауларда Сократтың өзін қалай қорғағанын көрсетеді. Сократ өзі турал жалған қауесет таратқан, бұған сенбейтін, өздерін данамыз деп есептейтіндер – оларға даналықтың кәдімгідей жетіспей тұрғанын өзі көрсете алған адамдар деп тұжырымдайды. Ол өзі араласып жүрген адамдарды (жастарды) азғыннату өте ақымақтық болар еді дейді, өйткені қатыгез және жемқорлыққа батқан адамдар өзімен достасқандарға да аз зиян тигізбейді. Сократ: «Мемлекетті әлсіз де қорғансыз күйге түсірген мен болсам, ол қалай әлі өмір сүріп жатыр?» – деп сұрайды. Сократ мемлекеттегі ең мазасыз адам ретінде марапатталуы керек еді. Өлім жазасына кесілген бойда-ақ Сократ: «Адам өлімнен қорықпауға тиіс, – деді, – себебі өлім дегеніміз – тәннің жойылуы, ал одан қорқудың қажеті жоқ. Басқаша айтқанда, өлім деген тыныштық әлеміндегі өзгеріс болса, онда біз иғі жандардың ортасында өзіміздің бар болуымызды жалғастырамыз.»

## Платон

Сократ өз философиялық еңбектерінде өз пікірін айтудан гөрі өзгелердің пікірін сынауға бейім еді. Платон осы кеңістікте қалып қойған жоқ. Ол өз философиялық жүйесін қалыптастырған алғашқы ойшыл болды.

## Өмірі

Платон шамамен б.д.д 427 жылы Афинаның маңында, ақсүйектер отбасында дүниеге келді. Ол демократиялық үкіметті сынға алды, «кеме-мемлекетті» басқару үшін мықты билік керек деген саяси көзқарас ұстанды. Шамасы, осының бәрін Платон ақсүйек тегінен шыққандықтан емес, аянышты халге түскен және қираған демократиялық үкіметтің тұсында өмір сүруге тұра келгенінен пайымдаған болар. Бізге жеткен деректер бойынша, Платон мығым азамат болған. Ол Пелопоннес соғысының соңғы бірнеше майданында шайқасқа түскен сияқты. Ол әуелі поэзияға, сурет өнеріне, әдебиетке құмар болды, бірақ уақыт өте оның шығармашылықта ұмтылышы басылып қалды.

Платон – Сократтың шәкірті. Ол саясатпен айналысуға тиіс еді, бірақ оның жас кезінде Афина олигархиясы саясатта құғын-сүргін және зорлық-зомбылық жолын ұстанды. Осы жай болашақ ойшылдың ойын өзгертуен болуы да мүмкін. Сократты қайта өркендерен демократия билігінің өкілдері өлім жазасына кескен соң, Платонның саясаткерлерге сенімсіздігі бұрынғыдан да күшье түсті. Ол Сократтың сотына қатысты және оны өлім жазасын қомақты айыппұлмен алмастыруға көндіруге тырысты. Платон тіпті Сократ үшін айыппұл төлеуге де дайын болды. Ауырып қалғандықтан, ол ұстазымен бақұлдаса алмады.

Сократ өлімінен кейін Платон көп саяхаттады, басқа философтарды оқыды, ақыр соңында Афинаға қайта оралды. Есейген шағында ол Италия мен Сицилияға аттанды. Сиракузада Платон жергілікті тиранның отбасымен келіспей қалды. Олар Платонды жазалап, құлдыққа сатты. Кейінірек ақша төлеп азаттық алып, Платон қайтадан Афинаға оралды. Осы жерде ол Еуропадағы алғашқы университет – Академияның негізін қалады.

Платонның негізгі мақсаты – мемлекет қайраткерлері мен билеушілеріне білім беру еді. Оның оқу бағдарламасы бірден пайда беретіндей ғана емес, келешегі кең, көлемді болды. Академияда философия, математика, астрономия, физика ғылымдары және шешендік өнер оқытылды. Платон адамның өзі

үшін білімге құныға ұмтылуын қолдап отырды. Платонның ойынша, осындай білім алған билеуші ұсақ адам болмайды. Керісінше, ондай билеуші мәңгі және бұлжымас ақиқаттарға сүйену арқылы қорқынышсыз әрекет ететін, өзіне сенімді саясаткер болар еді. Платон Академияда дәріс оқыды, ал шәкірттері оның ойларын жазып алып отырды. Бұл дәрістер еш жерде жарияланған жоқ, жоғалып кетті. Оның біздің заманымызға жеткен сұхбаттары жарық көрді және көпшілік оқырман игілігіне айналды. Платонның ең белгілі шәкірті – Аристотель, ол Академияға б.д.д. 367 жылды оқуға түсті.

Платон Сиракузага одан кейін де екі рет барды. Ол Сиракузаның жаңа билеушісіне ықпал ете аламын деп үміттенді. Бірақ оның «патша-философ» тәрбиелеп шығару туралы арманы жүзеге асқан жоқ. Платон б.д.д. 347 жылды Афинада дүниеден өтті. Ол үйленбеген деседі.

### **Өмір шежіресі**

(Барлық даталар – б.д.д.)

- 427 жыл – Платон дүниеге келді
- 422 жыл – Аристофан «Соналар» туындысын жазды
- 407 жыл – Платон Сократтың шәкірті атанды
- 406 жыл – Платон әскери қызметте
- 404 жыл – Пелопоннес соғысы аяқталды
- 400 жыл – Гиппократ өзінің медициналық трактаттарын жазды
- 399 жыл – Сократ дүниеден өтті
- 399 жыл – Платон Грекиядан тыс елдерге саяхаттады
- 395 жыл – тағы бір әскери қызмет
- 388 жыл – Платон Италияда және Сицилияда болды
- 387 жыл – Платон Академияның негізін қалады
- 367 жыл – Аристотель Академияға түсті
- 367 жыл – Сиракузага сапарлары
- 347 жыл – Платон дүниеден өтті

### **Еңбектері**

#### *Сократтың өліміне қатысты ұстанымы*

Платон философияның метафизика, эпистемология және саясат философиясы бөлімдеріне елеулі үлес қосты. Осы салалардың бәрінде Платонға Сократтың ілімі қатты ықпал етті. Платон демократия ұғымына мұлде сенген жоқ.

Демократия өкілдерінің Сократты аяусыз жазалауы оған үлкен соққы болып тигені анық. (Платон терістеген саяси жүйені сипаттау үшін біз «демагогия» сезін көбірек қолданамыз.)

**Метафизика** – болмысты бар болу тұрғысынан зерттеу; бар нәрсенің мәні туралы пайымдаулар; алғашқы себептер мен принциптерді зерделеу; бізді қоршаған нақты дүниені рационалды тану; адамды қоршаған заттар, олардың тереңдігі мен мәні туралы рационалды білім.

**Эпистемология** – философияның таным тарихын, әдістері мен принциптерін зерттейтін бөлімі.

**Демагогия** – танымалдық пен билікке ие болуға қол созып, көвшіліктің көзсіз сенімін пайдаланатын саясаткерлердің ісі. Бұл әрекет көвшілікті өз маңына тез топтастыруға мүмкіндік береді немесе тобыр билігі сияқты құбылыстың пайда болуына да әкеліп соғады.

**Демократия** – халық билігі. Осы заманғы демократиялық мемлекеттерде көвшіліктің билігі тұлғаға құрмет, азшылықтың құқығы, құқықтарға және міндеттерге тікелей байланысты еркіндік, теңдік, соттың бейтараптығы, барлық деңгейдегі парасатты келіссөздер, заңның билігі, мемлекеттік биліктің білікті мамандардан құралған өкілетті органдары, конституционализм – мемлекеттік билікті шектеу секілді маңызды принциптердің көмегімен жүзеге асады.

## Өзгермелілік және тұрақтылық

Платон заттардың өздігінен белгілі болып тұруына мүмкіндік беретін тұрақты, мәңгі тиянақты болатын әлденені құштарлана іздеді. Оның айналасындағының бәрі үнемі қозғалыста болып, өзгеріп отырды.

Жазушы Гераклит (б.д.д. 550–480 жылдар шамасы) дүниенің өзгермелілігін: «Болған нәрсе сол қалпында қайталанбайды. Мәңгі тірі нәрсе ғана тұрақты болған», – деп көрсетті.

Парменид (б.д.д. 540–480 жылдар шамасы) сезімдер алдамшы деп тұжырымдады. Ақиқат болмыс қана – біртұтас. Ол барлық жерде бар. Ойлауға болатынның бәрі өмір сүруі тиіс, себебі нақты объектісіз ой жоқ. Егер қандай да бір зат немесе құбылыс туралы ойлауға болатын болса, онда бұл зат немесе құбылыс мәңгі өмір сүруі тиіс. Дүниеде қайтадан қалыптасатын, өзгеретін және мәңгілікке жоғалатын ештеңе болған жоқ.

Менің тіземдегі тыртық кішкентай кезімде құлап қалған соң пайда болды. Содан бері денем өсті, бірақ тыртық қалды. Неге? Платон заттардың өзгермелілігін қабылдауды олардың тұрақтылығын дәлелдеумен үйлестіруге тырысты.

## Үңгір аллегориясы

Платон бізді қоршаған заттардың мәнін солар туралы терең ойлағанда, соларды өзіміздің ақыл-оыймызбен игергенде ғана түсінетінімізге сенімді болды. Бұл біршама қыын шаруа және аз ғана уақыт ішінде жүзеге асыру мүмкін емес. Платон нақты дүние біздің қабылдауымыз бен түсінуімізден сыртқары жатқанын көрсеткісі келді. Платонның ойынша, адамдардың басым көпшілігіне қоршаған ортаны алғашқы сәтте қалай байқаса, сол күйінде қабылдау дағдысы тән. Платон мұны қанағат тұтпады. Ол қарапайым адамның әдеті саналатын қандай да бір объектінің сыртқы қасиеттерін бейқам да үстірт қабылдау дағдысы мен философтың әдісі саналатын нақты дүниенің мәні туралы терең пайымдау дағдысы арасындағы айырмашылықтарды көрсетуге үмтүлды. Платон хикаяны баяндады. Кейде ол «игі өтірік» деп көрсетіледі. Бұл – осы хикая қоспасыз шындық емес, бірақ жағдайдың қалай болғанын көрсетеді деген сөз. «Үңгір аллегориясы» деген осы.

Платон адамдардың көбі үңгірдегі адамдарға ұқсайтынын айтады. Олар үңгірдің артқы қабырғасына қарайды. Адамдардың артында аласа қабырға бар. Заттардың бәрі соны жағалай орналасқан. Осы аласа қабырғаның арғы жағында от жанып тұр. Үңгір қабырғасына қарсы отырған адамдар не көреді? Олар үңгірдің артқы қабырғасына осы заттардан түскен көлеңкені көреді. Бірақ бұлай емес қой. Заттардың қандай екенін көру үшін адам күн сәулесі түсіп тұрған жерге шығуға тиіс. Бірақ біздің жарыққа шыққымыз келе ме? Адамдардың көбі үңгірде отыра беруге үйреніп алған. Олар сыртқа шығуға қорқады. Өздеріне салсаңыз, олар аса жайлы жерде отыр. Оларға нақты дүниенің сыртқы белгілері жеткілікті. Олар заттарды шынайы күйінде көргісі келмейді. Олар көздеріне күн сәулесінің шағылысқанын қаламайды. Нақты дүниенің сыртқы белгілерін қабылдау мен олардың шынайы мәнін саналы түрде ұғыну үшін өмірін сарп етуге дайын философтар ғана – тіпті өздері алғашқыда елестеткендей болмаса да, жарқыраған Күн астында әлемді өз бейнесінде көретін адамдар.

## Адам қайдан біледі?

Платонның қалыптасуына түрлі нәрселер ықпал етті. Оны ежелгі грек әлемінің тылсым діни жүйелері шабытқа бөледі. Ол математиканы қатты құрмет тұтты. (Сол кезде мистика мен математика тығыз байланысты деп есептелді). Платон нақты дүние – мәңгілік, уақытпен шектелмеген, ал оның өзгермелілігін қабылдау иллюзия ғана деп сенді. Сократтың ықпалымен ол

этикаға қызығып, дүниені оның себептері тұрғысынан емес, мақсаттарымен байланыстыра отырып түсіндіруге тырысты. Адам интеллектуалды және адамгершілікке үндейтін ғылымдарды үйлестіру арқылы ғана ізгілікті танып-біле алады.

### *Философтың маңыздылығы*

Бұл пікірлер Платонды «ең жақсы мемлекет тұрақты және жан-жақты болуы тиіс: ізгілік пен нақты дүние уақыттан тыс, мәңгілік» деген қорытындыға әкелді. Ең озық билеуші – мәңгілік ізгілікті ұғынған адам. Осыны игерген адам ғана мемлекетті басқаруға атсалыса алады. Мемлекет билеушілеріне білім беру ұзақ уақыт, жан-жақты және мұқият жүргізілуі тиіс. Оған математиканы енгізу қажет, себебі онсыз даналық жоқ. Даналық адамның бойына біртіндеп сіңіріліп, мемлекетті дұрыс басқаруға қабілетті етеді. Даналыққа жетуде бос уақыт маңызды рөл атқарады. Адам күн көру үшін ақша табумен айналысатын болса, ойланып, пайымдауға уақыты қалмайды.

### *Жанның үш бөлігі*

Платон адамның жаны үш бөліктен тұрады деп есептеді. Бірінші – рационалды бөлік, ақыл-ой негізі. Даналық – оның ең басты құндылығы. Екінші – жандағы рухани, қуатты бөлік, оның ерекше құндылығы – батырлық пен батылдық. Үшінші – адам жанының қалауын қанағаттандыруға ұмтылатын бөлік. Оның басты құндылықтары – ұстамдылық және бағыныштылық.

### *Платонның «Идеялар теориясы»*

Платонның ұлы еңбегі «Мемлекеттің» негізгі бөлігі философиялық пайымдарға толы. Платонның басты тұжырымы – философтар билік басына келмейінше, мемлекет мамыражай өмір сүре алмайды. «Мемлекет» – Платонның кейінгі еңбегі. Мұндағы ойлардың біразын әу баста Сократ айтқанымен, бұл еңбек Платонға тиесілі идеялардың жиынтығы деп саналады.

Философқа «ақиқатты көру үшін өмір сүретін адам» деген анықтама берілген. Ол әдемі заттарға, ізгі істерге немесе әділ әрекеттерге сүйсінбейді, бірақ абсолютті әдемілікті, абсолютті ізгілікті және абсолютті әділеттілікті сүйеді. Әдемі заттарды, ізгі істерді немесе әділ әрекеттерді сүйеттін адамның пікірі ғана бар, бірақ білімі жоқ. Ненің бар, ненің жоқ екені туралы пікірдің қате

болуы әбден мүмкін. Пікір – болмыс пен бейболмыстың арасын байланыстырушы ғана. Пікір – жекелеген заттардың қасиеттерін сезіну әлеміне қатысты ұғым. Философ, керісінше, білімге ие. Ненің бар, ал ненің жоқ екені туралы білімнің қате болуы мүмкін емес. Білім – сезімнен жоғары, мәңгі және шексіз дүние.

Платонның формалар теориясы деп те аталатын «Идеялар теориясы» – оның бірегей туындысы. Бұл – ұғымдардың жалпы жіктемесінің маңызын көрсететін теория. Мысалы, «ұстел» сөзі қазір өзім жұмыс істеп отырған ұстелді немесе маған қарсы орналасқан ұстелді емес, жалпы «ұстел» атаулыны білдіреді. «Ұстел» – нақты дүниені бейнелейді. Екінші жағынан, маған қарсы орналасқан ұстел немесе сізге жақын жердегі ұстел – ұстелдің «идеясының» немесе «формасының» жеке көріністері.

Философ ұстелдің «формасын» немесе «идеясын» қарастырады. Философтар жекелеген ұстелдерді, иттерді, мемлекеттерді және т.б. зерттеумен айналыспайды. Философия – ең үздік, ең таза және ең асқақ атаулыға деген махаббаттан туындаған ақықат туралы интеллектуалды пайымдау.

### *Спартаның Платонға ықпалы*

Платонның мінсіз мемлекет туралы теориясына Спарта үлкен ықпал етті. Ұзаққа созылған соғыста Спарта Афинаға күйрете соққы берді. Афиналықтарды Спартаның табысты да тиімді (көрінген) мемлекеттік құрылымының қатаңдығы мен қарапайымдығы таңғалдырыды. Спарта азаматтары үнемі соғысқа дайындық жағдайында өмір сүрді. Мемлекеттік құрылымының өзіндік мақсаты – женілмейтін жауынгерлерді дайындау болды. Қыздар да ер балалар сияқты шындалды. Олардың негізгі міндеті дүниеге ұрпақ әкелу еді. Құлдар жерді өндеп, азық-түлік өндірді (олардың да ұрпақтары болды). Жер азаматтардың арасында тең бөлінді; кедейлер мен байлардың арасындағы айырмашылық мардымсыз болды. Бәрі бірге тамақтанатын. Балаларды оқыту мен тәрбиелеу қатаң жүйеге негізделді. Ұрпақ қебейтуге барынша қолдау көрсетілді. Балалар ата-анасының емес, бүкіл қоғамның перзенті болып есептелді.

### **«Мемлекет»**

«Мемлекетте» Платон мінсіз мемлекеттің құрылымын егжей-тегжейлі сипаттайды. Сократ (Платонның басты кейіпкері және оның ойларын жеткізуші) әділеттіліктің әділетсіздікten жоғары екенін және әділеттілікті, әйтеүір өмірде бар болғаны үшін емес, елге тигізег пайдасы үшін қолдау қажеттігін көрсетті.

Сократ жекетүлға деңгейіндегі әділеттілікті емес, мемлекет деңгейіндегі әділеттілікті қолдайды. Сондықтан әділет ұстемдік ететін мемлекетті суреттеуге талпынды.

Мінсіз мемлекетте қоғам азаматтардың үш табына бөлінуі тиіс: билеушілер, жауынгерлер және өндірушілер. Билеушілер (ерлер де, әйелдер де – тең дәрежеде) – ақылойы басым тұлғалар. Олар мемлекетті басқаруы тиіс, бірақ ойы мен денесін ұзақ уақыт шынықтырып, дайындықтан өткен соң ғана. Платонның пікірінше, дайындықтың ең жақсы тәсілі – еңбек. Адамдар бірге тұрып, ешқандай жеке мүлікке және байлық жинауға қызықпауды тиіс.

Оқытудың алғашқы бір жылынан соң мамандандыру басталады – оқушылар не билеушіге, не жауынгерге айналады. Жауынгерлер рухани жігері мықты деген шәкіртердің арасынан таңдал алынады. Олар бойларындағы батырлық пен батылдықты шындалап, мемлекетті қорғауды және сақтауды жүзеге асыру үшін жаттығуы тиіс.

Өндірушілердің негізгі қасиеті – жан қалауын қанағаттандыруға ұмтылу. Олар мемлекетті қажетті материалдық игіліктермен және азық-түлікпен қамтамасыз етті. Осылайша Платонның мінсіз мемлекетінде еңбектің қатаң бөлінісі бекітілді. Мінсіз мемлекет әділетті, себебі – әр тап өзі бейімі бар, арнайы машықтанған міндеттері мен қызметтерін атқарды. Бір таптан екінші тапқа ауысу мүмкіндігі болды.

Мемлекет білім беру ісін қадағалауы тиіс. Ақиқат және игілік әкелуші нәрсе ғана оқытылуы керек. Ақындар шындыққа жанаспайтын, адамды аздыратын жайларды суреттеуде әдемі тіл мен бейнелі сөздерді қолданады. Қарапайым адамдар олардың жылтыр сезінен, жыландаі арбаған тілінен улануы мүмкін. Сондықтан Платон ақындарды мінсіз мемлекетінің құрылымынан шығарып тастанды. Ерлер мен әйелдердің арасындағы неке, мезгіл-мезгіл ұйымдастырылатын бұқаралық шара болуға тиіс. Бірақ ерлер мен әйелдердің ең озықтары ғана жұп құрап, сапалы үрпақ беретіндей етіп таңдалуы қажет. Бұл болашақ азаматтардың денсаулығы мен күш-куатының мығым болуына септігін тигізді. Балалар дүниеге келген бойда ата-аналарынан тартып алынып, қоғам тәрбиесіне берілді. Олар өздерінің нағыз ата-анасының кім екенін білмеуі тиіс болды. Жалпы алғанда, мінсіз мемлекет жекетүлғаның игілікке жетуінен гөрі әлеуметтік игілікке жетуге негізделді; тұлға екінші сатыға ысырылды.

## «Симпозиум»

Бұл еңбек махаббаттың ең жоғарғы формаларын зерттеуге арналды. Сіз платондық махаббаттың неге осылай аталғаны туралы ойланған кезіңіз болды ма? Платон өзінің «Симпозиум» еңбегінде махаббаттың осы формасын қорғайды. («Симпозиум» грек тілінен аударғанда «той» деген мағына береді. Тойда адамдар түрлі мәселелер бойынша ойларын ортаға салып, бір-бірімен пікір таластыратын. Сондықтан қазіргі ағылшын тілінде «симпозиум» сөзі танысу мақсатындағы кездесуді білдіреді.)

Федр ізгі ерлер мен балғын жастардың арасындағы махаббат – махаббаттың ең жоғарғы көрінісі және бекзат өмірдің басты қозғаушы күші деп тұжырымдайды. Павсаний бір жағынан тән махаббаты мен екінші жағынан ізгілікті философиялық махаббаттың арасындағы айырмашылықты көрсетеді. Оның пікірінше, ізгілік пен философияға негізделген махаббат – нағыз құдіретті махаббат.

Эриксимахтың ойынша, махаббат – адам тәніндегі бір-біріне қарсы бөліктердің бәрін татуластырып, тыныштандыратын үйлесімділік ережесі. Аристофан осындағы салмақты пайымдауды мысқылдап, алғашында адамның денесі дөңгелек, қолы төртеу, құлағы төртеу, беті екеу және т.с.с. болды дейді. Кейін, Аристофан айтқандай, Құдайлар бізді жазалап, әр адамның денесін екіге бөлді. Сол кезден бастап осы екі жарты бір бүтінге айналу үшін бір-бірін іздең келеді.

Агафонның айтуынша, махаббат – әйел құдайлардың арасындағы ең жасы және ең әдемісі. Оның бойында ізгілік атаулының бәрі бар.

Сократ адам тән сұлулығына деген қарапайым махаббаттан бастап, әдеміліктің мінсіз рухын тануға дейін тереңдейді деп тұжырымдайды. Адам дәл осы тәсіл арқылы құдіретті махаббат күйін бастан кешеді.

## Түйін

Платонның арқасында біз философияның ойлаудың ежелгі діни және мифологиялық типтерінен алшақтауға батыл қадамын жасағанын көреміз. Бірақ философия, сонымен қатар ойлаудың бұрынғы тәсілдерінен ешқашан толық бас тартқан жоқ. Платон редукционизмді қолдаған емес, ол адам танымының өрісін шектемеді. Ол адам қазір білетінінен де көбірек танып-біле алады деп үнемі атап көрсетіп отырды. Платонның ойынша, осыған дейінгі біліміміз бен жетістіктерімізден асып тұсу жолындағы біздің ұмтылыстарымыз шексіз. Сонда бұл не: күш пе, әлде әлсіздік пе?

Үстірт және көзге көрінетін дүниені ғана емес, нағыз ақиқатты танып-білу мүмкін екенін негіздей отырып, Платон сол әлемді білетін, ерекше категориядағы адамдарға ғана кіруге рұқсат берілген нақты өмір бар деген болжамға келеді. Бірақ көзге көрінетін дүниеден сырт жатқан нақты өмірдің Платон ұсынған дәлелдерінен басқа дәлелдер бар ма? Платонның жанның бөліктерге және мінсіз қала тұрғындарының белгілі бір қоғамдық қызметтерді атқару қабілеттеріне негізделіп таптарға бөлінуі туралы теориялары тұрпайы. Оларға философиялық айқындық пен анықтық жетіспейді. Бұған қоса Платон суреттеген мінсіз мемлекет құрылымы мұндағы халықтың тұрмысы, байлыққа көзқарасы, қызығушылығы, көксеген тілегі әртүрлі болуы мүмкін екенін ескермейді. Оның үстіне, мысалы, жауынгерлер өнерді

мұлде бағалай алмайды, ал философтар ештеңеге қызықпайды және бұған қарап олардың ешқандай қалау-тілектері жоқ деп айтуға болмайды.

Оның «Идеялар теориясын» метафизикалық теория емес, белгісіз ірі обьектілердің логикалық жіктемесі (логика және тіл мәселесі) теориясы десек, қисындырақ болар еди.

Платонның идеялар теориясы оның өзгермелілік пен тұрақтылықты біздің қалай сезінетініміз бен танып-білетінімізді түсіндіру талпыныстарын көрсетеді. Платонның ойынша, қандай да обьектінің немесе құбылыстың өзгермелілігін біз әуелі түйсігіміз арқылы сезінеміз, содан соң ғана, болып жатқан өзгерісті ақыл-ойдың қөмегімен саналы түрде түсінеміз. Оқып отырған кезінде осы сұрақтарға қатысты басқа ұстанымдарға да назар аударып, бұл туралы өз болжамдарыңызды тұжырымдаңыз.

Біз жалпылама әнгіме барысында, абсолютті ақиқат, әдемілік және әділеттілік ұғымдарын қолданғанымызда өзіміз де аңғармай, Платонның идеялар теориясын пайдаланатын болғанымыз ба?

Платон демократияның әлсіз тұстарын өз көзімен көргендіктен де бұған сенген жоқ. Платон демократияны қалай жетілдіруге болады деп те қызықпады. Бұл оның баяндау мәнерінен көрініп тұр: әділеттілік әділетсіздікке әкеле алмайды. Дегенмен сақ адамның кейбір жағдайларда сасқалақтап қалатының немесе епті адамның жекелеген жағдайларда ебедейсіз және сауатсыз болып көрінетінінің және т.б. эмпирикалық дәлелдері бар. Платонның әмбебап жалпы анықтамаларға қызығушылығы тілді жеке категорияларға айқын бөлуге мүмкіндік бермейтін тәсілдер бойынша қолдануды қаламауының алғышарты болды.

Платонның Спартаға (және оның соңғы жетістіктеріне) тамсануы Спартаның мемлекеттік және әлеуметтік құрылымындағы көптеген жағымсыз сипаттарын байқамауына себеп болды.

«Әділеттілік әлеуметтік таптардың үйлесімді қызмет атқаруының негізі болды» деген түсінік – біз үшін ақылға қонбайтын пікір. Десек те Ежелгі Греция заманында қоғамның этикалық институты мемлекет болды. Ортағасырлық Батыс Еуропа қоғамының этикалық бағытын шіркеу анықтайтын. Қазіргі заманда – этикалық институтты жекетүлғаның өзі белгілейді. Бұл жақсы ма, жаман ба: біз одан не үттық, не жоғалттық?


## **2. Аристотель: ақылды пайымдау**

Аристотель бүкіл Батыс Еуропаның тұтас мыңжылдық ойлау салтын анықтап берді. Оның еңбектері өте жоғары деңгейде қастерленді, мұндай құрмет оның тұжырымдарының ақиқат және дұрыс екеніне күмәндануға негіз бермеді. Галилео Галилей (1564–1642) Жер Күнді айналады дегенде, күпіршілік жасады деп айыпталды. Неге? Оның көзқарастары Інжілге қарсы келгендіктен емес, Аристотельге қарсы шығуға батылы барғаны үшін! Талай адам табына дәріптеген осы бір таңғаларлық тұлға кім еді? Аристотель Афинада оқыды, еңбектерін де сонда жазды. Ол адам сенгісіз терең және зор парасат иесі болды. Оны бәрі қызықтырыды. Аристотель өзінің ұлы ізашары Платонның мистицизмінен арылды. Оның жазбалары жүйелі, баяндау мәнері салиқалы болды. Қазіргі заманғы түсініктеме берушілердің бірі айтқандай, ол профессор сияқты жазды. (Сіздің мектепте жазған рефераттарыңыз кіріспеден, үш бөлімнен және қорытындыдан тұрды ма? Оның себебі – Аристотель!)

### **Әмірі**

Аристотель б.д.д. 384 жылы Ежелгі Грекияның солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан Стагир қаласында дүниеге келді. Оның экесі дәрігер еді. Аристотель 17 жасында Афинаға кетіп, Платонның Академиясына оқуға тұсті. Бұл – ұстазының ойына философиямен кірігіп кеткен мистицизм мен дін едәуір ықпал еткен кез еді. Шамасы Аристотельді, негізінен, өзін қоршаған заттар мен құбылыстарды бақылау және оларды сипаттау көбірек қызықтырған секілді. Біз бүгін мұны әмпирикалық ғылымдар деп атайдыз. Аристотель кейін Платонның көзқарастарынан бас тартқанына қарамастан, ол бұл қадамға ұстазын ұнатпағандықтан немесе оның жақсылығын бағалай білмегендіктен барды дей алмаймыз. Керісінше, Аристотель Платонның істеріне тәнті екенін ашық айтты.

Платон дүниеден өткен соң Аристотель Академиядан кетті. Біраз уақытын ол Кіші Азияның солтүстік-батысында орналасқан Ассоста өткізді, сол жерде жергілікті Академияны құрған болуы да мүмкін. Осында ол жергілікті билеуші



Аристотель

Гермийдің жиен қарындасты Пифиадаға үйленді. Пифиада билеушінің көңілдесі екен деген қауесет шықты. Бірақ Гермий әтек болған сияқты, сондықтан бұл оқиғаның шын екеніне күмән бар. Кейінрек Аристотель әйелімен Түркия жағалауларына жақын Лесбос аралына аттанды.

Көп ұзамай македониялық Филипп патша Аристотельді солтүстік Грекияның таулы аймағына шақырды. Аристотельдің басты міндеті – он үш жастағы македон ханзадасы, кейін ұлы Александр атанған Ескендір Зұлқарнайынға білім беру еді. Аристотель патша оқытушысы қызметін төрт жыл атқарды. Эйтсе де осындай қызметте болғанына қарамастан, империяны мемлекеттіліктің ең жоғары идеалы етіп көрсетуге құлышты болмады. Аристотель үшін гректің қаламемлекеті мінсіз саяси құрылым болып қала берді.

Б.д.д. 335 жылды Аристотель Афинаға оралып, қаланың сыртында өз мектебін – Ликейді ашты. Оқу орнының атауы оған жақын орналасқан Ликейлік Аполлон ғимаратымен байланысты сияқты. Бұл мектепте дәрістер оқылды. Сонымен қатар Ликей ғалымдар мен ойшылдарды жинаған ерекше орталыққа айналды. Уақыт өте онда тамаша кітапхана пайда болды. Ликейдің шәкірттері мен ұстаздары көбіне көлеңкелі гүлзарлар мен галереялардың бойымен қыдыра жүріп әңгімелесетін, оқитын және ойға шоматын. Аристотельдің философиялық ойлары кейде «перипатетикалық» деп аталады, яғни «Ликей шәкірттері дәріс алып, философиялық әңгімелер жүргізілген сондай серуендер барысындағы пайымдаулар нәтижесінде пайда болған» деген сөз. Аристотель өз кітаптарының басым бөлігін дәл осы кезеңде жазды. Ликей Платонның жартылай діни және мистикалық Академиясына қарағанда маңыздылау оқу орны еді.

Ұлы Александр б.д.д. 323 жылды дүниеден өтті. Оның өлімі Грекия же рінде македон ұstemдігіне қарсы күшті наразылық туындалды. Бұл қоғамдық бүліктен Аристотель де жапа шекті. Оның Афинадан кетуі дұрыс қадам еді. Аристотель б.д.д. 322 жылды 62 жасында ауырып қайтыс болды.

## Әмір шежіресі

(Барлық даталар – б.д.д.)

431–404 жылдар – Спарта мен Афина арасындағы Пелопоннес соғысы

400 жыл – Гиппократтың медицина тақырыбындағы еңбектері

384 жыл – Аристотель дүниеге келді

367 жыл – Аристотель Академияға оқуға түсті

359 жыл – II Филипп Македонияның патшасы атанды

350 жыл – Грекияда Эпидавр театры салынды

347 жыл – Платон дүниеден өтті

- 347 жылдан кейін – Аристотель Афинадан тыс жерлерде сабақ берді  
 345 жыл шамасы – Аристотель үйленді  
 343–339 жылдар – Аристотель Ескендір Зұлқарнайынды оқытты  
 341 жыл – Эпикур дүниеге келді  
 335 жыл – Зенон дүниеге келді  
 335 жыл – Аристотель Ликейді ашты  
 334–323 жылдар – Ескендір Зұлқарнайынның Персияға, Египетке және Үндістанға ұлы жорығы  
 323 жыл – Ескендір Зұлқарнайынның өлімі  
 322 жыл – Аристотельдің өлімі  
 321 жыл – Александр империясының күйреуі  
 300 жыл – Евклидтің «Элементтері»

## Ойлары

### *Физика және метафизика*

Платонның идеялар теориясына адамдардың бәрі бірдей таңдай қағып, тамсана қараған жоқ. Бұл теория қоршаған дүниені екіге қақ бөлгендей болды. Оның мақсаттарының бірі – дүниеде бар болған заттар мен құбылыстардың көптүрлілігін түсіндіру еді. Бірақ мұның бәрі материалды объектілердің көптеген формаларының қатар тіршілік етуін тіпті де түсіндіре алмады. Егер заттар белгілі бір формаға ие болғандықтан тіршілік етер болса, бұл жайтосы заттардың өзгеру немесе жойылу үдерістерін түсіндіре алмайды. Платон формалардың өздері анықтайтын заттарға қатысын түсіндіруге тырысқан сэттерде ақындық образдармен сөйлеп кететін.

Аристотель Платон іліміндегі әлсіз тұстардың бәрін өзінің универсалиялар теориясында түзету қажет деп шешті.

**Физика** – табиғат туралы ілім. Бұл термин гректің табиғат дегенді білдіретін «*physis*» сөзінен шыққан. Бұл жағдайда «табиғат» даму және жетілу үдерісі ретінде қарастырылады.

**Метафизика** – болмысты бар болу тұрғысынан зерттеу; бар нәрсенің мәні туралы пайымдаулар; алғашқы себептер мен принциптерді зерделеу; бізді қоршаған нақты дүниені рационалды тану; адамды қоршаған заттар, олардың тереңдігі мен мәні туралы рационалды білім.

## Универсалиялар

Кейбір сөздер қайталанбас, бірегей заттарды білдіреді. Мысалы, «Тәж-Маһал» немесе «Ғаламат Жак». Қайсыбір сөздер көптеген ортақ белгілері бар заттарды білдіреді: «кереует», «кресло», «ит», «қара», «тәтті». Универсалиялар осы соңғы сөздерге ұқсайды. Аристотель осылайша субстанция, яғни қайталанбас, бірегей мен универсалияның, басқаша айтсақ, жалпының арасындағы айырмашылықты көрсетті. Субстанция – жеке атаумен белгіленетін зат. Универсалия – біртекті объектілер тобын білдіретін атау немесе сын есім. Мұндай атау тектік белгілерімен мәлім затты білдіреді, бірақ нақты затты білдіре алмайды. Универсалия кейбір заттардың ортақ белгісін білдіреді. Үстелімнің қасындағы кресло, мен отырған кресло, кереуетіме қарсы орналасқан кресло және бақтағы кресло – бұл ұғымдардың бәрі әртүрлі және бәрі әртүрлі материалдардан жасалған. Осы заттардың бәрін креслолардың қатарына жатқызуымызға мүмкіндік беретін ортақ нәрсе, шын мәнінде, универсалия болып шығады. Қазіргі уақытта біз осы ұқсастықтар туралы айту нақты дүниені талдаудан гөрі адамның сөйлеу сөзінің ерекшелігіне көбірек байланысты және метафизикаға еш қатысы жоқ деп түюге бейімбіз.

## Мән

Бұл – Аристотельдің ізбасарлары қолданатын тағы бір термин. Мән дегеніміз тіпті де универсалия емес. Мән – қандай да бір заттың ішінде жатқан нәрсе немесе әлдебір құбылыстың, оқиғаның табиғаты. Ешбір зат және ешбір құбылыс, өмір сүруін тоқтатқанда болмаса, өз табиғатын жоғалта алмайды. Объект бар болмай тұрғанда-ақ онда мән болады.

## Форма және материя

Егер мен пластилиннің кішкене бөлігін алып, оны дөңгелектеп илесем, бұл жағдайда материя, әрине, пластилин болады. Сол материяны мен домалақ формаға айналдырыдым. Форма материяға субстанцияға айналу мүмкіндігін береді.

Аристотель: «Жан – тәннің формасы», – дейді. Адамның жаны тәнге форма береді, оны киген тән өмір сүреді, тән солар үшін өмірлік мақсаттар қояды, оның міндеттін анықтайды. Аристотель заттың формасы – оның мәні

және алғашқы субстанциясы, ал универсалиялар маңызды емес деп тұжырымдайды. Заттың формасы мен материясы ол зат жасалғанға дейін-ақ бар болады.

Формасыз материяда тек потенциал (әлеуеттілік), яғни затты жасау мүмкіндігі ғана бар. Заттың өзектілігі (актуальділік) оның формасына тікелей тәуелді. «Потенциалды» және «актуальді» ұғымдары дүниедегі өзгерістерді түсіндіруге тырысуши Аристотель үшін өте маңызды болды.

Болмыс біртекті емес, оның өзіндік иерархиясы бар. Тегістелмеген тас, мысалы, тегістелген тасқа қатысты алғанда потенциалды күйде, яғни онда тегістелу мүмкіндігі бар. Тегістелген тас тегістелмеген тасқа қатысты алғанда өзекті күйде. Дегенмен ол да, айталық, үйге қатысты алғанда әлеуетті күйде болады. Дүниеде болып жатқан өзгерістерді Аристотельдің қалай түсіндіретінін ұғыну үшін біз ең әуелі оның «себеп» деген ұғымды қалай түсінетініне назар аударуымыз керек.

## *Себеп*

Аристотель себептердің біртұтас жіктемесін жасауға ұмтылды. Ол себептердің төрт негізгі түрін бөліп көрсетеді.

(1) Материалды себеп – сөзбен тұтасатын дыбыстар, логикалық ой-тұжырымдар түзетін дәлелдер тәрізді объект қалыптастыратын заттың, нақты дүниенің негізі.

(2) Формалды себеп – қоршаған дүниеде қандай да бір объект өмір сүре алу үшін қажет болатын форма. Мысалы, доп резенкеден жасалуы тиіс, себебі резенке оның материалды себебі немесе түпнегізі. Бірақ доп, сонымен бірге домалақ болуы тиіс, домалақ болу – оның формалды себебі.

(3) Тұыннатушы (қозғаушы) себеп – қандай да бір үдерістің басталуы және дамуына немесе оқиғаның пайда болуына әсер етер себеп. Мысалы, біреуге айтылған кеңес оның инженер боламын деген шешімін тұыннатушы себеп бола алады. Адамның бойында ұстаздының ықпалымен пайда болған шабыттану оның поэзияға деген қызығушылығын тұыннатушы себеп болуы мүмкін. Автомобильдің терезесінен лақтырылған темекі тұқылы орман өртінің тұыннатушы себебі бола алады.

(4) Мақсатты себеп – адам жетуге ұмтылатын ниет немесе мақсат. Мысалы, тұскі тамақтан кейінгі жаттығудың мақсатты себебі – келесі аптадағы матчта жеңіске жету.

## Телеология

Біз себепті өзінен кейін өрбитін оқиғаға дейін болатын нәрсе деп түсінуге әдеттендік. Мысалы, оттың пайда болу себебі – сірінке қорабына сірінкені шағып, жағу. Аристотель мақсатты себепті ең маңызды себеп ретінде жиі қарастырады. Адамның жылынғысы келген әрекеті оттың себебі болды. Бұл жағдайда себеп (жылыну) оқиғадан кейін болып отыр. Мұнда себеп от жағудың мақсаты ретінде көрінеді. Бұл – телеологияның еншісіндегі нәрсе. Табиғатты біз машина секілді деп ойлаймыз. Аристотель табиғатты өз идеясын жүзеге асыруға талпынған суретшіге немесе туындыгерге ұқсатты.

Енді біз Аристотельдің форма, материя және себеп ұғымдарын қолдана отырып, өзгерісті қалай түсіндіретінін ұғына аламыз.

Табиғаттағы кез келген өзгеріс аясында екі тарапты атап көрсетуге болады: біріншіден, объектінің жекелеген ерекшеліктерінің өзгермейтіні (тіпті сол ерекшеліктер қандай да бір өзгерістерге ұшыраса да), екіншіден, барлық қасиеттердің нағыз өзгерісі.

Материя әртүрлі формаларда бола алады. Қандай да бір заттың немесе оқиғаның дәл осы сәттегі формасы – зат формаға ие болған сәтте туындаған оның әлеуеттілігі. Мәселен, қарапайым ұрықты алайық. Бірақ ұрық белгілі бір әлеуетке ие. Әр затты немесе оқиғаны олардың материясы мен формасын қарастырудың көмегімен түсінуге болады: олар қалай қозғалады немесе өзгереді, қалай бір формадан басқа формаға өтеді. Ұрық гүлге айналады. Әр зат немесе оқиға үнемі белгілі бір халде және басқа күйге ауысу үдерісінде болады. Форма – өзгермелі тарап, материя бұрынғы қалпында қалады.

Аристотельдің осы мәселелер туралы пайымдаулары өзінің «Физика» және «Метафизика» кітаптарында баяндалған. Ол бірінші болып сөздік қорға «метафизика» сөзін енгізді. Осы кітабында Аристотель «материялылықтан тыс» болып жатқан құбылыстар туралы ойларын жинақтап көрсетеді. «Метафизиканың» зерттелуі «физикадан кейін» болғанның бәрін дерлік қамтыды. Екі мағына да «метафизика» сөзінің өмірге келуіне негіз болған ұғым ретінде қарастырылады.

## Логика

Аристотельдің логика туралы еңбегі қазір ескірген деп саналады. Бірақ өз кезінде ол ерекше бағаланды. Аристотельдің зор беделге ие болғаны сонша:

«Неге оның теориясы дұрыс?» – деп ешкім сұрай да алмайтын. Эрине, бұл тіпті де философиялық ойлау тәсілі емес, бірақ солай болғаны рас. Аристотельден кейінгі екі мың жыл бойына логика дамыған жоқ. Аристотельді көбіне дедуктивті ойлау қызықтырды. Дедуктивті ойлау дегеніміз – жалпы фактілерден жеке қорытынды немесе тағы бір жалпы қорытынды шығару. Ойлаудың осы әдісін қолдану үшін Аристотель силлогизмді пайдаланды. Ойлаудың бұл типінің мәні мынада: дәлелдер немесе алғышарттар ақиқат болса және оларды баяндау мәнері дұрыс болса, қорытындылар да ақиқат болуы тиіс.

Аристотель шығармаларының алғашқы редакторлары оның логика жөніндегі еңбектерін «Органон» деп аталған жеке жинаққа біріктірді. Бұл сөз «құрал» дегенді білдіреді. Аристотельдің өзі логиканы танымның негізі ре-тінде қаастырмады, бар болғаны ой қурау үдерісі ғана деп есептеді. Ол мазмұнына қарамастан өзі жұмыста қолдана алатын үдерісті, нақтырақ айтқанда, ойлау процедурасын тапқысы келді.

## *Дедуктивті ойлау*

Енді біз кейбір арнайы терминдерге жақындастық.

Пайымдаулар – субъект пен предикаттан тұратын сөйлемдер: «Ит мазасыздып тұр». Бұл жерде субъект – біз не туралы айтып тұрсақ сол: яғни «ит». Ал предикат – субъект туралы айтып тұрғанымыздың мәні: «мазасыздып тұр». Пайымдаулар белгілі бір формаларды қабылдауға тиіс: бір категорияға кіретін ұғымдар басқа категорияға да кіре алады (немесе кіре алмайды). Мысалы, «ит» категориясына жататын әлгі хайуан «мазасызданушылар» категориясына да жатады.

Пайымдаулардың төрт типі бар:

Адамдардың бәрі ажалды.

Кейбір адамдар ажалды.

Кейбір адамдар ажалсыз.

Ешбір адам ажалды емес.

Пайымдаулар ақиқат немесе жалған болады.

Есте сақтаңыз: пайымдаулар жалған немесе ақиқат, ал тұжырымдар қисынды немесе қисынсыз болады.

**Логикалық тұжырымдар** – келтірілген дәлелдерге негізделген қорытындыларды құрастыруға көмектесетін ойлану үдерістері. Біз бұрыс ойлауымыз мүмкін, ондай жағдайда тұжырым қисынсыз болады, ал дұрыс ойласақ, онда тұжырым қисынды болмақ.

## Силлогизм

Бұл – ойлаудың Аристотель ұнатқан формасы.

Силлогизм – үш пайымдаудың жиынтығы.

Екі пайым бар.

Пайым – қандай да бір дәлелді білдіретін пайымдау.

Алғашқы екі пайымнан қорытынды – үшінші пайымдау шығады.

Силлогизмнің мысалы:

Сұнгүір қайықтардың бәрі су астында жүзеді.

Ешбір кеме су астында жүзбейді.

Ешбір сұнгүір қайық кеме бола алмайды.

Ақиқат қорытынды жасау үшін екі пайым да ақиқат, ал тұжырым – қисынды болуы тиіс.

## Индуктивті ойлау

Бірақ барлық пайымдаулардың абсолютті ақиқатын қалай табу керек? Ойлаудың индуктивті деп аталатын тағы бір типі бар. Бұл әдістің мәні – пайымдаулардың ақиқатына бақылау негізінде жету. Индуктивті әдісті мына мысал арқылы көрсетуге болады:

Сократ – адам және ол ажалды.

Платон – адам және ол ажалды.

Аристотель – адам және ол ажалды...

Яғни барлық адам ажалды (болуы мүмкін).

Ойлаудың индуктивті әдісі ықтимал қорытындыларды баяндауға бағытталған. Әрі қарай осы ықтимал қорытындылардан оларды да іс жүзінде тексеруге болатын басқа қорытындылар жасалуы мүмкін. Аристотель индуктивті ойлауды дамытқан жоқ. Фрэнсис Бэкон (1561–1626) мен Джон Стюарт Милльдің (1806–1873) еңбектерін біраз үақыт күтүгө тура келді.

Қазіргі уақытта Аристотельдің логикасы ескірген және таралу аясы да шектеулі. Егер сіз қазіргі заманғы логиканы зерттеуді қаласаңыз, математикалық сандық белгілерді қолданатын символдық логикаға назар аударыңыз. Аристотельдің логикаға байланысты еңбегі оның «Бірінші аналитика» кітабында бар.

## Эстетика

Аристотельдің эстетикасы, оның әдемілік туралы ілімі «Поэтиада» жинақталған. Бұл кітаптың мәтіні, өкінішке қарай, бізге толығымен жетпеді.

Аристотельдің пікірінше, поэзия – адам өмірінің бәріне белгілі қырларына еліктеу. Комедия – ұсқынсыздықты кейіптеу (біз бұрманған бірдеңені көргенде күлеміз). Трагедия – негізгі мақсаты аяу, мұн және үрей сезімдері арқылы эмоция (катарсис) туғызуды көздейтін байыпты іс-әрекетті кейіптеу.

Трагедияның басты кейіпкері – өзін-өзі орға жыққан адам. Бірақ ол басқа кейіпкерлердің арасындағы ең бекзаты, яғни – басты кейіпкер.

Трагедияда үш негізгі мәселе бар: тағдырдың өзгеруі, сюжеттің дами келе шегіне жетуі және басты кейіпкердің азап шегуі.

Аристотельдің комедия туралы ілімі сақталған жоқ.

## Жан

Аристотельдің ілімінде субстанцияның үш түрі бар делінеді. Бірінші – сезімдік және өткінші субстанциялар. Мысалы, жануарлар мен өсімдіктер. Екінші – сезімдік және тұрақты, яғни мәңгілік субстанциялар. Оған жұлдыздар мен аспан денелерін жатқызуға болады. Олардың қозғалысы – біз бақылай алатын жалғыз ғана өзгеріс. Үшінші – сезімдік те, өткінші де емес субстанциялар: Құдай мен адам жаны.

Аристотель ілімі адам жанының ажалсыздығы туралы айтатынына сенимді емеспіз. Себебі оның жазбалары соншалықты дәл емес. «Жан туралы» кітабында ол жанның көшуі ұғымын әжуалайды және жан мен тәннің арасында өте мықты байланыс бар деп біледі. Тән – адамның материясы ғана, жан – осы материяның формасы. Жан – тәннің мәні, оның өзегі және мақсатты себебі. Дегенмен ақыл-ой тәннен әлдеқайда жоғары; ол – жанның ойлайтын бөлігі. «Никомах этикасында» Аристотель жанды құрамында рационалдық та, иррационалдық та мән бар объект ретінде сипаттайтыды. Ақыл-ой Құдайдан берілген. Демек, ақыл-оймен үйлесімді өмір де – Құдайдың бергені. Егер солай өмір сүрсек, бізге ажал құрығы

жетпейді. Аристотельдің пікірінше, бұл – жеке тұлғаның ажалға мойын-сұнбауы емес, Құдайдың тылсым мәңгілігінің бір бөлігі ғана. Аристотельдің ойынша, адам тұлғасы тәнмен, сонымен бірге жанның иррационалдық бөлігімен байланысты.

Аристотельдің жанның мәңгілігі туралы түсінігі, жалпы алғанда, қазіргі оқырманның түсінігіне сәйкес келеді, бірақ кей тұсында аздаған айырмашылықтар бар. Христиан діні ежелгі грек философиясының идеяларын қабылдап алып, олардың негізінде өзіндік дүниетаным қалыптастырыды. Христиан теологиясының дамуы Сократсыз, Платонсыз және Аристотельсіз мүлде басқаша болар еді. Кейінгі христиан ойшылдарына дәл осы грек философтарына тән ойлау салты қатты ықпал етті. Ақыр сонында олар көзқарастар жүйесін, демек, бүгінгі Еуропа мен Американың көптеген елдері мұрағып алған христиан өркениетінің негізін де қалыптастырыды. Ең аяғында ежелгі дүниенің осы мұрасынан ойлаудың ғылыми образы, зайырлы дәстүр, адам құқығын қорғау туралы ұғым пайда болды. Осының бәрі жинақтала келіп қазіргі батыс адамы үшін қалыпты нәрсеге, оған қоса бүкіл Батыс өркениеті үшін мәдени негізге айналды.

Аристотель өз еңбектерінде Құдайдың бар екенін растайтын дәлелдерді де келтіреді. Бертінгі тарихи кезеңде бұл дәлелдерді ортағасырлық ұлы философ Акуинолық Томас та жан-жақты қарастырып, зерттеп-жетілдіріп, қоғамға бұрынғыдан қанық түрде ұсынды. Акуинолық Томастың философиялық идеяларын, атап айтқанда, оның теистік дәлелдерін кейінірек қарастырамыз.

### *Аристотельдің «Этикасы»: тең орта*

Аристотель адам өміріндегі дұрыс пен бұрысты, жаман мен жақсыны анықтауға негіз болатын принциптер туралы ғылымды – этика туралы өз ілімін жасады. «Никомах этикасы» кітабында бейнеленген бұл ілім бақыт ұғымына негізделген. Тұлға үшін қандай өмір – жақсы өмір? Ол – бақытты өмір. «Бақыт дегеніміз – жанның нағыз ізгілікке сәйкес әрекеті». Бақыт – әрекет. Ол мақсат емес. Бақыт қандай да бір әрекетпен, амалмен қатар жүреді. Бақыт өмірдің жан-жақтылығында көрінеді. Сонда біз өзімізді қалай ұстауымыз керек? Біз өзімізді бақытқа қол жеткізетіндегі деңгейде ұстауға тиіспіз.

Бұл ережелер бізді Аристотельдің ең белгілі теорияларының біріне: тең орта («ортада» бұл жерде екі шектің арасындағы дәл теңгерімді білдіреді) теориясына алып келеді. Мысалы, егер мен сауық кешіне барсам, қанша ішімдік ішкенім дұрыс? Аристотельдің пікірінше, екі шектің арасындағы дәл

теңгерімге жету қажет, яғни өте аз да, тым көп те ішпеу керек. Тым үялшақ та қарапайым, сонымен қатар тым адудын да болмай, екі шектің арасындағы теңгерімге жетуге тиіспін.

Тұрлі адамдардың мінез-құлық туралы түсініктеп де әртүрлі. Біреуге жақсы нәрсе басқа адам үшін мұлдем өрескел. Тең ортаны анықтау үшін байылты тексеру қажет, ол қателіксіз, шалыс қадамсыз анықталса салмайды. Бірқалыпты әрекет етіңіз. Екі шектің арасындағы ортаны іздеп табыңыз. Шектердің әрқайсысында да жағымсыз реңк бар.

Батылдық, мәселен, қорқақтық пен көзсіздіктің аралығы делінеді. Ақкеңіл жомарттық – бейпіл ысырапшылдық пен тын санаған саңаңдықтың ортасындағы қасиет. Әйтсе де мінез-құлықтағы шектен шығуды математикалық дәлдікпен есептеу мүмкін емес. Рұқсат етілетін шекараны, шамасы, әр адам өзі, ақыл-ойының көмегімен анықтайды.

Жалпы алғанда, Аристотельдің тең орта теориясы сөздерді ойнатуда қолданылатынын байқай аласыз. Осы теорияның негізінде тең ортаның әртүрлі, кейде қисынсыз да құлқілі мысалдарынан тұратын қызықты ойын ойнауға әбден болады: «Дұрыс әрекет – жаман мен жақсының арасындағы алтын аралық. Ізгі адам ақымақтық пен зеректік аралығындағы өзінің жай, қатардағы қалпын көрсетеді». Бұл – адамның мінез-құлқындағы тең ортаны анықтаудың қарапайым, бірақ та соны ережесі.

Аристотельдің «Этикасы» – өз қадір-қасиетін билетін, басқалардың да осылай мойындағанын күтетін, өздерін жетілдіруге және өздері өмір сүріп отырған қоғамға қызмет етуге уақыттары бар зерделі адамдардың дұрыс дүниетанымының кәдуілгі мысалы. Қазір Аристотельдің этикалық іліміне қызығушылық артып келеді. Бұл өзгеріс – әртекті қоғамда өзара үйлесімге, түсіністікке және құрметке негізделген жаразтықты тірліктің жаңа формаларын табуға тырысқан шығу тегі, саяси және діни көзқарасы әртүрлі адамдардың көбеюіне байланысты болып отыр. Осындай үдерістерді барлық қайшылықты жағдайларда мәмілеге келүмен, құрделі мәселелерді келісе отырып шешүмен, өзара үйлесімге қол жеткізумен сабактастыруға болады.

### *Өзге де этикалық нормалар*

Аристотельдің «Этикасы» – телеологиялық ілім. Ол қол жеткізілуі қажетті мақсаттарға негізделген. Бұл жерде атап көрсетуді қажет ететін басқа да этикалық нормалар бар. Аристотельдің ойынша, адам өзі жасағалы отырған қандай да бір іс-әрекеттің немесе ниеттің әділетті және ізгі екені туралы пікір түюі тиіс. Жасалайын деп отырған іс-әрекет жақсы және әділетті се-

бептерден туындауы қажет, ол дұрыс және шектен шықпайтын ниеттерге негізделгені жөн. Қандай іс-әрекеттің де нәтижесі оң болуы керек. Тіпті не боларын алдын ала білмесе де, адам өзі ниет еткен ісінің ықтимал салдарын шамалауға міндettі.

## Саясат

Аристотельдің саясат туралы түсінігі сол ежелгі дәуірде кең тараған «қала-мемлекет» мемлекеттік-саяси құрылымына негізделген. Аристотель Ескендір Зұлқарнайыннан бұрын өмірге келіп, одан ұзақ өмір сүрді. Бірақ оның саясатқа ержүректікпен және батылдықпен араласқаны туралы мәлімет жоқ. Оның мемлекеттік істер туралы ойлары «Саясат» деп аталатын еңбекте жинақталған. Аристотель мемлекеттік басқару механизмін зерттеуге көп қызықпады. Ол мемлекетті ең жоғары, ең дамыған саяси және этикалық ағза деп ойлады. Моральдық-адамгершілік құндылықтарды белгілеуде мемлекет отбасының алдында да, жекетүлғаның алдында да сөзсіз басымдыққа ие. Егер адамдар мемлекетте өмір сүрмесе, яғни оның бір бөлігі болмаса, мақсаттарына жете алмайды.

Мемлекет отбасылардан құралады. Құлдар – отбасының бір бөлігі, соғыс тұтқындарын да құл етуге болады. Дәрежесі бойынша жоғары тұрған адамдар басқарған кезде бағыныштылардың жұмысты жақсырақ істейтіні әбден табиғи құбылыс. Аристотель сауданы мақұлдамайды. Заттар тұтыну үшін жасалады; байлық жинаудың табиғи тәсілі – жерді ақылмен, ұқыпты иеленіп, пайдалану.

Аристотель Платонның мінсіз мемлекет коммунизмін сынайды. Аристотельдің пікірінше, отбасын жою – мұлде теріс қадам, себебі мемлекеттің өзі тікелей отбасына, сонымен қатар жекеменшікке негізделген. Қауымдастық болса, ешкім жекеменшікке және жеке үйге ие болмайды дегенді білдіреді. Жекеменшік болмаған жағдайда қолы ашық дарқандық та өзінен-өзі жоғалады.

Төңкерістерді болдырмай үшін үш нәрсе қажет. Біріншіден, білім беру ісінде мемлекеттік насихат болуы керек. Екіншіден, қоғамда әділдік пен заңға құрмет салтанат құруға тиіс. Заң мен әділдік – басқару ісі бастау алатын маңызды негіз. Заңға сәйкес басқару – жігерлі де адаптацияның мемлекеттің басқару деген сөз. Үшіншіден, мемлекет экономикалық тәуелсіздікке ие болатында қаншалық үлкен болса, барлық азаматтар бірін-бірі тани алатында соншалық шағын да болғаны жөн.

Азаматтар білім алуды тиіс, олар өздері үшін пайдалы білімді ғана мен-геруге құқылды. Оқытудың негізгі мақсаты – ізгілік тарату. «Ізгілік» сөзін

гректер «кемел адам» мағынасында қолданды. Аристотель азаматтық алуға құқық шектеулі болуы тиіс деп пайымдады. Философтың пікірінше, жерге байланысты жұмыстарды орындаудан босатылған (құлдық институтының арқасында) жериеленушілер мен жоғары білімді адамдардан басқаларға, яғни төменгі тапқа азаматтық берілмеуі керек. Алдыңғы екі категорияға жеткілікті білімі, қажетті тәрбиесі, бос үақыты және ізгілігі бар адамдар жатады. Осының бәрінің жынытығы оларға мемлекетті дұрыс басқару жауапкершілігінің жүгін көтеруге мүмкіндік береді.

### *Мемлекеттік құрылымның классификациясы*

Аристотель – әйгілі мемлекеттік құрылым классификациясының авторы. Ол өз заманындағы 158 елдің мемлекеттік құрылымын сипаттады. Афина мемлекеттік құрылымының сипаттамасы ғана сақталып, ұлы философтың осы саладағы басқа еңбектері жоғалып кетті. Аристотель классификациясы мемлекеттік құрылымның алты типін бөліп көрсетті және екі өлшемге негізделді.

Бірінші өлшемге сәйкес, Аристотель барлық мемлекеттерді дұрыс және дұрыс емес деп бөлді. Дұрыс мемлекеттер жалпыға бірдей игілікке ұмтылады, олардың өмір сүру мақсаттары ізгілікті. Олар өз азаматтарының басым көпшілігіне жақсылық жасағысы келеді. Сонымен қатар дұрыс емес мемлекеттер де бар. Олар билік пен байлықты бір ғана әлеуметтік таптың – билеуші таптың қолында шоғырландыруды мақсат тұтады. Осылайша билеуші топ пен олардың жақтастары барша игілікті өздері көріл, сонысымен де қалған халықты қанап, қысым көрсетеді. Екінші өлшемге байланысты барлық мемлекеттік құрылымдар үш типке бөлінеді. Аристотель бүкіл билік бір адамның азаматтардың басым көпшілігінің қолында шоғырланған мемлекеттердің арасындағы айырмашылықтарды көрсетеді. Содан соң ол жоғарыда айтылған екі өлшемді біріктіреді:

	<b>Дұрыс мемлекеттер</b>	<b>Дұрыс емес мемлекеттер</b>
Билік бір адамның қолында	Монархия	Тирания
Билік жоғарыдағы билеуші шағын топтың қолында	Аристократия	Олигархия
Билік көпшіліктің қолында	Полития	Демократия

Аристотель кез келген билікке қойылатын екі негізгі талап бар деген қорытындыға келді: азаматтардың мүлік құқықтарын мойындау және қорғау, халықтың басым көпшілігінің әл-ауқат деңгейін көтеру. Халқының байлығы – билікке қойылатын міндетті талап емес. Бірақ, екінші жағынан, байлық пен әлеуметтік ауқаттылық азаматтардың бос уақытын көбейтіп, білім берудің дамуына және туу деңгейінің өсуіне ықпал етеді. Дәулетті адамдардың көп болғаны жақсы, дәулеттілердің көбейе түсіү мемлекетті тұрақты етеді. Аристотельдің ойынша, мемлекетке ұстамды және салмақты қоғамдық пікір де қажет.

Аристотель монархияны мемлекеттік құрылымның ең үздік формасы ретінде қарастырған сияқты. Ол ізгі патшаны табу мүмкін болса, ондай патша ең аз дегенде «адамдардың арасындағы құдай» болуы тиіс деп тұжырды. Сонымен қатар Аристотель мемлекеттік құрылымның әр типін қарастырып, сипаттауға жеке көніл бөлді.

Аристотельдің демократияны мемлекеттік басқарудың бұрыс формасы ретінде қарастырғанына таңғалуымыз мүмкін. Десек те ол «полития» сөзін қолданғанда, мемлекеттік құрылымның шамамен алғанда біз демократия деп атап үйренген типі туралы ойлағанын есімізде сақтауымыз керек. Ал «демократия» сөзін қолданғанда, ол демагогияны немесе тобырдың билігіне ұқсас әлденені меңzedі.

Қазіргі заманғы демократия Аристотельдің кезіндегі адамдарға мүлде белгісіз болған көптеген элементтерге негізделеді. Олар: адам құқығын мойындау және қорғау, сот билігінің тәуелсіздігі, зандарды қолданудағы тәуелсіздік және бейтараптық, азшылықтың пікірін қорғау, биліктің мемлекеттік саясатты талқылап, оны ұзақ мерзімге жоспарлауда маңызды рөл атқаратын сайланбалы өкілдік органдарының болуы, осы саясатты жүзеге асыратын атқарушы билік органдарының болуы, барлық мемлекеттік органдар қызметінің қоғамдағы көніл күйдің өзгеруіне тәуелсіздігі.

## Түйін

Аристотельдің рационалды дәлелдемелері шын мәнінде Платонның теорияларын жалғастырып, жетілдірді. Бірақ Аристотель ұстазының еңбектеріне тән мистицизмді жеңіп шыға алды. (Мұны жетілдіру дегенмен келісесіз бе? Адам өмірінің мәні туралы өз түсініктерін сипаттағанда мистицизмге сүйенген басқа ойшылдарды есіңізге алыңыз.) Оның үстіне, Аристотельдің еңбектері көкейге қонымды және жүйелірек, драмалық салыстырулар мен диалог формасындағы шегіністерден ада.

Аристотельдің «Физикасы» мен «Метафизикасы» бізге, қазіргі заман адамдарына оғаштау және мұлдем түсініксіз болып көрінуі әбден мүмкін. Біз материяны әр алуан тәсілдермен зерттей алатынымызға, дүние құрылымын әртүрлі тұғырлардан қарастыра алатынымызға үйреніп қалдық. Бірақ Аристотель өз зерттеуін жүзеге асыру үшін біртұтас объективті терминологияны жасауға талпынған алғашқы адам болғанын ұмытпау керек.

Аристотель өзінің «Физикасында», «Метафизикасында», «Логикасында» және ақыр соңында «Этикасында», бейнелеп айтсақ, XX ғасырдың саралаушы философтарының алдында тұрған міндettі – тілді сынауды алдын ала шешіп қойды.

Бұл міндettің мәні – тіл сынын жүзеге асыру, тілдегі дәлсіздіктерден арылу. Бұл философтар бізді нақты дүниеде жоқ мәселелерді сипаттағанда тілді дұрыс қолданбаудан сақтандырады.

Аристотельдің «Логикасы» қазір онша дұрыс емес секілді көрінеді. Екінші жағынан, ол ойлау зандарын жүйелеген алғашқы философ болды. Оның себептерді зерттеуі өте маңызды. Тұыннатушы себеп ұғымы заманауи ғылымда бұрынғыша қолданылып келеді. Кез келген детектив романды оқыңыз, қандай да бір оқиғаның себебін зерттеудің қаншалықты маңызды екенин көресіз. Биологтер мен эволюцияшылдар телеология немесе мақсатты себеп ұғымын әлі күнге пайдаланады. Бұл ұғым аталған қызмет салаларында өте маңызды құрал саналады. Дэвид Юм (8-тарауды қараңыз) жалпы себептілік-салдарлық байланыс ұғымымен белгілеген ғылыми күмәндану қазіргі заманғы ғалымдардың көбі үшін өте маңызды.

Аристотель адам жанының ең жоғары белсенділігі ойлануда көрінеді деген пікірді ұстанды. Сіз бұған қалай қарайсыз? Жаның тағы қандай күйлерін ерекше маңызды және құнды деп қарастыру қажет? Адам жаны туралы Аристотельдің түсінігі біз үшін тым жат. Христиан теологиясы мен заманауи философия көне дәүірдің ұлы философының алғашқы түсініктеріне өзгерістер енгізді. Бірақ осының бәріне қарамастан, Аристотель жасаған және қолданған терминология біраз өзгерістерге ұшыраса да, бұрынғыдай айрықша қалпында.

Қазіргі заманғы этиканың ең кең тараған теорияларының бірі – утилитаризм. Ол үшін тағы да Аристотельге рақмет айтамыз, себебі бақыт ұғымына және пікірлестер ортасынан алғынған білім ауқымының маңыздылығына назар аударған сол болатын.

Аристотельдің «Этикасы» XX және XXI ғасырлар тоғысында жаңа мағынаға ие бола бастады. Бұл кітапқа деген қызығушылық артып келеді. Оның себебі мынада: қазіргі заманғы ойшылдар барлық теорияларды түсіндіре

кеткіш «ғаламат сандырақтарға», құлықтарға көбіне сенімсіздікпен қарап, «анда-санда» принципіне негізделген адамгершілікке негізделген шешімдер шығару ұстанымына жүгінгенді қалайды. Аристотельдің «Этикасы» оларға аса «эссенциалистік» емес, сол себепті өте пайдалы болып көрінеді.

Аристотельдің саясатқа көзқарасы ескірді және өзінің өзектілігін жоғалтты. Ежелгі Грекияда қабылданған терминология едәуір өзгерді және бүгін көбінесе басқа мағынаға ие. Десек те Аристотельдің гректің шағын қала-мемлекетіне көзқарастарын қарастырғанда заманауи жергілікті демократиямен көптеген ұқсастықтарды байқауға болады. Өз аумағының берекелі болуына жауапты муниципалитеттердің маңыздылығы, қазіргі заманғы Еуропалық Одақтың белгілерінің бірі ретінде атап көрсетілетін «субсидиарлық принципі» – осының бәрі Аристотельді ерекше қызықтырған жайлар болды. Ұлы философ ойларының тереңіне үнілу біз үшін өте пайдалы.

Аристотель бос уақыттың пайда болуы адами қадір-қасиеттерді дамытуға және идея алмасуына мүмкіндік береді деп санады. Осылайша еркін азаматтарда мемлекет істерімен айналысатын, сот жүйесін басқаруға, мемлекетті соғыс кезінде қорғауға қажетті уақыт пайда болады. Бірақ бос уақыттың ең жоғары мәні деп сіз нені түсінесіз? Мемлекетті кім менгеруі, қорғауы тиіс? Сот жүйесін кім басқаруы қажет? Ол адамдарға кім және қалай қолдау көрсетуі керек?

Аристотельдің түсініктері мен теориялары еуропалық санада өте ұзақ уақыт ұstemдік құрды. Бірақ бұл Аристотельдің өзінің кінәсі емес. Басты себеп – кейінгі ойшылдардың ол салған жолмен жүруден бас тартып, Кант (9-тaraуды қараныз) атап өткен догмалық ұйқыға батуы.

## Аристотельден кейін

Аристотель философиялық ойдың өзінен кейінгі бүкіл даму тарихына зор әсер етті. Оның Ликейі Рим империясы христиандықты қабылдағанға дейін өмір сүрді. Осыдан соң көп ұзамай Ликейді пүтқа табыну ілімінің орталығы деп санап, жапты. Платонның еңбектерін зерттеу жалғаса берді; оның еңбектері өз дамуының бастауында тұрған христиандық ойдың теориялық негізіне айналды. Аристотельдің көптеген туындылары, әсіресе логика туралы еңбектері біржола жоғалды. Ерте ортағасырлық университеттерде ойшылдар сандаған ғасыр бұрын Аристотель тап болған мәселелерді шешуге шама-шарқы жеткенше тырысты. Оның еңбектері араб дүниесінде жоғары бағаланды. Бағдаттың аса маңызды оқу орталықтары осы ұлы философтың еңбектерін көптеген жылдар бойы ұқыптылықпен, аялай сақтады. Шын мәнінде Аристо-

тельдің философиясы Батыс және араб дүниесі ғалымдары арасында өзара тығыз байланыс пайда болғанға дейін христиандық Еуропаға беймәлім бол келді. Бұл байланыстар, негізінен, Испаниядағы араб өркениетінің ірі орталықтарында пайда болды.

Британ философи Берtrand Рассел (1872–1970) грек философиясына құрметпен қарап, тіпті ырымшылдықпен қастер тұту керек деген болатын. Бірақ ол грек философтарының ойлау тәсілі ғылымидан гөрі абстрактілі болғанын түсінді: гректер өз ой-толғаныстарында теріске шығару мүмкін емес, өзінен-өзі түсінікті нәрселерге жүгінуді жөн көрді, яғни жаңа нақты жағдайларды айқындауды талап ететін ойлаудың индуктивті тәсілінен дедуктивті тәсілін жоғары қойды. Десек те гректердің арқасында геометрия пайда болды, онсыз заманауи ғылымның болуы мүмкін емес еді. Олар қазіргі заманғы философияда басымдық алып отырған барлық дерлік гипотезалар мен теорияларды жасады. Гректердің арқасында дін мен рационалды ойлау мидай араласты, олар адамгершілікті негізге алған ұмтылыстар мен логиканы үйлестірді.

## **3. Эпикур мен Зенон: жақсы өмірдің сырьы**

Эпикур мен Зенон – грек философиясының кейінгі кезеңінің өкілдері. Олардың әрқайсысы мыңжылдықтар бойы кеңінен тараған ағымның бастауында тұрды. Оларды, шамалап айтқанда, замандас деуге болар еді. Эпикур эпикурлік (кейде гедонизм) деген атпен белгілі ағымның негізін қалады, бірақ іс жүзінде бұл ағымның ой-тұжырымдарын, болжамдарын бүгінгінің адамы қолданбайды. Эпикурдің кейінгі ізбасарлары оның алғашқы іліміне аз ғана өзгерістер енгізді. Зенон – біз стоицизм деп атап үйренген философиялық ағымның бастауында тұрған адам. Бұл ағым заманында өте белгілі болды және көптеген ойшылдардың көзқарастарына ықпалын тигізді. Тарихта стоицизмнің көптеген нұсқалары мен түрлері болды. Осы екі ойшыл да этиканың дамуына елеулі үлес қосты.

### **Гедонизм**

Гедонизм – ләззатты бірден-бір игілік деп түсінетін ілім. Платон жақсы өмір ләззат алуға байланысты деген ойға қарсы шықты. Аристотель ләззат – адамның бойында бақыт сезімінің туындауына әкелуі керек деп есептеді. Гедонизм болса, адамның өмірінде ләззаттан басқа игілік жоқ деп тұжырымдады. Эпикур философиялық ілімі адам қарапайым тіршілік кеше отырып, өмірден қалайша ләззат алуға болатынын үйретеді. Егер сіз шектен шығар мінез-құлықтан рақат тапсаңыз, онда өзіңізге ауру табатыныңызға күмән жоқ: ішімдік ішіп рақаттанғанда ынсапсыздық танытсаңыз, басыңыз ауырып азап шегесіз. Эпикур ілімі бізге шат өмір туралы айтады, сонымен қатар сондай өмір салтының жағымсыз салдары мен теріс жақтарынан аулақ болуды үйретеді. Ол – адамды түрлі азаптан алыс жүргүре шақыруға бағытталған ілім. Гедонизм ілімі бойынша, адам рақаттанған соң азапқа жетелеуі мүмкін ләззат тәсілдерін іздемеуі тиіс.

## Стоицизм

Христиан діні пайда болғанға дейін стоицизм ежелгі дүниенің ең ықпалды этикалық ілімі болды. Стоицизм құлдыраушы және хаосқа батушы дүниеде адамдарға құтылу мен құтқару жолын көрсетеді. Ізгілік пен зұлымдық – адамның өзіне байланысты. Біреулер сіздің үстіңізден билік жүргізуі мүмкін. Ол адамдар сізді қинап, түрмеге қамауы немесе құлдыққа сатып жіберуі мүмкін, бірақ сіз билік пен күштің сыртқы көріністеріне мүлде мән бермесеніз, сізге ешкім де үстемдік етіп, билігін жүргізе алмайды. Ізгі қасиеттер – адамның ерік күшінде, ерік күші қандай екеніне қарай, адам мейірбан немесе зұлым бола алады.

## Эпикур

### Өмірі

Эпикур б.д.д. 342 жылы Егей теңізінің Түркия жағалауындағы грек аралы – Самоста дүние есігін ашты. Афинаға ол 18 жасында әскери қызметін өтөу үшін келді. Эпикур гректің түрлі қалаларында көптеген ұстаздардан білім алды. Жасы отызды орталағанда ол Афинаға тұрақтау үшін қайта оралып, сол жерде өзінің философиялық мектебін ашты.

Бұл мектеп әдеттегіден өзгеше болды. Оны қала шуынан қорғайтын бақ қоршап тұрды. Эпикур бұл мектепті ізбасарларына мұра етіп қалдырыды. Шәкірттері оны көзінің тірісінде ұстаз тұтып, құрметтеп, қастерлейтін. Оның ілімдері мен сөздерін жатқа айтатын. Ұстаздың жазғандарын өзгерту немесе оларға күмәндану сатқындық саналатын. Философ үшін бұл нағыз сор еді.

Эпикурдің сақталған еңбектері өте аз. Антикалық бір автор Эпикур 300-ден аса кітап жазды деп тұжырымдағанымен, бізге олардың аз ғана бөлігі жетті. Біз сүйенетін басты дереккөз, Эпикур ілімінің куәгері – Рим ақыны Лукреций (б.д.д. 91–51 жылдар). Оның поэмасында философтың содан үш жүз жыл бұрын жазған еңбектерінен ішінара өзгертілген кейір үзінділер бар. Эпикур ілімінің Лукреций шығармаларында көрініс тапқан негізгі идеясы – адамдар жан тыныштығына ұмтылып, өлім мен Құдайлар алдындағы үрейден арылуы тиіс.

Өмірінің соңында Эпикур қатты ауырды. Дертінің жанына батқанына қарамастан, таңғаларлық сергектігі мен өмірсүйгіштігінің арқасында тән азабын бәсендettі. Талқаны таусылар сәт жақындағанда философ алғашқы шәкірт-



Эпикур

терінің бірі Метродордың балаларын біреу қамқорлыққа алса деген тілегін айтты. Эпикурдің мектебі мектептен гөрі өзара түсіністік пен достық салтанат құрған қоғамдастыққа көбірек ұқсайтын. Кез келген адам әлеуметтік жағдайна және қоғамдағы орнына қарамастан Эпикурдың шәкірті бола алатын. Бұл мектеп-қауымдастық шәкірттерді, достарды, олардың балаларын ғана емес, құлдар мен жалшыларды да біріктірді. Тұрмыс салты өте қарапайым да қатаң болды. Қоғамдастық мүшелері көбіне нан мен суды қанағат тұтатын. Мектеп тұрғындары тойлауға шынымен дайын екенін саналы түрде түсінгенде ғана ірімшік берілетін (мұндай диетаның салдары ұстаздың әлсіз деңсаулығынан да жиі байқалатын). Эпикур б.д.д 270 жылы дүниеден өтті. Ол ешқашан үйленбеді.

Оның теориясын төменде егжей-тегжейлі қарастыратынымызға қарамастан, Эпикур бізге өте сақ, тәуекелге қабілетсіз, жасқаншақ және өте эгоцентрист адам болып көрінетінін атап өту керек. (Ол біздің дәуірімізде өмір сүрсе, қаржысының бәрін сақтандыруға жұмсап, өмірдің қызық-қуанышына көп мән бермес еді.)

## Ойлары

### *Рақат*

Эпикур философиясының негізгі идеясы адамның ақылға жүгініп, байыпты, тыныш өмір сүруіне бағытталған. Философ рақаттану сезіміне ерекше мән береді. Бұған адамның көңіліне ұнамды барлық рақат кіреді: дәм сезу, түйсіну, есту, көру және иіс сезу. Ең басты рақат – қарын рақаты. Ақыл-ой рақаты – екінші. Эпикурдің пікірінше, ең басты рухани ләzzat – тән рахаты және сезім қуанышы.

Осы ұстанымның маңызды ерекшелігі – ауруды елемеу арқылы рақаттауға болады. Десек те ізгі адам – рақатқа ұмтылып, адамгершіліктен аттамау керек екенін айтады. Өзгелердің назарынан, шектеулі пікірінен қорықпай әрекет ету адамның әділдігін көрсетеді.

### *Белсенді және самарқау рақаттар*

Алғашқы гедонистер өздерінің пайымдау үдерістерінде белсенді (динамикалық) және самарқау (статикалық) рақат ұғымдарын қолданды. Адам қалаған мақсатына жеткенде белсенді ләzzat алады деп тұжырымдады. Егер адамда бірдене жетіспесе, соны қалайтын жан ауруы пайда болады. Гедонистердің

пікірі бойынша, адам рухы қалыпты қүйде болғанда самарқау ләззат алады. Белсенді ләззат адам қатты шөлдеп, су ішкенде байқалады. Шөлдемей-ақ су ішкендегі қүй – самарқау ләззат.

Эпикур ең жақсысы самарқау ләззат күйі деген пікірге бейімірек болды. Оның пікірінше, бұл – бейкүнә хал, адам самарқау рақаттанып отырғанда, әлденені қалап, бас ауыртпайды. Осылайша Эпикурдің пікірінше, кез келген адам қалауды қанағаттандырудың мүмкін еместігінен туындайтын азаппен ешқандай байланысы жоқ самарқау ләззатқа ұмтылуы тиіс еді. Эпикур әрқашан рақаттанудағы ұстамдылыққа ұмтылды, оны құшті әсерлер қызықтырмады. Ол сексуалдық ләззатқа белсенді түрде қарсы шықты. Бұл ләззат адамға жақсы ештеңе бермейді, керісінше зияны басымырақ деп есептеді.

### *Азаптардан құтылу*

Эпикур теориясының мәні – адамның рақаттануы емес, азаптанбауы. Байлық, даңқ, құрмет және табыс – бәрі бекер; олар сіз рақаттануыңыз мүмкін кезде мазалайды. Платон мен Аристотель философияның мәні бұрын белгісіз бол келген білімдерді игеруде деп білді. Олардың түсінігі бойынша, философияның дамуы үшін математика және логика сияқты дәл ғылымдар қажет болды. Ал Эпикур үшін философиямен шұғылдануға ойлаудың салиқалы ақылға негізделген нақты әдістемесі ғана қажет еді.

Эпикур шәкірттеріне мәдениеттің кез келген формасын қуаттаудан қашу керек деп кеңес берді. Оның шәкірттері қоғамдық өмірге қатыспауға тиіс еді. Мұның себебі қарапайым ғана. Мысалы, сіз белгілі бір табыстарға жетіп, басқа адамдардың үстінен билік жүргізу тетігіне ие болсаңыз, сізді көреалмаушылардың, тіпті зиянын тигізуге тырысушы адамдардың саны көбейетіні сөзсіз.

Осы ережелерді ұстанған Эпикурдің бұл қадамын әгоизмге баласақ та, ол достықты өте жоғары бағалағанын айтудымыз керек. Бұл оның өз достарын қорғап, оларға көмектесуге тырысқанынан байқалады. Ол басқалардың азабын өз азабындағы сезініп, адамдар оның философиясынан жұбаныш тапқанын шын көңілімен қалады.

Эпикур, ең алдымен, үрейден құтылуға тырысты. Ол үрейдің екі негізгі бастауын бөліп көрсетті: Құдай алдындағы үрей және өлім алдындағы үрей. Ежелгі гректердің адам өлгеннен кейін не болатыны туралы түсініктері тым бұлдыр болды. Олар оны білгісі де келмеді. Өлімді бақыт ретінде өте сирек сипаттады. О дүниеге барып келген және өздері бұл дүниедегі өмірде таныс болған адамдарды кездестірген басты кейіпкерлер (мысалы, Одиссей) туралы аңыздар өлімді жағымсыз түрде бейнеледі. Барлық діндер, олардың аз-

даған тобы ғана болмаса, өлгендер бақыт таппайды деген көзқарасты ұсташады. Эпикур үшін дін – жұбаныш көзі емес, үрейдің бастауы. Адам ажалсыз болса, үрей мен аурудан ешқашан да құтыла алмас еді.

### *Эпикурдің атомдық теориясы*

Эпикур материалист болды. Ол дүниедегі бар зат материалдан тұрады деп есептеді. Эпикурдің пікірінше, дүние атом мен бос кеңістіктен жасалған. Бос кеңістікке тап болған атомдар бір-бірімен соқтығысып жанасады да, объектілерге айналады. Эпикурдің ойынша, жан да материалдан тұрады. Өлімнен кейін жан тәннен бөлініп, оның ұсақ бөлшектері бытырап шашылып кетеді. Эпикур Құдайлардың бар екеніне сенімді болды. Бірақ Құдайлар өздерінің ләззаттарынан рақаттанатын (немесе азап шегетін) ақылды гедонистер сияқты болып көрінді. Эпикур олар адамдардың істеріне араласпай, қоғамдық өмірден өздерін саналы түрде аулақ ұстады деп есептеді. Демек, адамның Құдайлардан қорқуының мүлдем негізі болған жоқ.

## **Түйін**

Гедонизмнің іргелі идеялары екі бастауға негізделген. Бірінші бастау – адамның іс-әрекеттерін психологиялық тұрғыдан сипаттау: адам қандай болса да, оның іс-әрекеті рақаттануға ұмтылысынан туындейдьы. Осылайша егер әлдекім жаны сүйген адамдары үшін қандай да бір құрбандыққа барса, оны бұл қадамға жетелейтін – «осының бәрі сол адамдардың қауіпсіздігі үшін керек» деген ойдан туатын ләззат. Эпикур теориясының екінші бастауы – адам рақат алуға ұмтылуы тиіс деген пікір. Рақат – бірден-бір маңызды құндылық.

### **Тұрақты және инструменталды құндылықтар**

Мен бірдеңені бағалаймын, себебі оны алғым келеді делік. Яғни мен белгілі бір мақсатымның бар екеніне сенімдімін. Бұл – тұрақты құндылық. Өзіме белгілі бір мақсатқа жетуге мүмкіндік беретін нәрсені бағаласам, онда ол – инструменталды құндылық. Бұл – белгіленген мақсатыма жетуге мүмкіндік беретін инструмент, құрал. Егер мен футбол ойнағанды қатты жақсы көрсем, онда бұл ойын мен үшін – тұрақты құндылық. Қысқы кештерде аптасына үш рет жаттығу – ойын сапасының деңгейін көтеруге және үйымшыл команда қалыптастыруға бағытталған тәсіл. Бұл жағдайда жаттығулар – инструменталды құндылық.

Гедонизм адамның кез келген саналы іс-әрекетінің жалғыз себебін мейлінше дәл атайды. Кез келген іс-әрекет пен кез келген қылыштың тұрақты және инструменталды құндылықтарға ие белгілі мақсаттары бар. Осылайша адамның бүкіл саналы іс-әрекетін жалғыз ғана мақсат түсіндіре алады: кез келген адам ақыр сонында ләzzат алуға үмтүлады. Сіз келісесіз бе? Адамдардың барлық іс-әрекетін түсіндіре алатын басқа ниеттерді атай аласыз ба? Сіз ұсынған тізім қаншалықты көлемді?

Ләzzат алуға үмтүлу кез келген адам әрекетінің басты себебі ме? Егер адам табысқа жету үшін ерінбей-жалықпай енбектенсе, табыс осы адамға ләzzат беретін нәрсе деуге болады. Бірақ сол адам, басқасын айтпағанның өзінде, үйленіп, отбасын құрса, осының бәрі жалғыз ғана мақсат үшін – ләzzат алу үшін немесе тіпті (жекелеген жағдайларда) табысқа жету үшін дегеніміз дұрыс болар ма екен? Мүмкін, адам әрекеттерін анықтайтын мақсаттар бұдан күрделілеу шығар?

Егер біз осындай теорияға терең бойлағымыз келіп, бір адам үшін рақат, мәселен, – өмірде табысқа жету, екінші адам үшін – ақша, үшінші біреу үшін сексуалды ләzzат десек, онда бұл адамның іс-әрекетін бағалауда еркіндік принципін ұстанғанымыз болар еді. Мұндай жағдайда біз адам өзіне не қажет болса, соны алғысы келеді деп қайталаймыз да қоямыз. Бірақ адамның қалауы ақыр сонында этикалық сананың тарылуына әкеледі ғой. Ал бізде этикалық сана бар. Мұның басты себебі – біз елсіз аралда өмір сүрмейміз, қоғамнан ажырамағанбыз. Бізде этикалық сана бар, себебі басқа адамдардың арасында мыздар, социумде өмір сүреміз. Не істеуім керек? Бұл қылышым туралы басқалар не ойлайды? Айналамдағы адамдар не істегені дұрыс? Осы сұрақтардың бәрі бір-бірімен байланысты.

Осының бәрін ескере келгенде, гедонизм – адамның іс-әрекетінің жай ғана сипаттамасы емес. Бұл – адамның қандай да бір жағдайда қалай әрекет етуі қажеттігі туралы бағалама пайым. Гедонизм лайықты және берекелі өмір дегеніміз – рақатқа толы өмір, оған жету үшін әрекеттену қажет дейді. Эпикур кейір ләzzаттар азап шегумен тығыз байланысты деп тұжырымдады. Мысалы, темекі шегу – әдетке айналып кететін ләzzат. Қалай ойлайсыз, әдеттенуді азаптану (шылымқорлар темекісіз өмір сүре алмайды) деп атауға бола ма? Оның үстіне, шылымқор басқа адамдарға да зиянын тигізуі мүмкін. Егер шылым шегу мен үшін рақат болса, мұны жақсы өмір – ләzzатқа толы өмір деп айта алмаймыз.

Ләzzатқа толы өмір көбіне ләzzатпен қатар жүретін азаптан бөлек қарастырылмайды. Басқасын айтпағанда, біздің белгілі бір міндеттеріміз, сонымен қатар рақаттарымыз да бар. Бұл міндеттер бізді жалықтырып, шаршатып жіберуі мүмкін. Адам азаптан қашу үшін міндеттерінен бас тарта ала ма? Сіз

салық төлеуден туындастын азаптардан құтылғының келіп немесе салық төлемей рақаттанғының келіп, салық жинаушы сізден ақша талап етпеу тиістігін дәлелдеген кездеріңіз болды ма? Қалай ойлайсыз, ол сізге не айта алады? Салық салуды ол этикалық тұрғыдан қалай ақтаған болар еді?

Эпикурдің гедонизмі Иеремия Бентам (1748–1832) мен Джон Стюарт Милльдің (1806–1873) этикалық ілімдерінен көрініс тапты. Кейде бұл ілімдер этикалық гедонизм (утилитаризм ретінде көбірек танымал) деп аталады. Бұл ілімдердің негізі – «көпшіліктің барынша көбірек бақыты» деп аталатын этикалық теория. Бұл теорияның кейбір бағыттары адамның іс-әрекеттерін олар алған ләззат пен азаптың сапалық және сандық көрсеткіштері тұрғысынан қарастырып, бағалауға ұмтылды.

Адам шын мәнінде бақыт пен рақатқа жете ала ма? Қазіргі заманғы психология бақыт дегеніміз басқа мақсаттарға жетумен қатарласа жүретін сезім деген пікірді ұстанады. Біз мақсатқа жету жолында қажыр-қайратымызды жұмсаймыз, бірақ рақат пен бақыт туралы ойланбаймыз да. Алған мақсаттарымызды жету үшін қандай да бір іс-әрекеттер жасаған кезде нағыз бақытты болғанымызды кейін ғана түсінеміз. Бірақ біз ләззат алуды мақсат еткен жоқпыз ғой. Бұл жағдайда өзіміз саналы тұрде алуға тырыспаған ләззат бізге белгісіз бір марапат ретінде келді.

**Метафизика** – болмысты бар болу тұрғысынан зерттеу; бар нәрсенің мәні туралы пайымдаулар; алғашқы себептер мен принциптерді зерделеу; бізді қоршаған нақты дүниені рационалды тану; адамды қоршаған заттар, олардың терендігі мен мәні туралы рационалды білім.

**Логика** – дұрыс, жүйелі және байланыстыра ойлауды қамтамасыз ететін тәсілдер мен әдістер туралы ілім.

**Материализм** – дүниеде материядан басқа ештеңе өмір сүрмейді, адам ойлауының, сезімдерінің немесе жігерінің бәрі олардың физикалық нақты дүниемен байланысы тұрғысынан түсіндіріледі деген болжамға негізделген философиялық теория.

**Этика** – адам өміріндегі дұрыс пен бұрыс істі түсінуге негізделетін принциптер туралы ілім. Этика «ізгілік», «міндет» және «парыз» сияқты ұғымдарды қолданады.

## Өмір шежіресі

(Барлық даталар – б.д.д.)

350 ж. – Понттан шыққан Гераклид Жер өзінің осін айналады деген болжам жасады

- 342 ж. – Эпикур дүниеге келді  
 336 ж. – Зенон дүниеге келді  
 332 ж. – Александр Македонский III Дарийді Истегі шайқаста жеңді  
 324 ж. – Эпикур Афинаға келді  
 321 ж. – Александр Македонскийдің империясын оның серіктестері бөліп алды  
 316 ж. – Зенон Афинаға келді  
 307 ж. – Эпикур Афинада өзінің мектебін ашты  
 300 ж. – Зенон Афинада өзінің мектебінің негізін қалады  
 299 ж. – Екклесиаст ежелгі өситет кітабы  
 285 ж. – Фарос аралындағы Александрия шамшырағының құрылышы  
 270 ж. – Эпикурдің өлімі  
 269 ж. – алғашқы Рим күміс ақшасы шыға бастады  
 264 ж. – Зенонның өлімі  
 264 ж. – Рим мен Карфаген арасындағы бірінші Пун соғысы  
 250 ж. – Архимедтің тетік заңы; Эратосфеннің меридиан ұзындығын анықтауы;  
 Самостан шыққан Аристархтың Жер Күнді айналады деген болжамы

## Зенон

### Өмірі

Зенон стоицизм мектебінің негізін қалады. Ол Кипрде шамамен б.д.д. 336 жылы дүниеге келді. Тегі бойынша Зенон финикиялық саналады. Афинада б.д.д. 264 жылы дүниеден өтті. Әкесі саудамен айналысты, Зенонның өзі де белгілі бір уақыт әкесімен бірге жұмыс істеген сияқты. Афинаға жиырма жасында келді. Зенон Платон мен Ксенофонтың Сократ туралы мәліметтерді қамтыған еңбектерін оқыды және осы ұлы философ жайындағы естеліктерден ерекше әсер алды. Оны Сократтың сот кезіндегі беріктігі, өлімге кесу үкімін естігендегі шексіз сабырлылығы, байлыққа менсінбей қарауы және бұдүние игіліктеріне немікүрайдылығы айрықша таңдандырды.

Зенонды циниктердің философиясы да қызықтырды. Десек те ол Афинаның философиядан сабак беретін көптеген данышпандарынан тәлім алды, ақыр сонында отыз бес жасында философиялық мектебін құрды. Оның еңбектерінің аздаған үзінділері ғана сақталып, бізге жетті. Стоицизм сөзі гректің «*stoa*» сөзінен шыққан, ол «бастырма» (ғимаратқа кіреберістегі төбесі жабық алаң) дегенді білдіреді. Зенон Афинадағы ізбасарларын «*stoa poilcile*» немесе безендірілген бастырма деп аталатын галереяның көлеңкесінде оқытты.

Стоицизмнің біршама ұзақ және алған түрлі тарихы бар. Кейінірек оны Рим философтары да тез қабылдады.

Зенонның жеке өмірі туралы біз тым аз білеміз. Қолда бар мәліметтерге қарағанда, ол өз-өзіне қол салған.

## Ойлары

Стоицизмнің Эпикур ілімінен айырмашылығы – тарихта оның түрлі нұсқалары болды; стоицизмнің аясында одан әртүрлі философиялық бағыттар мен ағымдар бөлініп шықты. Стоиктер ілімінің бастапқы формасы барынша өзгеріп отырды, осы өзгерістерді шектейтін қатаң шеңберлер де аса байқалмады. Стоицизмнің әртүрлі бағыттарының даму үдерістерін талқылау тарихын жеке тақырып қылуымызға болады. Біз үшін Зенон ілімінің негіздерін ғана қарастыру жеткілікті.

### Материализм

Зенон метафизикалық абстракциялармен айналысқан жоқ. Ол материалист болды және сезімдері арқылы алған дәлелді білімдерге ешқашан күмәнданбады. Нақты өмір, Құдай, ізгі қасиеттер, әділеттілік – мұның бәрі қатты және материалды. Бұл аздап қисынсыздау да секілді. Бірақ осыған қарамастан біз Зенон материалист болды деп тұжырымдай аламыз. Оның ілімінің бұрыстығына сендіруге бағытталған кез келген талпыныс лайықты жауабын алып отырды. Алайда философ үшін бұл жағы мұлдем маңызды емес еді.

Стоицизмнің физика туралы ілімі қазіргі уақытта аса маңызды емес. Бірақ стоиктердің физика туралы түсініктері антика дәуірі адамдарының қалай ойлағанын түсінуге мүмкіндік береді. Стоиктердің көзқарасына сәйкес, алғашқыда дүниеде тек бір элемент – от қана болды, басқаларының бәрі (ая, су, жер) кейін пайда болды. Зенон ілімінің маңызды ұфымдарының бірі – космологиялық детерминизм. Космологиялық детерминизм дүниеде болып жатқанның бәрін болмыстың қатаң заңы анықтап отырады деп тұжырымдайды; болғанның бәрі қайтадан болады – оқиғалардың, құбылыстардың және үдерістердің бәрі цикл бойынша қозғалады және бұл цикл шексіз.

Стоицизм философиясының мәні метафизикалық толғаныстар немесе таным теориясы емес-ті, ол жеке адамдарға қалай жақсы өмір сұру туралы кеңес берді. Әрине, стоицизмнің метафизикасы мен логикасының алғашқы

нұсқалары сақталмады, олар елеулі өзгерістерге ұшырады. Бірақ стоицизм этикасы оның ұзаққа созылған тарихы барысында өте тұрақты болды.

### *Стоицизмдегі ізгі қасиеттер*

Эпикур философиясы секілді стоицизм де адам өмірі өзгермелі және баянсыз деп пайымдайды. Ежелгі гректер үшін үйреншікті ежелгі дүние келмеске кетіл, билік басқалардың қолына өтті. Барлық адамды өзіндік ерекшелігі бар кішігірім қауымдастыққа біріктірген қала-мемлекеттердің өмір сүру мерзімі аяқталды. Қала-мемлекеттер тәуелсіздігінен айырылды, үақыттың әртүрлі кезеңдерінде олар зор империялардың құрамына кірді. Ескендір Зұлқарнайын Батыста (Шығыста зор империялардың әлдеқайда ерте пайда болғаны күмәнсіз) ұлы империя құрған алғашқы адам болды. Осы жағдайларда стоицизм ілімі адамға қандай да бір сыртқы ықпалға немқұрайды қараудың қажеттілігін көрсетуге бағытталды.

Стоиктер дүниені бар затты түгел көретін және бәрін білетін әлдене басқарады деді. Болып жатқан істің бәрінде қалай болғанда да адамзатпен байланысты белгілі бір мақсат бар. Бәрін жетектеуші бастау – Құдай; дүниенің жаны да сол. Құдіретті оттың ұшқындары әрқайсысымызда бар. Кез келген адам өмірі өз мәніне, өзінің пайда болуына себепкер табиғатқа қарсы келмегенде ғана жақсы болмақ. Бірақ әр адам өз табиғатына бағынуы тиіс. Ізгілік – адам еркінің болмыстың табиғат орнатқан шеңберлеріне бағынуы. Бірақ ізгілік – мағынасы үақыт өте өзгерген сөз. Ежелгі гректер осы сөзді адамның ізгі қасиеттерінің іс жүзінде көрінуі деген мағынада қолданды.

### *Детерминизм және еркіндік*

Міне, енді біз стоицизм философиясының негізгі идеясы бір үақытта детерминизммен де, адам еркіндігімен де байланысты екенін көреміз. Әр адамның өмірінде бар жалғыз құндылық – ізгілік қана. Денсаулық, байлық, бақытқа ұмтылу – мұның бәрі ізгілік болып саналмайды. Изгі қасиеттер адамның – еркінде. Адам кедей, ауру, қоғамы қабылдамаған жан болуы мүмкін, бірақ бұл сыртқы жағдайлардың бәрі оған сырттай ғана әсер ете алады. Адам өзін жалған тілектерден аулақ ұстап, оларға немқұрайды қарай алса ғана толық еркіндікке ие бол қалады. Ешбір сыртқы күш адамнан оның ізгі қасиеттерін тартып ала алмайды.

Осылайша стоицизм бізге ықпал ететін сыртқы факторларға немқұрайды қарауға үйретеді: жақсылық пен жамандық адамның өзіне байланысты.

Егер кімде-кім айналада болып жатқан оқиғаларға қалай немқұрайды қарау қажеттігін түсіне алса, сол оқиғалар оған билік жүргізіп, ықпал ете алмайды. Адамның еркі ғана жаман немесе жақсы бола алады. Стоицизм ізгілік немесе зұлымдық үшін жауапкершілік толығымен тұлғаның өзіне жүктелген деп тұжырымдайды. Онда өмір сүріп отырған адамның жаман немесе жақсы болғаны үшін қоғамды кінәлауға болмайды.

### *Стоицизмнің немқұрайдылығы*

Стоицизмді салқынқанды философия деуге болды. Оның этикасы – немқұрайдылық этикасы. Барлық адами құмарлықтар айыпталады. Стоицизм бойынша, адамның міндепті – қоғамды ізгілікке, батылдыққа, батырлыққа үндеу үшін, әділеттілікті қолдау үшін қоғамдық өмірге араласу. Адам ізгі қасиеттерге ие болуы үшін осы міндептерін дұрыс атқаруы тиіс. Бірақ мұқтаж адамдарға көмек көрсету, жалпыға бірдей бақытқа жету немесе шығармашылықты, белсенді және мығым қоғам қалыптастыру идеялары бұл көрініспен еш қысқайды.

Десек те стоицизм философиясын ұстанған адамдардың көбі қайырымынды, жомарт және адамгершілігі жоғары адамдар болып қана қойған жоқ, бүкіл ғұмырларын қоғамға қызмет етуге арнады. Мұндай тұлғалардың арасынан белгілі Рим жазушысы Сенеканы (б.д.д. 3 – б.д.65) және Рим императоры Марк Аврелийді (б.д. 121–180) ерекше бөліп көрсету қажет.

## **Түйін**

Стоицизмді бір-біріне қарсы ұғымдарға – ерік еркіндігі мен детерминизмге жақындығы үшін сынауға бола ма? Бір жағынан, Зенонның ілімі космологиялық детерминизмге негізделген. Екінші жағынан, философ «ізгі қасиеттер адам еркінің өмірде жүзеге асуының көрінісі» деп тұжырымдады. Ерік еркіндігі мен детерминизмді үйлестіру мәселесі стоицизмде ғана көрініп қойған жоқ. Бұл – жалпы философияның, этиканың және христиандық теологияның ең құрделі мәселелерінің бірі. Ол ұзақ үақыт бойы шешілмеген күйде қалып келеді.

Стоицизм бізге дүниеде болып жатқаның бәрі – жапырақтың тусуі, екі пойыздың соқтығысы, Иракта соғыс бастау шешімі – алдын ала шешілген нәрсе дейді. Біз ештеңені де өзгерте алмаймыз. Яғни белгілі бір іс-әрекеттерден сырт қалу, мінезімізді өзгерту мүмкін емес. Бұл сіздің өз түсініктеріңізге сай келе ме? Сай келмесе, бұған қарсы қандай негізделген пікіріңіз бар?

Осы мәселе қазіргі заманғы психология үшін де өзекті және бұл қылмыстық құқықта да жиі туындаиды. Біздің іс-әрекетіміздің бәрі алдын ала шешіліп қойған болса, Джо Блоггс өз көршісін өлтіргенінде стоицизм ұстануышы: «Бұл оқиға болмай қоймайтын еді және ол Джоның өткен өміріне, өскен ортасына, тегіне, сол қауіпті сәтте ол тап болған жағдайларда байланысты, кісі өлтіруші өзінің іс-әрекеттеріне жауапты болған жоқ», – дер еді. Басқаша айтқанда, еркіндіктің сыртқы көрінісіне қарамастан, Джо Блоггс бәрібір еркін болмады. Және біздің ешқайсысымыз да еркін емеспіз. Бірақ біз ерік еркіндігі мәселесін қарастырсақ, сәл өзгеше түйін жасаймыз. Сонымен қатар «еркіндік» деген сөз алдыңғы тарауда әртүрлі мағыналарда қолданылады. Егер «еркіндік» және «еркін» сөздері жекелеген жағдайларда әртүрлі ойлауды және іс-әрекет жасауды білдіретін болса, жоғарыда келтірілген дәйектер аздал қисынсыз.

Мен «еркінмін» дегенде, бұл сөзben нені меңзеймін? Дәл қазір еркінмін, соңдықтан бір қорап кәмпит сатып ала аламын. Сөйтүге еріктімін, оған толық мүмкіндігім де, бос уақытым да бар. Бірақ, екінші жағынан, мен, мысалы, ұша алмаймын. Себебі, қанатым жоқ. Демек, мен еркін емеспін. Көршілерімді өлтіруге еріксізбін: зандар мен моральдық қағидалар менің ондай әрекет жасауыма тыйым салады. Яғни мен еркін емеспін. Сонда, сайып келгенде, мен еркінмін бе, жоқ па? Қорыта айтқанда, адамдардың бәрі бірдей заң немесе мораль нормаларын бұза алмайды деп түюге бейімбіз. Сіз «еркін» сөзінің басқа мағыналары туралы кеңінен ойдана алдыңыз ба? Ол мағыналарды қандай жағдайларда қолданған жөн?

Стоицизмнің немқұрайдылық теориясына әлі де болса тереңірек бойлау жетпей тұрған сияқты. Немқұрайдылыққа бой үйрету, сонымен қатар басқа адами сезімдер мен құндылықтардан қалыс қалу дұрыс па? Мысалы, жақсы көретін және бағалайтын адамдарымыз қын кезеңдерді бастан кешіп отырғанда оларға немқұрайды қарауымыз дұрыс па? Бәлкім, онда тіпті теріс әрекеттің өзі, мәселен, ұрлық «немқұрайдылықпен», оған селт етпей, жанымыз ауырмай жат пиғылмен жасалса, ол да «моральдық» әрекет болып шыға ма?

Шамасы, стоицизм философиясын өзгеше төтенше жағдайларда ғана қолдануға болатын сияқты. Философияның көпшілік мақұлдаған этикаға айналуы әбден мүмкін екені соңдықтан болар? Егер де біз әдеттегіден өзгеше, өте күрделі жағдайларда тап болсақ, мысалы, кепілдікке алынсақ, немқұрайдылық бізді қорғай алар еді. Бірақ ер адамның немесе әйелдің осындай жағдайда әрі қарай не болатынына немқұрайды қарауы дұрыс болар ма екен? Егер адамдар жай ғана үйлерінде отырып, отбасы, балалары, достары және ағайындары туралы қам жемейтін болса, мұны моральдық прогресс деп атауға

бала ма? Олар кепілдікке алынған адамдарға қатысты алғанда толық неміс райды күйде болуы тиіс пе?

Не болса да, бұл жерде өте қызықты, бірақ бір қарағанда байқалмайтын астарлы ой бар. Төтенше, шұғыл жағдайларды шешу жауапкершілігі жүктелген адамдар болған жайттарға тым эмоциялы қараса, қызметтерін тиімді атқара алмайды. Олар күрделі жағдайда айрықша қажыр-қайрат, жинақылық, төзімділік көрсетіп, өзін-өзі ұстай білуге тиіс. Бұл полицейлер, өрт сөндірушілер, медицина қызметкерлері өмірде жиі тап болатын қалыпты жағдаяттарға қатысты екенін атап өту қажет.

Екінші жағынан, егер өмірде бәрі жақсы болса, неміс райды болу ақымақтық сияқты, өйткені ондай сәттерге рақаттану керек қой.

Стоицизм – жұбату философиясы. Апостол Павел түрмеде отырғанда: «Қандай халде болсам да, өмірден қанағат табуды үйрендім», – деп жариялаған болатын. Ол мұны нағыз ержүрек стоик сияқты айтты.

## **4. Акуинолық Томас: нақты дүниенің бірыңғай түсіндіру**

Акуинолық Томас есімі тілге оралғанда, біз оны христиан әлемінің ұлы философтарының бірегейі ретінде еске аламыз. Христиан әлемінде Акуинолық Томас пайда болғанға дейін де (кейбіреулер бұл жерде Медиоландық Амвросий, Стридондық Иероним, Аврелий Аугустин және I Ұлы Григорий сияқты философтарды есіне түсіре алады; төртеуі де батыс христиан шіркеуінің ұстаздары ретінде белгілі), одан кейін де ойшылдар жеткілікті болды. Бірақ Акуинолық Томастың ілімі мен еңбектері батыс христиан білімінің негізіне айналды. Әсіресе Рим-католик дәстүрінде болашақ дін өкілдерін дайындау осы ілімге сүйеніп жүргізілді. Акуинолық Томас философиясын «томизм» деп те атайды. Оның қазіргі қалыпқа сай жарияланған еңбектері бірнеше кітап сөресін толтырады. Осыған қарамастан, философ олардың бәрін айтارлықтай аз уақытта – жиырма жылдың ішінде жазып шықты (деп болжамдалады). Акуинолық Томастың есімі *doctor angelicus* құрметті атағының иегері ретінде жиі айтылады (бұл жердегі «доктор» сөзінің медицинаға қатысы жоқ, ол латынның «оқытушы» дегенді білдіретін ескі сөзінен туындаиды; жоғарыда айтылған сөз тіркесі «періште доктор» деп аударылады). XXI ғасырда оның еңбектеріне қызығушылық айтарлықтай өсті, оның философиялық әдістері қазіргі заманның ағымына қарсы келмейді. Сондықтан әлі күнге белсенді түрде қолданылады. Акуинолық Томастың негізгі идеяларын қамтыған философиялық ағым неотомизм ретінде белгілі.

### **Әмірі**

Акуинолық Томас Неапольге жақын қамалда 1225 жылы дүниеге келді. Әйгілі христиан философының әкесі Акуино қаласының графы еді. Білім алу үшін Томасты бес жасында Монте-Кассинодағы Бенедикт монастыріне жіберді. Ол сол жерде 1239 жылға дейін болды. Томас он төрт жасында Неаполь университетіне оқуға түсті. Жиырма жасында ол доминикандықтар орденінің мүшесі



Ақуинолық Томас

атанды. Бұл жайт оның отбасын қатты қамықтырды, ақыры ағалары болашақ философты ұрлап әкетіп, отбасылық қамалда бір жыл бойы күштеп ұстап отырды. Бірнеше жылдан кейін Акуинолық Томастың отбасы тән рақаттарына тамсанып, тақуалық таңдауынан бас тартар деген үмітпен оның бөлмесіне жас әрі әдемі қызды әкелді. Бірақ жаратылсы өзгеше жас жігіт діни жырларды жатқа айта отырып, қызды бөлмесінен қырап шықты.

Таңдауына адал болуға бекінген Томас бәрібір үйінен қашып, оқуын жалғастырды, бұл жолы Париж университетінде оқыды. Оның мұндағы тәлімгері – өте білімді және интеллектуалдық қызығушылығы мол ұстаз Ұлы Альберт еді. Ұлы Альбертті әсіресе Аристотельдің еңбектері қызықтырды. Бұл Акуинолық Томастың философиялық ойларының дамуына едәуір ықпал етті. Кейбіреулер Томас ұстазы сияқты өте білімқұмар емес еді деп жорамалдайды, бірақ оның бойында алған білімін жинақтау және жүйелеу сияқты бірегей қабілет бар-тын. Акуинолық Томас христиандық идеяларды жеткізу үшін Аристотельдің философия ұғымдарын қолданып, табысқа жетті. XX ғасырға дейін Акуинолық Томастың ілімі, сондай-ақ Аристотельдің философиялық теориялары Рим-католик шіркеуінің іліміне нәр берген және ең маңыздысы, оны тікелей айқындаған қайнар көз болып келді. Бірақ бұл ұлы философтардың еңбектерін бұрыс тәпсірлеушілердің де болуы мүмкін еді.

Акуинолық Томас Парижде 1248 жылға дейін өмір сүрді, сосын сол шамада доминикандықтар орденінің жаңа мектебі (*studium generale* – университеттің көне аты) пайда болған Көлнге көшіп барып, онда 1252 жылға дейін тұрақтады. Парижге оралған соң ол Інжілді зерттеуін жалғастырып, 1256 жылы Ломбардтық Петрдің «Сентенцияларына» тұсіндірмелерін жазып бітті. Бұл жұмысты жүзеге асыру Акуинолық Томасқа теологиядан дәріс оқуға рұқсат беретін ғылыми дәрежені – лиценциатты алу үшін қажет еді. Сол жылы оған магистр дәрежесі берілді.

1259 жылды Акуинолық Томас Италияға аттанып, біршама уақыт Папа куріясының жаңындағы *Studium generale* оқу орнында теологиядан сабак берді. Ол 1268 жылды Парижге оралып, онда 1272 жылға дейін болды. Неапольде ол 1272 жыл мен 1274 жылдың арасында тағы бір *Studium generale* ашты. Томас кейін Лионға шіркеу кеңесіне қатысуға шақырылды, алайда соған бара жатқан сапарында, қырық тоғыз жасында қайтыс болды.

Акуинолық Томас өзінің бүкіл өмірін Рим католицизмінің ортодоксиясын зерттеп, қорғауға және католиктік ақықатты қатаң жүйелеуге арнады. Ол ойларын әдетте үш хатшыға (кей дереккөздерге сенсек, олар төртеу болған) дауыстап оқып отырып жаздырған көрінеді. Үздіксіз үнемі оқып-жазып, қымыл-қозғалысы аз болғандықтан оның дене бітімі тым толық еді деседі.

Сол себепті философтың жазу үстелінің үстіңгі жағынан оның қарны сыйтында жарты шеңбер тәрізді ойық жасалса керек. Кей дереккөздер Акуинолық Томасты бойшан, семіз, ауыр денелі, жалбыраған ақсары шашты, өнді қоңырқай, басы қасқалау кісі еді деп сипаттайды. Бірақ толықтығына қарамастан, оның қайраттылығы соншалық, Неапольден Парижге, одан Көлнге жетіп, сол жақтан Парижге қайта соғып, сонан соң Римге барып, қайтадан тағы да Неапольге оралып, жиыны 15 000 шақырымды (жаяу) жүріп өткен екен.

Діни қауымның өкілі болғандықтан Акуинолық Томас өте діндар адам болды, бүкіл өмірін Исаңың мейірбандығы мен Қасиетті бірігүе сенуге арнады. Томасты әулие санатына қосуды қолдаушылар оны ылғи жымыып жүретін, елгезек, мейірімді де ашық, қарапайым да шыдамды, басқаларға ешқашан жаман сөз айтпайтын жан деп суреттейді. Рим папасы IV Урбан Акуинолық Томасты Исаңың тәні мен қаны мерекесіне арналған күн сайынғы сыйынуға шақырды, бұл рәсім аясында Исаңың тәні мен қанының бірігу тылсымында болуы немесе жүзеге асуы тойланатын (мерекені өткізу 1264 жылы міндетті болды).

Акуинолық Томастың екі негізгі еңбегі – 1258–1260 жылдары шыққан, христиан дінінің ақиқаттылығын ең әуелі христиан емес ойшылдарға (шамамен, мұсылман-арабтар) қарсы бағытталған дәлелдер келтіру арқылы жария еткен «*Summa contra Gentiles*» («Пұтқа табынушыларға қарсы сумма», «Философия суммасы» ретінде де белгілі) және «*Summa theologiae*», немесе «*Summa theologica*» («Теология суммасы», 1265–1274 жж.). Акуинолық Томас философиялық теорияларын жасап, еңбектерін жазған кезең – исламның христиандыққа қарсы тұра бастаған уақыты еді. Христиан ілімі исламнан көп нәрсені қабылдап, көп нәрсені үйренуге тиіс-тін. Акуинолық Томастың ұлы философиялық жетістіктері мен еңбектері – соның дәлелі.

Акуинолық Томас Тулузада, Якоб шіркеуінде (*Eglise des Jacobins*) жерленді. Оны 1323 жылы XXII Иоанның шешімімен канондады (әулиелер қатарына қосты). Акуинолық Томасты 7 наурызда еске алады, бірақ бұл күн қазір 28 қаңтарға ауысты.

### **Өмір шежіресі**

1180–1170 жылдар – Аверроэс (Ибн Рушд – аудармашылар) Аристотель ілімдеріне түсіндірме жасады

1215 жыл – Еркіндіктердің Ұлы Хартиясы

1217 жыл – Бесінші крест жорығы басталды

1225 жыл – Акуинолық Томас дүниеге келді

- 1226 жыл – Қасиетті IX Людовик Францияның королі атанды
- 1230 жыл – Акуинолық Томас Монте-Кассинода тәрбиеленді
- 1239 жыл – Акуинолық Томас Неаполь университетінде болды
- 1245 жыл – Акуинолық Томас доминикандықтар орденіне кірді, оны өзінің отбасы «ұрлап әкетті»
- 1246 жыл – Акуинолық Томас Парижде Ұлы Альберттің шекірті атанды
- 1248 жыл – Акуинолық Томас Ұлы Альбертпен бірге Көлнде
- 1256 жыл – Акуинолық Томасқа ғылыми атақтар берілді
- 1257 жыл – Акуинолық Томас Папа куриясы жанындағы мектепте сабак берді
- 1265–1274 жылдар – «Теология суммасы» еңбегін жазды
- 1271 жыл – Марко Поло өзінің Қытайға саяхатын бастады
- 1272 жыл – Акуинолық Томас Неапольде мектептің негізін қалады
- 1274 жыл – Акуинолық Томас шіркеу кенесіне қатысу үшін Лионға бара жатқанда дүниеден өтті

## Ойлары

### *Христиан философы*

Ең алдымен, философия және теология ұғымдарының мағынасын анықтап алғанымыз өте пайдалы болар еді.

Теология – діни теориялардың негізгі ережелерін жүйелеу талпынысы. Ал дін – бізді қоршаған нақты дүниенің ақиқат ішкі мәнін көруіміздің бейнесі: оның кейбір элементтері рационалды, кейбірі бейрационалды (ескерту: бейрационалды дегенде, біз оларды ұғынуға ақылымыз жетіңкіремейді дегенді меңзейміз; бірақ бұл ол элементтер иррационалды деген сөз емес). Діннің бейрационалды элементтеріне интуиция, яғни ақиқатты түп негізінен тікелей ұғыну, эмоция және адамның Құдайға құлшылық ету қадамы жатады. Мұндай элементтер діндегі «аянға» мықтап тәуелді. Аян немесе Құдіретті нұрға бөлену, әлде көріпкелдік қандай да бір мәлімет немесе білім адамға Құдіретті негізден келеді дегенді білдіреді. Сонан соң белгілі бір адамдар осы элементтерді – «аяндарды» – сынни тұрғыдан қарастырады, олардан негізгі құндылықтарды шығарып алып, бір кездері қасиетті ұстаздардың аузынан шықкан немесе қасиетті жазбаларда бар ілімдердің шамалас маңыздылығын айтады, жаман мен жақсының, дұрыс пен бұрыстың парқын қарастырып шешеді, шіркеу қызметінің ғұрыптық жағын дамытуға ықпал етеді. Осының бәрін бұл адамдар өз ойлары мен түсініктерінің негізінде жасайды. Демек, осы айтылғанның бәрі діннің рационалды элементтеріне жатады.

Теологияның арқасында ғана дін бұрынғыдан тиянақтырақ бола түседі, сонымен қатар таза адами қызметке айналады. Теологияның басты негізі – сенім және оның қағидалары (бейрационалды). Теология діни идеяларды, олардан біртұтас рационалды, логикалық және реттелген жүйе құра отырып, жинақтайды. Теологияның басты мақсаты – сенімнің мән-мағынасын зерттеу, оны ақылмен танып-білу және оның ақиқаттары мен құндылықтарына қайшы келетіннің бәрін сұзгіден өткізбей тастау.

Философия өмірлік тәжірибеден алынып, жиналған мәліметтердің бәрін рационалды әдістердің көмегімен зерттеу қажет деп пайымдайды. Философия біз өмір сүріп отырған дүние мен біздің өмірлік тәжірибемізді реттеуге, үйлестіруге, жинақтауға ұмтылады. Оның «аянмен» ісі жоқ. Ақыл-ойдың көмегімен жүзеге асырылады. Ойлаудың осы екі – діни және философиялық – түрінің арасында едәуір айырмашылықтар бар. Дін өзінің басты көрінісі – қандай да бір жоғары объектіге (Құдайға) беріле қызмет ету деп түсінеді. Ал философтар толық дәлелденбеген теориялар мен гипотезаға ессіздікпен беріле қызмет етуге болады деп есептемейді.

Десек те философия мен теология кейбір мәселелер тұрғысынан алғанда біршама жақын. Теология рухани негіз – дүниеде бар болып отырғаның бәрінің ақиқат көзі деп тұжырымдайды. Бұл жоғары рухани негіз өзіне тәуелдінің бәріне қамқорлық пен мейірім сыйлайды. Сондықтан теология діннің нағыз рухани маңызы бар элементтері мен жай ғана дәстүрлі және эмоциялық құндылықтарға ие элементтерінің ара-жігін дәл айқындауы (нағыз философиялық әдістермен) тиіс. Философ зерттеудің ғылыми әдістеріне басымдық береді және ғылым адам өмірінің қандай да бір құндылықтарына жатпайтынын атап көрсетеді. Біз интуиция мен адамгершілік қағидаларын өзіміз зерттеп-тәніғымыз келетін нақты дүниенің құрамдас бөліктері деп қабылдағанда ғана дін философиясының бар-жоғы сұрақ туғызбайтын болады.

### *Жүйеленген христиандық философияның дамуы*

Платон қайталанбас және терең ойлы философ болды: ол өзіне дейінгі ойшылардың идеяларын жинақтап, қорыта білді, сондай-ақ сол идеялардың негізгі мәнін анықтап, олардан әлдеқайда терең мағына таба алды. Ол өз философиясын ретті жүйеге келтірген жоқ. Платон философиясы қарама-қайшылықты, ішкі үйлесімі жоқ идеялардың қарабайыр жиынтығы емес еді. Десек те Платон беймәлім, күмәнді немесе түсіндірілмеген тұстары жоқ, аяқталған философиялық жүйе құруға ұмтылды.

Ерте христиандықтың әкейлері Платон еңбектерінен өздеріне пайдалы көп нәрсе тапты. Олар платонизм тілін жақында пайда болған христиан дүниетанымының негізгі идеяларын бейнелеу үшін қолдануға ұмтылды. Олар Платонның сезім әлемі мен мәңгілік формалар дүниесін ажыратуға қатысты көзқарастарын жоғары бағалады. Оларды Платонның адамгершілік тазалығы, адам жанының ұлы міндеті – ізгілікке ұмтылыс деген пікірі қызықтырыды. Шіркеу әкейлері Платонның кейбір идеяларын теріске шығарғанын да атап өту керек (бұл теория бойынша адамның жаны бұрынғы өмірлерде өмір сүрді, ал христиан діні бойынша, Құдай әр адамды бірегей және құндылық деп бағалайды). Олар Платонның білімге еске түсіру арқылы жету теориясы мен христиандықтың Қайта тірілу іліміне қарсы келетін ажалсыздық теориясын да қабылдамады.

Христиан шіркеуінің әкейлері Аристотельді жоғары бағалай қойған жоқ. Себебі оларға Аристотельдің материализмге бейімділігі ұнамады. Аристотель іліміне сәйкес, ұстамдылық пен бірқалыптылыққа негізделетін ізгі қасиеттер христиандықтың маҳабbat туралы идеясына (*Caritas*) қайши келді. Аристотельдің Құдайы (болмыстың алғашқы себебі) өзінің жақсы көріп жаратқан қауымынан өте алыс болды. Осылайша ерте христиандықтың өкілдері Аристотельдің іліміне күмәндانا қарады және оның еңбектерін елемеді. Көп ұзамай бұл еңбектер жоғалып кетті. Ұлы философтың аз ғана еңбегі сақталып, Еуропалықтарға белгілі болды. Бірақ қолда қалғаны сапасыз көшірмелері ғана еді. Аристотельдің ең маңызды еңбектерінің басым көпшілігі Араб дүниесінің көрнекті кітапханаларында сақталды. Бұл христиандық Еуропаның араб Шығысымен жемісті байланыстары басталып, Аристотель еңбектерінің ең жақсы нұсқалары кеңінен танымал болғанға дейін еді. Ұлы араб ойшылдары Авиценна (Ибн Сина – аудармашылар) (980–1037) мен Аверроэс (Ибн Рушд – аудармашылар) (1126–1298) Аристотель философиясының кейбір элементтерін Платонның ойларымен араластырғаннан кейін Батыс Аристотельдің еңбектеріне қызыға бастады. Аристотель философиясына назар аударған және осы арқылы оған Еуропаның қызығушылығын оятқан алғашқы Батыс ойшылы Ұлы Альберт еді. Оның ісін Акуинолық Томас жалғастырыды.

### *Акуинолық Томастың теологияға қосқан үлесі*

Акуинолық Томас сенім мен ақылдың түрлі өлшемдер екеніне сенімді болды. Ақиқат сенімнен туындаған жағдайда, ол – Құдіретті аянның сыйы. Ақыл ұғынған ақиқат та – Құдіретті аянның сыйы. Бірақ Акуинолық Томас адамның

ақыл-ойы Құдіретті аян сәулесінің көмегінсіз де үғына алады деп есептеді. Томастың ойынша, Құдай жанға жарығын түсіріп, нұрландырады. Тек осы жағдайда ғана жан мәңгілік ақиқаттарды өз ақылымен қабылдауға қабілетті. Осылайша Құдайдың жаратушы күшін, Құдайдың мәңгілігін және Құдіретті күшті аянның көмегінсіз-ақ дәлелдеуге болады. Құдірет табиғатын адам сезім арқылы танып-біле алар еді.

Томас танымның Аристотель ұсынған принципін ықыласпен қабылдады. Бұл принцип бойынша кез келген танымдық үдерістер сезіммен түсінуден басталады: «*Nihil in intellectu quod non prius fuerit in sensu*» («Адамның ақылында әуелгі кездे оның сезімдерінің көмегімен қабылданбаған ештеңе жоқ»). Акуинолық Томас Құдайдың бар екенін қисынды түрде дәлелдеуге негіз бола алатын бес жолды дайындады (оларды теистік дәлелдер деп те атайды). Томас бұл дәлелдерді адамның ақыл-ойына аса қажет деп қарастырды. Ұлы философтың ойынша, оның себебі біздің Құдай туралы біліміміз бен түсініктеміздің көмекілігінде, шатасқанында, сол себепті де, Құдірет табиғаты туралы анық та үғынықты пайымдай алмаймыз. Томастың бүкіл дәлелдері апостериор (яғни тәжірибеден туындағыны) болды: олар салдарды негізге алып, оны туыннатқан себепті анықтады.

### **«Пұтқа табынушыларға қарсы сұмма» (1260)**

- Даналар ғаламды оның бастауынан, түпкі себебінен, аяқталуына дейін үғынады. Ақиқат – ақырғы мақсат. Егер адам кез келген заттың, кез келген құбылыстың басы мен соңын танып-білгісі келсе, ол таным үдерісін, ең алдымен, Құдірет табиғатын түсінуден бастауы тиіс.
- Сенімнің адам ақылына белгілі принциптерге қайшы ақиқаттары жоқ.
- Біздің заттарды түсінуіміз тұрақты емес, ол уақытша және өзгермелі. Құдайды түсіну – мәңгілік және өзгеріссіз. Құдай объектіні тікелей емес, бәрін бірге және бірден түсінеді. Ол жалпыны қалай жақсы білсе, жекені де сондай жақсы біледі.
- Құдай еркінің қандай да бір көріністерін туыннататын жалғыз себеп – Оның даналығы. Құдайдың еркіне сырттан ештеңе ықпал ете алмайды. Құдайды сую керек, Құдай адамдардың басқа бірденені қастерлегенін қаламайды.
- Құдай әлеуеттілікten ада: Құдай – белсенді күш. Өзінің мәнінде Құдай шексіз; Құдайдың білімі және болып жатқан жайттарды түсінуі де шексіз.
- Адамдар рационалды жан иесі болғандықтан, олардың нағыз бақыты – Құдайды пайымдау, оның мәнін үғыну: Құдіреттің табиғатын үғынуды адам бү дүниеде аяқтай алмайды.

## Құдайдың бар екенінің дәлелдері

Әулие Ансельм (1033–1109) Құдайдың бар екеніне өз дәлелін келтірді. Ол Құдайға дұға формасындағы дәлел арқылы жүгінді. Ансельм Құдайдың – «адам үғына алатын ең ұлы тіршілік иесінің» бар екеніне сенімді болды. Егер Құдай жай идея болып, оны адамдар өмір сүрмейді деп түсінсе, бұл сөзсіз қайшылық болар еді, себебі бар болып отырған Құдай қарапайым адами идеяға қарағанда әлдеқайда ұлы һәм құдіретті. Құдай «адам үғына алатын ең ұлы тіршілік иесі» болса, міндетті түрде өмір сүруі тиіс. Бұл тұжырым Құдайдың бар екенін растайтын онтологиялық дәлел ретінде белгілі.

Акуинолық Томас бұл дәлелдемені теріске шығарды, себебі Құдайдың Ансельм ұсынған анықтамасы («адам үғына алатын ең ұлы тіршілік иесі») Құдай туралы жалпы түсінікке сәйкес келмеді. Құдайдың Ансельм ұсынған анықтамасы қазіргі уақытта кеңінен талқыланбайды және қарастырылмайды: Ансельм ең жетілген мән туралы ғана айтты. Бұдан басқа, оның осыған ұқсас кемшілігі бар: Құдай «мәні болмыста тұратын» әлдене ретінде көрсетілген. Екіншіден, Акуинолық Томас Ансельмнің дәлелдемесі пайымдаудың «реалды ретінен идеалды ретіне» көшуге ұмтылады, ал бұл логикалық қателікпен байланысты деп есептеді. Үшіншіден, Томас адамның ақыл-ойында Құдай туралы ешқандай априори білім жоқ деп тұжырымдаады. Адамның ақыл-ойы түпкі негіздерге сүйеніп қана Құдайдың бар екенін дәлелдей алмайды. Осылайша Акуинолық Томас Құдайдың бар екенінің апостериори дәлелдемелерін түзуге кірісті: ол салдарға сүйеніп, олардың себебін анықтады.

- Априор дәлелдемелер, тұжырымдамалар, пікірлер немесе пайымдаулар адам тәжірибесіне де, сезіммен түйсінуге де негізделмейді. Нақты үғымды априор дәлелдемелер арқылы алуға болады.
- Апостериор дәлелдемелер, тұжырымдамалар, пікірлер немесе пайымдаулар өмірлік тәжірибеге және сезіммен түйсінуге негізделеді.
- Тұыннатушы себеп – материяға (жағдайға) ықпал ететін іс-әрекет немесе үдеріс. Осы ықпал кеңістікте өзгерістердің пайда болуына әкеледі.
- Мақсатты себеп – субъект өзгерістер басталғанда-ақ пайда болады деп болжамдаған салдар.

Шын мәнінде, Аристотель дәлелдемелердің кейбірін күнілгері болжап қойған еді. Десек те олардың классикалық формасын Акуинолық Томас құрастырды.

## Ақуинолық Томастың бес жолы

1. Кез келген қозғалыстың түпнегізі (алғашқы қозғаушысы) бар. Қозғалыстың алғашқы себебін табу үшін біз өткенге кері жүре алмаймыз. Өзгерістердің осы бүкіл тізбегінің қандай да бір бұлжымас бастауы бар, ол – тұрақты. Осы өзгермейтін болмыстың біз Құдай деп атайды.
2. Туыннатушы себеп – бәрінің түпкі себебі. Бұл себеп болмыстың алдында ғана емес, ол – белсенді туыннатушы. Олай болса, бүкіл дүниені өз қалауымен жасаған бір түпкі негіз болуы тиіс. Ол түпкі себеп – Құдай.
3. Кездейсоқтық арқылы дәлелдеу. Олардың өмір сүруін, бар болуын ештеңе қажет етпесе де, көптеген зат өмір сүреді. Олар кездейсоқ, бар болады да, жоқ болады. Ендеше оларды есепке алу қажеттілігі болмаса, ештеңе өмір сүрмеген уақыт болған деген сөз. Бар болып отырғанның бәрінің бастауында тұрған, бәрін түсіндіретін тіршілік иесін Құдай деп атайды.
4. Бар және жоқ заттардың болмыс деңгейі арқылы дәлелдеу. Метафораны қолданып, айналамызыдағы кей заттар басқаларына қарағанда нақтырақ деген кезімізде, біз сол заттардың мазмұндырақ және өзіміз үшін маңызы зор екенін меңзейміз. Бірақ бар дүниенің, ақықаттың, мейірімнің өрлеу шкаласында да белгілі бір шек болуы керек. Бұл шек – сол шкаладағы есептелуі мүмкін сапалық көрсеткіштердің ең жоғарғысына ие мән. Ол мәнді біз Құдай деп атайды.
5. Мақсаттық себеп арқылы дәлелдеу. Бізге көрініп тұрған дүние қандай да бір ниетке, белгілі бір мақсатқа сәйкес жарапған. Сол ой мен мақсат біз Құдай деп атайдын жаратушыны бейнелейді.

Бұл дәлелдемелерді қазіргі заманғы христиандық теологтер мен дін философтары байыптылықпен сынады. Алғашқы тәрт дәлелдемеде (қозғалыс, туыннатушы себеп, кездейсоқтық және болмыс дәрежесі арқылы) Құдай дүниеде бар болып отырғанның бірі ретінде ғана бейнеленеді. Дегенмен Құдай сипаттамасының әрқайсысы жалпы алғанда жарамды. Құдай – бар болып отырғанның бәрінің өзгермейтін алғашқы қозғаушысы, түпкі себебі, қажетті мәні. Осылайша Құдай, бейнелеп айтсақ, өзінің бар екенін растауға негіз болатын басқа заттардың, оқиғалар мен құбылыстардың бүкіл көптүрлілігінен бөлініп шығады. Ақуинолық Томастың дәлелдемелері Құдіретті мәннің болуы бізге нақты өмірде бар заттарды, дүниеде болып жатқан, адамға айқын құбылыстарды қарастырудың арқасында қалай айқындалатынын көрсетеді. Дәл осы айқын құбылыстар мен заттардан апостериори дәйектер пайда болды. (Бұл Кентерберилік Ансельмнің көзқарастарын зерттегендеге Томас жасаған сыни түйіндердің бірі еді.)

Бесінші (телеологиялық) дәлел – басқашалау: барлық заттар белгілі бір мақсатқа ие, ол мақсатты белгісіз бір *aliquis intelligens* (ақылды мән) анықтай-

ды. Тіпті бұл идея Акуинолық Томастың жазбаларында онша айқын көрінбесе де, ол оның пайымдауларынан сөзсіз білінеді. Қорытынды нәтиже – Құдай осы дүниенің туыннатушы себебі және саналы билеушісі. Тіпті осы дәлелдерде Құдайдың бар екенін логикалық түрде растай алмайды деп болжағанның өзінде де, олар Құдайды жаратушы, билеуші, түпкі себеп және құдірет ретінде сипаттайтын монархиялық тұғырнаманы атап көрсетеді. Бұл дәлелдемелер біз «Құдай» деген сөзді айтқанда нені түсінетінімізді айқындаі түсіп, оны айрықша мағынамен толтырады.

### «Теология суммасы» (1274)

- Ақиқатты ұғынудағы ұмтылыстарында адамдарға тек қана философия аздық етеді. Кейбір ақиқаттар адам түсінігінің сыртында жатыр. Құдай олардың сырын ашқандаған біз ол ақиқаттарды түсіне аламыз. Теология тікелей Құдайдан келген білімге негізделеді және жаратылыстану білімдерінде толықтырады. Құдайдың бар екені бес жолмен дәлелденеді: дүниедегі қозғалыс фактісінен, туыннатушы себептер арқылы, кездейсоқтық пен қажеттілік, дүниедегі жетілу дәрежелерін қарастыру арқылы, әлемдік тәртіп пен үйлесім.
- Құдайға қозғалыс бастауының, туыннатушы себептің шарты бола алады. Бұл дүниені ретке келтіріп, оны кемел еткен қажетті мән де – сол.
- Біз Құдайды қарапайым (заттық емес және түрге жатпайтын), анық бар, кемел, мейірімді, шексіз, біртұтас, өзгермейтін, ең маңызды мән ретінде сипаттаймыз. Адамдар, жаратылғандар, Құдай соншалықты рақымды да мейірімді болғандықтан, осыған өзі ерік бергендейктен ғана оны танып-біле алады. Біз Құдайдың мәнін ұғына аламыз, бірақ оны түсіну бізге бұйырмаған (біз оны түсінеміз, бірақ рационалдық ойлаудың көмегімен емес, алдын ала сезіну арқылы ғана).

*Аналогия теориясы: біз Құдайды қалаі түсіндіреміз?*

Біз Құдай туралы не айта аламыз? Егер Құдай – біздің Әкеміз десек, бұл оның басы, екі қолы, екі аяғы бар және ол ер адам дегенді білдіреді. Бірақ Құдай – рухани мән, оның тәні мен жынысы жоқ. Ол – тұлға, бірақ ол ереккөте, әйел де емес. Сондықтан көпшілік: «Сіздер Құдай – біздің әкеміз дейсіздер, бірақ бұл сіздер мензеген нәрсе емес қой. Онда неге олай дейсіздер?» – деуі мүмкін. Мұндай сұрақтың себебі – адамдар тілді бір мағынада қолданады. Басқаша айтсақ, әр сөз алдын ала белгіленген бір мағынаға ие. Сонда адамдар көбіне: «Oh, ол бір зат туралы айтып тұр, бірақ сіздің басқа бірденеге сенгеніңізді

қалайды!» – деп пайымдай бастайды. Бұл – тілдің екі мағынада қолданылуы. Бұл жағдайда әр сөз екі мағынаға ие. Осындай мәселелерді түбегейлі шешу үшін Акуинолық Томас өзінің аналогия теориясын жасады.

Біз «демалысты қызыққа толы шипажайда өткізу керек» дей аламыз. Біз қандай да бір адамды қызуқанды деп сипаттай саламыз. Қызыққа толы шипажай дегенде біз оны қайнаған өмірге, әзілге, қулкіге, биге және тағы басқа осы сияқты құбылыстарға толы деп ойламаймыз ғой. Біз шипажайда адамның рақаттануына мүмкіндік беретін объектілер бар және адамдар шипажайға барғанда рақаттанады деп түсінеміз. Демек, шипажайды сипаттау аналогияға негізделеді. «Қала – қызыққа толы шипажай» немесе «адамдардың белгілі бір тобы өте қызықты» дегенімізде, осы ұғымдардың мағынасы «bastapқы аналогтен»: қызуқанды адам дегеннен шығады. Алайда біз алғашқы аналогтерді Құдайға қатысты қолдана алмаймыз, себебі одан бұрын ештеңе пайда болған жоқ және онымен салыстыратын да ештеңе жоқ.

Құдай туралы айтуға болатын кез келген тұжырым аналогтарға негізделген. «Құдай – біздің Әкеміз» дегенде Құдай адами әкеміз сияқты толық мағынасында көрінеді деп ойламаймыз. Сонымен қатар біз оны жердегі әкеміз деп те санамаймыз.

Біз пропорционалдық аналогияны қолданамыз, ол жаратылған тіршілік иелерінің қасиеттері жаратушының қасиеттеріне байланысты делінеді. Сонымен қатар жаратылмаған нәрсенің қасиеттері жаратылмаған болмыстың қасиеттеріне ие.

Біз атрибуция аналогиясын қолдана аламыз. Оның көмегімен Құдай мен оның өзі жаратқандардың арасындағы қарым-қатынас сол жаралғандардың өзара қарым-қатынасын бейнелеуге қолданылатын ұғымдар арқылы сипатталады. Біз Құдай – Әке дегенде, сөзімізде ешқандай антроморфизм (Құдайды адам ретінде қабылдау) жоқ. Біз символдық бейнеде қолданбаймыз. Бұл сөйлем жаратылған мен жаратушының сәби мен әкенің арасындағы байланыс аналогиясында көрінетін өзара байланысын ғана көрсетеді.

## Акуинолық Томастың философиясы

Жалпы алғанда, Акуинолық Томас философиясы Аристотель философиясымен үндес. Ол Аристотель философиясын христиандық апологетикаға бейімдеуімен ерекшеленді. Аристотельдің еңбектерін ол жақсы білді және терең түсінді. Көптеген адамдар оны ерекше ойшыл емес, жүйелеуші деп есептейді. Акуинолық Томастың «Суммаларының» екеуі де – жүйелі және интеллектуалды туындылар. Оның еңбектері анық та, шебер жазылған; теорияларды

талдауы, тіпті соның ішінде, өзі жоққа шығаруды жоспарлағандарын қарастыруы да жүйелі, анық және қисынды басталады. Ол сенімнен туындастын дәлелдемелерді ақылдың көмегімен алынатын дәлелдемелерден айқын ажыратады.

### *Схоластардың философиялық әдісі*

Схоластар Ортағасырдағы философия мен теологияның ортағасырлық оқытушылары болды. Интеллектуалдық мәселелерді олар Акуинолық Томастың және басқа философтардың еңбектеріне сүйене отырып талдады. Бұл әншайін формалды түрде жүретін. Студентке тезисті (аргумент, ақиқатты) құрастыру ұсынылатын. Соңан соң ол Киелі кітапқа, дәстүрлерге, сенімге және *magisterium*ге (Рим-католик шіркеуінің ресми ілімі) сүйене отырып, осы тезисті дәлелдеуі тиіс еді. Әрі қарай студенттің алдына қарама-қарсы пікірді Киелі кітапты, шіркеу әкейлерінің еңбектерін және басқа да беделді тұпнұсқаларды негізге ала отырып теріске шығару міндеті қойылатын. Соңында шәкірт өзінің ой-тұжырымын жасауы тиіс.

Сондай рәсімнің бір мысалын келтіруге болады. Тезис: «Адамды шіркеу ғана құтқарады». Сонымен, тезис ұсынылды. Енді оны Киелі кітапты қолдана отырып дәлелдеу керек. (Мысалы, «Иса оған айтты: Мен жолмын да, ақиқаттын да, өмірмін де; Әкейге ешкім басқа арқылы келмейді, тек мен арқылы ғана. Иоанн.» 14:6). Әрі қарай шіркеу әкейлерінің жазғандарынан (Акуинолық Томастың туындылары түрлі дәйексөз алуға ыңғайлы дереккөзге айналды), сонымен қатар папаның еңбектерінен алынған үзінділерге жүгіну қажет. Енді қарама-қарсы көзқарасты ұсыну керек: «Кейбіреулер сіз қандай да бір дінге жүгінсеңіз де, жүгінбесеңіз де, бәрібір құтқарыла аласыз дейді». Енді осы ережені терістеп, жоққа шығаратын себептерді келтіру керек. Біз тағы да Киелі кітапқа, шіркеу әкейлеріне және папаларға сүйенуге тиіспіз. Ақырында тезисті ойша жалғастыру қажет: шәкірт еретиктердің, сатқындардың, жолдан тайғандардың, шоқынбағандардың қандай күйге тап болатынын, көктегі, тозақтағы, лимбадағы, ғарасаттағы және т.б. өмірдің қандай екені туралы ойды дамытуы тиіс. Теорияның мәні – егер де адам сұраққа ақылды жауап тапса, мәселенің өзі шешілген болып есептеледі.

### *Томизм*

Қазіргі уақытта Акуинолық Томастың философиясы Рим-католик шіркеуінде айрықша маңызды ие. 1879 жылы папа XIII Лев Акуинолық Томастың еңбек-

терін өзгермейтін, тұрақты құндылыққа ие деп жарияладап, барлық католиктерді осы ұлы философтың ойларымен қанаттануға және томизмді қазіргі заманғы талаптарға сай дамытуға шақырды. Философиялық жүйені ешқашан теологиядан бөлек елестете де алмаған адамның еңбектерінен сол жүйені «шығарып алу» үдерісі едәуір ұзаққа созылды. Томас христиан дініне терең сенді және адамның ақыл-ойының күшін, философиялық ойлау мен қоршаған ортаны танып-білудің философиялық формасының құндылығын шын бағалады. Бұгінгі томизмді объективті деңгейде өмір сүретін нәрсені нақты қабылдау әрекеті және оның метафизикалық шарттары мен нәтижелері қатты мазалап отыр. Қазіргі заманғы томизм ағылшын тілді университеттерде басымдық берілген аналитикалық философиядан гөрі континенттік теориялық философияға көбірек қызығады.

## Түйін

Акуинолық Томас ойлаудың қосденгейлі жүйесін жасады. Ол философия мен теологияны ажырата бөлді. Теология айналысатын көп мәселелерге философия да тап болып отырады. Бірақ ол тек философияға ғана тән құралдар жиынтығымен жұмыс істейді, оларға зердеге негізделген еркін ойлау және дәйектеу жатады. Акуинолық Томас ақыр сонында сенім мен ақыл-ойдың өзара тұтасып, қабыса алмайтынына сенімді болды. Сіз келісесіз бе? Қалай ойлайсыз, бұл ұғымдар мұлдем қарама-қайшы, бір-біріне керегар келе ме, әлде олар қатар өмір сүре ала ма?

Акуинолық Томас Аристотельдің ізбасары болды; оның пайымдауларының түпнегізі – сезіммен түйісіну. Сенімді ақыл-ойдан бөлу және сезімдерді адам білімінің бастауы ретінде анықтау – философияның ғылым ретінде дамуының шешуші алғышарттарына айналды. Оған дейінгі христиан философтарының бәрі себеп арқылы салдарды түсіндіруге тырысты. Акуинолық Томас, керісінше салдардан бастады. Ол Құдайдың мәнін оның құдіретті артықшылығы мен кемелдігіне сүйеніп түсіндіруге тырысқан жоқ. Ол Құдайдың жаратқандары туралы өзі не білді, содан бастады.

Ерте христиан философтары Аристотельдің философиялық көзқарастарын мойындағады, себебі ғалам табиғатының үақытша екенін Құдайдың мәңгілігімен қатар қоя алмады. Форма және материя, әрекет және әлеуеттілік сияқты ұғымдар өзгермелі дүниені сипаттауға арналды. Осы ұғымдар ғасырлар бойы Құдайдың, оның қасиеттерінің өзгермейтініне қайшы келетін сияқты еді. Тек XX ғасырда ғана біз осындай терминологияның Құдайға қа-

тысты қолданыла бастағанын көрдік. Мұндай қызығушылық қалай және неге туындағы?

Қазіргі заманғы томизм «философия бізге бос форманы беріп қана қояды, ал сенім оны толтырады» деп тұжырымдайды. Философия үнемі бос форма бола ма? Философияға қандай да бір оны толықтырушы құндылықтар жүйесі үнемі қажет пе?

Ақуинолық Томастың аналогия принципі сынға жиі ұшырайды; бұл принципке негізді дәлелдер жетпей тұр. Бірақ Құдай туралы әңгімеде адамның тілі бейсаналы түрде осы принципті қолданады деп болжамдалады. «Құдай туралы әңгіме жүргізу» мәселесінің басқа да ұстанымдарын атап көрсетуге талпыныңыз.

# **5. Рене Декарт: жүйелі күмәндану – философиялық әдістің бір түрі**

Ертеректе ең маңызды субъект – мемлекет (гректердің қала-мемлекеті) немесе шіркеу еді. Қазіргі уақытта ол – тұлға және кез келген тұлға емес, «Мен!» Бұгінгі заманғы мәселелердің ең маңыздысы қалайша «Мен» болып шыға келгеніне таң қалып тұрысyz ба? Философтар мұның бәрінің себепкери Рене Декарт дейді. Бірақ бұл пікір әділ ме?

## **Әмірі**

Рене Декарт 1596 жылды Ләз деген жерде дүниеге келді. Бұл елді мекен орталық Франциядағы Тур қаласынан оңтүстікке қарай 35 миля қашықтықта орналасқан. (Қазір сіз бұл жерді картадан таба алмайсыз, себебі оның атауы өзгерген. Ол бұл күнде ұлы философ және математиктің атында.) Философ дүниеге келген үй қазір Декарт елді мекенінің Декарт көшесіндегі Декарт атындағы жиырма тоғызыншы үй және ол шағын мұражайға айналған.

Декарт 8 жасында Ла Флеш иезуит колледжіне (қазір әскери академия) оқуға жіберілді. Бұл оқу орнында Декарт сегіз жыл болды, логиканы, философия мен математиканы оқыды. Ол өзін өте дарынды, білімкүмар шәкірт ретінде көрсетті. Бірақ Декарт сәл әлжуаз бала-тұғын, сол себепті еркелеп, төсекте ұзағырақ жатып алушы еді. Осындағы сәттерде ол өрмекшінің өрмекті қалай тоқитынын бақылап, ақыры осы зерттеулерінің негізінде өзінің әйгілі координаталардың геометриялық принциптерін жасап шықты. Кейін Декарт алған білімі үшін иезуиттерге ризашылығын білдірді және бұл білімнің керемет сапалы болғанына кәміл сенді.

Декарт «дүниенің ұлы кітабын» танып-білгісі келіп, әскери қызметін өтеуғе бел байлады. Оны Франциядан тыс аймақтардағы әскери қызмет қызықтыруды. Бұл денсаулығында кінәраты мол әлжуаз адам үшін мүлде қисынсыз таңдау болып көрінуі мүмкін. Бірақ Декарт әскери қызметке кірісіп, Германияда, Баварияда, Венгрия мен Чехияда қызмет етті. Декарт тегін қызмет



Рене Декарт

еткен. Ол әскери өмірін математика, философия және музыканы зерттеумен ұштастыра білді. Декарт ақыр соңында өзін өмірдің негізгі мақсаты ақиқатты ақыл-ойдың көмегімен іздеу және ұғыну екеніне сендірген бірнеше түс көрген деген пікірлер бар. Жаратқанның осы аянына алғысын білдірмек ниетпен ол Лоретодағы киелі Құдай-Ана Үйіне тәуап ету үшін Италияға бармақ болды. Бірақ бұл сапар ойластырған уақыттан кейінірек жүзеге асты. Декарт біраз уақыт Парижде тұрды, алайда оны өзінің ғылыми қызметі үшін онша қолайлышер деп есептеген жоқ.

Декарт бірнеше кітап жазды. Ол кезде ғалымдар еңбектерін латын тілінде жазатын. Декарттың кітаптары француз тіліне біршама тез аударылды. Оның еңбектерінің арасында «Дүние туралы трактат», «Әдіс туралы пайым», «Алғашқы философия туралы толғаныс» және «Жан құмарлықтары туралы» сияқты туындылар ерекше көзге түседі. Декарт «Дүние туралы трактатты» жариялауға асықпады. Мұның басты себебі – инквизицияның Галилео Галилейді жалған ілім таратты деп айыптауы еді. Декарт Голландияға қоныс аударды, себебі Еуропаның басқа мемлекеттерімен салыстырғанда бұл елде цензура жұмсақтау болатын.

1649 жылы Декарт швед патшайымы Кристинаның шақыруын қабыл алып, сарайға келді. Патшайым заманауи философияны зерттеуге қатты құмар болды. Бірақ шведтің қатаң қысы Декарттың денсаулығына жақпады. Және патшайым Декарттың сабактарды таңғы бесте өткізгенін қалады! Бұл байғұс философ үшін өте қын болды: ол төсекте ұзағырақ жатқанды жақсы көретін және кеш тұратын. Декарттың ыстығы қатты көтеріліп, ауырып қалды. Ол 1650 жылдың 11 ақпанында, Швецияға қоныс аударғаннан кейін бес айдан соң, безгектен қайтыс болды. Декарт ешқашан үйленбеген. Ол сабырлы да қарапайым, тәрбиелі, өз қызметшілеріне мейірбан және қайырымды джентльмен еді. Декарт Рим-католик шіркеуіне шын берілген діндар болса да, бүкіл өмірін тек адамның ақыл-ойы ғана шеше алатын сұрақтар мен мәселелерге арнады. Ол жаңа философиялық жүйе жасауға саналы түрде бел байлады.

**Интуиция** – ақиқатты лезде, ақыл-ойдың көмегінсіз ұғыну.

**Дедукция** – қорытындыны алдын ала анықталған белгілі фактілерге сүйене отырып шығару; белгілі бір ережелер бойынша құрастырылған, аксиомаларға негізделген және логикалық қорытындымен аяқталатын пікірлер реті.

**Эпистемология** – философияның танымның тарихын, әдістерін және принциптерін зерттейтін бір саласы.

**Онтология** – бар болып отырғанның бәрінің болмысы туралы ілім.

**Картезиандық әдіс** – Рене Декарттың философиялық әдісі. (Декарт = Картизий)

## Өмір шежіресі

1591 жыл – математикалық өлшемдерді белгілеу үшін әріп таңбалары қолданыла бастады

1592 жыл – Галилео Галилей термометрді ойладап тапты

1596 жыл – Декарт дүниеге келді

1603 жыл – I Елизаветаның өлімі

1604–1612 жылдар – Декарт Ла Флеш колledgeндегі оқыды

1614–1626 жылдар шамасы – Декарт солдат және философ

1614 жыл – Непер логарифмдері

1618 жыл – Оттызжылдық соғыс басталды

1619 жыл – (10 қараша) «Пештегі күн»

1620 жыл – Френсис Бэконның «Жаңа Органоны»

1626–1628 жылдар шамасы – Декарт Париже

1628–1649 жылдар – Декарт Голландияда

1637 жыл – Декарттың «Әдіс туралы пайым»

1638 жыл – Галилео маятник қозғалысының заңын жасады

1641 жыл – Декарттың «Алғашқы философия туралы толғанысы»

1643 жыл – XIV Людовик Францияның королі атанды

1649 жыл – Декарттың «Жаң құмарлықтары туралы» трактаты

1649–1650 жылдар – Декарт Швецияда

1650 жыл – Декарт дүниеден өтті

## Ойлары

### Қазіргі заманға ұзақ жол

Қайта өркендеу дәуірі мен XIX ғасыр арасындағы уақыт мөлшерінде шіркеу мәдениетке жүргізіп отырған билігін ақырындал жоғалта бастады, ол мемлекеттің қолына көшті. Мемлекет қоғамдық өмірдің барлық саласына ықпалын үздіксіз күшайте түсті. Көптеген ұлттық мемлекеттер өз корольдерін орнынан тайдырып (олар билікті Құдайдан тікелей қабылдайды деп есептелді), басқарудың жаңа формаларына ауыстырды. Сауда-саттықпен айналысадын әлеуметтік таптардың билікті өз қолдарына шоғырландыруы жиіледі. Жаңа мәдениет, жалпы алғанда, либералды болды. Жаңа институттар ортағасырлық шіркеу сияқты емес, философтарды бақылап отыруға ешқашан ұмтылмады.

Осы дәуірде жаңа дүниетаным қалыптасты. Жаңа қоғамдық санада біртінде, ретімен болып жатқан екі айқын өзгеріс байқалды. Бірінші өзгеріс –

шіркеу беделінің тұсуі, әсіресе Рим-католик шіркеуі (бірақ тек ол ғана емес) беделінің төмендеуі. Екінші өзгеріс – ғылым беделінің артуы.

Жаңа ғылым ақыл-ойға жүгінді. Бұл біртінде, рет-ретімен жасалған жаңалықтар дәуірі еді. Ол енді бұрынғыдан ғажайыптар жүйесі болудан қалды. Ортағасырлық шіркеудің ресми докторлары абсолюттік ақиқат сияқты жарияланса, жаңа, ғылыми ақиқаттар болжамды түрде, ықтималдылық негізінде тұжырымдалды және түзетулер мен өзгертулерге ашық болды. Ақылдың жаңа ғылыми түрінің сипаты авторитарлықтан гөрі көбіне ізденімпаз, әрекетшіл, жаңаға ұмтылғыш еді. Осындағы құндылықтарды қабылдауда қоғам біртінде динамикалық сипатқа ие бола бастады, қозғалыссыз салалар азайды. Ғылыми көзқарас этикалық бейтараптыққа бейім болды.

Субъективтілікке бейімділік қазіргі заманғы философияда әлі күнге дейін бар. Бұл, әрине, өзінің барлық білімін өзіндік өмір жолы негізінде қалыптастырған Декарттың еңбектерінен де айқын байқалады.

### *Қазіргі заманғы философияның негізін қалаушы*

Декартты қазіргі заманғы философияның негізін қалаушы деп жиі айтады. Бұл – әділ пікір. Ол зияткерлік қабілеті өте жоғары алғашқы философ болды, оған жаңа физика мен астрономияның дамуы ықпал етті. Декарт өзінің еңбектерін оқытушы емес, зерттеуші сияқты жазды. Оның жазу мәнері өткір болды және еш зеріктірмейтін еді.

Өз зерттеулерінде тек ақыл-ойға ғана жүгінген және алдыңғы философтардың беделіне сене беруден бас тартқан Декарт философияны қайта ашқандай еді. Ол болжамдар мен тұспалдардан аулақ болуға талпынып, айқын және нақты нәрселерге ғана сүйенді. Рене Декарт өзінің дәл және абстрактілі идеялармен жұмыс істеуге тиіс екеніне сенімді еді. Интуиция мен дедукция ілім-білімге жетудің ең айқын жолдары болып көрінді. Декарт үшін болмыстың құрылымын емес, білімнің құрылымын іздеуге ұмтылу маңызды еді. Оны онтология емес, эпистемология көбірек қызықтырыды. Осылайша философияның заманауи дәуірі Декарттан басталды деп сенімді түрде айттымызға болады.

### *Пеш үстіндегі бір күн*

Қазіргі заманғы философия 1619 жылдың 10 қарашасында, Декарт оны пеш үстінде өткізген күні дүниеге келді. Ол одан «ақиқатқа жетудің әмбебап әдісі идеясымен» шықты.

Ол пеш үстінде күні бойы қалай отырды? Бұл оған не үшін қажет болды? Осы туралы бірнеше болжам бар. Мүмкін, ыстық пеш тұрған бөлме үйдегі жалғыз жылы бөлме болған шығар. Тағы бір пікірге сүйенсек, пеш бөлмеге қарай шығып тұрған текшеде орналасқан болса керек. Осылайша текшеге, яғни пеш сөресінің астындағы тақтаға жайғасқан адам отқа жақынырақ отырады еken. Қалай болғанда да, бұл қазіргі заманғы философия дүниеге келген жерге айналды.

Германиядағы дәл осы пеште Декарт схоластикалық философиядан біржола бас тартуға, оны сзызып тастап, бәрін қайтадан бастауға бел байлады. Осы мақсаттары оның алғашқы философиялық және ғылыми еңбегінде, ғылым әлемі үшін үйреншікті емес, жаңа тілде (латынша емес, французша) жазған еңбегінде жүзеге асты. Декарт «өзінің табиғи ақыл-ойын ғана қолданатындарға» осы кітаптың түсінікті болғанын қалады. Бұл кітап «Әдіс туралы пайым» деп аталды. Декарт осы еңбегінде өз зерттеулеріне негіз болған төрт ережені бейнеледі. Біз енді соларға нақты назар аударып көрейік.

## Картезиандық ережелер

Адамның көптеген ережелерді үстануы көп ретте оның ақиқатты жете үғына алмауының себебіне айналады деп атап көрсетті Декарт. (Мемлекетте заң аз болса, оны басқару әлдеқайда тиімді болатынын ол түсінді). Сондықтан ол төрт ереже ғана ұсынды. Қазіргі заманғы саясаткерлер «мемлекеттік реттеуді бәсендету» туралы айтқанда, өздері байқамастан, Рене Декарттың ойларын қайталаиды.

1. Ол ақиқат деп ақиқаттығы айқын нәрсені ғана қабылдады. Нені болсын өзінің пайымдауларында анық және айқын түсінбегенше, күмәндануға ешқандай негіз қалмағанша, Декарт ештеңені қабылдамады. Оның тек қана айқын және дәл идеяларды қарастыру ережесі осыдан анық көрінеді.
2. Декарт әр мәселені өз мүмкіндіктерінің аясында, көптеген қарапайым бөліктерге бөлді. Бұл бөліктер мәселені тезірек және дұрыс шешу тұрғысынан алғанда, қажеттілік принципі бойынша ажыратылып көрсетілді. Осы ереже анализ (талдау) деп аталады.
3. Оның барлық ойлары белгілі бір рет бойынша баяндалды. Декарт пайымдауларын түсінуді женіл қарапайым идеялардан бастады. Әрі қарай ойлау реті анағұрлым күрделене түсті. Пайымдаудағы қарапайымнан күрделігे қарай біртіндеп жылжу ережесінің мәні де – осы.
4. Ол жиі-жіңі толық шолу жасап отырды, бұл оған ештеңені ұмыт қалдырмауға мүмкіндік тудырды. Бұл – синтез ережесі.

Қандай да бір мәселе туралы пайымдаулар ақылдың маңызды екі әрекетіне: анализге және синтезге байланысты екенін атап өту маңызды.

- Сараптау, анализ – мәселені жіліктеп, түсінуге ынғайлы элементтерге бөлу.
- Синтез – барлық элементтерді адам тұтас картинаны көре алатындағы етіп шоғырландыра біріктіру.

### *Жүйелі күмәндану әдісі*

Жаңа философияны жасауға қажетті толық қауіпсіз негізге ие болу үшін Декарт күмәндануға болатынның бәрін күмәнді ой елегінен өткізу қажет деп шешті. Ол біздің сезімдеріміз алдамшы болуы мүмкін екенін ескертті. Үстелім кейде қарақоңыр, кейде ашықтау болып көрінеді; бұл жағдай көбіне жарықтың түсү бұрышына және оның түсінің ашықтығына байланысты. Үстелімнің түсін қалайша дұрыс сипаттауға болады? Адам тәнінің табиғатын қарастыруғанда біз адасуымыз мүмкін. Мысалы, қандай да бір себептермен аяғынан немесе қолынан айырылған адамдар сол жоқ жерлерінің ауырғанын немесе қышығанын сезгендей болады. Оларды тән сезімдері адастырады. Математиканың зерттеу мәнін қарастыра отырып та алданып қалуға болады. Біздің бәріміз бір кездері есептен қателестік! Мүмкін, мен осы дүниеде өмір сүруіме қатысты алғанда да алдаудың құрбаны шығармын? Күмән туғызбайтын нәрсе бар ма өзі?

### *Мен ойлаймын, демек, өмір сүремін*

Декарт, қанша дегенмен, күмән туғызбайтын бір нәрсенің бар екенін ашық айтты. Мен мұнда отырмын және бәріне күмәнданамын. Егер мен күмәндансан, онда мен өмір сүріп отырмын деген сөз! «Мен ойлаймын, демек, мен бармын» («Je pense, donc je suis»). Француз тілінің ең әйгілі сөз тіркестерінің бірі бүкіл әлемге өзінің латын нұсқасында таныс: «Cogito, ergo sum». Адамның өмір сүруінің ақиқаттығын ашатын осы дәлел көбіне жай ғана «Cogito» деп айтылады.

Бірақ бұл жағдайда бір мәселе туындаиды: біздің білімімізден тәуелсіз өмір сүретін нәрсе бар ма? Декарт «ойлау – адамның өмір сүретінін дәлелдейтін талассыз іргелі факт» деп сендірді. Бұл – алдын ала белгілі жалғыз дәлел, әрі қарайғы пайымдаулардың бастапқы нүктесі. Осылайша дүниедегі бүкіл болмыс өмір сүрудің адам түсінігіндегі ең қарапайым формасы болып есептелетін ойлаудың бар болуына тәуелді. Декарт: «Ойлау – бірден-бір тұра

шындық еді»,— деп қуана мәлімдеді. Оның ізбасарларының кейбірі ой – жалғыз ғана нақты дүние деп тұжырымдады!

Декарт ақыл-ойды материядан да анық және айқын етті. Оның көзқарасы бойынша, менің ақыл-ойым (мен үшін) басқалардың ақыл-ойларынан айқынырақ. «Cogito» дәлелінің дұрыс екеніне Декарт неге соншалықты сенімді болды? Себебі ол айқын және дәл еді. Декарт «ойлау» ұғымы деп нені түсінді? «Ойлау – біздің қабылдауымызға байланыстының бәрі: түсіну, қалау, елестету, тіпті сезіну де ойлаумен бірдей».

### «Әдіс туралы пайым» (1637)

- Дұрыс философиялық әдіс – айқын және дәл, яғни күмәндануға жатпайтын идеяларды қабылдау; күрделі сұрақтарды қарапайым сұрақтарға бөлу; пайымдауларда қарапайымнан күрделіге қарай жүру; осы жолдағы барлық кезеңдерді шолу.
- Адам осы әдісті іс жүзінде қолданған кезде, ой-пікірдің бәріне де түгел күмәнмен қарауға тиіс. Күмән туғызыбауға тиіс жалғыз пікір: «Ойлаймын, яғни өмір сүріп отырмын».
- «Мен» – Құдай идеясын қамтитын ойлаушы субстанциямын. Мен кемелдік идеясын өз бетіммен, өзімнің өмірлік тәжірибеме сүйене отырып игере алмаймын. Сондықтан Құдай осы идеяның бастауы ретінде бар болуға міндетті. Жетілмеген тіршілік иелері кемел болмыссыз өмір сүре алмайды. Құдай міндетті түрде өмір сүруге тиіс. Егер ол жоқ болса, онда оның кемел болмағаны.
- Дүниеде бар Құдай сыртқы әлем туралы біздің біліміздің негізін береді, бірақ біз Құдайдан алынған дәл, айқын және күмәнсіз идеяларға ғана сенуге тиіспіз. Құдайдан берілетін тек осындай идеялар ғана – біздің сезімдеріміз бен ақыл-ойымыз игеретін нақты білімнің себептері болмақ.

### Тән және ақыл

Декарт өзін ең жоғары деңгейде ойлайтын тіршілік иесімін деп түсінді. Осыдан туындана отырып, ол өзінің жаны немесе ақыл-ойы (оның тұлғасының ойлау үшін жауап беретін құрамдас бөлігі) тәннен толығымен бөлінген және оқшауланған деген қорытынды жасады. Декарттың пікірінше, тәннен гөрі жанды танып-білу және түсіну әлдеқайда оңай.

Ол «жан мен тән қатар жүреді, бірақ бір-бірімен байланыссыз» деп пайымдады. Оның идеясын түсіну тәсілдерінің бірі – қатар тұрған екі оятқыш сағатты ойша елестету. Бірінші сағаттың қоңырауы жоқ, бірақ сағат тілдері бар. Екінші сағаттың, керісінше сағат тілі жоқ, бірақ қоңырауы бар. Бірінші

оятқыш белгілі бір уақытты көрсеткенде, екінші сағаттың қонырауы сыңғырлайды. Бірақ олар бір-бірімен байланыссыз. Ақыл-ой мен тән де солай. Олардың бір-бірімен байланысы жоқ, бірақ бірге өмір сүреді.

Бір кесек балауызды көз алдыңызға елестетіңіз, дейді Декарт, оның сипатын қол тигізу арқылы айқындауға болады. Бұл сипаттар әртүрлі жағдайға байланысты өзгереді: балауызды қыздырсаңыз, ол жұмсарады, салқыннатсаныз, қатаяды. Сипаттың түрліше өзгеруі дәл осы балауызға тікелей қатысты дегенді білдірмейді. Біздің алдымызда балауыз тұрғанын біз ақылымызben түсінуіміз керек, бірақ сезім арқылы қабылдамаймыз. Сондықтан қандай да бір құбылыш немесе зат туралы білім сезім арқылы емес, ақыл-ойдың көмегімен пайда болады.

### *Құдайдың бар екенін дәлелдеу*

Декарт сыртқы дүниеге қатыстының бәріне күмәнмен қарады. Ол тек өзінің нақты өмір сүріп отырғанын ғана терістемеді, себебі оның негізі – өзінің ойлау қызметін жүзеге асырып отырғаны. Оның бар болып, өмір сүріп отырғаны ойлау үдерісімен дәлелдене алады. Ал сезімнің көмегімен қабылданатын нақты дүниеге қатысты не айта аламыз? Оның өмір сүріп отырғаны да көрнекі дәлелденуі тиіс. Декарт нақты дүниенің өмір сүретінін Құдай ұфынына жүгіне отырып дәлелдеді. Айналадағыларды алдамайтын кемел тіршілік иесінің бар болуы ғана оны сыртқы дүниенің өмір сүруі елес емес екеніне сендірді.

Декарттың Құдайға сенімі қандай философиялық принциптерге негізделді? Егер адам бірдеңеге күмәнданса, ол өзі күмәнданып тұрған нәрсениң жетілмегенінен дейді Декарт. Біз қателік жасағанымызды түсінген сэтте ғана жетілмегенімізді санамызben ұфынамыз. Бірдененің жетілмегені туралы хабардар екеніміздің өзі жетілген кемелдік идеясының бар екенін білдіреді. Кемелдік идеясы жетілмеген мәнде пайда бола алмайды. Шексіз және жетілген жан иесі ғана кемелдік идеясын тудыра алады.

Жоғарыда көрсетілген түсініктердің бәрі – алғаш рет Кентерберилік Ансельм ұсынған ортағасырлық ескі идеяның бір нұсқасы ғана. Бұл идеяның мәні мынада: бар болу, өмір сүру – кемелдіктің ажырамас бөлігі. Егер де бірдеңе жетілген бола тұра дүниеде өмір сүрмese, онда оның онша кемел болмағаны. Яғни жетілген зат міндепті түрде өмір сүруі тиіс, олай болмаған жағдайда бұл заттың болмысы Декарт ұсынған ұфындарға қайшы келеді. Бұл Құдайдың бар екенінің онтологиялық дәлелі деп аталады.

Жетілмеген тіршілік иесі (мысалы, адам), әрине, жетілген тіршілік иесінің (мысалы, Құдай) билігінде. Жетілмеген тіршілік иелері өз болмысы-

ның ең басынан бастап және уақыттың әр кезекті сәтінде жетілген тіршілік иесіне тәуелді.

### *Рационализм дегеніміз не?*

Декарт рационалист философ болды. Рационалистер эмпириктерге қарсы қойылады (біз эмпиризм туралы 8-тарауда, Дэвид Юмнің философиялық идеяларын қарастырғанда айтамыз). Рационализм дегеніміз не?

Кез келген жағдайда ақиқат болатын белгілі бір тұжырымдар бар – олар жалған бола алмайды. Сонымен қатар міндепті түрде жалған болып саналатын тұжырымдар бар. Мысал келтірейік: «Адам бір уақытта екі жерде бола алмайды». Бұл – сөзсіз ақиқат. Оны ақиқат етіп тұрған не? Себебі бұл бізге априори белгілі. Басқа сөзben айтқанда, осы тұжырым барлық жағдайда да ақиқат болуы тиіс. Осы тұжырымның мағынасы туралы ойдың өзі оның ақиқаттығын көрсетіп отырады.

Басқа бір тұжырымдар ақиқат болуы мүмкін. Бірақ олардың ақиқаттығы әуелден ықтимал ғана және белгілі бір жағдайларға тәуелді. Сіз осы кітапты оқып отырған уақытта бөлмеде неше адам бар? Сан әртүрлі болуы мүмкін. Сөзсіз ақиқат болуы тиіс бір де бір сан жоқ. Кітаптан басыңызды көтеріп, санап шығыңыз! Қазір сізben бір бөлмеде отырған адамдардың санын соның көмегімен анықтауға болатын жалғыз тәсіл – осы. Мұның бәрі осы сәтте сізben бір бөлмеде отырған адамдардың саны сізге апостериори белгілі дегенді білдіреді: сіз санын анықтадыңыз және осыған дейін қойылған сұраққа жауап берे аласыз. Априори тұжырым жағдайында кітап оқуыңызды үзіп, адамдарды санамай-ақ қоюыңызға болатын еді. Осында тұжырымның ақиқат немесе жалған болуы тиіс екені сізге алдын ала белгілі. Орныңыздан тұру және санау – эмпирикалық тексерудің мысалы. Априори тұжырымдар эмпирикалық тексеруді қажет етпейді.

Априори тұжырымдар бізге жаңа ақпарат береді, әлде жай ғана бір кездері айтылғанды анықтаудың тағы да бір тәсілі ме? Осында тұжырымдар аналитикалық деп аталады: «Ит дегеніміз – ит. Шаршының төрт жағы бар. Төртаяқты жануардың төрт аяғы бар». Бұл тұжырымдар ертеректе айтылған және бізге жақсы таныс ақпаратты қайталап айтады. Біз квадраттың төрт жағы бар екені туралы да, төрт аяқты жануардың төрт аяғы барын да бүріннан білеміз. Аналитикалық тұжырымдар бізге белгілі нәрсені түрлі сөзben қайталап айтып қана қояды. Олар бізге жаңа ақпарат бермейді.

Синтездік тұжырымдарда біз үшін жаңа ақпарат бар: «Америка Құрама Штаттарына 50 штат кіреді. Наполеон 1815 жылы женіліске үшінрады. Тәж-

Маһал Үнді жерінде орналасқан». Осы тұжырымдардың ешқайсысы біз бір кездері алған мәліметтерді қайта баяндамайды. Бұл тұжырымдардың ақиқат болуы міндетті емес. Олардың бәрі бізге ақпарат беріп қана қояды (тексерініз, көз жеткізесіз!) және синтездік тұжырымдардың қатарына жатады.

Синтездік тұжырымдардың бәрі апостериори жолмен ұғынылатын ықти-  
мал тұжырымдар ғана ма? Алдын ала анықталған, бізге априори белгілі син-  
тездік тұжырымдар бар ма? Бізге жаңа ақпарат беретін, бірақ міндетті түре  
акиқат болуы тиіс синтездік тұжырымдар бар ма?

Эмпиріктер синтездік априори тұжырымдар мүлдем жоқ деп пайымдай-  
ды. Рационалистердің пікірінше, синтездік априори тұжырымдар бар. Рацио-  
налистер әртүрлі заттар туралы белгілі бір білімді өмірлік тәжірибемізден  
аламыз дейді: бірақ оларды осылай алған соң «ақылдың алғырлығының»  
көмегімен осы заттарды алдын ала қалай елестетсек, шынында да, сондай  
екенін көреміз. Декарт рационалистік көзқарастарды көбірек ұстанды. Ол,  
шындығында, заманауи рационалистік дәстүрдің өкілі болған алғашқы ұлы  
ойшыл еді.

Жоғарыда атап көрсетілген ұғыымдар Дэвид Юм мен Иммануил Канттың  
философиялық идеяларын қарастыруға көшкен кезде біз үшін аса маңызды  
болады.

## Түйін

Бұрынғы философиялық дәстүрлерден біржола қол үзуге бел байлағанына  
қарамастан, Декарт ортағасырлық схоластикалық философияның бірқатар  
ұғымдарын қабыл алды. Бұл оның сыртқы дүниенің физикалық объектілері-  
нің өмір сүретініне сенімділігін дәлелдеу үшін Құдай идеясын қолданғанынан  
көрінеді. Десек те оның философиясының өзегі жаңашыл, радикалды, батыл  
болды.

Оның анализ, синтез, ойлардың айқындығы, сонымен қатар қарапайым-  
нан күрделіге қарай логикалық алға жылжу ережелері бұрынғыша пайдалы.  
Ойлау үдерісі аясында өте рационалды және жүйелі болып көрінетін кез кел-  
ген адамды біз әлі күнге дейін картезиандық көзқарасқа ие адам деп түсіне-  
міз. Бірақ Декарттың ережелерін ойлауды шектейтін қатып қалған шеңбер  
сипатында емес, өз ой қызметімізді іске асыру жолындағы тірек ретінде қол-  
дануымыз керек.

Бәрін бірдей күмән елегінен өткізу мүмкін емес. Декарт кез келген радикалды скептикке қалай жауап беру керегін білді. Егер адам бәріне күмәндан-

са, оның сұрақтары мән-мағынасын жоғалтады. Күмән тоқтайтын нүкте, шек болуы тиіс. Осы нүкте – оған күмәндануға болмайтын факт және олар туралы сұрақ туында майтын логикалық ережелер. Басқа ойшылдардың осыған ұқсас мәселелерді қарастырудың ұстанымдарына назар аударыңыз. Олар күмәнданудан өткізу мүмкін емес фактілерді және күмән туғызбайтын логикалық ережелерді таба алды ма?

Декарттың тән мен ақыл-ойды түбегейлі бөлуі жан тәннен тәуелсіз өмір сүреді деген пікірге итермелейді. Осы көзқарасты сол кездегі христиандық ой қолдауы тиіс еді. Бірақ мұндай бөлу нақты өмірлік бақылауларға, адами тәжірибеге, әсіресе заманауи психология жинақтаған тәжірибеге сәйкес келмейді.

Ұлы математик, философ және теолог А.Н. Уайтхед бірде былай деген: «Антика дүниесінің еңбегі – оның адам санасына дүниенің трагедиясын сезінуді бергенінде, ал қазіргі заман қоғамға адам жанының ішкі трагедиясын көрсетті». Бұл жетілдіру болып санала ма? Мұның біз үшін, жиырма бірінші ғасыр адамдары үшін маңызы қандай?

Рене Декарт ақыл-ойды материядан және менің ақыл-ойымды басқалардың зердесінен әлдеқайды маңызды етті!

## **6. Локк және Монтескье: либерал мемлекет**

Бұл тарауда бір-біріне мүлде ұқсамайтын екі ойшылды қарастырамыз. Мұның себебі тіптен қарапайым: олардың екеуі де біз қазір либералды мемлекет деп атап жүрген саясат философиясын зерттеді. Олар қоғамдық келісім, табиғи құқық және билік тармақтарын бөлу теориясына байланысты философиялық идеяларды зерделеді. Сол себепті оларды келесі беттерде бірге қарастырамыз.

Локк ағылшынның орта табынан шықты және XVII ғасырда өмір сүрді. Оның теориялары 1688 жылғы ағылшын саяси революциясында жүзеге асты, нәтижесінде король II Яков тақтан құлап, таққа Орандық III Вильгельм отырды. Монтескье французша noblesse de robe (мантия дворяндығы, яғни Орта ғасыр дәуірінен кейін дворян атанған буржуазия қауымынан шыққандар) деп аталатын отбасынан шыққан француз еді. Монтескье XVIII ғасырда өмір сүрді. Көзінің тірісінде оның идеялары еш жерде, соның ішінде, Францияда да жүзеге аспады. Бірақ ол жариялаған барлық идеялар АҚШ тәуелсіздігі үшін соғыстың (1775–1783 жж.) рухына айналып, Американың 1787 жылғы Конституациясына тікелей ықпал етті.

### **Платон мен Аристотельден кейінгі саяси ілімдер**

Саяси философияның Платон мен Аристотель ұсынған ұлы жүйелері ерекше жағдайларға – гректердің қала-мемлекетіне тәуелді еді. Уақыт өте келе олардың орнын Ескендір Зұлқарнайын империясы басты, кейін оның орнына жеделдете жаңа басқыншы – Рим империясы келді. Ұланғайыр империядағы нақты билік жаңа және өте тиімді қызмет ететін әлеуметтік құрылымның – католик шіркеуінің қолына тиді. Ескі саяси теориялар мен идеялар енді уақыт рухына сәйкес келмейтін еді. Олар қолданыстан шықты, себебі тарихи орта түбекейлі өзгерді.

Ежелгі Греция мен Рим дінінің жаңа формалары тұлғаның ажалсыздығы,

мәңгілігі туралы түсініктерді алдыңғы қатарға шығарды. Ажалсыздық идеялары көбіне өлгелі жатқан құдаймен мистикалық түрде байланыстырылды. Адамдар бұл дінге арнайы салттарды атқару арқылы кіре алатын. Аристотельден кейін философия жаңа қызметтер атқара бастады, біз қазіргі үақытта оларды діннің міндеттері деп қарастырамыз. Философия адамның қалай жақсы өмір сүруге болатыны туралы ерекше нұсқаулардың жиынтығына айналды. Ол мінез-құлыштың этикалық нормаларын, сонымен қатар адамның күнәларын ақтаудың және оны жұбатудың формаларын бекітті. Мистикалық сезімдер мен түйсіктерге толы осындай философия адамды тәубеге келуге, күнәсін мойындауға мәжбүрлейтін көзқарасқа көбірек ұқсай бастады. Философиядағы бұл үрдіс христиандық шіркеуге – адамдардың бойында осындай көзқарасты қалыптастыратын қоғамдық құрылымға байланысты болды. Көп адамдар осындай эмоциялық қолдаусыз өшпендейтілікке толы орасан зор әлемге қарсы тұруға дәрменсіз еді. Мұндай көзқарас гректің қала-мемлекетінің азаматтарына бейтаныс-тұғын.

Империя – мемлекеттің өлі formasы. Империя аясында мемлекетті шағын топ басқарады. Халық бағынышты, дауыс құқығы жоқ. Ол толығымен құқықсыз және әлсіз. Ортағасырлық қуатты шіркеуді империялық кезеңдегідей қарапайым адамдар басқарды. Діни сана негіздерінің біртіндеп күйреуі және Папа ықпалының бәсендеуі жаңа қобалжулар туындаатты, бірақ тың мүмкіндіктер де әкелді.

Адамдардың алдында – жеке, бөлектенген тіршілік иелері бола отырып, жалпы табиғаты ортақ екенін саналы түсіну арқылы қауымдастықта қалай бірге өмір сүруге болады деген сұраққа жауап табу міндеті тұрды. Енді саяси ой өзіне жеке өмірге ие индивид пен адамның әмбебап табиғаты туралы идеяны қамтуы тиіс еді: әр индивидтің бойында жалпы адами табиғат бар. Екі ұғым – «адам құқығы» және «мінез-құлыш нормасының әділеттіліктің өмірде жүзеге асуымен әмбебап байланысы» – Батыс өркениетінің саяси ойының екі негізіне айналды.

## Табиғи құқық

Құқықтың екі ұғымы – жергілікті заң және ақыл-ойдың жалпы заңы біртіндеп дами бастады. Жалпы құқық негізгі заң болды. Осы құқықтың әрекет етуінің нәтижесінде мінез-құлыштың жалпы нормалары белгіленді. Жергілікті әдет-ғұрыптар жалпы құқыққа қайшы келмеуі тиіс болды, себебі жалпы құқық табиғи, жаратылысты негіздерге сүйенді. Табиғат барлық заңдардың

ішкі базисі болуы тиіс еді. Адамгершіліктің негізі, яғни адамның нені істегені және нені іstemегені жөн екені туралы түсініктер адам мәнінің ішінде жатыр – адамдардың табиғатында белгісіз бір ішкі моральдық заңдар бар, олар қалай өмір сұру керегін айтып отырады. Адам – «нені істеген дұрыс және нені істей қажет» дегенді түсіну қабілеті берілген бірден-бір тіршілік иесі. Заң адамдардың пікірталастары мен дау-дамайларының, шешімдерінің, қаулыларының нәтижесі емес. Табиғи құқық – біздің шешімдерімізге дейін нақты бар нәрсе.

## Джон Локк

### Әмірі

Джон Локк 1632 жылы Англияның онтүстік-батыс бөлігінде, Бристоль қаласына жақын жерде дүниеге келді. Оның әкесі, пуритан, Кромвельдің протектораты кезінде парламентте қызмет атқарған заңтанушы болды. Бозбала Джон Локк 1646 жылдан 1652 жылға дейін Вестминстер мектебінде оқыды. Сонан соң ол Оксфорд университетінің Христ шіркеуіне оқуға түсті. Ғылыми дәрежелер (бакалавр, магистр) алғаннан кейін Локк колledgeге жұмысқа қабылданып, грек философиясынан, риторикадан, этикадан сабақ берді. Оксфорд университетінің философия курсы ескірген схоластикаға толы еді, бұл Локктың жаңына жақпады. Қебіне пайымдаудың осы түріне жататын сұраптардан ол тіпті ешқандай мән көрмеді.

Схоластикаға батыл қарсы шыққан Декарттың еңбектерін оқып отырып, Джон Локктың нағыз, терең философияға деген қызығушылығы оянды. (Дегенмен болашақ философ Декарттың еңбектерін өз бетімен оқыды. Мұндай материалды зерттеу, әрине, университет бағдарламасына кірмеді.) Университетте Локк көп таныс тапты. Оның достарының арасында, атап айтсақ, сэр Роберт Бойль (Бойль заңының авторы) болды. Локк университеттегі үнемі өсіп, дамып отырған заманауи ғалымдардың, сынақ жүргізушилердің және математик ойшылдардың көбімен таныс еді. Сонымен қатар ол дәрігер де болды, бірақ медицина саласындағы білімдерін іс жүзінде қолданған жоқ. Көп ұзамай Локк Оксфорд университетін тастап, біршама үақыт беделді қоғам қайраткерлерінің бірталайының хатшысы болып жұмыс істеді. Сонан соң ол Англиядан кетті. Қайта оралғаннан кейін ол біраз үақыт I Карл сарайының лорд-канцлері граф Шефтсбериге қызмет етті.



Джон Локк

## Өмір шежіресі

- 1632 жыл – Локк дүниеге келді  
 1642 жыл – ағылшын азаматтық соғысы  
 1648–1653 жылдар – Фронда: француз ақсүйектері король билігіне қарсы көтерілді  
 1649 жыл – I Карлды жазалау; Англиядағы Кромвель протектораты  
 1651 жыл – Гоббстың «Левиафаны»  
 1652 жыл – Локк Оксфордта  
 1658 жыл – Кромвельдің өлімі  
 1659 жыл – Локк Христ шіркеуі жанындағы ғылыми қызметкер атанды  
 1660 жыл – монархияны қайтадан қалпына келтіру; II Карлды король етіп тағайындау  
 1661 жыл – Спинозаның «Этикасы»  
 1665 жыл – Локк шетелде дипломат болып жұмыс істеді  
 1666 жыл – Лондондағы Ұлы өрт  
 1675–1680 жылдар – Локк денсаулығына байланысты Францияда тұрды  
 1681 жыл – II Карл Англияны парламентсіз басқарды  
 1683–1688 жылдар – Локк саяси құдалаумен Голландияда  
 1685 жыл – II Карлдың өлімі; таққа Рим-католик шіркеуінің өкілі II Яков отырды  
 1687 жыл – Ньютоның «Табиғи философияның математикалық негіздері»  
 1688 жыл – «Ғажайып революция»: Орандық III Вильгельм Англияға қоныс аударды. II Яков тақтан тайдырылды  
 1689 жыл – Локктың «Толеранттық туралы хаттары»  
 1690 жыл – II Яковты III Вильгельм Бойндағы шайқаста қүйретті; Локк «Адам парасаты туралы тәжірибе» және «Басқару туралы екі трактат» еңбектерін жазды  
 1693 жыл – Локк «Тәрбие туралы кейбір ойлар» және «Христиандық парасаты» сияқты туындыларын жазды  
 1704 жыл – Джон Локк дүниеден өтті.

## Англиядағы саяси тұрақсыздық

Шефтсберимен жақын араластығының арқасында Локк мемлекетте елеулі лауазымдарға ие болды, бірақ қамқоршысының қызметінен кетуімен бірге оның да мансабына нүктे қойылды. Зейнеткерлікке шыққан Локк Оксфордтағы ғылыми қауымдастықтармен байланысын ұзді. Денсаулығының нашарлауына орай, ол 1675 жылдан 1680 жылға дейін Францияда тұрды. Англияға оралған соң, оны тағы да Шефтсбери қамқорлығына алды. Шефтсбериге саяси қысым көрсетіліп, қудалана бастағанда ол Голландияға қашуға мәжбүр болды. Локк та өзінің өміріне қауіп төніп тұр деп есептеп, шетелге кетті. Оған

Монмұнтың көтерілісіне қатысы бар деген құдік тағылып, іздеу жарияланды. Белгілі бір уақыттан соң барлық құдіктер сейілді, бірақ бұған қарамастан ол шетелде жасырының жалғастырып, лақап есіммен өмір сүрді. Ол Англияға Орандық III Вильгельм таққа отырған соң ғана оралды. Локк денсаулығының нашарлығын сұлтау етіп, елші қызметінен бас тартты, бірақ ақыр соңында ол сауда және колониялар мәселелері бойынша комиссар лауазымын иеленді. Жаңа қызмет Лондонға жиі баруды қажет етпейтін. 1691 жылы Локк сэр Френсис Мэшемнің отбасының қонағы ретінде Эссекс графтығындағы Отс қамалына көшті. Ұлы философ 1704 жылы дүниеден өтті. Өлім сағаты Мэшем ханым оған псалмалар оқып отырған кезде соқты.

Локктың басты туындыларының арасынан «Толеранттық туралы хаттар» (1689 ж.), «Адам парасаты туралы тәжірибе» (1690 ж.), «Басқару туралы екі трактат» (1690 ж.) еңбектерін ерекше бөліп көрсетуге болады. Бір жылдың ішінде ол (1693 ж.) «Тәжірибе туралы кейбір ойлар» және «Христиандық парасаты» сияқты еңбектерін жариялады.

## Ойлары

Саясат философиясының бұдан ертеректеу кезеңдегі өкілі Томас Гоббс (1588–1679) адамның өмірі табиғи күйде «жалғыз, кедей, жексүрүн, қатыгез және қысқа» болуы тиіс деп есептеді. Локк табиғи күйдегі өмір өзінің сипаты бойынша әлеуметтік, бірақ жеткілікті дамымаған, жетілдіруді және «бейбітшілікті, мейірімділікті, өзара көмекті, қауіпсіздікті» қажет етеді деп басқаша пайымдады. Адамдар әрқашан ақыл-ойдың заңына бағынады, ол қоғамның басқа мүшелерінің өмірі мен мүліктеріне құрметпен қарауды үйретеді. Соғыс пен зорлық адамдар мен көсемдер осы заңды ұстанудан бас тартқанда пайда болады. Дегенмен осы заңды түсіндіретін жоғары тіршілік иесі немесе мекеме жоқ. Осылайша Локктың пікірінше, адамдардың бәрі ақыл-ой заңын өздері қалай түсінсе, солай түсіндіруге мәжбүр. Бұл ретсіздік туындалады.

## Табиғи құқықтар

Локк «өмірге, еркіндікке және жекеменшікке» табиғи құқықтар бар деп тұжырымдады. Бұл табиғи құқықтар әр адамға тиесілі. Табиғи құқыққа ие адамдар қоғамды құрайды, өз құқығының бір бөлігін қоғамға береді. Яғни осы құқықтар қоғамның өзінен әлдеқайда бұрын пайда болады. Бұл адамдардың табиғи құқықтары қоғамдық құқықтардан ертерек қалыптасады дегенді білдіреді.

Қоғам табиғи құқықтарды қалыптастырмайды. Соңдықтан кейбір жекелеген жағдайларда болмаса, оларды реттей алмайды.

Жылжымайтын мүлікке немесе жалпылама алғанда, жекеменшікке Локк «адам еңбек қызметін жүзеге асырудың нәтижесінде жинаған белгісіз бір мүлік» деген анықтама береді. Егер адамдардың қоршалған, өндөлген және күтіп-баққан жер телімдері болса, онда олар осы адамдардың меншігі болып саналады. Табиғи жағдайда бүкіл мүлік – ортақ. Эр адамның табиғи ортадан пайда болуына әкелді, ол индивидуумдердің арасында туындауы мүмкін барлық қайшылықтарды бәсендетуі керек еді.

### Қоғамдық келісім

Локк мемлекет – адамдар арасындағы келісім арқылы пайда болды деген пікірді ұстанды. Баршаға ортақ табиғи заң қалыптастыру үшін әр адам өзінің табиғи құқықтарын қоғамға беруге келісті. Адамдар өзара ерекше «келісімшарт» жасады. Бұл келісімшарттың мәні – адамдардың өз құқықтарын қоғамға беруінде және одан кейін адамдардың игілігі мен қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін олар берген құқықтардың атынан билікті жүзеге асыратын азаматтық ұйымның – мемлекеттің құрылудында.

Азаматтық билікке зандар дайындау және оларды бұзғаны үшін жазаларды белгілеу құқығы беріледі. Осының арқасында ол жекеменшікке байланысты қатынастарды реттейді, сонымен қатар қоғам сеніп жүктеген билікті қолдана отырып, жеке адамдарға қолжетімсіз тәсілдердің көмегімен жекеменшікті қорғайды.

Мұны қоғамның барлық мүшелерінің жалпы игілігіне жету үшін ғана қолдануға болатынын және бұл биліктің шектеулі екенін атап өту маңызды. Келісімшарт абсолютті емес, ол нақты, қатаң белгіленген мақсаттарға жету үшін жасалады. Келісімшарт бойынша адамдардың бірлесе өмір сүруіне және социумның қалыпты жұмыс істеуіне қажетті құқықтар ғана беріледі. Мемлекеттің жалғыз мақсаты – «өмірді, еркіндікті және жекеменшікті» қорғау. Осылайша азаматтық қоғам құрылған сәттен бастап қоғамдық қатынастарды реттеудегі басымдық көпшіліктің шешімімен қабылданатын ақыл-ой заңына беріледі.

Сонымен әр азаматтың мемлекет алдында міндеті бар, ол мемлекеттен пайда көреді. Егер әлдене ойдағыдай болмаса келісімшарт бұзылып, күшін жояды. Оған азаматтың келісім беруі міндетті емес.

Әрине, мұның бәрі – ойдан шығарылған нәрсе. «Алғашқы келісім-шарт»

деген ешқашан болмаған. Бұл қиял бізге мемлекеттің пайда болуы үдерістерін түсіндіру үшін қызмет етеді. Сонымен қатар адамдар осындай келісімшартты бұзып, басқа жерде өмір сұруге кете алмайды. Қоғамға қосылған кез келген адам осы алғашқы келісімшартты қабылдайды. Джон Локк келісімшарттың не еkenін анық айтпайды: қоғам құру туралы адамдардың арасындағы келісім бе, әлде азаматтар мен мемлекеттің арасындағы келісім бе? – ол белгісіз.

### *Билік тармақтарын бөлу*

Локктың мемлекет теориясы «билік тармақтарын бөлу» деп аталатын ұғыммен байланысты. Мемлекет билікті үш тәсілмен жүзеге асыруы тиіс:

(1) Билік заңдар жасау арқылы жүзеге асырылады; ол тәсіл қазір заң шығару билігі ретінде белгілі.

(2) Заңға негізелген қандай да бір шешімдер өмірде нақты орындалғанда билік жүзеге асырылады. Атқарушы билік деген осы. Локктың кезінде атқарушы билік өте шектеулі болды. Оның құзыретіне тек қоғамдық тәртіпті қадағалау, қаржы айналымы саласын басқару, салықтарды тағайындау, елдің мұдделерін шетелде қорғау (дипломатия) және соғыс жүргізу ғана кірді. Қазір бұл тізім кәдімгідей кеңейді: денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, экономика және нарық саласын реттеу, ауыл шаруашылығы, халықаралық сауда, теңіз ресурстары, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, транспорт және т.б.

(3) Соңында мемлекетте сот билігі жүзеге асырылады. Соттар азаматтар мен ұйымдар арасындағы дауларды шешкенде сот билігі жүзеге асады.

Локктың теориясы мемлекеттік биліктің жоғарыда аталған үш формасы – заң шығару, атқару және сот – ешқашан да бір уақытта бір қолда шоғырланбауы тиіс деп болжамдайды.

Батыс демократияларының басым көпшілігінде сот билігі атқарушы және заң шығарушы билікке мүлдем тәуелді емес. Атқарушы және заң шығарушы биліктің арасындағы шекараның айқындығы әлдеқайда азырақ. Бұл парламенттік демократиялардың көпшілігінде байқалады, себебі олар үкімет парламентті қадағалап отырғанда ғана жұмыс істей алады. Осы айырмашылық АҚШ-та анық көрінетін сияқты.

Локк үшін мемлекет пен қоғам – әртүрлі ұғымдар. Мемлекет тек қана қоғамдық игілік үшін өмір сүреді. Егер де мемлекет қоғам берген сенімді ақтамаса, ол өзгертіле алады және өзгертілуі тиіс. Биліктің атқарушы тармағы, король немесе парламенттік үкімет болсын, қанаушылық сипат ала бастаса, билік қоғамға қайтарылып, халық мемлекеттің балама түрін ұсынады.

## Түйін

Локктың саяси теориясы біршама бұлдыր күйінде қалды. Ол өзі өмір сүрген кездегі нақты оқиғалар заңды және дұрыс болды деп пайымдады. Сонымен қатар Локк қоғамдық келісімшартты толыққанды сараттаудан өткізуге тырыспады. Келісімшарт бір қарағанда жасанды, ойдан шығарылған құбылыс болып көрінеді. Алайда қазіргі заманғы көптеген адамдар оны іргелі миф ретінде бағалау қажет деп санайды.

Бүгінде «миф» сөзі жалған немесе ойдан шығарылған нәрсені белгілеу үшін қолданылады. Алғашында бұл ұғым ертегіні немесе аңызды білдірді. Жазу-сызу шыққанға дейінгі қоғамда мифтер белгілі заттардың табиғатын түсіндіруші хикаялар туралы баяндады. Осылайша «миф» бірденені маңызды түсіндіруді қамтыды немесе «ақиқат» қызметін атқарды.

Қоғамдық келісімшарт идеясы қазіргі заманғы либерал-демократиялық мемлекет азаматы болу дегеннің не екенін түсінуінзге көмектесе ала ма? Оның салдарлары қандай?

Локк мемлекеттік басқаруды келісу ұғымына – біртұтас жалпы ерік қалай келісілуі және білдірілуі тиіс екені туралы (мысалы, сайлау өткізу тәсілдері; жалпы ерікті білдіру мүмкіндігі кімге және қаншалықты ұзаққа беріледі) – ұғымға да жеткілікті көніл бөле алмады.

Локктың барлық адамдар өз еркіндігін сақтай отырып, оның бөлігін мемлекетке бере алады деген идеясы сол кезде (кейбір адамдар үшін) нақты көрініс тапты. Локк дәуірінде қоғамдық келісімшартты қабылдаудан бас тартып, Америкадан кетіп, шөлейтте белгілі бір дәрежеде еркін өмір сүре алатын еді. Бұл қазір мүмкін бе? Сіз қайда кетіп қала аласыз? Тіпті кетіп қалуға бола ма өзі?

Қоғамдағы азшылықтың құқықтары немесе азшылықтың мүдделерін ескеру бойынша қоғам мен мемлекеттің міндеттері және бұл міндеттерді ең кең мағынасында жүзеге асыруға тырысу туралы Локктың ешқандай түсінігі болмады. Азшылықтың құқықтарының маңыздылығы туралы бізге XIX ғасырда Джон Стюарт Милль өз еңбектерінде дәлелдеді.

Локк қоғамдық игілік ұғымына аса көніл бөле қоймады. Ол жекеменшікті Қорғау мен қоғамдық игілік тең ұғымдар деген пікірді ұстанды. Қоғамдық игіліктің сізге ең маңызды және ең қажетті болып көрінетін құрамдас бөліктерінің тізімін жасап көріңізші.

Десек те Локк адамдарды көбірек ойлануға мәжбүр етті. Қазіргі заманғы либерал мемлекет келбетінің біртіндеп қалыптасу үдерісі көп жағынан алғанда осы ұлы философтың идеяларының негізінде жүзеге асты. Замандастары

Локктың көзінің тірісінде-ақ түсінді және оның идеяларын қызу қолдады. Ол өз елі монархтың билігін шектеуге, тұрақты өкілеттік үйымдар құруға, авторитаризмнің нашар элементтерінен арылуға, сенім бостандығын жариялауға үмтүлған ғаламат саяси өзгерістер кезеңінде өмір сүрді. Локк осы үмтүлыштардың озық үлгісі болды.

## Шарль Луи де Секонда, барон де Монтескье

### Өмірі

Монтескье 1689 жылы Бордоның оңтүстігінде Ла Бред қамалында дүниеге келді. Оның әкесі дворяндар тегінен шықты және кавалерия капитаны болды. Монтескьенің әкесінің інісі танымал заңгер еді. Монтескьенің өзі де оның жолын қууға тиіс болатын. Тынымсыз оқудан соң ол табысты заңгер болса керек еді, бірақ ондай өмір оны қызықтырмады. Құқыққа байланысты қызметке Монтескье немкүрайды қарады. Оны эксперименталдық ізденістер саласы көбірек қызықтырды. Бордо Академиясында ол анатомияны зерттеу бойынша сыйлық тағайындалды және өзі де дауыс желбезегін, жаңғырықтың себептерін, массаның қасиеттерін және тағы басқаларды зерттеуге арналған бірқатар ғылыми еңбегін ұсынды.

Нағыз танымалдыққа ол өз заманындағы француз өмірін, абсолютизмді, монархияның тым орталықтандырылуын, қатаң цензураны сынаған «Парсы хаттары» (1721) деп аталған еңбегін жасырын атпен жариялаған соң ие болды. Бұл еңбек Францияға келген парсы қонақтарының хаттары іспетті баяндалды. Отанына жазған хаттарында шығарманың кейіпкерлері парсы оқырмандарына Франциядағы өмір туралы әңгімелейді. Мұнда Монтескье, әрине, көпшіліктің назарына француз мемлекетінің құрылымы мен француз қоғамының өмір салты туралы өзінің өткір, кейде тіпті тым ащы пікірлерін ұсыну мүмкіндігін құр жіберген жоқ.

Монтескье құқықтың тарихы мен философиясы бойынша еңбектерін де жариялады. Бұл еңбектерде ол француз конституционализмінің теориялық принциптерін қарастыруға ерекше назар аударды. Осы туындыларда Монтескьенің Еуропада жалпыға бірдей монархия құру идеясына айқын қызығушылығы байқалады. 1728 жылы ол Француз академиясының мүшесі болып сайланды. Осы жылы Монтескье Еуропаға саяхатқа аттанып, Германияға, Австрияға, Венгрия мен Италияға, Голландияға барды. Азаматтарының ер-

кіндіктеріне кепілдік беретін Конституциясы өзін таңғалдырған Англияда да болды. Дегенмен Монтескье ағылшындардың парламенттік жүйесінің жемқорлығын айыптады.

Үйіне оралған соң Монтескье құқықтың табиғатын және мемлекеттік заңдардың біртұтас жүйе аясында бірге қызмет етуін зерттеуге арналған ірі еңбегін жазуға кірісті. Бұл үшін оған өте көп оқуға тұра келді. Осы түніндисінде Монтескье өмірінің соңғы жыларын арнады және парламент пен академиядағы қызметінен аулақтанып, сол кезде сөнгө айналған қоғамдастықтардың әлеуметтік шеңберінен алыстады.

Монтескьеңін «Зандар рухы» («L'Esprit des lois») еңбегі Женевада 1748 жылды жарық көрді, ол 31 том болды. Осы ғаламат түніндисін жазуға Монтескье бар күш-қайратын жұмсап, әбден титықтады. Үнемі оқығандықтан оның көру қабілеті әжептеуір бұзылып, деңсаулығы енді оңалмастай қатты нашарлады. Монтескье 1755 жылды Парижде дүниеден өтті.

## Әмір шежіресі

- 1661 жыл – XIV Людовик корольдің Франциядағы билігі басталды
- 1671 жыл – Парижде Декарттың философиясына тыйым салынды
- 1673 жыл – XIV Людовик парламенттік органдардың биліктегі өкілеттігін шектеді (заң шығарушы органдар, олардың мақсаттары – корольдің жарлықтарының дұрыстығы мен заңдылығын қадағалауды жүзеге асыру)
- 1689 жыл – Монтескье дүниеге келді. I Петр Ресейдің дара билеушісіне айналды
- 1690 жыл – Джон Локктың «Басқару туралы екі трактаты»
- 1721 жыл – Монтескьеңін «Парсы хаттары» жарияланды
- 1723 жыл – Корольдік кенес жойылды; XV Людовик кәмелетке толған деп жарияланды
- 1728 жыл – Монтескье Француз академиясының мүшесі болып сайланды; Еуропаға саяхат
- 1738 жыл – Дэвид Юмнің «Адам табиғаты туралы трактаты»
- 1743 жыл – XV Людовик патшалық етті
- 1748 жыл – Монтескьеңін «Зандар рухы туралы» еңбегі жарияланды
- 1749 жыл – Дидро түрмеге қамалды
- 1750 жыл – Вольтер Ұлы Фридрих сарайында; «Энциклопедия» жазу туралы ұсыныс
- 1751 жыл – «Зандар рухы» кітабы тыйым салынған түніндилар қатарына жатқызылды
- 1753 жыл – парламент Парижден қыылды
- 1755 жыл – Монтескье дүниеден өтті

Құақы және жеңілtek, күмәншіл һәм өркөкіректеу Монтескье біртіндеп сабырлы, басқаларды түсінуге қабілетті және оптимист адамға айналды. Ол өзін қоршаған нәрселердің бәріне зор қызығушылық танытты. Жинаған білімдері мен мәліметтерін жалпылай қорыту едәүір қажыр-қайратты, тынымсыз да ауыр еңбекті талап етті. Оның идеялары тиянақты және айқын. Монтескьенің барлық шығармалары жоғары деңгейде дамыған құқықтық сананы, адамның ар-намысына деген қамқорлықты, сонымен қатар осы ар-намыстың кемсітүге жол бермеуді еске салады. Монтескье философиясы – Ағарту дәүірінің бастапқы кезеңіне тән ойлау салтының жарқын үлгісі. (Ағарту дәүірі туралы ақпаратты 116-беттен қараңыз.)

## Ойлары

Монтескье табиғи құқыққа негіз болған теориялық принциптерді жасады. Ол табиғи құқық заттардың табиғатының өзінен туындастының қажетті қоғамдық қатынастарға сай деп есептеді. Іс жүзінде ол табиғи құқық ұғымын қолдана қоймаған шығар, бірақ оның түсініктеріне сәйкес, табиғи құқық – бастапқыда әртүрлі жағдайлардағы бірқатар факторлардың әсерінен пайда болып, ез қызметін атқарады. Соның нәтижесінде әртүрлі халықтарда және әртүрлі географиялық аймақтарда мемлекеттік құрылымның әртүрлі типтері қалыптасты. Монтескье өз енбегінде түрлі халықтардың мемлекеттік құрылымын зерттеу арқылы алынған орасан зор эмпирикалық тәжірибелі жалпылап қорытты. Бұл еңбекте дәлсіздіктер, тіпті қандай да бір бұлдыр, фантастикалық нәрселер де жиі кездеседі. Десек те Монтескье ілімінің негізгі мәні – әрқылы халықтардың мемлекеттік құрылымы мен құқығының олар өмір сүріп отырған жағдайларға тікелей тәуелді екенінде. Мұндай жағдайларға: әдет-ғұрыптар, нормалар, өмір суру аумағы, климаттық факторлар, тіпті топырақ ерекшелігі жатады.

Монтескье жасаған екінші қорытынды – абсолюттік монархияның Франция конституциясын өрескел бұзғаны соншалық, қоғамның қарапайым адамдарының еркіндігі тіпті мүмкін болмай қалды.

Монтескье мемлекетті басқаруды үш негізгі типке жіктеді және олардың әрқайсысы белгілі бір принциптермен сипатталатынын атап көрсетті:

- республика өз азаматтарының азаматтық адамгершілігіне тәуелді;
- монархия өз әскерлерінің ар-ожданына тәуелді;
- деспотизм қол астындағылардың үрейі мен құлдығына тәуелді.

Ол республика – шағын, монархия – орташа, деспотизм – ірі мемлекет болуы тиіс деп есептеді. Неге бұлай болуы керек – оны ешкім білмейді.

Монтескье абсолюттік монархияны деспотизм формаларының бірі деп есептеді. Ол өзі өмір сүрген дәуірдегі Францияны деспотизмі үшін айыптады. Француз деспотизмі король мен халық (занды қолданушы) арасын байланыстыруышы аралық билік құрылымдарын толығымен жойды. Осылайша құқықтың өзі жоғарғы биліктің еркіне теңбе-тең саналды. Ол Англияның құқық үстемдігіне, адамның жеке құқықтарын мойындауға және сақтауға негізделген сауатты монархия деңгейіне жеткеніне сенімді болды.

Монтескьеңінегі мақсаты – қоғамдағы еркіндікті өзіне тәуелді еткен жағдайларды қарастыру және талдау еді. Ол осы еркіндікті Францияда қайта қалпына келтіргісі келді. Монтескье Англияда еркіндік «билік тармақтарын бөлуге» сүйенді деп есептеді: заң шығарушы билік, атқарушы билік және сот билігі әртүрлі адамдардың қолында болды; мемлекеттік биліктің осы үш тармағы арасындағы тепе-тендік дәл осылай сақталды. Ол абсолюттік әділеттілік табиғаттың өзінен туындауды және позитивті құқықтан бұрын болды деп болжады.

**Позитивті құқық** – біздің күнделікті өмірімізді реттейтін құқық нормалары (сол жақты қозғалыс, 20 пайыздық салық төлеу, тұрғын аймақтар аясында ең жоғары жылдамдықты сағатына 50 шақырымға дейін шектеу және тағы басқа көптеген нормалар – позитивті құқықтың қазіргі заманғы мысалдары). Бұл зандарды адамдар жасайды және адамдардың өздері-ақ өзгертерді.

**Абсолюттік әділеттілік** – позитивті құқықтың алдында болады, біздің ол туралы түсініктерімізден тәуелсіз өмір сүретін белгісіз бір идеалды әділеттілік; біз осындай ұғымдарды олар туралы теориялық түсініктеріміздің аясында ғана «қолданамыз». Біз «зандылық», «құқықтағы тенденция», «кінәсіздік презумпциясы» деген базалық принциптер дәл осы категорияларға жатады деп болжаймыз.

## Түйін

Монтескьеңін зандар мен институттарды эмпирикалық зерттеуі дәл емес: ол дәлелденбеген мәліметтерді жиі қолданды.

Оның идеялары көбіне Рим республикасын идеалданырудан туындауды және өзі өмір сүріп отырған дәуірдегі ұлттық мемлекеттермен ортақ тұстары аз болды.

Монтескьеңін көзқарасы релятивизмге бейімдеу еді, себебі, оның пікірінше, құрылған және сақталып отырған кез келген мекеменің маңызды негіздері бар, сондықтан «рационалды». Мұндай көзқарасты тіпті Монтескьеңін

өзі жек көрген француз абсолюттік монархиясының деспотизмін ақтауда да қолдануға болады. Релятивизмнің осындай формалары Монтескье бар екенин мойындаған абсолюттік әділеттіліктен туындастын кез келген моральдық нормалардың өзін-өзі ақтауы, мемлекеттік зандардың өзгермеуі ұғымдарымен міндетті түрде соқтығысуы тиіс еді.

Монтескье адами зандарды рационалдық деп есептеді. Олай болса, «жаман құқық» бар ма? Сіз оны қалай түсіндіре аласыз? Адами құқық рационалды ма және рационалды болса, қандай дәрежеде?

Монтескьеңің философиялық көзқарастарынан туындастын маңызды идея: құқық – факторлардың тұтас кешенінің әсерінен пайда болып, дамиды. Құқық өзі соның аясында әрекет етіп отырған қоршаған ортаның жағдайларына тәуелді. Мұндай тұжырымдарға қатысты нені атап көрсетуге болады?

Монтескье, сонымен қатар кез келген мемлекет жетілмеген, бірақ оған дейін мінсіз, ізгілікті мемлекет болды, ол қазіргі заманғы кез келген мемлекетті жетілдіруге шабыт береді деп санады.

Монтескьеңің ойынша, құқықтық еркіндік – «заңмен рұқсат етілген нәрсенің бәрін жасау құқын беретін еркіндік». Бұл егер де заң сізге бірденені жасауға мүмкіндік берсе, сіздің іс-әрекеттеріңізді ешкім тоқтата алмайды, сізді жүріс-тұрыстың алдын ала тағайындалған үлгісін ұстануға ешкім мәжбүрлей алмайды дегенді білдіреді. Себебі заң сізге іс-әрекеттер еркіндігін береді.

Монтескье Англияда оның жүзеге асқанын өз көзіммен көрдім деп ойлаған «билік тармақтарын бөлу» идеясы ғылыми жолмен жасалған принципперге негізделмеген. Ол – мемлекеттік тетіктің біртіндеп және ұзак үақыт бойы эволюциялық дамуының нәтижесі. Монтескье мемлекеттік тетіктің «тепе-тендігі» ұғымын жасап, теорияға өзіндік үлес қосты. Ақыр сонында АҚШ пен Францияда осы теориялық түсініктерге үлкен маңыз берілді. Тежеу және қарама-қарсылық ұғымы АҚШ конституциясы (1787 ж.) мен Адам және азамат құқықтары декларациясында (1789 ж.) көрініс тапқан.

## **7. Бенедикт Спиноза: тиянақты ой және байыпты тұжырым**

Спиноза жеккөрінішті атеист деп те, санасына тек Құдай ғана ұялаған діндар деп те сипатталады. Бір адамның бір уақытта осындай екі түрлі болуы, әрине, мүмкін емес. Шын мәнінде, Спиноза өз бойында Құдайды, табиғатты және адамдарды қамтитын біртұтас рухани тұтастықты қалыптастыруға талпынған рационалды пантеист еді. Оның дәлелдері өте дәл және жүйелі болатын. Олар көп жағынан алғанда Евклидтің теоремасына ұқсас-тұғын.

Әр дәуір алғашқы қарапайым пайымдардан алынған салмақты да мұқият ойластырылған дәлелдерге негізделген кешенді философиялық жүйелер құруға ұмтылған философтарымен әйгілі. Спинозаның философиялық ойлары адамдар үшін осындай маңызды рөл атқарды.

Спиноза дүниеге келер алдында ғана Голландия ой еркіндігі принципін жариялады. Осы шағын ел сенімдері немесе пікірлері үшін қудаланғандардың бәрі пана тапқан қасиетті орынға айналды. Сонымен қатар Голландия радикалды ойшылдар ең құрығанда өздерінің кітаптарын басып шығара алатын шапағаты тиді.

### **Әмірі**

Бенедикт Спиноза 1632 жылы дүниеге келді. Ол философ, математик және ғалым еді. Спиноза білім жүйесіндегі төңкеріс арнайы мамандандыруды қажеттілікке айналдыра қоймағандықтан, барлық студенттер оқу пәндерінің кең шеңберін зерттеу мүмкіндігіне ие болған уақытта өмір сүрді.

Спиноза жарық дүниенің есігін Амстердамда ашты; оның ата-анасы мұнда инквизицияның қудалауынан бас сауғалап, Португалиядан қашып келген-ді. Ол сол замандағы еврей баласы үшін әдеттегі деңгейде білім алды. Спиноза көптеген еврей ойшылдарының еңбектерін зерттеді. Оған

ортағасырлық еврей философи, теологі және дәрігері, ақыл мен сенімді бір бастауға тоғыстырып, еврей философиясын Аристотель ілімімен жақындастыруға тырысқан Мұса (Моисей) Маймонидтің еңбектері үлкен ықпал етті. Спиноза каббаланы да білді. Бірақ ол көп ұзамай дінді бұзушы деп айыпталып, синагогадан жиырма төрт жасында қуылып, линзаларды жалтыратумен айналысып күнін көрді. Оның достары радикалдық протестантизмді ұстанды. Спиноза менгерген алғашқы тіл испан тілі болған се-кілді. Сонымен қатар ол португал, латын және грек тілдерін айтартықтай тез игерді. Сондай-ақ француз, итальян, иврит және голланд тілдерін де білетін.

Спиноза 1660 жылы Лейденге қоныс аударды. 1663 жылы Гаагаға көшті. Оның алғашқы еңбегі – «Ақылды жетілдіру туралы трактат». Осы еңбектің жазылуына Рене Декарт ықпал етті. (Бірақ бұл еңбегінде Спиноза картезиандықты сынады да.) Оның келесі еңбегі – «Этика». Бұл туындысында өзінің ойлар мен іс-әрекеттер еркіндігін пайдалануға батылы бармай, жасырын есіммен жариялады. Голландия, біз атап өткендей, басқа европалық мемлекеттерде бар цензурадан азат, салыстырмалы түрде либерал мемлекет еді. Осыған қарамастан, Спинозаның бұл кітaby голланд қоғамын да абыржытты. Бұл кітап қатты сынады да, Спиноза енді ештеңе жарияламаймын деп шешті. Ол «Этиканы» аяқтап, «Діни-саяси трактатты» жазуға кірісті, дүниеден өткендіктен туынды аяқсыз қалды. 1673 жылы Спинозаға Гейдельбергте философия профессоры қызметі ұсынылды, бірақ ол одан бас тартты. Ол өзінің ой еркіндігі шектелгенін қаламады.

Спинозаның кітаптары латын тілінде жазылды. Оның еңбектері логикалық жағынан дәл және геометриялық теоремалар формасында баяндалады. Эйгілі *geometrico demonstrata* – оның философиясының айқын белгілерінің бірі. Спиноза тұжырымдаған аксиомалар пікірлерге негізделді, олардың әрқайсысына нөмір берілді. Өзінің пайымдауларын ол көбіне QED әріптерімен аяқтап отырды: *Quod erat demonstrandum* – дәлелденуге тиіс нәрсе осы дегенді білдіреді. Спинозаның мақсаты – адамдарды ақыл-ой еріксіздігінен азат ету және олардың таным үдерісінен рақат алуына ықпал ету. Танымның үш түрі бар: зерде, сенім және рационалдық интуиция. Спиноза қоғамдық өмірді – бірге өмір сүру үшін өзара келісімге келген адамдар бірлестігі деп түсінді.

Спиноза – толығымен рационалист. Оның философиялық еңбектерінің қатаң сипаты өзіндік дүниетанымынан туынрайды.

Философиялық еңбектерінің салмақтылығы мен дәлдігіне қарамастан Спинозаның өзі қарапайым адам болды. Ол бірде: «Көңілділік ешқашан

көп болмайды, көңілді болу – қашан да жақсы; екінші жағынан келгенде, меланхолия – ылғи да жаман» деп жазды.

Спиноза ешқашан үйленген жоқ. Ол 1677 жылы 45 жасында құрт ауруынан қайтыс болды.

## Өмір шежіресі

- 1632 жыл – Спиноза дүниеге келді
- 1637 жыл – Декарттың «Әдіс туралы пайымы»
- 1638 жыл – Галилео Галилейдің «Маятниктің қозғалысы туралы» заңы
- 1649 жыл – Англияда I Карл жазаланды
- 1651 жыл – Гоббстың «Левиафанды»
- 1656 жыл – Спиноза синагогадан қылды
- 1667 жыл – Мильтонның «Жоғалған жұмағы»
- 1670 жыл – Спинозаның «Діни-саяси трактаты» жарияланды
- 1677 жыл – Спиноза дүниеден өтті; «Ақылды жетілдіру туралы трактат» жарияланды; «Этика» жарық көрді

## Ойлары

### *Спинозаның саяси көзқарастары*

Спинозаның «Діни-саяси трактаты» – Інжілді сынау мен саяси теорияның қоспасы. Ол – XIX ғасырда ғана кеңірек таралған қазіргі заманғы либералды інжілдік критицизмнің атасы.

Спинозаның саяси ойы табиғи күйде заң болмады деп тұжырымдаған Гоббстың ықпалымен қалыптасты. Спиноза: «Заңға бағынбау туралы мәселе көтерудің өзі мүмкін емес еді, себебі табиғи күйде заңның өзі әлі болған жоқ, яғни дұрыс немесе бұрыс дегеннің болуы да мүмкін емес», – деген. Спиноза монархтың бұрыс іске бармайтынына сенімді болды (бұл аздап түсініксіз, бірақ монарх, Спинозаның пікірі бойынша, қоршаған нақты дүниенің беталысы қандай болса, солай істеді) және шіркеу мемлекеттің бақылауында болуы тиіс деп есептеді. Спиноза бұліктер мен халықтық көтерілістерді айыптады, бірақ азаматтар монархқа өздерінің бүкіл құқықтарын беруі тиіс деп тұжырымдады. Спиноза адам құқықтары мемлекеттік құқықтан пайда болады деп санады ма, әлде олар табиғи құқықтан туындейды деген көзқарасты ұстанды ма – мұны бүгін анықтау қыын.

**Мемлекеттік** және **табиғи құқықтың** арасындағы айырмашылық қандай? Мемлекеттік құқық – талқыланатын, қабылданатын және халықта жарияланатын нормалардың жиынтығы. Бұл нормалар өзгертулуда мүмкін. Табиғи құқық – мемлекеттік құқықтан және монархтың еркінен бөлек берілген маңызды, іргелі құқық. Біз табиғи құқық позитивті құқықтың алдында болғанын есте ұстауға тиіспіз. Ол позитивті құқықтан жоғары. Табиғи құқықты өзгертуге мүмкіндік беретіндей билік адамдарда жоқ.

**Каббала** – о дүниемен қарым-қатынас туралы оккульптік ілім бойынша еңбектер жиынтығы.

**Ақырғы, соңғы** – белгілі бір шегі бар, шектелген нәрсені білдіреді.

**Субстанция** деп қазіргі уақытта материяның формасын, мысалы, Жерді, қорғасынды немесе жұнді атау мақұлданған. Метафизикада субстанция материяны қалыптастыратын белгісіз бір мән немесе форма деп түсініледі. Мысалы, үстелдің субстанциясы – үстел жасалған ағаш.

**Метафизика** – болмысты бар болу ретінде зерттеу; бар болып отырғанның мәні туралы пайымдаулар; нақты дүние негізделетін алғашқы себептер мен принциптер туралы ілім; бізді қоршаған нақты дүниені рационалды тану; адамды қоршаған заттар, олардың тереңдігі мен мәні туралы рационалды білім.

**Пантеизм** – Құдай мен қоршаған дүние біртұтас деген тұжырымды ұстанатын діни және философиялық көзқарастар.

**Логикалық қажеттілік** ненің міндетті түрде өмір сүруі керегін немесе ненің болуы тиіс екенін анықтайды; өзгермейтін логикалық заңдар, ақыр аяғында дүниеде болатынның немесе жасалатынның бәрін алдын ала анықтайды.

**Материализм** – физикалық материя ғана нақты және ойлар, сезім, ақыл-ой, жан, ерік сияқты феномендерді физикалық нақтылықты білдіретін терминдер арқылы түсіндіруге болады дейтін философиялық көзқарас.

**Детерминизм** – әр оқиға, іс-әрекет немесе шешім ертеректе болған жайттың болмай қоймайтын нәтижесі екені және адам еркінің мұны өзгертуде ешқандай рөл атқармайтыны туралы философиялық ілім.

## Спинозаның метафизикасы

Спиноза дүниеде жалғыз ғана субстанция өмір сүреді деп есептеді: «Құдай немесе Табиғат». Аяқталатын нәрсенің бәрі субстанция бола алмайды. Ақыл-парасат пен материя, ой мен кеңөріс – Құдайдың атрибуттары. Құдай басқа да көптеген атрибуттарға ие, бірақ біз оларды танып-біле алмаймыз. Адамдардың жандары және дүниеде бар заттардың бәрі өздігінен өмір сүрмейді. Олар Құдіретті болмыстың сыртқы көріністері ғана (басқа сөзben айтқанда, оларды зат есімдерден гөрі сын есімдермен салыстырған дұрыстау). Ажалсыздық Құдіретті мәнге ұласуға байланысты. Ол – тұлғасыз; егер біз ажалсыздықта жетсек, индивид ретіндегі бірегейлігіміз із-түссіз жоғалады.

Құдай – біртұтас жалғыз субстанция. Ол өзінің өмір сүруін өзі туындаады. Оның болмысы қандай да бір сыртқы себептермен түсіндіріле алмайды: субстанциядан тыс болып отырған ештеңе осы субстанцияның мәніне ықпал етпейді. Біз субстанция туралы пайымдағанда, оны табиғат деп түсіне отырып, ең алдымен, оның физикалық қасиеттері мен кеңөрісі (ол белгілі бір орын алады, кеңістікте орналасады) туралы ойлаймыз. Оны Құдаймен теңестіре отырып, негізінен, ой ұғымын қолданамыз. Спинозаның пікірінше, ой мен кеңөріс – «Құдай немесе Табиғаттың» басты екі атрибуты. Бірақ қарапайым адамдар ақыл-ой туралы пайымдағанда, олар оны тәнмен шенdestіrmейді немесе керісінше.

Спинозаның ойынша, субстанция әртүрлі формаларға ие, ол оларды модустар деп атады. Модустар – субстанцияның өзінен басқа өзге категориялардың негізінде түсіндіріле алатынның бәрі. Модустардың дүниеде өмір сүруі субстанцияның бар болуымен түсіндіріледі. Модус ұғымын лимонад көпіршіктерін мысалға ала отырып түсіндіруге болады. Сізде көпіршіксіз сұйықтық (субстанция) болуы мүмкін, бірақ сұйықтықсыз көпіршіктер (модустар) болуы мүмкін емес. Сондықтан субстанцияның өмір сүруі – модустардың өмір сүруінің қажетті шарты. Жансыз объектілер, өсімдіктер мен жануарлар (адамды қоса алғанда) модустар болып саналады. Бұл заттардың өзгермелілігін түсіндіреді. Егер біз модус болсақ, субстанцияның бөліктеріміз. Субстанция модустардың өмір сүруін алдын ала анықтайды.

Спиноза құбылыстар мен оқиғалардың бәрі алдын ала жоспарланған сценарий бойынша жүреді деп болжамдады. Құдай немесе Табиғат субстанциясы өзінің формасын өзі анықтайды. Оның басты белгілері – ой мен кеңөріс. Спиноза дүниеде бәрі логикалық қажеттілікке негізделген деп есептеді. Осы себепті ақыл-ойға еркін ерік берілмеген, ал физикалық дүниеде жағдайлардың кездейсоқ тоғысуынан ештеңе пайда бола алмайды. Спинозаның ойынша, о дүниедегі өмір және жанның өлмейтіндігі деген болмайды.

Дүниеде болып отырғанның бәрі Жаратушы табиғаттың нәтижесі: оқиға қалай болса немесе дүние қалай жаратылса – содан өзгеше бола алмайды, бұл логикалық түрде мүмкін емес. Спиноза біздің дүниеміз бүкіл дүниелердің арасындағы ең жақсысы дегенде дәл осыны айтқысы келді. Егер біз бірденені дұрыс емес, күнәшарлық деп есептесек, бұл – терістің бәрі біз үшін жаман болып саналғандықтан ғана. Теріс шектеулі тіршілік етушінің ойлау деңгейінде ғана өмір сүре алады. Құдайда теріс ештеңе жоқ.

Шектеулі заттар қарама-қарсы ұғымдармен анықталады. «Барлық анықтамалар негативті», – деді Спиноза. Мұны шұңқырмен салыстыра отырып түсінуге болады. Шұңқыр, Спинозаның тілімен бейнелесек, оның шекарала-

ры арқылы анықталады: сіз шұңқырдың өзін көрмейсіз; көретінің – оның айналасындағы жердің пішіндері. Шұңқырдың өзі, шын мәнінде, жоқ. Құдай да осылай. Ол бәрінен көрінеді, ол күмәнсіз және шексіз. Осы болжамдардың бәрінен өмір сүріп отырғанның бәрі Құдай немесе, ең аз дегенде, оның бөлігі екені шығады. Осыған байланысты Спиноза пантеист болды деген сөздің жаны бар.

Спинозаның физикаға және дүниенің құрылымына көзқарастары, жалпы алғанда, материалистік және детерминистік болды. Дегенмен дүниенің жоғарыда сипатталған бейнесі аясында ұлы философ – жақсы атаулының бәріне адаптулаған және Құдайды қастерлеп, оған осы жүйеден орын табуға тырысты.

### *Құмарлықтар*

Спинозаның психологиялық көзқарастары эгоистік реңкке ие: адамдар өздеріне ғана қызмет етеді. Өзін-өзі сақтауға ұмтылыс – құмарлықтардың негізгі себебі және адамның мінез-құлқын реттеп отырады. Бірақ кейбір кездейсоқтықтар бар: мысалы, махаббат жеккөруге ауысуы мүмкін. Құмарлықтар – көмескі, бұлдыр идеялардың нәтижесінде немесе біз сыртқы факторлардың ықпалына бағынғанда туындайтын сезімдер. Бізде осы сезім туралы дәл және айқын идея, түсінік пайда болғанда сезім құмарлық болудан қалады. Нақты болып отырған және айқын көрінген ортақ белгілеріміз бізді біртұтас ұғымға біріктіреді. Осылай болғанда өзін-өзі сақтаудың мәні түбегейлі өзгереді.

### *Спинозаның этикалық көзқарастары*

Спинозаның пікірінше, жанның немесе ақыл-ойдың ең жоғары игілігі – Құдайды танып-білу. Демек, дана адамдар Құдайды ұғынуды өздеріне мақсат тұтады.

Біздің бастаң өтетіннің бәрі сыртқы объективті себептерден туындайды. Оқиғалар мен құбылыстар алдын ала анықталып қойылған, себебі біздің өзіміз – қандай да бір бәрін қамтитын тұтастықтың (яғни табиғаттың) бөліктеміз. Біз осы аса зор тұтастықтың нақты дүниесін қаншалықты ұғынсақ, дәл соншалықты дәрежеде еркінбіз. Бірақ Спиноза осы толық мағынасындағы еркіндік сезін теріstedі.

Спиноза қылмыс – интеллектуалдық қателік деп есептеді. Осы жағынан алғанда оның пікірі Сократтың пікіріне толық сай. Адамдардың барлық эмо-

циялары өткенмен және бүгінмен байланыстырылады. Бірақ Спинозаның түсінігінде уақыт нақты емес, сондықтан эмоциялар ақыл-ойға қарсы. Данамен дүниені Құдай қалай көрсе, солай «*sub specie aeternitatis*» (мәнгілік тұрғысынан) қабылдауға ұмтылады. Болашақ, өткен шақ сияқты, өзгеріссіз. Болашақты белгісіз деп қарастыру – ақымақтық; болашақты осылайша қате болжай үмітпен қоса үрей туғызады.

Спиноза адамдарды үрейдің құлдығынан босатқысы келді. Ол бұлдыр идеялардан туындаған құмарлықтарға – эмоцияларға қарсы болды. Даналық – Құдайға деген интеллектуалды махаббат, сонымен қатар ой мен эмоцияның одағы. Бұл жағдайда ақиқат ой қуанышпен қауышады, себебі оның пайда болуы адамның ақиқатты ұғынуына (яғни бәрі Құдайдың бөлігі екенін түсінуге) байланысты. Біз Құдайды сүйе алымыз, бірақ Құдайдың бізді сүюі міндепті емес: сүюші Құдай өзінің жаратушылық мәнін жоғалтады. Құдайға қандай да бір рақат (немесе азап) тән емес.

Дегенмен Спиноза Құдайға интеллектуалдық махаббатпен ұмтылғанына қарамастан, өзі діни мистик болған жоқ.

### «Этика» (1667)

- Егер бірдене өзін-өзі туыннататын болса, ол міндепті түрде өмір сүріп, бар болады.
- Субстанция өзін-өзі туыннатады, ол шексіз және еркін. Құдай – жалғыз субстанция.
- Құдай сөзсіз бар. Құдай шексіз атрибуттарға ие.
- Біз Құдайдың екі шексіз атрибутын ғана білеміз: олар – ой және кеңеріс.
- Ой мен кеңеріс – бір субстанцияның сипаттамалары, сондықтан тән деңгейінде болып жатқанның бәрі ақылда да бейнеленеді. Бұлар бір құбылыстың әртүрлі кезеңдері ғана.
- Жалған идея – Құдайды теріс сипаттайтын идея. Дұрыс идеяларға жеткенде, тән өзгерістері туынрайды; сонда құмарлықтар құлдығынан азат ететін адами еркіндікке ие боламыз.
- Құдайды танып-білу – ақыл-ойдың ұлы құндылығы.

### Спинозаның таным теориясы

«Ақылды жетілдіру туралы трактатта» Спиноза танымның төрт деңгейін белгілейді:

- (1) Естігеннен алғынған білім: басқа адамдардың дәлелдері.
- (2) Бұлдыр және шатасқан өмірлік тәжірибеден алғынған білімді қабыл-

дау: менің басымнан өткен кейбір жағдайлардың басқаларда да, басқалардың басынан өткен кейбір жағдайдың менде де болатынын шамалап білемін.

(3) Бір заттың мәні басқа заттан шығарылады. Бірақ айқын емес.

(4) Заттар мен құбылыстар олардың мәнін ұғыну арқылы немесе олардың тікелей себебін танып-білу арқылы қабылданады.

*«Этикада» Спиноза танымның үш түрі туралы баяндайды:*

(1) Пікір және елестету деңгейі. Бұл деңгейде ақыл-ойдың белсенділігі қолданылмайды, басқа мүшелердегі өзгерістер мен қүйлер бейнеленеді. Ол тәжірибелі бейнелейді, алайда айқын емес.

(2) Ақыл-ой деңгейі. Тәндердің идеясы болып саналатын рухани бастаулар осы тәндердің жалпы қасиеттерін: қозғалысты, массаны, қаттылықты және тағы басқаларын тікелей бейнелейді. Заттар мен құбылыстарды түсіну үшін біз логиканы қолданамыз және жалпылама қорытындылар жасаймыз. Танымның осы типінде ақиқатқа жету сөзсіз.

(3) Интуитивті таным. Танымның осы деңгейі аясында адам зердесі же келеген заттарды немесе құбылыстарды қарастыруға назар аударады. Бұл заттар немесе құбылыстарды ақыл-ой қабылдап, олардың Құдаймен өзара мәндік байланыстары арқылы танып-біледі. Олар қоршаған дүниеде көрініс тапқан жеке феномендер ретінде қарастырылмайды.

### *Еркіндік және құлдық*

Спиноза эмоцияларымызды жұмсарудуға және бағындырудуға әліміз жетпейтін жаннның құлдығында өмір сүреміз деп атап көрсетті. Тілектер енжар эмоциялардан пайда болады. (Есінізде болсын: олар өзін-өзі сақтауға ұмтылған әрекетке екпін береді және бұлдыր идеялардан туындейды, әсіресе бізге қандай да бір сыртқы факторлар әсер еткенде.) Енжар эмоциялар біздің ізгілік пен зұлымдық туралы түсініктерімізді қалыптастырудымызға көмектеседі. Дегенмен адамның идеалдарға жетелеуші позитивті, яғни ақиқат, объективті білімге ие бола алатынын, бірақ дәл осы үақытта теріс қылықтар жасауы мүмкін екенін де жоққа шығаруға болмайды.

Сонымен біздің өміріміз еріксіздікте, енжар эмоция құлдығында өтеді. Мұндай өмір ақыл-ойға негізделген ізгілікті өмірге қарама-қарсы. Егер біз ақыл-ойға жүгіне отырып әрекет етсек, ізгілікті іс істейміз. Еркін болып, эмоциялар құлдығына түспеу үшін ақылға жүгіну керек. Жек көру адамдардың бір-біріне ұқсас және жалпы игілікке ие екенін түсінбегенімізден пайда

болады. Біз осыны санамызбен ұғынғанда ғана қоғамның басқа мүшелеріне ұлымдық тілеуді тыямыз.

## Түйін

Спиноза ұлы философтардың арасындағы ең сыйлы, ең ізгі және ең танымал тұлға деп саналады. Ол иғі дүниетанымға ие адам болды. Философия мен дін ол үшін біртұтас еді және Спиноза осы сенімдеріне сай өмір сүрді. Ол даңқ пен байлыққа ұмтылмады; күнкөріс қаражаты да қарапайым болды.

Спинозаның барлық оқиғалар белгісіз бір логикалық қажеттіліктің нәтижесі екеніне сенімі қазіргі логикаға және ғылыми әдіске сәйкес бола алмайтынын атап өту керек. Адамдар деректерді рефлексияның, яғни пайымдаулардың көмегімен емес, бақылау арқылы зерттейді. Болған оқиға туралы дұрыс қорытындылар жасай отырып, біз санамызда өзімізге белгілі деректерді ғана біріктіреміз. Қорытындыларымыздың дұрыстығы кейбір бейтұлғалық логикалық күштің іс-әрекетіне мұлде тәуелді емес.

Спиноза көбіне қазіргі заманғы ғылыми көзқарастың негізін салушы болып саналады. Мұның себебі – оның болып жатқан оқиғаларды натуралистік тұрғыдан түсіндіруге ұмтылуынан, оларды «ғаламат жоспарды» жүзеге асыруға қатыстылығын анықтау арқылы түсіндіруге тырыспауынан. Бірақ не десек те ғылыми зерттеулер саласында (құбылыстарды эмпирикалық зерттеу) қолданылатын әдіс – Спиноза өз философиясында қолданған әдіс емес.

Спинозаның этикасы біз адам мүмкіндігінің өте-мөте шектеулі екенін сезінген сәттің өзінде де ізгілікпен өмір сүруіміздің қаншалықты керек екенін көрсетуге ұмтылады. Спиноза адам өмірдегі сәтсіздіктерден, қайғы-қасіреттен немесе өлімнен соншалықты қорықпауы немесе толқымауы тиіс деп есептеді. Шынына келгенде, біз өз үрейімізді өзіміз жеңе аламыз. Бірақ адам табиғаты өзіміз жақсы көретін адамдардың сезімдері мен эмоцияларын басымыздан өткізуге мәжбүрлейді.

Сонда бізді сезімтал ете түсетін алауыздықтар мен бақытсыздықтар өзара үйлесімді болғаны ма? Адамның өмірі Ғаламның түйіршік бөлшегі ғана екені туралы ой бізді жұбата ала ма?

Спинозаның басты мақсаты – таным теориясын немесе жетілген қоғамдық басқару теориясын құрастыру емес еді. Ол ақыл-ойды тыныштандыру жолдарын және адами құмарлықтар құлдығынан құтылу тәсілдерін ғана іздеді. Еркіндік дегеніміз – құмарлықтардан арылу, оған дана адам нақты дүниені

мәңгілік тұғырынан қарастырғанда жетеді деген Спинозаның түсініктері тура-лы сіз не ойлайсыз?

Спиноза өзінің ойларын адами азаптарға толы болмыстан қомақтырақ бірденені қарастыруға шоғырландырды. Мұндай философиялық көзқарастың эгоцентризмді жоюға жарап қалатын кездері де болады.

Дүниенің Құдай мен адам табиғатының біртұтас нақты әлемге бірігуіне негізделген философиялық бейнесі Спинозаның өзі қайтыс болғаннан кейінгі жүздеген жылдар бойы әртүрлі ойшылдарды қызықтыруын жалғастыра берді. Бұл қызығушылық тіпті толастамайтын тәрізді. Осы кітапта айтылған фило-софттардың қайсысы дүниенің біртұтас принципке негізделген бейнесін қа-лыптастыруға ұмтылып еді?

## **8. Дэвид Юм: Эмпирикалық растау**

Жаңбыр жауып тұрғанын қайдан білесіз? Терезеге қарайсыз. Жұмысқа барап жолдағы қозғалыстың қыын екенін кімнен естідіңіз? Радиодағы хабарламадан құлағының шалды. Ал олар қайдан біледі? Олардың ақпарат табатын арнайы адамдары бар. Өзгеріс бола қалса, сізді лезде хабардар етеді. Olsen адамдар өзгерістерді қайдан біледі? Olsen бақылап отырады.

Ақылға сала келе сіз қоршаған дүниені ұғынудың мұндай жолы ұзақ уақыт бойы танымның қарапайым тәсілі ретінде қарастырылды деп түйер едіңіз. Тіршілікте маңдайын тауға да, тасқа да соғып жүріп жол табатын адамды көбіне тұрпайы эмпирик деп атаған. Ал қазір танымның мұндай тәсілін білімге апаратын жалғыз жол ретінде қарастырушылар аз емес. Осындай әдіспен жиналған мәліметтерді ғана білім деп атауға болады екен. Сонда әу бастағы көзқарастар қалайша өзгеріп кетті? Бұл үшін біз Дэвид Юмнің атына мадақ айтуда (немесе айыптауда) тиіспіз.

Қ

### **Өмірі**

Дэвид Юм Эдинбург қаласында дүниеге келді, өмірінің көп бөлігін де сонда өткізді. Алайда ол біраз уақыт шетелде, негізінен, Францияда оқып, жұмыс істеді және Француз Ағарту дәүірінің көптеген өкілдерімен танысты.

Отбасы мүшелері Юмді зангер етуге тырысты, бірақ ол әдебиетке, сондай-ақ «философияға және жалпы ілімдерге» көбірек қызықты. Әйтсе де күн көру де керек еді, сондықтан ол Бристоль қаласында кәсіпкерлікпен айналысты. Юм бұл салада онша табысты болмады, сондықтан ол кәсібін тастанап, Францияға кетті де, өмірін әдебиетке арнамақ болды. Ақшасы болмағандықтан, жұпның өмір сүрді. Сол Францияда 1737 және 1743 жылдар арасында Юм өз еңбектерінің ішіндегі ең атақтысын – «Адам табиғаты туралы трактатты» жазды. Бірақ бұл еңбек «баспадан шыққан сәттен-ақ өлі туғандай» еді, тіпті «өзін жақтаушылардың ортасында тілге тиек етуге де

жарамады». Жас Юм кітап өз сыншыларын табады, әсіресе діни консерваторлар үнсіз қалмайды деп үміттенді. Аяусыз сынға өткір тойтарыс беруді жоспарлап қойған-ды, бірақ оның жұмысын ешкім де елең қылған жоқ.

1737 жылдан 1746 жылға дейін Юм үйінде анасымен, інісімен және әпкесімен бірге тұрды. Осы уақыт ішінде ол «Моральдық және саяси очерктер» жазып, жариялады. Бұл кітап алдыңғысынан табыстырақ болды. Осыдан әсерленіп, шабыттанған Юм бұрынғыға қарағанда танымал бола түсер деген үмітпен бірінші кітабын қайта жазып шықты.

Юм Эдинбург университетінің этика профессоры атағын алуға өтініш берді, шамасы, атеистік көзқарастары үшін болар, оның кандидатурасы қабылданбады. Ол жеке репетитор да болды, кейін шетелде жеке хатшы болып та жұмыс істеді. Оның алғашқы кітабы қайта жазылып, «Адам түсінігі туралы зерттеулер» деген басқа атаумен (қазір де солай аталады) әр тарауы бөлек жарияланды. 1751 жылды «Мораль принциптері туралы зерттеу» жарық көрді. Шын мәнінде, бұл кітап «Адам табиғаты туралы трактаттың» қайтадан жазылған үшінші бөлімі болатын. Келесі жылды «Саяси әңгімелер» еңбегі жарайқа шықты. Юмнің беделі қайтадан қалпына келді.

1752 жылды Юм Эдинбургтегі Адвокаттар факультетінің кітапханашысы болды. Әпкесі екеуі қалада үй тұрғызыды. Көп ұзамай Юм Англия тарихына арналған еңбегін жазуды бастады. 1763 жылдан 1766 жылға дейін Париждегі Британ елшілігінің хатшысы қызметін атқарды. Мұнда ол энциклопедистермен араласты. Юм Лондонға әйгілі Жан-Жак Руссо мен бірге оралды. Алайда ол Руссо мен тіл табыса алмады, сөйтіп екеуінің татулығы ұзаққа барған жоқ. 1767–1769 жылдар ішінде Юм Лондонда саясатқа да әжептәуір араласып көрді. Өмірінің соңына қарай, ол Эдинбургке оралып, 1776 жылды сонда қайтыс болды. «Табиғи дін туралы сұхбаттар» ол дүниеден өткен соң жарық көрді.

Өмірбаянында Юм өзін «сабырлы, өктем мінезді, ашық, көпшіл, көңілді, өзіне сенімді, дегенмен тез қылт ете қалатыны да бар және өз нәпсісін бұғау-лап ұстайтын» адам ретінде сипаттаған. Ол: «Бойымды билеген әдеби даңққа деген құмарлық, сол жолда қанша сүрініп жатсам да, мінезімді ешқашан бұза алмайды», – деп жазды. Юм толық, жуан адам болған, оны «тасбақа жүтқан төре» деп те сипаттайды. Ол ағылшынша сөйлейтін, алайда өзіне тән ерекше шотланд мақамы бар-ды. Оның француз акценті де оғаштау естілетін.

Юмнің кезінде Эдинбург Ренессанс дәуіріне қадам басты. Қала түгел дерлік қайта салынды деуге болады. Көшелері көркем де кең бола түсті, келісті ғимараттары мұқият қадағаланған мінсіз ретпен орналастырылды. (Юмнің кезіндегі Эдинбургті тамашалауға сіздің де мүмкіндігіңіз бар. Бұл қала бұрынғы қалпынан көп өзгермеген.) Юм ескі қалада тұрды, қазір оның

үйінің жанында орналасқан мұсіні маңайындағы көшелерді көзбен шолып түрғандай.

Юм – Шотланд Ағарту дәуірінің басты қайраткерлерінің бірі болды. Оның есімі он сегізінші ғасырдағы Шотландияның қайта өркендеу, рухани жаңару, ақыл-ойдың оянуы және білім беруді дамыту кезеңімен үндес.

**Ағарту дәуірі** – Еуропа тарихының бір кезеңі, шамалап мөлшерлегендеге, он сегізінші ғасырды қамтиды. Бұл кезеңде ескі ықпалдардан (мысалы, шіркеуден) бастарту, еркіндікті жоғары құндылық ретінде жариялау және адамның іс-әрекеті мен сенімдеріне қатысты мәселелерде ақыл-ой үстемдігіне жүгінуге шақыру үрдісі жүрді. Кейбір европалық елдерді оқыған деспоттар басқарды. Ағарту дәуірінің идеалдары АҚШ Конституциясын жазуда маңызды рөл атқарды.

**Энциклопедистер** – Ағарту дәуірінің басты қайраткерлеріне айналған француз ойшылдарының тобы. Олардың мақсаты – көпшілік оқырманға түсінікті мәнерде баяндалған рационалды білімдер жиынтығын қамтитын жинақ жасау болды. Олардың ортақ енбегі «Энциклопедия немесе ғылым, өнер және кәсіп сөздігі» деп аталды.\* Білімнің іс жүзінде қолданылуына ерекше назар аударылды. Инженер, дәрігер сияқты мамандар көкейлеріндегі сұрақтарға жауап табу үшін осы жинақты қолданына алатын. **«Энциклопедия»** 35 томнан тұратын. Оны әсіресе дінбасылар мен дворяндар қабылдамады. Кітап саудагері Ле Бретонның іскерлігі мен алғырлығының және Дидроның қажыр-қайратының арқасында ғана жинақ табысты болды.

## Ойлары

Юм өзінің эмпирикалық теориясын ақырына дейін жеткізді және Берtran Расセルдің пікірі бойынша, «ішкі үйлесімін сақтай отырып, тамаша түзіп шықты». Эмпирикалық философия біздің қабылдауымызға, біз түйсінетін нәрселерге (яғни біздің сезім мүшелеріміз арқылы қабылданатын ақпаратқа) назар аударады.

### Әмір шежіресі

1707 жыл – Шотландияның Англиямен униясы туралы акт

1711 жыл – Дэвид Юм дүниеге келді

1727 жыл – II Георг Ұлыбритания мен Ирландияның королі атанды

\* Encyclopédie, ou Dictionnaire raisonné des sciences, des arts et des métiers (Paris le Breton, 1751–1776).

1738–1740 жылдар – Юмнің «Адам табиғаты туралы трактаты» жарық көрді  
 1741–1742 жылдар – Юм «Моральдық және саяси очерктерін» жазып, жариялады  
 1742 жыл – Гендельдің «Мессиясы»  
 1751–1776 жылдар – Дидроның (және т.б.) «Энциклопедиясы» жарық көрді  
 1751 жыл – «Адам табиғаты туралы трактат» «Адам түсінігі туралы зерттеулерге» айналды  
 1752 жыл – Дэвид Юмнің «Моральдық очерктері» жарияланды  
 1756–1761 жылдар – Юмнің «Англия тарихы» бөлім-бөлімімен жарияланды  
 1760 жыл – III Георг таққа отырды  
 1763–1766 жылдар – Юм Париждегі Британ елшілігінің хатшысы болып тағайындалды  
 1767–1769 жылдар – Юм Лондонда; мемлекеттік хатшының көмекшісі міндетін атқарды  
 1769 жыл – Эдинбургке оралу  
 1774 жыл – XVI Людовик Франция королі болды  
 1775–1783 жылдар – АҚШ тәуелсіздігі үшін соғыс  
 1776 жыл – Юм дүниеден өтті

## Ойлары

Юм эмпирикалық әдісін этикалық және гуманитарлық ғылымдар салаларында қолдануға тырысты. Ол осы әдістің көмегімен математика, физика және гуманитарлық ғылымдардағы адам танымының шегін анықтау мүмкін болады деп үміттенді. Юм адамның ойлауына қатысты жалпы зандарды аштым деп пайымдады.

### *Әсерлер мен идеялар*

Юм түйсінудің екі түрін анықтады: әсерлер және идеялар.

- Әсерлер өте күшті және жарқын бояулы.
- Идеялар – осы әсерлердің ойлау мен түсінуде бейнеленетін әлсіз жаңғырығы ғана.
- Қарапайым идеялар қарапайым әсерлерден туындаиды және оларға өте ұқсас болады.
- Құрделі идеялардың әсерлерге ұқсауы міндетті емес.

Юмнің түсінігі бойынша, абстрактілі немесе жалпы идеялар – шын мәнінде, өздеріне неғұрлым ауқымды мән беретін белгілі бір ұғымға жататын жеке

идеялар. Абстрактілі идеялар жеке идеялардан басталады. Біз әртүрлі тәсілдерді қолдана отырып қарастырғанда ғана олар жалпыға айналады. «Ит» деген абстрактілі немесе жалпы идеяны біз қалай тұжырымдаймыз? Ойлау үдерісін қандай да бір итті, содан соң келесі есік алдындағы итті, көшени кесіп өтіп бара жатқан итті көруден бастаймыз. Нәтижесінде, ойлау үдерісімізді жалпы «ит» идеясымен аяқтаймыз: жеке идеялар өздеріне ауқымдырақ мағына беретін нақты идеяға қосылады.

Еске түсіру мен елестетудің көмегімен идеяларды сақтаймыз және ретке келтіреміз. Елестетудің жұмысы кездейсоқ емес. Не нәрсені де біз белгілі бір ретпен елестетеміз. Өзіміз қарастырып отырған идеялардың ұқсас (немесе әртүрлі) екенін түйсігімізben сезінгенде өзімізге сенімді бола түсеміз. Сонымен қатар бірқатар интуициялық ой-тұжырымдарды біріктіру кезінде де сенімге арқа сүйейміз. Математикамен шұғылданғанда біз сөйтеміз.

### **«Адам табиғаты туралы трактат» (1739)**

- Біздің біліміміз әсерлер мен идеялардан туындаиды. Әсерлер идеяларға қарасты айқын әрі күшті. Біз идеяларды ес пен елестетудің көмегімен сақтаймыз және реттейміз.
- Алғашында бізде тек жеке заттардың идеялары болады, оларды жалпы ұғымдарды қолдана отырып жинақтап, қарастырамыз. Санамызда жалпы, абстрактілі идеяларға орын жоқ.
- Біз идеялар арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды түйсік арқылы сезіне білу нәтижесінде сенімділікке ие боламыз.
- Сонымен қатар бізге, математикадағы секілді, бірқатар интуициялық ой-тұжырымдарды түзіп шығу тән.
- Бақылаудың арқасында бізде оқиғалардың бірінен соң бірі жүретінін күту әдетті пайда болады. Бұл – себеп-салдарлық байланыстар туралы біліміміздің негізі, бірақ бақылау барысында біз тек оқиғалардың өзара біріктірілгенін ғана анықтай аламыз. Біз олардың арасындағы болмай қоймайтын байланыстарды көрмейміз.
- Ақыл-ойдың көмегімен көкейге түйгеніміз бар, сезіммен қабылдау негізінде ұғынғанымыз бар, сол түйіндеріміздің бәріне де біз күмәншілдікпен қарауымыз керек.

### **Білім және ықтималдық**

Юм ілімінің ең маңызды бөлігі білім мен ықтималдықты қарастыруға кіріскенде, пайда болды. Ықтималдық – эмпирикалық ақпарат негізінде туындаитын, белгісіз, тексерілмеген, сенімсіз ойлар тізбегінің көмегі арқылы пайда бола-

тын білім. Тікелей бақылау арқылы алынған мәліметтерден басқасының бәрі, логика мен математика осы категорияға – ықтималдылар қатарына жатады. Юм «ықтимал» білімге сенди.

Ол философиялық қатынастардың жеті түрі бар деп есептеді. Олардың кейбірі тек идеяларға негізделген, демек, белгілі, дәл білім береді: ұқсастық, қайшылық, қасиеттері әртүрлі дәрежелер, сапалық немесе сандық қатынастар. Кейбір философиялық қатынастар тікелей идеяларда болатын өзгерістерге қарамастан түрлене алады. Олар тек ықтимал білімдер ғана береді. Бұл топқа тепе-тендікке, себептілікке және кеңістік пен үақытқа қатысты қатынастарды жатқызу қажет.

### *Себептілік*

Юм философиясының бүкіл мәнін және оның ішкі үйлесімділігіне сенудің неге қызын болғанын оның себепке деген көзқарасынан көреміз.

Аристотельде, схоластар мен Декартта себеп пен салдар арасындағы байланыс логикалық байланыс сияқты қажетті, міндettі деп саналды. Дэвид Юм шын мәнінде себептілік туралы заманауи түсініктердің негізін салушы болды. Ол себеп пен салдарды түсіну мен пайымдаудың көмегімен емес, тек тәжірибе арқылы ғана біле аламыз деді.

Мысалы, сіз футбол ойнап жатқанда қақпаға жетеді деген үмітпен допты тебесіз және сол арқылы оның белгілі бір қашықтыққа дейінгі қозғалысын тудырасыз. Сіз өз аяғынызды доптың мақсатқа қарай қозғалысының себебі ретінде қарастырасыз ба? Юм бұл сұраққа «жоқ» деп жауап берер еді. Демек, сіз көріп отырған жайт себептілік емес. Сіз тек екі түрлі нәрсені ғана көріп отырысыз. Және де бірі екіншісінен туындаиды:

1. Аяқ допты тебеді.
2. Доп мақсатқа қарай ұшады.

Сіз өзара байланысты, бірге өмір сүретін, бірінен екіншісі туындаитын идеяларды ғана ұғынасыз. Сіз бұл жүйеде басқа да нәрсе бар екенін сезесіз. Бірақ сол «нәрсені» қалай дәлелдейсіз? Қажетті байланысты сезінбесеніз, сіз сол себептің бар екеніне соншалықты неге сенімдісіз?

Себеп ұғымын түйсікпен қабылдауға болмайды, ол айқын емес. Сонымен қатар себепті нақты, көрнекі түрде көрсете алмаймыз. Оқиғалар туралы ойланғанда, біз оларды қандай да бір нәрсенің себебі ретінде қарастырмаймыз. Оқиғалар туралы оларды тудырған себептерді негізге ала отырып ойлау міндettі емес. Егер біздің санамызда «оқиғалар себепсіз туындаиды» деген сенім берік қалыптасса, іс жүзінде де солай болуы әбден мүмкін.

Неге жеке себептердің жеке салдарлары бар? Біздің себептер мен салдарлар арасындағы байланыс туралы ойларымыз сезім мүшелерінің көмегімен алынған әсерлерге және жадыға негізделеді. Біз әлдеқандай екі оқиға бір-бірімен белгісіз себеппен байланысып тұр деп жиі ойлаймыз. Юм болса, «себепті» ұғынғанда оның тек бір салдарын ғана қарастырып, басқаларын ескермеу қысынсыз деген қарсы пікір айтады.

«Себепті» анықтағанда түйсіну тәжірибесі рөл атқара ма? Егер ақыл-ой себепті ұғыға тырысса, біз маңызды принциптің – табиғаттың біркелкілігі принципінің қызметі туралы болжам ұсынуға тиіспіз. Табиғаттың біркелкілігі принципі – заманауи ғылым постулаттарының бірі. Бұл принцип әрқашан, Юм бұған ешқандай дәлел жоқ деген болар еді!

Юм біздің ақыл-ойдың көмегімен алынған тұжырымдарға күмәнмен қаруымыздың себебі бар деп түйді.

**Түйсіну** – көру, сипап сезу, иіс сезу, есту, дәм сезу мүшелеріміздің қызметінің арқасында туындаитын сезінү әрекетін санамен ұғынуымыз.

**Күмәншілдік (скептицизм)** – өзінің асқынған түрінде негізгі мақсаты «адам шубасіз фактілерді табуға немесе ақиқат білімдерді игеруге қабілетті емес» деңгенді жүйелі турде көрнекі растауды көздейтін философиялық дүниетаным. Күмәншілдікке діни ілімнен таралатын абсолютті немесе ақиқат білімді адамның игеру мүмкіндігін терістеу тән. Бұл ұғымды Құдайдың бар екеніне күмәнданған-дықтан дін ұстануды терістеумен байланыстыратындар көп-ак.

**Метафизика** – болмысты бар болу тұрғысынан зерттеу; бар нәрсенің мәні туралы пайымдаулар; алғашқы себептер мен принциптерді зерделеу; бізді қоршаған нақты дүниені рационалды тану; адамды қоршаған заттар, олардың тереңдігі мен мәні туралы рационалды білім.

**Постулат** – ақыл-ойдың қызметіне қажетті элемент, пікір немесе принцип; іргелі элемент, негізгі принцип; ешқандай дәлелдемені қажет етпейтін немесе жалпы жүрт мақұлдаған; әлденені дәлелдеу үшін керек нәрсе. Бұл – аксиома, қажетті жағдай, алғышарт.

## Өзіндік мен деген жоқ

Юм «менде өз «менім» туралы ешқандай да әсер болған жоқ» деп тұжырымдады. Юмнің теориясы бойынша оның санасында өз «мені» идеясының болуы мүмкін емес-ті. Оның қандай да бір объектілер немесе оқиғалардан хабардар болуы әсерлерден, демек, идеялардан туындағы. Бірақ өзі туралы әсерді оған сәйкес идеясыз санада ұстап тұрмақ болған әр талпынысы сәтсіз

аяқталып отырды. Ол бірінен соң бірі белгілі ретпен қарқынды туындайтын идеяларды ғана ұғына алды, бірақ өз «мені» туралы әсерді ешқашан ала алмады. «Менді» түйсінуге, сезінуге болмайды, демек, бізде «мен» идеясының болуы мүмкін емес. Бірақ бұл бізді адам «менінің» бар екенін жоққа шығаруға жетелемеуі тиіс. Бұл тек біздің «менінің» бар не жоқ екенін біле алмайтынымызды ғана білдіреді. Юмнің идеялары метафизиканың бар екені туралы болжам адамның жаңылысы, иллюзия екенін дәлелдеу үшін жиі қолданылады.

Юм Батыс философиясын субстанцияның соңғы іздерінен құтқарғандай болды. Оған дейін де өзге философтар бұл ұғымға өздерінің қарсылығын білдіруге тырысты (мысалы, Беркли). Алайда тек Юм ғана оны түпкілікті жоя алды. Көп адам «мен» ұғымының болмауы теологиядағы жан ұғымының жоғалуына әкеледі, білімді алу барысын зерттеу жолында субъект пен объект арасын алшақтату тіпті де міндетті болмаса керек деп есептеді.

## Эмпиризм деген не?

Эмпиризм – кез келген дайын априори білімдерді (міндетті түрде дұрыс немесе міндетті түрде жалған білімдерді) қабылдаудан бас тартатын принцип. Эмпиризмге біз барлық білімді сезім мүшелері (сипап сезу, дәм сезу, иіс сезу, есту, көру) арқылы, түйсіну тәжірибесі негізінде қабылдаймыз деген түсінік тән.

Қандай да бір заттар о бастан анық, рас болса, онда олар ақиқат. Бұл жағдай бізге өз бақылауларымыздан белгілі болуы тиіс.

## Түйін

Юм өзінің философиялық зерттеулерін «ғылыми әдіс адамзатты ақиқатқа алып келеді» деген толық сенімнен соң бастады. Өзінің философиялық пайымдауын ол: «Білім – қашанда рационалды емес, яғни тиімсіз, сондықтан біз ештеңе білмейміз», – деп аяқтады.

### Логикалық және ғылыми әдіс

Біз бір нәрсе туралы ойлағанда және білімді игергенде, түрлі логикалық құралдар мен принциптердің белгілі бір жиынтығын басшылыққа аламыз. Ең маңызды принциптер мен құралдарға қысқаша шолу мынадай:

**Ойлау занұддары.** Ойлаудың үш заны бар:

- тіпеп-тіндік заны: х дегеніміз х;
- қайшылықсыздық заны: ештеңе бір мезетте х және х емес бола алмайды;
- үшіншісі жоқ заны: бәрі не х, не х емес болады.

Сіздің кез келген пікіріңіз берілген ойныңыз осы үш занға бағынуға тиіс. Бұл занұддардың сипаты айқын: оларды қолданбай дұрыс ойлау мүмкін емес. Ойлау үдерісінің кейбір кезеңдерінде бұл занұдар түсінуге күрделі түрге енетіні соншалықты, олардың ақиқаттығын тек сеніп қана қабылдауға болады.

**Дедукция принциптері.** Нақты жағдайлар негізінде қорытынды, принциптер жасау. Егер пайымдау – шынайы, тұжырым – ұйғарымды болса, қорытындылар, сезсіз, ақиқат болуы тиіс.

**Индукция принципі.** Бұл – ықтимал ақпаратты занұды да жүйелі бақылау негізінде алу үдерісі. (Юм индукция принципін жүзеге асыру мүмкіндігіне аса күмәнмен қарады).

**Табиғаттың біртектілігі туралы постулат.** Бұл – табиғаттың барлық элементтері әлдебір жоғары занұдарға бағынатындағы әрекет етеді деген болжам.

**Әмбебап себептілік туралы постулат.** «Әлемдегі барлық оқиғалардан бұрын ақыр соңында сол оқиғалардың алғышарты бол шығатын белгілі бір жағдайлар болады» деген Юмнің ерекше болжамы.

**Фылыми түсініктемелерді бағалау.** Белгілі бір салада жаңалық аштық деп ойлаған кезімізде, біз оны гипотеза, болжам ретінде тұжырымдаймыз. Бұл біздің жаңа білімдердің тәжірибелік зерттеулер негізінде ақиқат деп топшылайтынымызды билдіреді. Олар бағалануы тиіс. Біз жаңа білімді мына өлшемдер арқылы бағалаймыз:

**Мәнділік (релеванттық).** Гипотеза дәл анықталған фактіні түсіндіруі тиіс.

**Нақты растау мүмкіндігі.** Гипотезаның ақиқаттығын немесе жалғандығын растайтын нақты бақылау, эксперимент жасау мүмкіндігі болуы тиіс. Эксперимент қайта жаңғыртуға қабілетті болуы керек.

**Үйлесімділік.** Гипотеза басқа дәлелденген фактілермен немесе теориялармен үйлесуі тиіс.

**Болжамдылық немесе түсіндіру қабілеті.** Гипотеза бізге нақты бақылау көмегімен анықтау мүмкін болатын жағдайларды алдын ала болжауға мүмкіндік беруі тиіс. Екінші жағынан, гипотеза бұрын бізге түсініксіз бол келген жайтты түсіндіруі қажет.

**Қарапайымдық.** Мәселен, екі гипотеза көрсетілген өлшемдердің бәріне де жауап береді дейік. Онда олардың ең қарапайымы, сонымен қатар, әлбетте, барлық фактілердің түсіндіре алатыны – біз қабылдауға және үстануға тиісті жалғыз гипотеза болады.

Осы шолуымыздан шығатын қорытынды: жаңа білім үнемі қисынды логикалық ой-тұжырымдардан пайда бола бермейді; көбінесе жаңа білім күмәнді, ықтимал тұжырымдардан пайда болады. Оның үстіне, жаңа білімге қол жеткізу үшін қажетті барлық принциптер мен логикалық құралдардың басым көпшілігін біз абаілап, сақтықпен қолданамыз, бұл, өз кезегінде, олардың күмәнділігін дәлелдейді.

Алайда Юмнің тым күмәншілдігін іштей байlamды деп қарастыруға болмайды. Егер адам бәріне күмәнданатын болса, онда ол өзін осы қорытындыға – қандай да бір білімнің жоқтығы туралы қорытындыға – жетелеген өз дәлелінің құндылығына да күмәндануы тиіс. Демек, ол «адам ештеңе білмейді» деген қорытындыға сенуге болмайды.

Егер индукция принципі дұрыс болса, әмбебап себептіліктің бар екені және белгілі бір себептер белгілі бір салдарлармен тығыз байланысты екені туралы айтқан пікіріміз дұрыс болуы мүмкін. Егер индукция принципі дұрыс болмаса, онда біз өзіміздің барлық әмпирикалық білімдерімізге күмәнмен қарастыруға тиіспіз.

Неге? Өйткені біз бір нәрсе туралы айтсақ, дүниенің біркелкілігі мен біртектілігін айғақтайдың заттардың арасындағы ұқсастықтарды айқындауға, модельдер мен үлгілер жасауға ұмтыламыз. Содан соң біз осы үлгілерге сүйене отырып, ықтимал ой-тұжырымдарды дәлелдейтін дәйектер ұсына алатынымызды атап көрсетеміз. Бірақ біз индукция принципінің дұрыстығын алдын ала растамай жатып, оған сенім артамыз. Осы принциптің ақықаттығын біз оның өзін қолданбай дәлелдеуіміз мүмкін емес сияқты. Бұл нұсқаулы дәйек деп аталады.

Юм индукция принципін жоққа шығарды. Бірақ бұл принципіз бүкіл заманауи ғылымның болуы мүмкін емес.

Юм өзінің көзқарастарын тым асыра бағалаған немесе барлық білімдердің шенберін тікелей бақылаудың көмегімен алынғандарды ғана енгізумен тарылту арқылы тым шектеп жіберген сияқты. Бұл оны біз өз ізденістерімізде әрдайым қолданатын және жаңалықтар жасауға мүмкіндік беретін құралдардан бас тартуға мәжбүр етті.

Юмнің әмпирикалық философиясының дұрыстығын және іске асатынын анықтау үшін сіз мына бірқатар мәселелерді қарастыруыңыз қажет:

- Адам қандай білімді тікелей бақылаудың көмегімен ала алады?
- Қандай білімдер тікелей бақылаудан басқа да нәрселерді талап етеді?
- Индуктивті ойлау қай салада пайдалы болар еді?
- Дедукция қаншалықты маңызды?
- Ұсынылған гипотезаны қарастырғанда дедуктивті дәлелдерді қалай қолдануға болады?

Юмнен кейін индуктивті әдістің логикасын және ғылымның философиясын ақтап алу қажет болды. Осы мәселелерді шешудің жолдарын көп ойшыл іздеді, әйтсе де Дэвид Юм ұсынған дәлелдер иланымдырақ болды.

## **9. Иммануил Кант: Ақылға сын**

Он сегізінші ғасырдың жетекші философтары британдық эмпириктер Локк, Беркли және Юм болды. Олар қоғамда өте танымал еді, олардың дүниетанымы кеңпейіл, мәрттігімен ерекшеленді. Дегенмен бұл ойшылдардың философиялық идеялары көбіне субъективизм бағытында өрбіді. Дэвид Юмнің агностикалық, тіпті скептикалық дүниетанымы Кантты «догматық үйқыдан» оятты және таным үдерісіне байланысты барлық мәселелерді жаңа қырларынан қарастыруға түрткі болды. Оның еңбектері рационалдық ойға баса көңіл бөлөтін континенттік түсініктер мен сезімдік тәжірибеге назар аударатын британдық философиялық көзқарас арасындағы қайшылықтар пайда болған уақытта жазылды. Канттың туындылары түсінуге айтартылғанда күрделі; оларды жүйелеу қыынға соғады. Оны қазіргі дәуірдің ұлы философы деп есептейтіндер көп. Неміс идеализмінің дүниежүзілік философияға едәуір маңызды ықпал етуіне Иммануил Канттың қосқан үлесі мол болды.

### **Өмірі**

Кант жарқын бояулары аз бірсаңынды өмір сүрді. Ол 1724 жылы, әкесі ершішебер болып жұмыс істеген Шығыс Пруссиядағы Кенигсбергте (қазіргі Калининградта) дүниеге келді. Кант лютерандықтың дәстүрлі негіздерін жаңарту мақсатын көздейтін діни реформашыл қозғалыс – пиетизм рухында тәрбиеленді. Өмірінің соңында дінге құлай беріліп, дәстүрлі діни түсініктерді ұстануға көшті.

Өзінің туған қаласында Кант орта және университеттік білім алды. Университетте оған логиканың және метафизиканың оқытушысы зор ықпал етті. Оның әсерінен Кант өз заманындағы ғылымға (яғни Ньютон теориясына негізделген ғылымға) қызығушылық таныта бастады. Біраз уақыт бойы үй мұғалімі ретінде ақша тауып күн көрді, сонан соң докторлық ғылыми дәрежені иеленіп, оқытушылыққа кірісті.

Кейінірек Кант өмірінің осы жылдарын «сынға дейінгі» кезең деп атады.



Иммануил Кант

Бұл кезеңде түрлі пәндер бойынша, атап айтқанда: логикадан, физикадан, метафизикадан, этикадан, математикадан, антропологиядан, педагогикадан, географиядан және минералогиядан дәріс оқыды. Он бес жыл өткен соң, 1770 жылы, Кенигсбергте логиканың профессоры болып тағайындалды. Сол кезеңдегі университеттік білім берудің стандарттық жүйесіне сәйкес профессор мен оның студенттері қандай да бір пәнді бірқатар оқулықтар негізінде меңгеретін: ұстаз кітапты шәкірттердің пәнді игеру деңгейіне қарай түсіндіріп отырды. Канттың дәрістері формасы жағынан әдеттегідей-тін, бірақ ол оқулықтарды сынауға тырысты. Кант әзілге шорқақтау болды. Ол студенттерге пән бойынша нақты білім берудің, сонымен қатар оларды өз бетімен ойлай білуге үйретудің қажет екеніне сенді.

Кант өте аз саяхаттады, оның туған жерінен ұзап шыға қоюы өте сирек еді. Алайда оның қызығушылықтары біршама кең болды; ол көпшілік ортада болуды және шетел көрген адамдармен арасында ұнататын. Көп адамдар оны өмірі тым біркелкі, өте-мәте педант еді деп атап көрсетеді. Бізге оның «сынға дейінгі» кезеңі дәл қашан аяқталғаны белгісіз. Философиялық шығармашылығының жаңа, «сыни» кезеңі оның профессор болып тағайындалуымен байланысты. Соған қарамастан, оның негізгі «Таза ақылға сын» еңбегі жоғарыда көрсетілген сәттен (1781 жылдан) бастап, тағы он бір жылға жуық уақыт бойы жарияланған жоқ. Артынша басқа да жұмыстар жазылды. Ол, баяғысынша, университетте түрлі пәндерден дәріс оқыды және көп жазды.

Өмірдің осындай аса күрделі ырғағына бейімделу үшін Кант уақытын ба-рынша дәл есептеп, өзіне қатаң күн тәртібін жасап алды. Оның күн тәртібі бесенеден (және осы кезге дейін) белгілі еді. Ол таңғы сағат бес болмай үйқыдан тұрып, бестен алтыға дейін таңғы шәйін ішіп, темекі шегетін және алдағы күнді жоспарлайтын. Содан кейінгі бір сағат дәріс жоспарын дайындауға арналады. Дәрістердің басталуы мен аяқталуы жағынан алғанда қысқы және жазғы уақыттың кейбір ерекшеліктері болды. Қысқы уақытта дәріс сағат жетіден тоғызға дейінгі аралықта жүріп отырды, ал жазғы уақытта – сегізден онға дейін. Сосын екі сағат бойы жазумен айналысатын. Ол айналасындағылармен рақаттана әңгімелесе отырып көппен бірге тамақтанғанды ұнататын. Түскі ас көбіне екі сағатқа созылатын да, содан соң серуендер, тұнгі сағат онға дейін оқып, үйқыға жататын.

Пруссия императоры бірде Канттың Қасиетті Жазбалар мен христиандық сенімдер туралы пікіріне ренішін білдірді. Кант өз көзқарасынан толығымен бас тартпайтынын мәлімдеді, бірақ шығармаларында немесе дәрістерінде бұл көзқарастарын қайталамауға үәде берді. Император дүние салғаннан кейін Кант өзін үәдеден боспын деп санап, інжілдік сенім мен сынни зерденің

арасындағы қайшылықтар туралы пайымдаулары баяндалған «Факультеттер жанжалы» еңбегін жариялады.

Кант нағыз дос ретінде есте қалды, ол қаржысын ұқыпты жұмсайтын үнемшіл адам болғанына қарамастан, мұқтаждарға жомарт еді. Өзіне жүктелген міндеттерге асқан жауапкершілікпен қарады. Ол Құдайға сенді, бірақ шіркеудің тұрақты мүшесі болған жоқ. Оның діни танымы практикалық сипатта болды және моральдық жауапкершілік ұғымының төнірегінде шоғырланды. Ол моральдық кеңпейілдіктің, яғни ізгі қасиеттердің дамуы дұғадан бас тартумен тікелей байланысты екенін атап көрсетті. Оған америка және француз революцияларының да (кем дегенде, террор кезеңіне дейінгі) идеалдары ұнады. Ол ешқашан үйленген жоқ, 1804 жылы қайтыс болды.

### Әмір шежіресі

- 1721 жыл – I Петр Ресей императоры атанды; Монтескьенің «Парсы хаттары»
- 1724 жыл – Иммануил Кант дүниеге келді
- 1739 жыл – Дэвид Юмнің «Адам табиғаты туралы трактаты»
- 1740 жыл – Кант Кенигсберг университетіне түсті
- 1751 жыл – Дидро «Энциклопедиясының» бірінші томы
- 1755 жыл – Кант Кенигсбергте дәріс оқыды (оның «Сынға дейінгі кезеңі»)
- 1762 жыл – Руссоның «Эмилі» және «Қоғамдық келісімшарты»
- 1770 жыл – Кантты Кенигсберг профессоры лауазымына тағайындалды
- 1775 жыл – АҚШ тәуелсіздігі үшін соғыс басталды
- 1781 жыл – Канттың «Таза ақылға сыны» жарияланды
- 1785 жыл – Канттың «Адамгершілік метафизикасының негіздері»
- 1788 жыл – Кант «Тәжірибелік ақылға сынды» жариялады
- 1789 жыл – Кант «Факультеттер жанжалының» жариялады; Адам мен азамат құқықтары декларациясы жасалды және Ұлы француз революциясы басталды
- 1790 жыл – Канттың «Пайымдау қабілетіне сыны»
- 1804 жыл – Кант дүние салды; Наполеон Францияның императоры атанды

### Ойлары

**Идеализм** – болмысты ойлауға тәуелді деп санайтын философиялық дүниетаным. Он сегізінші және он тоғызыншы ғасырлардағы неміс идеализмі «романтизм» қозғалысына жақын болды. Идеалистер білімді сынауды философиялық **түйіндерді** баяндау құралы деп санады. Олар **ақыл-ойды, яғни зердені** емес, материяны қолдады және утилитаризм этикасын қабылдамады.

**Романтизм** – интеллектуалдық, көркемдік, музыкалық және поэтикалық **негіздерді бойына сыйғызыған** он сегізінші ғасырдың соны және он тоғызыншы ғасырдың басындағы европалық дүниетаным. Адамның сезімі – **зердеден**, ал адамның қиялы – тәжірибеге негізделген классикалық түсініктерден әлдеқайда маңызды болды. **Утилитаризм** – барлық жеке тұлғалар мен жалпы қоғамның іс-әрекеттері қоғамға пайдалылық принципіне бағынады деген идеяға негізделген философиялық теория (бұл принцип **мейлінше** көп адамға **барынша мол** бақыт әкелетін **нәрсенің** бәрін мақұлдайды).

### Канттың таным теориясы

«Таза ақылға сын» еңбегінде Кант, бір жағынан, біздегі білімнің бәрі бірдей тәжірибеден туындағатынын көрсеткісі келді. Оған қоса, тіпті белгілі бір білім адам ақылының өзіндік ерекшелігіне байланысты априори берілген деп тұжырымдады. Априори – адамға әу бастан, өмірлік тәжірибе жинақтау үдерісі басталғанға дейін берілген деген сөз.

Пайымдаудың екі түрі бар.

Аналитикалық пайымдаулар – предикаттың мағынасы ішінана субъектінің де мағынасы бола алатын пайымдаулар: «Су – ылғал». Мұндағы суға осы қасиетті беріп тұрған ұфым – су ұфымы анықтамасының ажырамас бөлігі: «ылғал» предикаты «су» субъектісімен тығыз байланысты.

Тәжірибе априори пайымдауларды нығайтуы мүмкін, бірақ олар жалпы қабылданған мағынадағы тәжірибеге негізделмейді.

Синтездік пайымдаулар – біз мәнін тәжірибе арқылы анықтайтын тұжырымдар. «Араның шағуы мен үшін сонаның шағуынан ауырырақ болды». Эмпирикалық пайымдаулар бізге осындай сезімдік тәжірибеден белгілі.

Дэвид Юм себептілік заңы синтездік екенін көрсетті. Кант мұнымен келісті, бірақ бұл фактінің априори белгілі екенін атап өтті. Канттың негізгі мақсаты – синтездік априори пайымдаулардың болу мүмкіндігін раставу.

### «Таза ақылға сын» (1781)

Бұл еңбектің мәні – метафизиканы ғылым ретінде тану мақсатында синтездік априори ақиқаттардың болу мүмкіндігін көрсету. Синтездік априори пайымдаулар кез келген жағдайда сөзсіз ақиқат болады (бұл априоридің өз мағынасынан туындауды). Бірақ әр жағдайда біз олардың сөзсіз ақиқаттығын олардың мәндерін білдіретін тұжырымдардың мағынасын қарапайым зерттеуден басқа, қандай да бір өзге тәсілді қолдану арқылы раставымыз қажет (синтезділіктің мағынасы осы).

- Интуиция және логикалық пайым – білімнің екі бастауы.
- Кеңістік пен уақыт – интуицияның априори формалары. Не нәрсөн де кеңістік пен уақыт ұғымдарына көшірмейінше, біз оны түсіне алмаймыз.
- Түсіну категориялары – түсінудің априори шарттары.
- Сан категориялары: бірлік, көптік, тұтастық.
- Сапа категориялары: шындық, терістеу, шектеу.
- Қатынас категориялары: субстанция және қатыстырылыш, себеп және салдар, объект пен субъект арасындағы өзара байланыс.
- Модальдылық категориялары: мүмкін және мүмкін емес, бар болу және бар болмау, алдың ала айқындық және кездейсоқтық.
- Интуицияның априори формаларын пайым категорияларымен біріктірген кезде біз білім көздеріне қалай жетуге болатынын саналы түрде ұғынамыз. Ғылыми жорамалдар – синтездік және априори.
- Теология саласында, егер бізде әмпирикалық дәлелдеме болмаса, Құдайдың бар екенін растайтын сенімді дәлел ұсына алмаймыз.

### *Ғылым постулаттары*

Ғылыми жорамалдар синтездік және априори ма? Біз Дэвид Юм философиясын зерттеген кезде ғылыми білімді алуға қажетті әртүрлі принциптер мен құралдардың өте сақ және байқап қолданылуы тиіс екенін дәлелдейтін ғылым постулаттарының тұтас бір тізімін қарастырдық (8-білімнің 153–154-беттерін қараңыз). Канттың ғылыми болжамдарды синтездік және априори деп тұжырымдайтын көзқарасы бізге пайдалы ма? Ғылыми білімді ұғыну жолымыздың – әдістемеміздің тәжірибелемізге негізделмейтіні, бірақ білімді ойлау ерекшеліктерімізге, санамыздың құрылымына байланысты алатынымыз рас па?

### *Канттың уақыт және кеңістік теориясы*

Кант уақыт пен кеңістікті – біз тәжірибелік жолмен зерттейтін барлық объектілерді ойша сыйғызыумыз қажет әлдебір формалар ретінде қарастырды. Алайда Канттың пікірі бойынша, тәжірибенің өзі біздің кеңістік туралы түсінігіміздің бастауы емес; кеңістіктің бар екенін біз қоршаған дүниедегі, яғни санамыздан тысқары объектілерді зердемізben ұғынған сайын сезінеміз. Кеңістік шегінің болмауын ұғыну біз үшін тіпті мүмкін еместей. Әл жай абстрактілі идея ғана емес. Тек бір ғана тұтас кеңістік бар. Барлық басқа «кеңістіктер» сол тұтас кеңістіктің бөлшегі саналады, ешқандай да жеке кеңістік жоқ.

Кант Евклид геометриясы априори белгілі болды, бірақ оны тек қана логикалық жолмен ұғыну мүмкін емес деп ойлады (демек, ол синтездік және априори).

Уақыт туралы бұлай пайымдауға болмайтынын себеп етіп, бұған қарсылық білдіретіндер көп-ақ. Субъективті және объективті уақыт тепе-тең.

**Постулат** – ақыл-ойдың қызметі үшін, ойлау үдерісін іске асыру үшін қажетті элемент, пікір немесе принцип. Бұл сөз көбіне іргелі элемент, немесе негіз, базалық принцип мағынасында қолданылады. Постулат деп ешқандай дәлелдемені қажет етпейтін немесе жалпы жүрт мақұлдаған жайтты, сонымен қатар әлденені дәлелдеу үшін керекті нәрсені айтады. Бұл – аксиома, қажетті жағдай, алғышарт.

**Метафизика** – дүниеде бар болу ретіндегі болмыс туралы ілім; болмыстың мәні туралы толғамдар; нақты дүние негізделетін алғашқы себептер мен принциптер туралы ілім; бізді қоршаған дүниені рационалды тану; адамның айналасындағы заттар, олардың терендігі мен мәні туралы рационалды білім.

**Категориялық** (кесімді, үзілді-кесілді деген мағынада – аудармашылар) – жекелеген ерекшеліктер мен ескертпелер қолдану мүмкін емес, абсолютті, анық нәрсені білдіреді.

## Метафизиканың соңы ма?

Пайым категорияларын біз интуиция жолымен ұғынуға болатын нәрселермен салыстыруымыз керек. Біз бұл категорияларды «өзіндік зат» деп аталағын нәрсеге қолдана алмаймыз. Мысалы, «субстанция» категориясын өзіндік затқа қолдану ол нәрселер туралы ешқандай білім бермейді. Біз Құдай сияқты сезімнен жоғары мәннің бар екені туралы қорытынды жасауға пайым принциптерін қолдана алмаймыз. Демек, метафизика пайдасыз. Бірақ Кант метафизикаға деген ұмтылысты адам зердесінің тұрақты, өзгермейтін ниеті ретінде қарастырған сияқты.

Ноуменді және феноменді – Кант философиясымен берік байланысқан қос термин. Сезім арқылы емес, ақыл-ойдың арқасында мәлім болғанның бәрі – ноумен. Өзіндік заттар – ноумен. Біз бұл заттардың бар екенін түйсік арқылы қабылдаймыз дей алмаймыз. Алайда бұл заттардың дүниеде бар екенін және олар біз сезім мүшелерінің көмегімен ұғынатын феномендердің болуын түсіндіретінін айта кетуіміз керек.

## Философиядағы коперниктік төңкеріс

Кант: «Синтездік пайымдаулар ненің арқасында мүмкін болады?» – деген сұраққа жауап беруге тырысты. Ол – «Барлық білімде қандай да бір априори

құрамдас бөлік бар» деген көзқарасты ұстанды. Бұл құрамдас бөлікті білімге адамның зердесі енгізеді. Осы априори құрамдас бөліксіз ешқандай білім мүмкін емес.

Кантқа дейінгі рационалист философтар барлық білім аналитикалық және априори болады деп түсінді. Олар білім бақылау, зерттеу, эксперимент нәтижесінде алынатын фактілерге байланысты емес деп тұжырымдады. Эмпириттер білім – синтездік және апостериори деген пікірді ұстанды. Кант екі көзқарастан да бас тартты. Оның ілімі білім атаулы кеңістіктік-уақыттық формаларға еніп, өзара себеп-салдар байланыстары арқылы шырмалғандаған адам оларды игере алады деп болжамдады. Осының бәрі – танып-білуші ақылдың қызметі. Демек, қандай да бір заттар біздің танымымыздың нысанына айналу үшін әуелі танып-білуші ақылдың құрылымына сәйкес келуі тиіс.

### Тәжірибелік ақыл

«Тәжірибелік ақылға сын» кітабында Кант ақылды іс жүзінде қолдану туралы ойларын дамытты. Бұл еңбектің өзекті ұғымы адамгершілік заңының әділдікке мұқтаждығында: бақыт – ізгілік пен адамгершілікке тікелей байланысты. Мұны тек құдіретті тылсым күш қана қамтамасыз ете алады. Бірақ құдіретті күш бұ дүниеде адамгершіліктің болуына кепілдік берген жоқ. Демек, Құдай да, өмірден кейінгі өмір де болуы тиіс. Еркіндік те болуы тиіс, себебі онсыз ізгіліктің болуы мүмкін емес.

### «Тәжірибелік ақылға сын» (1788)

- Егер адамгершілік таза ақылға негізделсе, оны объективті және әмбебап деп айта аламыз.
- Адамгершілік заңдары мазмұны бойынша емес, өздері енетін формаларға байланысты әмбебап және кесімді.
- Тәжірибелік таза ақылдың негізгі заңы – «Өзінізге қалай жасағанын қаласаңыз, өзгелерге солай жасауға тиіссіз». Бұл әмбебап заңға айналып, оны барлық адамдар барлық жағдайларда ұстануы керек.
- Егер бізде моральдық заңдар жоқ болса, біз өз еркіндігіміз туралы ешқашан біле алмаймыз. Кез келген адам үшін «сіз... тиістісіз» деген сөз «сіз... істей аласыз» дегенді білдіреді.
- Тәжірибелік ақылдың рационалды постулаттары:  
Адам еркін.  
Жан ажалсыз.  
Құдай бар.

## *Канттың дін туралы байламдары*

Кант Құдайға сенетінін ашып көрсетеді. Дегенмен өзінің «Тәжірибелік ақылға сынында» ол Құдайдың бар екенінің дәстүрлі дәлелдемелерін жоққа шығарады. Осындай (теистік дәйектер ретінде белгілі) дәстүрлі дәлелдемелер Кентерберилік Ансельмнің онтологиялық дәлелін және Акуинолық Томастың бес жолын қамтиды (4-тараудың 89-90-беттерін қараңыз). Кант белгілі бір дәрежеде формалды дәйектер ұсынуға негізделген мұндай тәсілдердің қауқарсыздығын көрсетеді. Ол Құдайдың бар екенінің барша дәлелдемелері онтологиялық дәйекті қайталаумен ғана шектелді дейді. Оның пікірінше, онтологиялық дәйектің қыындығы – «бар болудың» предикат ретінде қарастырылуында.

Бар болу, мәселен, биіктік, байлық, мейірімділік сияқты қасиеттер тұрғысынан қарастырылуы тиіс. Кант ойдағы жұз талер (монета) дәл нақты жұз талерге тән қасиеттерге ие дейді. Қарастырылып жатқан мәселені түсіндірудің басқаша тәсілі аясында «Кейбір бойы ұзын адамдар жақсы киініпті» деуге болады. Бірақ «Кейбір бойы ұзын адамдар өмірде жоқ» деу мүлдем мәнсіз. Олай болса, «бар болу» деген «жақсы киінген» дегенді білдірмейді. Бар болу – предикат емес. Демек, онтологиялық дәлел қате.

Құдайдың бар екенін кездейсоқтық (космологиялық дәлел) арқылы дәлелдеуді қарастырғанда Кант оны: «Бір нәрсе бар болса, онда Абсолют Мән сөзсіз болуы тиіс. Мен бармын, демек, Құдай бар» деген тұжырымға негізделетінін айтады. Осы онтологиялық дәйек Канттың есіне қалғандарын да түсіріп, сол себепті ол мұны қабылдамау керек дейді.

Кант мақсатты себеп арқылы дәлелдемеге (психотеологиялық дәлелде-ме) зор құрметпен қарайды, бірақ ол ең жоғары жаратушының бар екенін ғана дәлелдейді және Құдайды бұрыс түсінуге негізделгендейді, қате деп тұжырымдайды.

Кант дәстүрлі дәлелдемелерді, олар бұрыс онтологиялық дәйекке негізделген немесе біздің Құдай туралы түсінігімізге қайшы келетін ұғымдардың айналасына құрылған деп жоққа шығарады. Бұрынғы дәлелдемелердің орнына Кант Құдайдың бар екенін растауға сеп болатын өз моральдық дәлелін ұсынады. Таза ақыл бізді үш негізгі идеяға итермелейді: Құдай, еркіндік және ажалсыздық. Ақыл-ой осы идеялардың қалыптасуына ықпал етеді, бірақ оларды дәлелдемейді. Тәжірибелік ақыл бізге моральдық зандардың әділдікке мұқтаж екенін дәлелдеуге мүмкіндік береді: бақыт адамгершілікпен мөлшерлес. Бұл өмірде адамгершілік пен бақыт өз бетімен бола салмайды, оған тек құдірет (Құдай) ғана кепіл бола алады. Сондықтан егер Құдай, еркіндік және ажалсыздық жоқ болса, адамгершілік пен ізгілік те болмақ емес.

## Канттың мораль туралы байламдары

Кант теология мен физикаға тәуелсіз мораль теориясын құрғысы келді.

Мораль туралы барлық түсініктер адамның зердесінен бастау алады, олар априори. Моральдық құндылық, Канттың ойынша, адамның парыз сезіміне сәйкес әрекет ететін өмірінің өн бойында қалыптасады. Жай ғана ізгі ниетті болу, өзгелердің мүддесін құрметтеу немесе игі іс жасау жеткіліксіз, өйткені адам жақсылыққа табиғатынан бейім. Барлық табиғи әрекеттер занға сай келеді. Моральдың өзегі – адамгершілік зандары ұсынғандай әрекет жасау қабілеті. Бұл – адамның еркін мәжбүрлелітін объективті зан. Кант оны императив деп атады. Гипотетикалық императив: «Егер у-ке тап болғының келмесе, сіз х-ті істеуге тиіссіз» – деп тұжырымдайды. Канттың бұлжымайтын императиві: «Сіз х-ті істеуге тиіссіз, бірақ сіз қалағаныңызға жете алмасаңыз, бұл тек сіздің міндептіңіз, сіздің парызыңыз ғана», – дейді.

Бір ғана бұлжымайтын императив бар: «Сіздің әрекетіңіз принципке бір ғана жағдайда, егер сіз бұл принциптің әмбебап занға айналуын қаласаңыз ғана сәйкес келеді». Кант бұлжымайтын императив синтездік және априори болуы тиіс деген пікірді ұстанды. Өз императивінің мәнін Кант зан тұжырымдамасынан туындасты.

## Түйін

Канттың синтездік априори пайымдаулар туралы көзқарастары әлі де талқыланып жүр. Логика ережелері, геометрия және арифметикалық зандар синтездік және априори деп тұжырымдайтындар көп-ақ. Басқалары бұған қарамастан барлық априори пайымдаулар аналитикалық деп есептейді, ал анықтамаларды нақтылау – кез келген терминнің мағынасында қамтылған білімді тек айқын ете түспек. Бұл мәлімдемелер таза геометрия априори болуы мүмкін, бірақ синтездік емес дегенге қарсы шығады. Эмпирикалық геометрия (физиканың құрамдас бөлігі) – синтездік, бірақ априори емес.

Априори пайымдаулардың қысқа тізімін жасауға тырысының (айталық, бесеуін атаңыз). Сіз бұл априори пайымдауларды қалай алдыңыз? Енді синтездік пайымдаулардың қысқаша тізімін жасап көріңіз. Сіз осы синтездік пайымдауларды қайдан таптыңыз? Бұл жағдайда мына сұраққа жауап беріңіз: априори синтездік пайымдаулар қандай болуы тиіс?

Канттың категорияларды түсінуі, сондай-ақ оларға кеңістік пен үақыт ұғымдарын жатқызу туралы оның көзқарастары антимониялардың (қайшы-

лықтардың) пайда болуына әкелді. Антимонияларды қарастыру және зерттеу оларды өзінің диалектикасында қолданған Гегельге елеулі әсерін тигізді.

Кант адамның зердесін таза интеллектуалдық тұрғыда қолдану қателіктерге әкеледі деп санады; ақыл-ой моральдық мақсаттарға бағытталғандаға дұрыс қолданылады. Канттың адамгершілік теориясын жетілмеген деп санайтындар көп-ақ. Ол тек парыз немесе заң ұғымынаға негізделген. Онда адам амалдарының құрамындағы моральдық мән, моральдық іс-әрекеттердің жасырын мағынасы, іс-әрекеттердің ниеті, мақсаттары, олардың түрлі жағдайларда туындайтын салдарлары сияқты құбылыстар талқыланбайды.

Сіз үшін бұлжымайтын императив қаншалықты нанымды?

Кей адамдар Канттың уақыт және кеңістік туралы теориясын артық субъективизмі үшін әшкерелеп, сынады. Олар мынадай сұрақ қойды: «Мен көріп, естіп, сезініп отырған заттарды өзім дәл осылай жасаған түрде саналы ұғынуға мені не мәжбүрлейді?» Осыған орай, Кант сезім арқылы алынған ақпараттың бүкіл бастапқы көлемін зерденің реттейтінін айтты. Сонда белгілі бір жолдармен алынған ақпаратты мен жинақтамаймын, ол менің санамда, жоғарыда айтылғандай, өзінен-өзі жинақталатын болғаны ма?

Бұдан басқа, Эйнштейн теориясы уақыттың баяулауы және жеделдеуі мүмкін екенін болжады. Эйнштейн жылдамдық ұлғайған кезде, дененің салмағы да өсе түседі деп мәлімдеді. Демек, уақыт пен кеңістіктің абсолютті болуы мүмкін емес. Жоғарыда келтірілгеннің бәрі кеңістік пен уақыттың ақыл-ойдан ажыратылмайтын категориялар екені туралы Канттың түсініктеріне қаншалықты әсер ете алады?

# 10. Карл Маркс: тарих үдерісі

Карл Маркс XX ғасырдың тарихына басқалармен салыстырғанда әлдеқайда көп ықпал етті. Оның идеяларын жүзеге асыру үшін сансыз көп жұмысшы тынбастан еңбектенді, революциялық жасақтар оның теориясын тарату мақсатында ну ормандарды кесіп өтті, студенттер оның философиялық идеяларын іске асыру туралы талаптар қойып, баррикадалар құруды, әлем көшбасшылары бұл философ туралы ойлағанда мазасызданып, төсектерінде дөңбекшіді. Бірақ Карл Маркстің өзі ешқашан қолына қару ұстамаған, ешқашан баррикадаларда тұрмаған және революциялық әскер қатарына кірмеген. Ол өмірінің едәуір бөлігін Британ кітапханасының оқу залында өткізді. «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіндер, сендерде өз шынжырларыңнан басқа жоғалтатын ештеңе де жоқ!» – бұл оның басты ұраны болатын. Ал Маркстің өзі кешке үйіне көбіне көк тиынсыз келетін. Ол Лондондағы Хайгейт зиратына жерленді. Бір кездері Ресейде Маркске қойылған ескерткіштердің көп болғаны соншалық, кейбіреулердің басына ол осы елдің тумасы болар-ау деген ой келуі де мүмкін еді. Алайда ол Ресейде ешқашан болмаған.

Біз Карл Маркстің өмірін қысқаша қарастырамыз және маркстік философияны қалыптастырған идеяларды ашып көрсетіп, олардың қайнар көзін, алғышарттарын анықтауға тырысамыз. Көп сыншылар Марксті толық мағынасында философ деп санамайды да. Себебі олар философия негізінен таңым теориясымен тығыз байланысты деп қарастырады: әлдене туралы хабарымыз бар екенін біз қайдан білеміз? Маркстің идеяларында философияға қатысты мүлдем басқа көзқарас көрсетіледі: «Философия – басқаша ойлау мүмкіндігіне ашықтығымен сипатталатын үздіксіз үдеріс». Маркс, әрине, «басқаша ойлады» және өзгелердің де дүниеге басқаша қарағанын қалады. Оның ықпалы, негізінен, саясат пен экономика салаларында сезіледі. Алайда философтар туралы әңгіме болғанда, жоғарыда айтылғандай, олардың идеялары әлдеқайда маңызды саналмақ.

## Өмірі

Карл Маркс 1818 жылы, қазіргі заманғы Германияның батыс бөлігінде орналасқан Трир қаласында, Люксембургпен шекаралас мәнда дүниеге келді (ол туған үйді сіз әлі де сол жерден көре аласыз). Оның ата-бабаларының кейбірі раввин болған, алайда оның өз ата-анасы христиан дінін қабылдаған еді. Маркс Бонн университетіне 17 жасында түсті, алайда біраз үақыттан соң, бір жағымсыз жағдайлардан кейін Берлин университетіне ауысты. Ол 1843 жылы үйленді. Оның әйелі ақсүйек тегінен еді, Маркс оған өмір бойы адал болды. Көп ұзамай отбасылық жұп Германияны тастап, Парижге көшті. Маркс Фридрих Энгельсті алғаш рет сол қалада кездестірді. Сосын революциялық саяси қызметке қатысуына байланысты Маркстің отбасы Англиядан пана іздеуге мәжбүр болды. Олардың қалған өмірі сол жерде өтті.

Лондонда Маркс Энгельспен бірлескен жұмысын жалғастырып, екеуі «Коммунистік партияның манифесін» жариялады. Маркс тынымсыз оқыды және жазды, бірақ оны үнемі жоқшылық пен ауру қинады және үш перзентінің өлімі де қатты қайғыртты. Ол әлеуметтік төңкерістің болуын асыға күтті. Соған қарамастан, оның жұмыстарының романтикалық реңктен гөрі, ғылыми сипаты басымырақ еді. Ол әрдайым өз теорияларын растайтын дәлелдемелерге жүгінетін. Маркстің түсінігінде, бүкіл ғаламның қозғаушы күші руханият емес, материя болды. Карл Маркстің көзі тірісінде оның басты еңбегі – «Капиталдың» («Das Kapital») бірінші бөлігі ғана жарияланды.

## Өмір шежіресі

1818 жыл – Карл Маркс дүниеге келді

1830 жыл – Франциядағы Шілде төңкерісі; Бельгия, Грекия, Колумбия, Венесуэла мен Эквадор тәуелсіздікке қол жеткізді; Франция Алжирді басып алды

1841 жыл – Маркс Берлин университетін бітірді

1842 жыл – Маркс журналист болып жұмыс істеді

1843 жыл – Маркс үйленіп, Парижге көшті

1847 жыл – Маркс Лондонға қоныс аударды; Энгельспен бірлесіп жұмыс істеді

1848 жыл – Маркс пен Энгельс «Коммунистік партияның манифесін» жариялады; Францияда Екінші республика жарияланды; Италия, Австрия, Венгрияда және бірқатар неміс князьдіктерінде көтерілістер болды


1859 жыл – Дарвиннің «Түрлердің шығу тегі» еңбегі жарық көрді

1864 жыл – Лондондағы Бірінші интернационал

1865 жыл – АҚШ-та құлдық жойылды

1867 жыл – «Капиталдың» бірінші томы жарияланды

1883 жыл – Карл Маркс дүниеден өтті



Карл Маркс

## Ойлары

Марксизм туралы кез келген әңгіме барысында, сөз жоқ, арнайы сөздік қорды қолданбау мүмкін емес. Сондықтан Маркстің идеяларын қарастыруға кіріспес бұрын, оның зерттеулерінде қолданылатын арнайы терминдерді талдап, сондай-ақ оның көзқарастары қандай философиялық теориялардың ықпалымен қалыптасқанын анықтап алуымыз қажет.

### *Маркс философиясына не ықпал етті?*

Маркстің идеяларына үш философиялық ағым елеулі ықпал етті: неміс философиясы, француз әлеуметтік теориясы және британ экономикалық теориясы.

Фридрих Гегель 1770 жылы Штутгартта дүниеге келіп, 1831 жылы Берлинде қайтыс болды. Ол Йенада, Гейдельбергте және Берлинде философиядан сабак берді. Оның ғаламның диалектикалық дамуы теориясындағы үш элемент – логика, табиғат философиясы, абсолюттік рух философиясы. Бұл – қайшылықтарды және кереғарлықтар күресін жену арқылы жүзеге асатын ойлау түрі.

Людвиг Фейербах 1804 жылы Ландсхутте дүниеге келіп, 1872 жылы Нюрнбергтің маңында қайтыс болды. Фейербах Гегельдің идеализмін қабылдамай, физикалық материя философиясын дамытты. Ол дінді және Құдай ұғымын ұдайы сынады.

Пьер Жозеф Прудон 1809 жылы Безансонда дүниеге келіп, 1865 жылы Парижде қайтыс болды. Ол анархизмің негізін қалаушы деп есептеледі. Ол әлеуметтік әділетсіздікті жою капиталистік қанауды құртып, өтеусіз несие деп аталатын жүйені дамытқан кезде ғана мүмкін деп тұжырымдады. Прудонның коммунистік формация жетістіктерінің авторитарлық әдістерін жоққа шығаруы Маркстің оған деген дүшпандық көзқарасын тудырды.

Адам Смит 1723 жылы Керколдиде (Шотландия) дүниеге келіп, 1790 жылы Эдинбургте қайтыс болды. Ол экономиканың неғұрлым оңтайлы принципі – араласпау принципі екеніне сенімді еді. Смит адамдар өз қажеттіліктерін қанағаттандыру арқылы қоғамдық мүдделерді жүзеге асыруға елеулі үлес қосады деп сенді. Адам Смит тұтыну және айырбас құны сияқты ұғымдардың арасын ажыратты.

**Детерминизм** – барлық шешімдер, іс-әрекеттер мен оқиғалар өткен тарихтың сөзсіз салдарлары деп тұжырымдайтын философиялық ілім. Мұндай бұрынғы жағдайлар – экологиялық, физикалық және психологиялық факторлар, ол жағдайлар адамның еркінен тәуелсіз.

**Араласпау принципі** – мемлекеттің нарық саласына араласпауына негізделген экономикалық теория.

**Тұтыну құны** – заттың сізге қажеттілігіне байланысты анықталатын құны.

**Айырбас құны** – заттың ақшалай көрсетілген және сіздің оны қандай да бір басқа нәрсеге айырбастау мүмкіндігінде байланысты құны.

**Азаюышы кіріс заңы** – капиталистік кіріс белгілі бір деңгейге жеткеннен бастап, жасалған салымдардың мөлшеріне сәйкес азая бастайтынын білдіретін теория.

**Қосымша құн теориясы** адам еңбегімен жасалған өнімдердің бағасы мен еңбекті пайдалануға жұмсалған шығындар арасындағы айырмашылықта негізделеді.

Давид Рикардо 1772 жылы Лондонда дүниеге келіп, 1823 жылы Глостершире қайтыс болды. Ол экономист болды, азаюышы кіріс заңын және қосымша құн теориясын жасап шықты.

### Диалектикалық материализм

Фалам дамуының логикалық үдерісі ретінде диалектиканың авторы Гегель болды.

- Тезис ұсынылады (идея, дәлел).
- Бұл тезис қандай да бір адамның мүлде кереғар пікір – антитезис ұстануына түрткі болады.
- Тезис пен антитезис арасында қайшылық, қақтығыс болады.

Бұл жаңжал тезис пен антитезисті біріктіретін синтез нәтижесінде шешіледі.

Синтез үдерісі тезис пен антитетиске қарағанда әлдеқайда жоғары, ол құдды осы ұғымдардың үстінде орналасқандай. Синтез біртінде жаңа тезиске айналады, сол кезде қарсы тұру үдерісі қайтадан басталады. Гегельдің түсінігінде, бұл рухтың дамуына байланысты үдеріс, ал Маркс материя ғана нақты деген пікірді ұстанды, сондықтан оның Гегель идеясын өзінше түсіндіріп, талдауы диалектикалық материализм деп аталады.

### Тарихи үдеріс дамуының маркстік теориясы

Маркс экономикалық және саяси тарих дамуының негізгі принциптерін белгілайша түсінеді:

- Абсолютті билікке ие патшалар (битеушілер) болды. Бұл тезис.
- Екінші тарапта кедейлер (құлдар) болды. Бұл антитетис.
- Бұл екеуі бірігіп, азаматтық қоғам құрды, оның шеңберінде тараптардың әрқайсысы бір-біріне көмектесіп отырды. Ол феодализм деп аталды. Дәл осы жерде синтез көрініс тапты.
- Бұл синтез лордтардың (жаңа тезис) және басыбайлылардың (жаңа антитетис) қалыптасуына ұласты.
- Екеуі бірігіп, капиталистік қоғам (жаңа синтез) құрды.
- Капиталистік қоғам жұмыс берушілерге немесе капиталистерге (жаңа тезис) және жұмысшыларға немесе еңбекшілерге (жаңа антитетис) бөлінді.
- Жаңа синтез әлемге маркстік коммунизмді беруге тиіс еді.

Маркс материя ғана нақты болады деп ойлады және диалектиканы экономикалық жағдайларға тәуелді етіп қойды. Ол механицизм түсіндірмелері физика және химия сияқты ғылымдар аясында қолдануға әбден жарамды деп есептеді. Алайда Маркстің пікірінше, бұл әдістерді тарихи даму үдерісіне байланысты мәселелерді зерттейтін қоғамдық ғылымдарда қолдану мүмкін емес. Маркс үшін диалектика – ғаламның үздіксіз ілгері дамуына негізделген логикалық әдіс. Бұл әдіс тарихи дамудың белгілі бір жолының сөзсіз болатынын көрсетті. Шын мәнінде, диалектика – үздіксіз даму, прогресс теориясы. Ол тарихи даму үдерісін түсіндіреді және оған баға береді.

Гегель мен Маркс диалектиканы табиғаттың қажетті заңы деп санады, ол тарихтың жүру бағытын анықтайды деп білді. Диалектика әлемге билік жүргізді. Маркс пен Гегельдің көзқарастарына сәйкес адамдар тарих үдерісін өзгерте алмайды. Мұндай жағдайдағы ең жоғары моральдық құндылық – тарихтың сөзсіз жүріп отыратын үдерісінің алға жылжыуын қабылдау және соған бойсұну.

Марксшілдер әр жаңа синтез моральдық жағынан барлық алдыңғы синтездерден асып отырады деп тұжырымдайды. Осылайша коммунистік қоғамды құруға тырысушылар, марксшілдердің түсінігінше, жетілген адамгершілік құндылықтар үшін күреседі. Ол тарихи детерминизм заңынан туындаиды.

### *Таптарды Марксше түсіну*

Әр адам белгілі бір әлеуметтік тапқа жатады. Мұны экономикалық құралдар мен өндіріс жағдайлары анықтайды. Әр таптың болуы қарсы таптың пайда болуына әкеліп, олардың арасында араздық басталады. Маркстің пікірінше,

тап күресі жұмысшыларды қанау болмайтын және өндіріс құралдары еңбекшілердің өз қолдарында болатын қоғам құрумен аяқталатын революцияға үласқан кезде социализм орнайды, одан кейін жұмысшыларды қанау жоқ, ал өндіріс қаражатын үйде отырып жұмыс істейтін адамдар қадағалап отыратын тапсыз қоғам дәүірі басталады.

## Идеология

Маркс әр «әлеуметтік тап» – ұлт сияқты, адамдардың біртекті тобы деп санды. Әр таптың ортақ тарихы бар, олар өздеріне тән идеялар мен түсініктер қалыптастырады. Жеке адамның пікірлері, ұнататын нәрселері мен пайымдаулары оның табының идеяларын бейнелейді. Тап мүшелері өз тіршілігінде осы идеяларды басшылыққа алуы тиіс. Осы «ұжымдық ойлауды» адамдардың өздері аңғармайды да. Олардың ойлайтын және сенетін идеялары көбіне өз «таптарына» тән сенімдердің көрінісі бол келеді.

Идеялар түсіндіру кезінде де бұрмалануы мүмкін. Көбіне олар бастапқыдағы әсерінен сәл басқашалау болып шығады: әр таптың идеялары – сол таптың әлеуметтік жағдайының және экономикалық өндіріске қатынасының нәтижесі. Әрқайсысымызға тән белгілі бір идеялар біздің таптың барлық мүшелерінің де басында бар. Біз бұл идеялардың дұрыс та қажет екеніне сенімдіміз, себебі олар біздің, яғни табымыздың мұдделерін бейнелейді. Өндіргіш күштер өз мақсаттарына қол жеткізуге демеу болатын иллюзияны шебер жасай біледі. Осылайша әр әлеуметтік тап өзіне тән идеологияны дүниеге әкеледі. Идеология – қарсы тараппен күресте құтты қару, оны (марксизмді қоса алғанда) барлық теорияға қарсы қолдануға болады. Бұл ретте ол кез келген теорияны «мәселені ағат әрі біржақты түсіндіру» етіп шығара алады.

## Маркстің капитализмнен жиренуі

Экономикалық баға – Маркстің пікірінше, тауардың өндіріс барысында анықталған және оны адамдардың басқа затқа айырбастау тілегіне негізделген құны. Тауардың бағасы, Маркстің тілімен бейнелесек, оны өндіру үшін жұмсалған еңбектің құнының негізінде қалыптасады.

Қарапайым жұмысшыларда капитал жоқ, сондықтан олар өздерінің жұмыс күшін сатуға мәжбүр. Алайда осындай жолмен өндірілген өнім жұмысшылардың өндірістегі қызметі үшін алатын жалақысынан артық бағаға ие. Тауарды сату құны мен осы өнімді өндірген жұмысшылардың жалақысы арасындағы

айырмашылық қосымша құн деп аталады. Капиталист қосымша құнды иеленіп, оны көптеген тәсілдер арқылы пайдаланады және көбіне мүліктік пайда көру құралы ретінде қарастырады. Осы қосымша құнның себебінен капитал мен еңбек, жұмыс беруші мен жұмысшы арасында жанжал пайда болады.

## Жатсыну

Маркс «жатсыну» терминін адамның басқа адамдардың тұлғасыздандырылған тобыры арасында өмір сүруінің мәнсіздігі сезімін сипаттау үшін қолданады. Қазіргі заманғы технологиялық қоғамда адамдардың көпшілігі өндіріс үдерісінің басынан аяғына дейін қатыспайды. Олар өз қабілеті мен күш-куатын өндірістің тек жекелеген кезеңдерінде ғана жұмсайды. Мысалы, автомобиль зауытының қызметкері күні бойы тұтқаларды автокөлік есіктеріне бекітумен ғана айналысады, басқа ештеңе іstemейді. Сондықтан зауыт жұмысшыларының автомобиль жасап жатырмыз деп ауыз толтырып айтудың еш мәні жоқ. Олардың дайын өнімді сатуда табысқа жетеміз деп тырысу да мәнсіз. Жұмысшылар өздерінің бүкіл өндіріс үдерісінен оқшауланып, оларды бақылап отыру мүмкіндігінен айырылғанын сезінеді. Мұндай оқшаулану және айырулуда сезімі жатсыну деп аталады.

Көп пайда табу үшін кәсіпкерлер (капиталистер) өзге кәсіпкерлермен бірге әрекет етуге немесе олармен бәсекелесуге ұмтылуы қажет. Сонда олар үлкен көлемде өнім сата алады және зор пайдаға кенеледі. Мұны жүзеге асырудың жалғыз нақты әдісі – арзан еңбекті пайдалану. Пайданы ұлғайту үшін жұмыс берушілер, Маркстің пікірінше, өз жұмысшыларына бірте-бірте аз төлеуі тиіс. Осылайша капиталистер байи береді, ал жұмысшылар кедейлене туследі.

Капиталға адамгершілік ұғымы тән емес, адами қарым-қатынастарға келгенде ол толығымен азғын. Әуелден азғын жүйе саналатын капитализмді өндіріс құралдарын бақылау капиталистердің емес, еңбекшілердің қолында болатын жүйе ығыстырып шығаруы тиіс.

Маркс заманауи индустриялық әлемде адамдар бір-бірінен алыстанап, өздерінің табандылығынан айырылады деп болжамдады. Оның пікірінше, біз осыны өзімізге өзіміз жасадық. Біз техникаға негізделген әлем құрдық, бірақ оны басқаруға қауқарсызыбыз. Біз өзімізді өзіміз жатсынып, өз қадірімізді білмейтін, өзімізді бұрынғыдай бағаламайтын болдық. Маркс осы заманауи феноменді өзін-өзі жатсыну деп атады.

Капиталистік қоғамдағы адамдар фетишизмге ұмтылуға бейім: олар өздері өндіретін нәрсені басқа адамдардан әлдеқайда артық бағалайды. Капи-

тализмнің ең үлкен залалы мынада: ол адамдарды машинаға айналдырып, механизм ретінде жұмыс істеуге мәжбүрлейді. Капитализм мойындайтын жалғыз құндылық – нарық құны. Капитализм адамды бағаламайды.

## *Маркстік революция*

Маркстің тарих философиясы тарихи үдерістің тарихи кезеңдерге экономикалық факторлар мен мұдделердің айрықша үйлесіміне негізделетінін көрсетеді. Маркстің пікірінше, тарихта мына кезеңдер ерекшеленеді: феодализм (жериеленушілердің мұдделері басымырақ), капитализм (ең алдымен, жұмыс берушілердің мұдделері тұрады) және социализм (жұмысшылардың мұдделері айрықша маңызға ие болады). Маркс тапты тарихтың диалектикалық қозғалысын тудыратын құрал деп қарастырды. Бірақ таза материализмді негізге ала отырып, ол социализм адамгершілік тұрғысынан әлдеқайда кемел болды деп сенімді түрде айта алмады. Дегенмен социализмді, Маркстің пікірінше, диалектикалық даму туындағы, яғни оның болмауы мүмкін еместі. Диалектикалық дамудың өзі үнемі алға қарай ілгерілеуді білдіргендіктен, социализм Маркске барынша жетілген моральдық-құндылықты жүйе болып көрінді. Маркс өзі күә болған капитализм тұсындағы жұмысшылардың ахуалы мен өмір сүру жағдайларын қатқыл түрде, тіпті кекесінмен дәл суреттеді. Оның еңбектерінде терең талдау, байсалды пайымдаулар және революцияға шақырған жарқын үндеулер үйлесімді тоғысқан.

**Материализм** – дүниеде материядан басқа ештеңе өмір сүрмейді, адам ойлағының, сезімдерінің немесе жігерінің бәрі олардың физикалық нақты дүниемен байланысы тұрғысынан түсіндіріле алады деген болжамға негізделген философиялық теория.

**Эмпиризм** – білімнің бірден-бір қайнар көзі – сезімдік тәжірибе (сипай сезу, көру, есту, дәм сезу, иіс сезу) деп білетін философиялық теория.

Маркс «материализм» ұғымын пайдалануды ғылымилық деп ойлады: ол әлеуметтік зерттеулердің дәл және айқын бола алатынына сенді. Материализм тек эмпирикалық фактілерге ғана жүгінеді. Маркс өзінің теориясы мен саяси көзқарастарын аса ауқымды тарихи және экономикалық ғылыми зерттеулермен нығайта тұсті. Маркс материализмі агрессивті атеизмге жақын еді, ол Маркстің өзі консервативті күш деп есептеген дінді қабыл алмады. Дін, Маркс айтқандай, «апиын» бола отырып, адамның санасын қияли жұбаштармен толтырды, рационалды ойлауды қындастып, езілген бұқараны өз

жағдайын жақсартуға үмтүлудан айнытты. Маркс діннің белсендіруші әлеуетін (сенім мен наымға рационалдық пайымдаулардан артығырақ сүйенетін, адам әрекетінің себебіне айнала алатын, сол арқылы қоғам мен адам сана-сындағы өзгерістерге әкелетін құндылық) қабылдаудан бас тартты.

Материализм және диалектика, Маркстің пікірінше, революцияға – мемлекеттік басқарудың қолданыстағы жүйесін құлатуға әкелуі тиіс. Революция – жүйені жетілдіруге бағытталған реформаларға қарсы қойылады. Ұлы Француз революциясы кезінде, Маркстің ойынша, «саяси революция» жүзеге асты. Экономикалық өндіріс құралдары иелерінен құралған орта тап (буржуазия) феодалдық ақсүйектерден саяси билікті тартып алды. Диалектикалық материализм қанаудың және әлеуметтік теңсіздіктің барлық алғышарттарын жоятын жаңа «әлеуметтік революцияның» болмай қоймайтынын болжамдайды. Бұл – қоғамдық өндіріс жүйесін басқару пролетариаттың (буржуазия қанап отырған таптың) қолына көшкенде орнайды. Маркс капиталистік экономика зандағының мызғымас және мәнгілік екені туралы түсініктерді батыл терістеді.

## «Капитал» (1867)

Маркстің социализмі Гегельді сынаудан пайда болды. Маркстің теориясы – даму теорияларының бірі: әр экономикалық кезең өзіне тән өндіріс тәсілімен және тауар алмасумен сипатталады. Тарих диалектикасындағы алғашқы факторлар – өндірудің және игіліктерді бөлудің айрықша тәсілдері. Бүкіл тарихи үдеріс, Маркстің пікірінше, «диалектикалық»: тарих үдерісінде экономикалық өндірістің жана, қалыптастыруши жүйесі мен қарсыласуши ескі қоғамдық жүйенің идеологиялары арасындағы сәйкесіздіктер нәтижесінде туындастырылған ішкі қайшылықтар шешіледі.

- Материалдық немесе экономикалық күштер – бастапқы күштер. Адамзаттың дамуы біздің физикалық, материалдық қажеттіліктерімізден туындаиды.
- Қандай да бір тарихи кезеңдегі қоғам өмірінің саяси жағдайлары – өндірістік үдерісті басқарушы таптың қажеттіліктерінің тікелей бейнесі. Олар сол таптың идеологиясында көрініс тапқан.
- Билемеші тап қоғамның наразылығын қоздырады. Ең соңында, мұның бәрі «таптық күреске» әкеледі.
- Өндірістік күштер диалектикалық трансформация сәтіне дейін дамуы тиіс.
- Жүйе жоғары дәрежеде детерминацияланған.
- «Пролетариат диктатурасы» түпкілікті орнағанда, ұзаққа созылған әлеуметтік күрес аяқталады.
- Мемлекет – таптық күрес кезінде қажет болатын мәжбүрлеу құралы. Тап атаулының бәрі жоғалғанда, мемлекет өзінің өмір сүруін тоқтатады.
- «Пролетариат диктатурасы» өндіріс құралдарының әлеуметтенуіне алып келеді. Бұл үдерісті революциялық маркстік элита тобы басқаруы тиіс.

## Түйін

Маркстің философиясы XX ғасырдың тарихи оқиғаларына елеулі әсер етті. Маркстің социализмі оның қаналған халық бұқарасына деген жеке ықыласынан емес, Гегельді сынау негізінде пайда болғанын түсіну маңызды.

Маркстік философияның кейбір қырларына күмән келтірушілер аз болған жоқ. Бұған кейінгі тарихи оқиғалар да, Маркстің идеяларын сынау да өз әсерін тигізді. Десек те оның саяси белсенделілігі мен үйымдастыруышылығынан гөрі философтығы (сол кездегі көзқарастарды сынаушы және таным мен сенимнің жаңа түрлерін ұсынушы) басым болды. Оның еңбектерінде кең ауқымды тарихи талдау жасалды, ол шын мәнінде болашаққа көз тастауға, тарихи даму зандарына сүйене отырып, алда не болатынын болжauғa тырысты. Біз болсақ, керісінше, өткенімізді бағалаудамыз. Маркс бұл ретроспективалық бағалаудан өзіне пайдалы ештеңе көрмеді. Бұл бізге оның теориясының осал жақтары туралы түсінік алуға мүмкіндік береді.

Маркс капитализмнің әлеуметтік ортаның өзгермелі жағдайларына бейімделу қабілетін жеткілікті бағаламады. Ол капитализмнің өмір сүруі жұмысшылардың өмір сүру деңгейінің прогрессивті төмендеуіне тәуелді деп санады. Іс жүзінде, капитализм өзінің еңбекақыны көбейту, еңбек жағдайларын жақарту, жұмысшылардың денсаулығын және әл-ауқатын көтеру, біліммен қамтамасыз ету сияқты қадамдарға қабілетті екенін дәлелдеді. Соған қарамастан, дәл сол тарихи кезеңде Маркстің капитализмге қатысты айтқан көптеген сынни ескертпелері нақты және орынды болды. Кейбіреулер қазіргі заманғы капитализмнің дамуы, қалай болғанда да, Маркстің әлеуметтік революция жөнінде қоғамда нақты қауіп туғызған негізді сыннына байланысты деуі мүмкін.

Маркстік идеологияны жақтайтын саяси режимдер аясында өмір сүру тәжірибесі адамдарды өздерінің жеке көзқарастарынан, мақсаттарынан, еркіндігінен, этикалық сенімдерінен бас тартуына әкелген жоқ. Бұл адамдар көбіне тіпті диалектикалық материализмдегі «детерминизмді» терістеді және осы бағытта тәрбиеленді. Еуропадағы коммунизмнің кенеттен күйреуі ішінәра қоғамдағы діни, этникалық және тарихи қайшылықтардың қайта көрінін туындады, ал көшшілік бұл қайшылықтар социалистік қоғам құрылышы жолындағы күрес барысында жойылуы тиіс деп ойлаған еді.

Дінді «апиын» ретінде сипаттайтын маркстік сын оның әрекетке итерме-леушилік қабілетін елемеді. Шын мәнінде, көптеген коммунистік режимдердің шектен шығуы бейрационалды наным-сенімдер экстремалды іс-әрекеттердің жойылуына емес, пайда болуына ықпал ететінін және марксизмнің адамгер-

шілікті сынды қолдануға немесе осындағы бағдарламаларды реттеуге қабілеттің екенін дәлелдеуге өз үлестерін қосты. Бірақ коммунистік режимдер үнемі Маркстің таза философиясына емес, оның өзгертілген түрлеріне негізделгенін атап керек.

Теориялық деңгейде Маркс социализмнің көптеген революциялық емес түрлерін паллиативті және утопиялық деп айыптағанын атап көрсете аламыз. Бірақ оның мемлекеттің қажеттілік болмайтындықтан жойылатыны, тапсыз қоғамның орнауы сияқты идеялары да шындыққа жана спайтын утопия екенін айтпауға болмайды. Сонымен қатар идеологияның айтарлықтай бұлышыңыр маркстік түсінігі заттарға біржакты қозқарастың формасы ғана салалатын маркстік философияның өзіне қарсы бағытталуы мүмкін (мұны дәлелдеуге болады).

Маркстің таптық күрес туралы түсініктері нақты фактілерді қарапайымдандыруға негізделді. Ол екі тапты ғана қарастырды. Ол жалдамалы жұмысшылар және маман-жұмысшылар (жалдамалы жұмысшылардың орта табы) түптеп келгенде бір ғана пролетариат табына бірігеді деп есептеді. Іс жүзінде олай болмады. Осы екі әлеуметтік топты біріктіру үрдісі басқа қырлардан көрінді. Оның үстіне Маркстің заманында қабылданған «орта тап» терминінің мағынасы қазіргі заманғы мағынасынан ерекшеленеді.

Сіздің ойыңызша, капитализмге берілген маркстік сынның мәні қандай? Сіз бұл пайымдауды қайdan түйдіңіз? Мәселені шешудегі сіздің ұстанымыңыз қандай? Маркс балама болжамдарға қалай келді? Сіздің әдістеменіздің Маркс әдістемесінен айырмашылығы неде?

Қазіргі заманғы әлемде Маркс тарих туралы өзіндік қозқарасы үшін – тарихтың экономикалық түсіндірмесіне назар аударғаны үшін бағаланады. Марксизмнің тағы бір жемісі – бүгінгі тарихшылар тарихи оқиғаларды, экономикалық факторларды талдау арқылы түсінуге ұмтылатын болды.

Қазіргі заманғы саясаткерлер өздерінің негізгі мақсаты – жалпы әлеуметтік-экономикалық дамуға ықпал ету деп санайды. Олар бұл тұрғыдан алғанда өздеріне емес, Маркске көбірек риза болуы тиіс.

Ең сонында, тарихи кезеңдердің алдын ала белгілілігі, диалектикалық материализмнің болмай қоймайтыны туралы Маркстің түсінігі ғылымнан гөрі оптимизмге, квази-діни сенімге немесе фатализмге әлдеқайда жақын екенін атап ету қажет.

# **11. Фридрих Ницше: Билікке құштарлық**

Сіз қындықтар мен бақытсыздықтарды өмірдің сыйы немесе жақсылығы деп мадақтау туралы бір сәт болса да ойланыңыз ба? Әлде өміріңіздің мақсаты – рационалды ойлау, сабырлылық, оқшаулану, мәселелер туралы пайымдау, ақылға қонымды шешімдерге келу деп ойлағанды дұрыс көресіз бе? Философиялық кітаптар даму үстіндегі ойды сипаттауы тиіс деп ойлайсыз ба? Тағы да ойланыңыз! Ницшенің еңбектері сізге ащы да қатал болып көрінуі мүмкін. Өзімен келіспейтіндерді «ақымақ» деп атай салу оған қын емес еді. Ницше сіздің идеяларыңыздың астын үстіне келтіруге дайын, бірақ ақылдыңызды жауап алуға жол берменіз! Оны байыптылықпен, бейтарап және сынни тұрғыда бағалаңыз.

## **Өмірі**

Фридрих Вильгельм Ницше 1844 жылы Саксонияда (Шығыс Германия) дүниеге келді. Оның әкесі лютерандық пастор еді, ол кішкентай Фридрих 5 жасқа толғанда дүние салды. Болашақ философтың тәрбиесімен аны, әжесі және немере әпкелері айналысты. Ол шаңырақта әрдайым діни көніл күй салтанат құрды.

Жас Ницше 1854 жылдан 1858 жылға дейін жергілікті гимназияда, яғни орта мектепте, кейінірек мектеп-интернатта оқыды. Ол жастайынан грек мәдениетін сүйіп өсті; сондай-ақ музыкамен және поэзиямен әуестенді.

1864 жылы Ницше Бонн университетіне түсіп, филологияны игерді. Кейінірек Лейпциг университетіне ауысты. Дәл осы уақытта Шопенгауэрдің және оның атеизмінің әсерімен Ницше өзін христиан деп санауды тоқтатты. Докторлық дәрежесінің жоқтығына қарамастан, Базель университетінің философия профессоры болып тағайындалды. Бірінші дәрісін ол 1869 жылы оқыды. Келесі жылы Франция-Пруссия соғысы басталып, бұл уақытта Ницше дала госпиталінде санитар болып қызмет етті. Біраз уақыт ол қатты ауырып

жатты, бірақ кейін Базельдегі жұмысына қайта оралды. Осы кезеңде Ницше композитор Рихард Вагнермен жақындастып, оның Люцерн көлі аумағында орналасқан үйінің тұрақты қонағына айналды.

Ницшенің ертеректе жазған «Беймезгіл ойлар» сияқты туындылары пікірталас тудырды және ғылыми қауымдастық оларды қабылдамады. Ницше мен Вагнердің арасындағы достық біртіндеп салқынданай тұсті, өйткені Ницше Вагнердің шығармаларын «тым христиандық» деп санады.

Ницшенің философиялық идеялары ешқашан логикалық тұрғыда жүйелі болған емес: алдыңғы еңбектерінде ол Сократтың рационалды ойлау әдісін сынға алса, кейінгілерінде Сократтың рационалды дүниетанымын және француз Ағарту дәуірі қоғамдық өмірге енгізген идеяларын мадақтады. Бірақ көптеген философтардың ойларына даму тән екенін атап өтпеуге болмайды. Ницше өз философиясын метафизиканы сынаудан және моральдың материалистік негізі бар екенін тұжырымдаудан бастады. Ницшенің пікірінше, ізгілік пен зұлымдық – әуел бастан-ақ адамның белгілі іс-әрекеттерінің қоғамдық пайдасын немесе зиянын көрсететін тәсіл. Адамдар этикалық пайымдауларға қажетті осындағы негіз туралы түсініктерінен айырылып қалды. Осы сәттен бастап олар ізгілік пен зұлымдық туралы абсолютті ұғымдар ретінде ойлай бастады.

1879 жылы қабылданған тәртіпті ұнатпаған, оның үстіне денсаулығын да нашарлатып алған Ницше университет кафедрасынан кетуге мәжбүр болды. Осы сәттен бастап оның өмірі, дімкәс денсаулығына қолайлы тұрғылықты жер іздеу мақсат еткен көшпелі тірлікке айналды. Ницшеге, әсіресе, таулар ұнайтын. 1882 жылы жарық көрген «Көнілді ғылым» еңбегінде ол христиандықты «өмірдің жауы» деп жариялады. Кейінірек Ницше бүкіл уақыттың дүркін-дүркін қайталанатын циклдерден тұратыны туралы идеяны дамытты. Ол бұрын болғаның бәрі сөзсіз қайталанады деп пайымдады. Оның бүкіл әлемге арналған жолдауы сияқты болған бұл идея оған аян ретінде келді және «Заратустра осылай деген» (**Also sprach, Zarathustra**) туындысында парсылық данышпан Заратустраның өсиеттері түрінде жазылды. Циклдердің мәңгі қайталанатыны, Асқақ адам және құндылықтарды қайта бағалау туралы идеялары баяндалған Ницшенің ең атақты кітабы дәл осы болса керек. Бұл еңбек – Ницше философиясының даму кезеңдерінің бірі ғана. Бұл кітап декламациялық және көріпкелдік мәнерде жазылған. 1886 жылы жарияланған «Ізгілік пен зұлымдықтың арғы жағында» кітабы – Ницше ойларының байыптырақ үлгісі.



Фридрих Ницше

## Әмір шежіресі

- 1844 жыл – Фридрих Вильгельм Ницше дүниеге келді  
 1848 жыл – Еуропадағы төңкөрістер тізбегі  
 1849 жыл – Ницшенің әкесінің қайтыс болуы  
 1854 жыл – Ницше гимназияға түсті  
 1859 жыл – Дарвиннің «Тұрлардың шығу тегі» еңбегі  
 1864 жыл – Ницше Бонн, кейінірек Лейпциг университеттерінде оқыды  
 1869 жыл – Ницше Basel ғылыми университетінде философия профессоры атанды, Вагнермен достық  
 1870 жыл – Ницше Франция – Пруссия соғысында  
 1871 жыл – Бисмарк біріккен Германияның канцлері атанды  
 1873–1879 жылдар – Ницшенің «Бейmezgіl ойлары»  
 1876 жыл – Вагнермен достығының соны; Байройт театры Вагнердің «Нибелунг сақинасы» қойылымының тұсаукесерімен ашылды  
 1882 жыл – Ницшенің «Көңілді ғылымы» жарияланды  
 1883–1885 жылдар – «Заратустра осылай деген»  
 1886 жыл – «Ізгілік пен зұлымдықтың арғы жағында»  
 1888 жыл – II Вильгельм Германия кайзери атанды  
 1889 жыл – Ницше алжасу дертіне шалдықты  
 1900 жыл – Ницше дүниеден өтті

Кейінірек Ницше өзінің бұрынғы досы Вагнерді өткір сынаған шығармаларын жариялады. Кейінгі еңбектері Ницшенің психикасында ауытқу бар екенін байқатты. 1889 жылы ол Basel клиникасына емдеуге жатқызылды, одан шыққан соң Веймарда әпкесімен бірге өмір сүрді. Ол нағыз танымалдылыққа ие болды, бірақ есалан деп саналды. Бәлкім, оның ақылынан алжасуы өзі емдеуді ұзақ уақыт кейінге ысыра берген науқасы – мерездің салдары болар. Ницше 1900 жылы қайтыс болды. Ол ешқашан үйленген жоқ.

## Ойлары

Ницшенің көзқарастарын көп адам «ақсүйектік анархизм» деп атады. Ол екі түрлі құндылықтар жүйесін ұстанған: бір жағынан – соғыс, қатыгездік, адамның өзін дәріптеуі; екінші жағынан – философия, поэзия және музика. Ол өз заманындағы қоғамның саясатына, адамгершілікті және әлеуметтік тіректеріне батыл қарсы шыққан философия профессоры болды.

Ницше ұстанымдары этикалық сипатта. Ол адамда белгілі бір тұлғалық қасиеттердің болғаны дұрыс, бірақ оларға аз ғана адам ие бола алады деп

санады. Ницшенің пікірінше, көпшіліктің негізгі міндеті – азшылықтың үстемдік құруына қажетті жағдай жасау. Адамдар, оның көзқарасына сәйкес бақытқа немесе жайлы өмірге ұмтылууды көзdemеуі тиіс. Нағыз ізгілік парасатта, пайда да әкелмейді: оны ұстанушылар басқалардан оқшауланып, алшақтайды, тәртіпке қарсы келеді және бағыныштыларға зиянын тигізеді. Жоғары деңгейлі тіршілік иелері бағыныштыларға қарсы соғыс жүргізуі тиіс. Ал демократиялық үрдістер – дарынсыздықты қолдау.

Дегенмен Ницшенің көзқарасы жоғарыдағыларға құмарлық пен аңсардың жетегінде өмір сүруге болады деген тұжырым емес. Ол спарталық тәртіпке сенді және адам өзгенің жаңын қалай ауыртса, өзі де ауруға солай төтеп беруі қажет деп пайымдады. Ницшенің пікірінше, жігердің қуаты – асыл қасиет. Қайғы-қасіретке бой алдыру – әлсіздік. Ол мемлекетке емес, қаһарманға сенді.

Ницше әйелдерді жек көрді. Бұл көзқарас оның ақыл-ойынан да, өмір тәжірибесінен де туындаған. Ол христиандық әрқашан «құлдық сананы» қолдайды деп тұжырымдай отырып, христиандыққа қатысты дұшпандық көңілін айқын көрсетті. Христиандықтың ақиқаттығы немесе жалғандығы тура-лы пайымдауға ол ешбір қызығушылық танытқан жоқ. Ол оны жек көрді, өйткені христиандық адамдар арасындағы айқын айырмашылықтардың болуын жоққа шығарды. Жаңа Өсінет, Ницшенің сөзімен айтқанда – «адамдардың ең төменгі түрін» идеалдандыру. Христиандық, философтың түсінігінде, адамның журегін баурап, рухын жаншып, қуатын сарқып және ең соңында билікке ұмтылысын жоймақ. Мұның бәрі зиянды.

Ницше болашақтың адамы – бекзат адам – қатыгез және рақымсыз болады, өз бауырларын құрбан етуден қорықпайды деп тұжырымдады. Оның бүкіл өмірі қатаң ережелерге бағынады, зорлық-зомбылық жасап, құлық-сұмдықты өмір мәні етеді.

### «Заратустра осылай деген» (1885)

- Өмір – билікке құштарлық. Нағыз өмірді танып-білуді қалайтын адам қарапайым пендеге тән наным-сенімдер мен моральдық қағидаларды жеңіп, Асқақ Адам болуы тиіс.
- Аяушылық және көнбістік сияқты христиандық ізгі қасиеттер адамдарды азғыннатуға, олардың жігер-күшін жойып, бағынышты етуге мәжбүрлейді.
- Өмір сүруге батылдығы жеткіліксіз адамдар армандаудың, тәннен рухты асқақтатудың, соғыс жүргізудің орнына, өмірден тыныштыққа ұмтыла жүріп қашуға тырысады.

- Асқақ Адам – ізгілікті, өйткені ол өзін Құдайға деген сенімнен құтқарады және о дүниелік елестерден арылады. Асқақ Адам қарапайым адамдарды жек көреді және оларға тәзгісі келмейді. Ол бақытты. Жалған үміттер мен жалған сенімдерге ілесіп өмір сүретін адамдар одан қай жағынан алғанда да еш асып түсе алмайды.
- Құдіретке табыну – балалыққа оралу.

## Ницшенің бетперделері

Ницшенің философиялық ойлары бірнеше «кезеңнен» өтті. Ерте кезеңде олар рационалды және сыны сипатта болды (кейінірек философ ол кезеңді «оғаш ұстаным» ретінде, өз болмысының ақиқат мәніне жету мүмкіндігін иелену үшін бас тарту қажет болған қадам деп сипаттады). Ницше ол кезеңдерді өз ойын дамытып, өзіндік «Менің» айқындау үшін олардан бас тартуға тиіс болған бетперде ретінде түсіндірді. Әр бетпердені айналадағылардың бәрі көрді. Бетперденің астында керек уақытта сыртқа шығатын ақиқат ойларының дамуы жүріп жатты.

Сонғы кезеңде Ницше өзін-өзі тексергендей болды: өмірді қабылдауға, оның азаптар мен қиналыстарға толы әр сәтіне төтеп беруге жететін күші болды ма, әлде жоқ па – осыны білгісі келді. Оны Асқақ Адам тұжырымдамасына – жоғары санаттағы адамдарға өз мүмкіндіктері мен қабілеттерін дамытуға көмектесуші түсінікке әкелген де осы. «Ақиқаттың өлшемі – билік сезімінің нығаюы». Ой – Ницшенің пікірінше, адамдардың өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруына көмектесетін құрал.

## Билікке құштарлық

Билікке құштарлық – дүниедегі бүкіл бар нәрсенің және болуға тиістінің бастауы. Әлсіз адамдар, тобыр мүшелері – өмірді танып-білуғе қабілетсіз. Олар өздерінің одан әрі қарай да, қаша беруіне мүмкіндік жасайтын моральдық қағидаларды қалыптастырады. Бұдан басқа, мораль оларға билікті өз үystарынан шығармауға мүмкіндік береді. Олар аяушылық, ынтымақтастық және т.б. идеалдарды ұстанған кезде өз әлсіздіктерін дәріптейді. Олар «ләzzат-құмарлық, билікқұмарлық және өзімшілдік» зандарына сәйкес өмір сүрге қабілетсіз. Олар күштілерде ғана бар. Әлсіз адамдар қатыгездікке батылы барғандардан зардал шегеді. Сондықтан олар бекзат та күшті адамдарды түрлі тыйымдардың көмегімен бұғаулауға тырысады.

Егер әлсіздер өздерін жоғарыда тұрғандардың деңгейіне дейін сүйреуге

куші жетпесе, онда олар, ең кем дегенде, соңғыларды өздерімен бірдей деңгейге түсіруі мүмкін. Олардың бойы өшпенделікке – қарапайым пенделердің бекзат адамдарға деген өшпенделілігіне толы. Құштілердің қабілеттері қарапайымдардың әлсіздігін ашып көрсетеді, сондықтан олар құштілерді жаншып, масқаралауға ұмтылады. Коммунизм қаупі пайда болғанда, фашизм ұсақ буржуазияның арасында оған деген жеккөрініштілікті оятуға барын салды. Ницшенің айтуынша, құшті жан өшпенделікті білмейді. Ол өзінің билікке құштарлығын ашық жариялады және осы қадамын мақтан тұтады.

**Материализм** – дүниеде материядан басқа ештеңе өмір сүрмейді, адам ойлауының, сезімдерінің немесе жігерінің бәрі олардың физикалық нақты дүниемен байланысы тұрғысынан түсіндіріле алады деген болжамға негізделген философиялық теория.

**Инструменталдық** – қандай да бір затты оның құндылығы мен сапасы тұрғысынан емес, белгілі бір мақсаттарға қол жеткізуде қолдану мүмкіндігі тұрғысынан ғана қарастыру.

**Абсолюттік** – кез келген шарттардан, шектеулерден немесе түсініктердің тәуелсіз, толыққанды, өзіндік билікке ие бола отырып өмір сұру, бар болу дегенді білдіреді.

### «Ізгілік пен зұлымдықтың арғы жағында» (1886)

- Өмірді сақтауға және адамның күшін арттыруға бағытталған идеялар логиктердің және абсолютті әлденені ұғынуға ұмтылатын адамдардың ұстанатын идеяларынан әлдеқайда маңызды.
- Жігер еркіндігіне деген метафизикалық қызығушылықты алып тастап, оны жігер күші ұғымымен ауыстыру қажет.
- Адам креативті (бұл термин діни метафизикада ештеңеден жарату деген мағынаны білдіреді – аудармашылар) өмір сұру үшін дәстүрлі құндылықтардың астын үстіне шығарып, төңкеріп тастауы тиіс. Құштілерді тізгіндеп ұстau үшін әлсіздер қоғамдық құндылықтарды ойлап тапты.
- Ғылыми ойлар шешім қабылдап, жаңа пікірлер ұсынбаса, олар – әлсіз. Адам жігерді терістегенде, өмірді терістейді.
- Өздерінің жігері мен түйсігіне сәйкес әрекет етуші адамдар болғанда ғана өмір алға қарай қадам жасайды. Билікке құштарлық салтанат құрғанда, қарапайым құндылықтардың шенберінен асқан жаңа құндылықтар пайда болады.

### Бүкіл құндылықтарды қайта бағалау

Билікке құштарлық міндетті түрде «құндылықтарды қайта бағалауға» әкеледі: қолданыстағы моральдық қағидалар терістеліп, тазартылады және қо-

Ғамда құндылықтардың жаңа жүйесі қалыптасады. Әлсіздер өз құлық-сұмдықтары арқылы ғасырлар бойы тыйым салғанның бәрі енді асқақтатылып, ардақталады. Тіпті біздің әрқайсысымыз «сен жасауға тиіссің» десек, әрбіріміз «мен жасаймын» деуіміз қажет.

Ницшенің қаһарманы – өзін басқалардан өз күшінің көмегімен жоғары көтеретін адам. Ол өзінің басымдығы үшін кешірім сұраудан бас тартады; бірақ оны өмірде батыл көрсетеді. Ізгі қасиеттер аусар, қатыгез және қатаң қасиеттерге айналады (оның ілімінің бұл қырын 1930 жылдардағы фашистік ұйымдар жоғары бағалады).

## Асқақ Адам

Асқақ Адам – жердің мәні.

Адам – хайуан мен Асқақ Адамның арасында тартылған арқан.

Жалпы алғанда, он тоғызыншы ғасырдың ойшылдары Дарвиннің эволюциялық теориясына күмәнмен қарады, себебі ол адамның ұлылығын төмендettі деп санады. Ницше, керісінше, мұндай дамудың жағымды жақтары да бар деп батыл мәлімдеді.

Ницше ешқашан адамдардың бір топтарының басқалардан биологиялық түрғыдан артықшылығы туралы жорамалдаған емес және арий нәсілін ма-дақтамады да (шындығында ол немістерді жек көрді деуге болады). Ол Асқақ Адам – дүниеде адам өзінен-өзі асып түсуді менгергенде пайда болады деді. Асқақ Адам, Ницшенің пікірінше, өмірге мығымдыққа, орасан зор күшке, молшылыққа ие, өзін көрсете алатын және осы қасиеттердің бәрін үйлесімді біріктіре алатын тұлға. Асқақ Адам өзіне сенімді, сақ, тәртіпті және күшті. Ол өзіне сүйсіну ғана қолынан келетін тобырдан әлдеқайда асып түседі.

Асқақ Адамның осы келбетін сомдауда Ницше өз ойларына әдейі әйелді жеккөрушілік астар береді. Оның өз еңбектерін баяндау тілі осындаі.

## Ницшенің ықпалы

Ницше ықпалы зор болды, бірақ оның ілімі философтардан гөрі өнер мен әдебиетке қызығушылық танытқан адамдарға көбірек әсер етті. Ол ұлы соғыстар дәүірінің басталуын болжады, бірақ дүниежүзілік соғыстан бұрын қайтыс болып кетті. Ницшені «күш» культін мадақтаған, жоғары нәсіл мен азаматтық қоғамның барлық саласына килігіп отыратын тәртіпті милитаризмді қолдады деп айыптайды.

## Фашизм

Көп адам Ницшені фашизмге дем берушілердің бірі болды деп есептейді. Шындығында фашизм онсыз-ақ пайда болған шығар. Десек те фашистік теорияның маңызды идеяларын атап өту қызықты:

- Фашизм ақыл-ойға қайшы еді: жігер мен іс-әрекет әрқашан өздерін өздері ақтап отырады.
- Бағыну – ең жоғары заң – объективті жігер болды.
- Парыз, билік және тәртіп бақыт пен еркіндікті алмастырды.
- Мемлекет маңызды мағынаға ие болды, ол экономикалық жүйені басқарды.
- Мемлекеттік бірлікті нығайту мақсатында барлық экономикалық таптар арасындағы қайшылықтар бәсендегілді.
- Адамдардың энергиясын күшетуге түрткі болатын эмоцияларға шақырды.
- Парламент пен сот жүйесі нақты тәуелсіздікке ие болмады; олардың қызметтерін атқарушы билік иемденді.
- Мемлекеттік ұйымның мінсіз түрі – әскери тәртіп болды.
- Халықта нағыз көшбасшыны тандауға және оның соңынан еруге жол ашатын табиғи түйсіктеріне сену тән деп есептелді.
- Орталық саяси принцип – «көшбасшы» болды, оның астында «тұлғалардың өсөттін тобы» тұрды.
- «Нәсіл тазалығы» насиҳатталды.

Бұл тізімде Ницше ешқашан келіспейтін кейбір элементтер бар. Мысалы, Ницшеде неміс халқына деген ешқандай жақсы көру сезімі болған емес, ал оның тәртіп пен қатыгездік жайлы түсініктері әлеуметтік топқа емес, жеке тұлғаға ғана қатысты болды. Екінші жағынан алғанда, фашистер Ницше философиясынан өздері армандаған көзқарастардың жаңғырығын көрді. Бұған мысал ретінде фашистер Ницшеге тән мағынада емес, өз түсініктері аясында қолданған Асқақ Адам идеясын атауға болады.

## Түйін

Ницшенің ойлары – ол оның көмегімен өзінің қарапайым адам ретінде не нәрсеге қабілетті екенін түсінуге тырысқан құрал. Оның философиясы – адам танымын сынаушы философия емес, адам санасын оятуға бағытталған шабыт, серпін беретін «философия» деп атауға болады.

Ницшенің құмартқаны – «басқаша ойлау» еді. Дайын шешімдер шығарып, жүйе қалыптастыруға оның уақыты болған жоқ. Ол ойлаудың жаңа жолда-

рын ашуға батыл үмтүлүп, бұрыннан үстемдік құрып келе жатқан ойлармен байланысын үзді.

Оның «ақсүйектік» құндылықтары, жинақтала келгенде, саяси теория емес, жетілмеген этика еді. Ол мемлекетті басқару теориясын ұсынған жоқ. «Ақсүйек» деп атауға болатын адам Ницшені сүйсіндірді. Бірақ Ницшенің ақсүйектері түкке жарамайтын құр көбеюші топ емес, қабілеттерге, жігер мен іс-әрекеттерге ие ақсүйек еді. Оларда аяушылық, мейірімділік пен үрейден гөрі жігер күші, батылдық және биліккүмарлық қебірек болды.

Маркс жеке адамдардың қалаулары мен әрекеттерін топтың – пролетариаттың мүдделеріне бағындырыған философ болса, Ницше күшті тұлғаның қалауларын қолдау үшін топтың түсініктерін екінші қатарға ығыстырыған философ еді.

Моралистердің көбі аяушылықты жақтап, азап шегуді айыптайды және дүниенің жақсарғанын қалайды. Ницше болса аяушылықты айыптаپ, азап шегуді асқақтатты және өзгелердің үстінен билік жүргізетін адамдарға сүйсіне қарады.

Ницше философиясын бағалай отырып, ол таза рационалды құрылым болмағандықтан, таза рационалдық жауап жоқ екенін айта аламыз. Біз ұстана алатындағы ешқандай объективті құндылықтар жүйесі, ізгілік пен зұлымдық туралы объективті жүйе жоқ. Будда, Иса немесе Мұхаммед сияқты адамгершіліктің ұлы ұстаздарының өсиеттерін ұстануға болады. Немесе Ницше философиясы туралы өз эмоцияларымызбен кеңесіп: «Азап шегуді жақсы көрмеймін, адамдарда аяушылық болғанын қалаймын, басқалардың үстінен билік жүргізуден бас тартамын. Демек, Ницшенің сүймеймін!» – деуге де болады. Алайда мұның бәрі – оның идеяларын рационалды теріске шығару емес, тек жеке қалаулар ғана.

Сонында біз мына сұраққа жауап беруге тиіспіз: Ницшенің ұстанымының қандай оң сипаттары бар?

## **12. Людвиг Витгенштейн: тіл және нақты дүние**

Витгенштейнді көбіне «күрделі» философ деп айтады. Ол – бір емес, екі философиялық ілім ұсынған бірегей ойшыл. Оны, негізінен, логика және тіл мәселелері қызықтырыды.

### **Әмбі**

Людвиг Витгенштейн 1889 жылы Венада дүниеге келген. Әкесі металлургия өнеркәсібі саласында қызмет етті, отбасы өте ауқатты тұрды. Атасы – протестанттықты қабылдаған еврей; анасы Людвигтің өзі сияқты католик еді. Витгенштейннің отбасы музыкаға өте жақын болды. Бастауыш білімді Людвиг өз үйінде, жеке мұғалімдерден сабак ала отырып игерді. Ол ескі бөлшектерден механизм құрастырып, ерекше дарынын байқатты.

Витгенштейн 14 жасқа толған соң ғана мектепке барды. Онымен бірге Адольф Гитлер де оқыған, бірақ бұл жай ғана сәйкестік еді. Алғашында Витгенштейн Берлинде инженердің оқуын оқыды. Кейінірек ол Манчестерде аспирантураны аяқтап, онда аэронавтиканы, әсіресе жоғары қысымдағы газдардың жану үдерісі заңдылықтарын зерттеді. Бұл оның математика негіздеріне ықыласын ояты, сол арқылы философияға келді.

Витгенштейн математика және логика негіздері туралы кітап жаза бастады. Сосын бұл кітапты неміс философы және математигі Готлоб Фрегеге көрсетті. Фреге Витгенштейнге Кембриджге аттанып, математиканы Берtrand Расселдің ғылыми жетекшілігімен зерттеуге кеңес берді. (Рассел ақсүйек тегінен шыққан ағылшын болатын. Математика туралы «Principia Mathematica» атты маңызды еңбек жазған. Рассел – сонымен қатар әлемге әйгілі философтардың бірі.) Екеуінің арасында достық қарым-қатынас орнады. Бірде Рассел мен Тринити-колледждің тағы бір атақты кембридждік философы Д.Э. Мур жаңадан келген студенттерді талқылап отырып, ақыры Витгенштейнге де жетеді. «Түсіне алар емеспін, – дейді бірі, – ол өзі данышпан ба, әлде на-

құрыс па?» «Неге?» деп сұрайды екіншісі. «Өйткені ол менің дәрістерімде үнемі ойға шомып отырады».

Рассел Витгенштейннің данышпандығына көз жеткізіп, оған өзінің та-ным теориясына арналған, әлі аяқталмаған жұмысының мәтінін көрсетті. Витгенштейннің оны қатал сынағаны соншалық, Рассел кейін бұл еңбегін қайта қарау үшін Витгенштейнге берді. Витгенштейн логика мәселелерін шешуге және ұстазының қателіктерін түзетуге тырысып, тұні бойы Расселдің пәтерінің бір бұрышынан екінші бұрышына әрі-бері теңселіп жүре-тін. Осы тұнгі толғаныстар шәкіртінің денсаулығын құртатынын сезінген сәтке дейін, Рассел Витгенштейнге уақыттың тым кеш болып кеткенін ес-кертіп, үйден кетуін талап етуге де қорықты. Ақыры Витгенштейн гума-нитарлық ғылымдар бакалавры дәрежесін алмастан Кембриджден кетіп қалды. Ол Норвегияға аттанып, сол жақта логика туралы пайымдауларын жалғастырды.

1914 жылы соғыс басталды, Витгенштейн өз еркімен Австрия әскери қа-тарына кірді. Ол соғыстың барлық ауыртпалығын басынан өткеріп, оның қа-тал жағдайларын сезінді, бірақ шайқастарға көп қатысқан жоқ. Витгенштейн логика теориясына қатысты жазбаларын жалғастыра берді. Біртіндеп бұл жазбалар жинақтала келіп, тұтас кітап болды. Кейінірек бұл кітап оның бас-ты жұмысына айналды. Ол «Логикалық-философиялық трактат» («Tractatus Logico-Philosophicus») деген атауға ие болды. Философ бұл жазбаларын соғыста жорық сөмкесінде арқалап жүрген деп те айтады.

Витгенштейн соғыста ержүрек, батыл болды және өзін аса қауіпті ай-мақтарға жіберуді үнемі талап етті. Ол бірнеше медаль алды. Әскери өмір оның философиялық ойларының бағытына да ерекше әсер етті, ол логиканығана емес, этика мәселелерін де қарастыра бастады. Кембридж университетінің баспасы оның «Трактатын» жариялаудан бас тартты. Мұнымен қоймай, ешбір еңбегін баспай қойды. Витгенштейннің еңбектері Оксфордта жарық көрді. Оның лингвистикалық талдауға баса назар аударған философиясы Кембриджде дамығанымен, көбіне Оксфорд философиясы деп аталды.

Витгенштейн философиясының бұл кезеңдегі басты бағыты – тіл арқылы барынша анық әрі дәл баяндауға болатынның бәрін бейнелеу еді. Бұл фи-лософия адамның ойлау қабілетін түйіктаған барлық шекараларды жойды. Витгенштейтіннің басқа идеялары да талай маңызды сұрақ туындалады, бірақ бізге оларды қарастырудың қажеті жоқ.

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Витгенштейн Австрияға оралды. Әкесі 1913 жылы дүниеден өтіп, Людвиг бай мұраға ие болды. Бірақ оның көп бөлігін көмекке мұқтаж суретшілерге таратып берді. Ол философияның

барлық мәселелеріне сай келетін шешім тапқанына сенімді болды. «Мен айналысуға лайық ештеңе жоқ» деп есептеген Витгенштейн мектепте мұғалім болуға шешім қабылдады. Ол бірнеше бастауыш мектепте сабак берді. Философ түсінуге қыын математиканы балалардың, ұлдар мен қыздардың да игеруін талап етті, бұл сол кездерде айтарлықтай ерекшелік-тұғын. Білім беру саласының басшылары Витгенштейннің дарынды мұғалім екенін сезді. Ол шәкірттерге түрлі сұрақтар қойып, олардан түрлі модельдер мен механизмдерді құрастыруды талап етті. Өткінішке қарай, ол өзінің шыдамсыздығы мен қызбалығын жиі байқатып алатын. Витгенштейнге «балалар бірдецені түсінбегенде, оларға қол көтерді» деген айып тағылды. Жергілікті тұрғындар оны мейірім мен түсініктен ада, бірбеткей ақсүйек деп санады. Шынында да, ол кез келген ортада қыындыққа тап болатын, себебі айналасындағы адамдармен тіл табыса алмайтын. Мектеп мұғалімі ретіндегі сәтсіз қызметі философтың санасында елеулі із қалдырып, монастырьге уақытша кете тұру туралы ойға да берілді.

Витгенштейн ұстаздық қызметтен бас тартып, Венаға оралды. Ол ғимараттарды заманауи мәнерде жобалауға қызығушылық таныта бастады, әпкесіне үй салып берді. Оның таза функционалды қолданысқа сай болуын қатаң қадағалады. Бұл үй Венада әлі де бар. Витгенштейн Венада жүргендеге әпкесінің швейцариялық құрбысы Маргаританы кездестіріп, оған ғашық болды. Үйленгісі келген Витгенштейн оны Норвегиядағы үйіне шақырды. Философ түндерінің басым көпшілігін дұға оқуға арнағандықтан, қыз оның өзіне деген ықыласының аздығын сезінген болар, екі аптадан кейін кетіп қалды. Олар дос болып қала берді, бірақ Витгенштейн ешқашан үйленбеді.

Осы кезде Витгенштейн ғылым философиясына қызығушылығы зор бір топ ойшылдан құралған Вена үйірмесімен байланыс орнатты. 1929 жылы ол Кембриджге қайта оралып, онда өзінің «Трактатын» диссертация ретінде ұсынды. Мур мен Рассел одан емтихан қабылдады. Диссертациясын қорғап сөйлеген сөзінің соңында Витгенштейн екі ғалымның арқасынан қағып, олардың бұл еңбекті бәрібір түсіне алмайтынын, сондықтан аса қатты үйімдамауларын өтінген екен. Кейінірек Мур емтихан комиссиясының есебінде: «Меніңше, Витгенштейн мырзаның диссертациясы – данышпанның еңбегі; бірақ қалай болғанда да, ол Кембридж университетінің философия докторы ғылыми дәрежесін алуға қажетті барлық талаптарға сай», – деп жазды.

Сол уақыттан бастап Витгенштейн Кембриджде философия пәнінің оқытушысы атанды. Ол өте қарапайым өмір сүрді. Оның бөлмесінде жиназ атаулыдан үстел, бірнеше шезлонг және жиналмалы кереует қана болған!

Витгенштейннің дәрістері жалпы қабылданған шарттарға сәйкес емес-ті. Ол ойларын бір орында қозғалмастан дауыстап айта беретін және қолында ешқандай қағазы болмайтын. Кейде дәрісханада ұзак уақыт үнсіздік орнайтын. Витгенштейн ақымақтығы үшін өзінің жер-жебіріне жететін, сонымен қатар тыңдаушыларымен керісіп, дауласып қалатын. Студенттер өздерін терең, маңызды және сирек кездесетін ойлау үдерісіне қатысып отырғандай сезінетін. Диплом жұмысын қорғауға дайындық кезінде олар қайтсе ұстаз талаптарына сай бола алатынын білмей, бас қатыратын. Эрине, Витгенштейннің бұл мінезі мен әдістері ешкімге ұнамады. Алайда ол студенттердің «басында болмаса да, қолдарында болсын» деп, өз жазбаларының екі топтамасын дайындағы. Олар «Көгілдір» және «Қоңыр» кітаптар деген атаулармен жарық көрді. Бұл кітаптардың атаулары олардың мәтіні бастапқыда көгілдір және қоңыр қаптамаларда болуына байланысты еді.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Витгенштейн философияны оқытудан бас тартып, оның орнына Лондондағы госпитальдардың бірінде санитар болып қызмет етті.

1947 жылы Витгенштейн қызметін тастады. Осы сәттен бастап ол Ирландияның батыс жағалауындағы үйінде оқшау ғұмыр кешті. Бүкіл өмірінің басты туындысы – «Философиялық зерттеулерді» сол жерде жазды.

Көп ұзамай ол сырқаттанып қалды. Витгенштейнге қойылған диагноз – қуық безінің қатерлі ісігі. Ол 1951 жылы Кембриджде дүниеден өтті. Өзінің философиялық мәселелерді шешуге арналған еңбегін ол өлім сафаты соққан күнге дейін, ақылынан біржола адасқанша жазумен болды.

## Ойлары

### Логиканың маңыздылығы

Логика Аристотель үшін де, сондай-ақ ортағасырлық схоластикалық философтар үшін де зор маңызға ие еді. Ол философтардың анық та дәл ойлар тұжырымдауына, ықтимал дәлелдер келтіріп, күмәнсіз түйіндер жасауына көмектесетін «құрал» болатын. Ойшылдар логиканы он тоғызыншы ғасырдың сонына дейін ұзак уақыт бойына ескермей келді, себебі логиканың барлық мәселелері толық шешіліп бітті деп есептелген-ді. Бірақ XIX ғасырдың соны мен XX ғасырдың басында логика философияның басты мәселелерінің бірі ретінде қайта оралды. Осы уақыттан бастап Британия және Америка коллеждерінде оған көбірек мән берілетін болды.

## Әмір шежіресі

- 1889 жыл – Людвиг Витгенштейн Венада дүниеге келді  
 1903 жыл – Витгенштейн Линцтегі мектепте оқыды  
 1906 жыл – Витгенштейн Берлинде инженердің оқуын оқыды  
 1908 жыл – тәжірибе жинаушы студент ретінде Манчестерге келді  
 1911 жыл – Кембридж университетінің Тринити колledgeіне оқуға түсті, мұнда Расселді кездестірді  
 1913 жыл – әкесі өмірден өтті. Витгенштейн Норвегияға кетіп, жалғыз өмір сүрді  
 1914–1918 жылдар – Бірінші дүниежүзілік соғыс; Витгенштейн әскерге өз еркімен кетіп, тұтқынға түсті  
 1917 жыл – Ресейдегі революция  
 1918 жыл – Витгенштейн ауылдық мектептің мұғалімі қызметін бастады  
 1921 жыл – «Логикалық-философиялық трактат» жарияланды  
 1926 жыл – Витгенштейн ауылдық мектептің мұғалімі қызметін тастанады  
 1929 жыл – Кембриджге оралу; Уолл-стрит биржасы күйреді  
 1939–1945 жылдар – Екінші дүниежүзілік соғыс; Витгенштейн Лондонда санитар болып жұмыс істеді  
 1947 жыл – Витгенштейн Ирландияның батыс жағалауында тұрды  
 1951 жыл – Витгенштейн Кембридже дүние салды  
 1958 жыл – «Көгілдір» және «Қоңыр» кітаптар, сонымен қатар «Философиялық зерттеулер» жарық көрді

Логика саласындағы революцияны бірінші болып Готлоб Фреге бастанады. Фреге математика мен тілді ортақ сырьы көп құбылыстар ретінде қарастырды. Оның айтудынша, сандар өздігінен зат бола алмайды, бірақ сол заттарды сипаттайтын ұғымдар болып саналады. Ұғымдар қоршаған ортаның объектілірі емес, бірақ осы объектілерді сипаттауда қолданылады. Ұғымдар тіл және адам сөзі деңгейінде өзара үйлесіп, сөз тіркестерін қалыптастыра алады. Дәл осылай математикада да (логикада да) ұғымдар өзара үйлесіп, пікір (енди пайымдаулар деп аталып жүр) құрай алады.

Фреге мағына мен мән туралы ой қозғады. Оның пікірінше, мағына бізге белгілі бір сөйлем хабардар етіп тұрған нәрсемен шендерестірілуі тиіс: мысық пен белгілі бір әрекет – мысықтың төсөніште болуы – тұтас бір сөйлемге бірігеді: «Мысық төсөніште отырды». Мән – осы ұғымдардың бір-бірімен қалай қабысатында.

Фрегенің айтудынша, біз тіл мен математиканың арақатынасын сөйлемдердің немесе пайымдаулардың мазмұнын мұқият зерттемейінше түсіне алмаймыз. Сөйлем элементтерінің нені білдіретіні емес, олардың қалай бірге

орналасып, тұтастыққа бірігетіні маңызды. Сондықтан Фреге олардың көмегімен сөйлемдердің барлық элементтерінің бірге орналасуын сипаттауға қажетті символдардың үлкен бір жиынтығын жасады.

Мәселен, «мысық төсөніште отырды» және «ит төсөніште отырды» идеяларының құрылымы бірдей. Бірақ сіз: «Бүкіл комитет баяндаманы тыңдал, жиналышта отырды», деген пікір туралы не айтасыз? Бәлкім, Витгенштейн бізге осы сұрақтың жауабын табуда көмектесетін шығар. Әзірше Фрегеге қайта оралайық.

Дәл осы құрылымды – барлық қажетті элементтер бірігіп, бір сөйлемде тоғысатын тәсілді – біз белгілі бір дәлел логикаға сай ма, жоқ па деген сұрақты қойған кезде қарастырамыз. Бізді жекелеген пайымдаулардың әрбірінің мағынасы толғандырмауы керек. Бұл символдық логика деп аталады. Ол бізге дәлелдерді Аристотель ойлап тапқан әдіске қарағанда дәлірек тәсілдің көмегімен талдауға мүмкіндік береді.

### *Витгенштейннің бастапқы философиясы*

Витгенштейн логика мен нақты дүниенің құрылымы бір екенін дәлелдеуге тырысты. Осы теорияға қатысты өз дәлелдерін ол «Логикалық-философиялық трактат» еңбегінде жариялады. Бұл – философтың адам тілінің табиғатына қатысты таза көсіби көзқарасын көрсететін өте-мөте нақты әрі терең ғылыми жұмысы. Бұл кітап адам дәл жеткізе немесе айта алатын заттарға қатысты қандай да бір шектеулерді ысырып тастанды деуге болады. Витгенштейн тілдің логикаға негізделмеген түсініктерінің бәрін сынға алды. Ол, сонымен қатар, бар екені дәлелденбеген заттар, мысалы, өнер, метафизика, этика туралы қандай да бір ақпаратты айтуға бағытталған кез келген талпынystарды да сынады. Олардың бәрі бар болып отыр, бірақ сол құбылыстар айғақтап отырған құндылықтар тәуелсіз, күмәнсіз және талассыз негіздерге ие ме?

Қандай да бір тұжырым тек дүниедегі нақты бар объектілермен айқын түрде үйлескенде ғана мағынаға ие бола алады. Витгенштейн мағынасы басқа фактілерге тәуелді емес фактілер саналатын әлдебір «логикалық атомдар» туралы айтты. Витгенштейннің пікірінше, «логикалық атомдар» одан да ұсақ, тәуелсіз бөлшектерге бөліне алмайды. Бұл жағдайда Витгенштейннің ойы Фреге «мағына» деп атаған ұғымның төнірегіне шоғырланатынын атап өте аламыз.

«Трактат» бізге, негізінен, тіл туралы, әлем, логика және математика туралы әңгімелейді, бірақ зерттеу сонымен қатар этиканы да, тіпті мистицизмді

де қарастырады. Витгенштейннің бұл еңбегі органикалық біртұтастыққа ие. Кітап негізгі жеті бөліктен тұрады; өз кезегінде әр бөлік бөлікшелерге бөлінген. Мұның бәрі сауатты да мұқият жүйеленіп, нөмірленген. Бұл жұмыстағы әр пікір қалған пікірлерді құптаиды және өзі де солар арқылы мақұлданады. Кітаптың алғашқы сөздері:

1. Дүние – болып жатқан оқиғаның бәрі.
- 1.1. Дүние – объектілердің емес, фактілердің жиынтығы.

Соңғы сөздері:

6.54. Менің пайымдауларым мынадай жағдайға түсіндірме болады: мені түсінуге тырысқан адам пайымдауларымды баспалдақ ретінде қолданып, бәрін басып өткенде, олардың мәнсіз болғанын үғады. (Басқаша айтқанда, ол баспалдақпен жоғарыға көтеріліп болған соң оны лақтырып тастауы қажет.)

Ол осы пайымдауларды жеңіп, олардың шегінен шығуға тиіс. Сол кезде ол дүниенің шынайы бейнесін көреді.

7. Айту мүмкін емес нәрсе туралы үндемеген абзал.

**Логика** – дұрыс ойлау туралы ғылым; дәлелдер арасындағы ішкі үйлесімді сактау үшін қолданылатын әдістеме.

**Референциал теория** – сөздердің дүниеде бар объектілермен өзара байланысты екенін көрсететін мағына теориясы; мәселен, біз «қалпақ» сөзін қалпақ туралы айту үшін қолданамыз.

**Пайымдау** – қандай да бір сөйлем жеткізетін мағына. «Өте қаранғы болды, әлденені анық көре алмадым» және «қаранғы болғандықтан, мен әлденені көре алмадым» – екітурлі сөйлем, бірақ бір пайымдау.

**Метафизика** – болмысты бар болу ретінде зерттеу; бар болып отырғанның мәні туралы пайымдаулар; нақты дүние негізделетін алғашқы себептер мен принциптер туралы ілім; бізді қоршаған нақты дүниені рационалды тану; адамды қоршаған заттар, олардың тереңдігі мен мәні туралы рационалды білім.

**Этика** – дұрыс пен бұрысты реттейтін принциптерді зерттеу. Этика «ізгілік», «міндет» және «парыз» сияқты ұфымдармен тығыз байланысты.

**Эстетика** – сұлулық және біздің оған көзқарасымыз туралы ғылым.

### «Логикалық-философиялық трактат» (1921)

- Дүние сансыз көп атомдық фактілерден құралған. Атомдық фактілер – қарапайым, ұсақ фактілерге бөлінуі мүмкін емес фактілер.

- Пайымдаулар мен пікірлер – фактілердің логикалық образдары. Пайымдау мен ол бейнелейтін факт ортақ (логикалық) құрылымға ие.
- Бірақ пайымдау бізге болуы мүмкін фактінің формасын ғана көрсетеді; фактінің өзін бейнелемейді. Егер адам пайымдауларға қандай да бір жалпы форма берे алса, онда ол бізді қоршаған дүниедегі барлық объектілердің мәнін тұтас анықтай алады. Біз нақты пайымдауды (1) көптеген қарапайым, жай пайымдаулардың жиынтығынан шығарып алу арқылы және (2) түрлі логикалық амалдарды қолдану арқылы тиянақтай аламыз.
- Философия – заттардың мағынасын айқындауға көмектесетін үдеріс. Жаратылыстану ғылымдарындағы тұжырымдар мағынаға ие. Бірақ этика, эстетика немесе метафизика аясында мағына туралы ештеңе айту мүмкін емес. Мұндай талпыныстар дүние туралы одан тысқары бола тұрып бірдене айту мүмкін еместігіне тап болады.

Витгенштейн дүниені объектілердің емес, фактілердің жиынтығы ретінде қарастырды. Фактілер – логикалық объектілер немесе мәндер. Оларды растауға немесе теріске шығаруға ғана болады. Фактілердің өздері қатты, қызыл, дәңгелек және т.б. болмайды. Заттар кеңістікте және уақытта өмір сүреді: олар форма, тұс, тығыздық және тағы сол сияқты сипаттарға ие.

Фактілер біз елестеткеннен мұлде басқаша бола алады: заттар белгілі бір жағдайлардың бар немесе жоқ болуына тәуелді болмауы мүмкін. Фактілердің тілімізде бейнеленетін образдары бізге олардың мағынасын көрсетеді. Витгенштейн дүние бір-біріне шынжырдың буындары сияқты тұтаса біріккен қарапайым объектілерден тұрады деп түсінді. Бұл объектілер күнделікті тіршілігімізді, өмірлік қызметімізді қалыптастырады деп есептеді.

Витгенштейннің ойынша, философияның мақсаты – ойымызды логикалық тұрғыдан тазалау және айқындау. Философия – іс-әрекет; ол қандай да бір ғылым емес. Біз қандай да бір заттар туралы білімімізді айқындағанда, философиялық тұрғыдан пайымдаймыз. Логика бізге логикалық формалар береді, бірақ ол дүниеде өмір сүріп отырған заттар туралы ештеңе айтпайды.

Абсолютті құндылықты бейнелеуге ұмтылыстарымыздың бәрінде біз әртүрлі тілдік шектеулерге тап боламыз. Витгенштейн осы шектеулерді көрсетуге тырысты. Оның түсінігі бойынша, олар мынадай деңгейлерде көрінді:

- (1) біз дүниенің ақиқат болмысына таң қалатын өмір сұру деңгейінде;
- (2) болып жатқан жайттарға толығымен немқұрайды қарауымыз мүмкін емес субъективті деңгейде;
- (3) рұқсат етілген шектен шығып кетуімізге байланысты кінәлі болып есептелгенімізде, бірақ біз барлық мүмкін жағдайларда сөзбен жеткізе ал-

майтын белгісіз бір абсолюттік талапқа сай әрекет еткенімізді түсінетін этика деңгейінде.

Біз тілдің немесе дүниенің шекарасын ұғына алмаймыз.

Витгенштейн әр пайымдаудың, сондай-ақ ол сипаттайтын нәрсенің логикалық формасы болу керек деп санады. Бірақ дұғаның, этикалық ұйғарымдардың немесе ар-намысты қорлайтын ишараның логикалық формасы қандай? Жоғарыда сипатталған барлық құбылыстар сөйлеуге қатысты болғандықтан, олардың лингвистикалық формасы болуы тиіс. Бірақ оларға жол беріле ме? Бәлкім, Витгенштейн тіл арқылы білдірілуі мүмкін немесе мүмкін еместің шеңберін өте қатты тарылтып жіберген шығар?

### *Витгенштейннің кейінгі философиясы*

Бұл жаңа философияда Витгенштейннің ойлары Фреге мән деп атаған ұғым-ға басымдық береді. Витгенштейн сөйлемнің мағынасы (тілдің мағынасы) – адамның сөздері сыртқы дүниеде байланысатын жайтарға барабар емес деп түсінді. Ол сөздердің бір-бірімен байланысуына көмектесетін тәсіл сөйлемнің мағынасы болады деген қорытындыға келді.

Тіл мінсіз логика ретінде әрекет еткендіктен емес, адамдар оның жұмыс істеу үдерісін үйлестіріп, реттеп отыратындықтан белгілі бір тәсілдер арқылы жұмыс істейді. Бұл үйлестіру формалды сипатта емес. Тіл ұжымына енген адамдар оны еріксіз жүзеге асырады.

Мен: «Жас бұзақы мұғалімді алдап жүр және мұннысы үшін еш жазаланбай, құтылып кетті», – дей аламын. Бұл сөйлемнің мағынасының «алдап жүр» немесе «құтылып кетті» тіркестерінің логикалық құрылымымен ортақ ештеңесі жоқ. Бұл тек тіл ұжымының аталған сөз тіркестерін белгілі бір заттар, оқиғалар мағынасында қабылдайтынына байланысты. Витгенштейн тіл ойындарын зерттеуге осылайша келді.

Енді біз, шамасы, «мысық төсөніште отырды» және «бүкіл комитет баяндағы тыңдап, жиналыста отырды» деген сөйлемдердің мағынасын қалай қарастыру керегін түсіне алатын шығармыз. Бұл сөйлемдерде бірдей логикалық құрылым жоқ. «Отырды» сөзі осы екі сөйлемде әртүрлі құбылыстарды білдіреді. Және де бұл айырмашылық айтарлықтай елеулі. Тіл өзі қатысып отырған тіл ойындары туралы еріксіз хабардар. Сонымен қатар ол бұл ойындарды қабылдайды. Витгенштейннің кейінгі философиясы оның бастапқы философиясына белгілі бір дәрежеде қайшы келетінін атай кетейік.

Тілден тысқары нақты дүниені тіл арқылы жеткізе алмаймыз. Біз тілді сол туралы айтуға ғана қолдана аламыз. Сол тілде сөйлейтін кем дегенде

екі адам бар кез келген тіл өмір сүре алады. Ешқандай «жеке тілдің» болуы мүмкін емес.

«Философиялық зерттеулер» – Витгенштейн оны жазуға көп күш жұмсаған кітап. «Трактатқа» қарағанда ол онша өткір де нақты емес. Бұл еңбектегі пікірлердің көлемі үлкен, сондай-ақ диалогтер берілген, әртүрлі көзқарастар ұсынылған. Кітапта логикалық символдар жоқ.

«Философиялық зерттеулер» бізге мән түсінігін ашады, сонымен қатар білімді қалай ұфатынымыз туралы, пайымдаулар мен логика, математика жөнінде, түсіну мен ұғыну күйлері хақында және көптеген басқа да ұқсас қырлар туралы баяндайды. Витгенштейн тіл мен өмір салтының арасындағы байланысты іздеді. Тілдік шатасудан қашып құтылу мүмкін емес. Бізде ондай шатасу бала кезден бар, себебі біз өз ойларымызды белгілі бір тәсілдермен тұжырымдап үйренгенбіз.

### **«Философиялық зерттеулер» (1958)**

- **Тіл** – сөздерді құрал ретінде қолданатын әрекет.
- **Сөздер** түрлі жолдармен қолданылады. Олар қолданылатын шеңбердегі «тіл ойындарына» қатысады кезде біз оларды түсінеміз. Сөздер – заттарға қолданылатын жапсырмалар емес.
- **Сөздің мағынасы** – оның тілдегі қолданылу тәсілі.
- Біз сезім туралы әңгімені түсінеміз, өйткені сезімнің белгілі бір «грамматикасы» бар. Тіл ойындарынан хабардар адам бұл грамматиканы түсіне алады. Біздің зердемізде бар дүниенің бәрі тек осындағы тәсілмен ғана мәнге ие болады.
- **Үміт, жорамал, еске түсіру** – адам өмірінің тілдің бар болуының арқасында ғана болуы мүмкін құбылыстары.
- Тілдің өзі – өмір салты.

## **Түйін**

Витгенштейннің бастапқы философиясының мақсаты – біздің зердемізден жасырын заттар мен құбылыстардың мәнін анықтау болды. Ал Витгенштейннің өзі терапияның формасы ретінде қарастырған жаңа философиясы адам санасынан жасырын ештеңе жоқ екенін түсіндіруге тырыспады. Мұның мақсаты – біздің алдымызда тұрған және айналамызда болып жатқан оқиғаларды анықтау.

Витгенштейн сынауға тырыса отырып, ақылымызды тілді асыра бағалаудан құтқаратын ойлау машиғына үйретеді.

Ешқандай да таза ой жоқ. Біз ойларымызды тілдік құрылымға салмаймыз. Алайда біз тілді менгермей, ойлай алмаймыз.

Витгенштейн «ақиқатты» тіл ойынының түрі ретінде қарастырды. Біз тіл туралы ойлағанда, өзімізді одан тысқары тұрмыз деп елестетеміз. Сонымен, бір жағынан, тіл бар, екінші жағынан, нақты дүние бар. Кәдімгі кітапқа қарашызы. Қанша объектіні көріп тұрсыз? Біреу ме? Ал оның мұқабасы қанша? Алмалы-салмалы, шаңнан қорғайтын мұқабасы бар ма? Кітаптың қанша беті бар? Осының бәрі әртүрлі объекті ме? Сіз макұлдай немесе терістей аласыз. Бұл сіздің дәл осы уақытта тілді қалай қолданбақ болғаныңызға байланысты.

Витгенштейн «аналитикалық философия» немесе «лингвистикалық философия» деп аталатын салаға зор үлес қости. Аналитикалық философтар континенттік философтарды (Франция мен Германияда кең таралған философиялық ағымдардың көптеген идеяларын қабыл алған және Гегель және Маркс сияқты ойшылдарға қарыздар философтар) өз ойларын анық-қанығын айту қыынға соғатын мәселелерге шоғырланғандары үшін жиі сынайды. Олар әлеуметтану, психология, бейсана күй және саяси күрес туралы ой толғайды. Аналитикалық философтар бұл мәселелерді өздерінің зерттеу салаларынан алғып тастауға ұмтылады. Контиенттік философтар бұл заттардың белгісіздігі олардың пайдасыз және маңыздырығын білдірмейді деп қарсы пікір айтады.

Біз этика, дін, эстетика және метафизика сияқты салаларда болуы шубесіз, нақты білімге ие бола аламыз ба? Егер ие бола алатын болсақ, онда осы білімге қалай келу керек, оны қалай игеру қажет? Егер ие бола алмайтын болсақ, бізге этика, дін, эстетика және метафизикаға қатысты талқылауларды аяқсыз қалдыруымыз керек пе? Олардың маңызы бар ма? Олардың құндылығы қандай?

# **13. Мартин Хайдеггер: біз болмысты ұмыттық**

Мартин Хайдеггер – XX ғасырдың ең жұмбак, еңбектері ең көп талас тудырған философтарының бірі. Оның философиялық ойлары көптеген ойшылдарға, негізінен, континенттік Еуропа философтарына өлшеусіз ықпал еткені уақыт өте айқын болып отыр. Бұл ықпал уақыт өткен сайын қүшейе түсүде. XX ғасырдың екінші жартысында оның нацизммен ымыраластығы сорақы факт ретінде кеңінен айыпталып, еңбектері біраз уақыт бойына ұмыт қалды.

Хайдеггер Сартрға, сонымен қатар кейбір теологтерге де құшті ықпал етті, олардың арасынан Карл Ранер мен Джон Макуарри (олар Эдвард Робинсон үшеуі Хайдеггердің еңбектерін ағылшын тіліне аударды) атап өтуге болады. Хайдеггердің философиясы терең ықпал еткен ойшылдардың қатарында – Жак Деррида, Мишель Фуко, Ганс Георг Гадамер, Жак Лакан бар.

## **Әмірі**

Мартин Хайдеггер Германияның Баден өңіріндегі Шварцвальд ауданында, діндар католиктер отбасында 1889 жылдың 26 қыркүйегінде дүниеге келді. Ол философияны Фрайбургте оқыды. Оқытушыларының бірі – Эдмунд Гуссерль болды. Кейінірек Хайдеггер сол университетте, одан кейін Марбург университетінде сабак берді, ал 1933 жылы Фрайбург университетінің ректоры болып тағайындалды.

Жоғары лауазымға тағайындалуына байланысты Хайдеггер нацистік идеологияны белсенді түрде қолдай бастады. Ол нацизмнің Германия үшін жаңа леп әкелетініне сенімді болды, оны «жаңа арай» деп жариялады. Он айдан кейін қатесін түсініп, ректорлық қызметтен бас тартты және саясаттан кетті. Ол Шварцвальдта жалғыз және қарапайым өмір кешті. Философ 1976 жылы, өмірінің соңғы отыз жылында бұрынғы ұстанымы үшін қатты сынға ұшырай жүріп қайтыс болды.

Бір сұхбатында нацизмді жақтаған ескі көзқарасына Хайдеггер ішінara

түсіндірме жасады, бірақ өзі қайтыс болғанға дейін оны жариялауға тыйым салды. Көптеген ойшылдар Хайдеггердің өзінің бұрынғы көзқарастары үшін ешқашан кешірім сұрамағанын көрсете отырып, оның кінәсін шын жүректен және шынайы мойындағанына сенген жоқ. Енді біреулер Хайдеггердің барлық еңбектерінен нацистік идеологиямен байланысын тауып, оларды кітапханалар мен кітап дүкендерінен алып тастауды талап етуге дейін барды.

Хайдеггер еңбектерін өзіне тән, түсінуге өте қызын тілде жазды. Оның еңбектерінде терминдер мағыналарын жиі ауыстырады; көбіне сөздерді ескірген мағынасында қолданды. Ол тіпті құрамы күрделі жаңа сөздер де жасады. Хайдеггер заманауи арнайы терминдерді өте кең және жалпы мағынада қолданды; сөздерді ойнату және бір сөзге әртүрлі мағына беру талпыныстары жиі кездеседі. Хайдеггер логика, метафизика, ғылым тарихы және философиясы, тіл, поэзия, технология, грек ойы, математикаға қатысты тақырыптарды қарастырады. Біздің өркениет, Хайдеггердің пікірінше, «болмыстан шығып» қалғандай. Біз болмысты ұмыттық. Хайдеггер біздің өміріміз күрделі жұмбақтың, болмыс құпиясының алдында өтіп жатқанын үнемі ескертіп отырды. Бұл құпияны түсіндіру мүмкін емес, бірақ біз ұзақ және ерінбей-жалықпай пайымдайтын болсақ, оны ұға аламыз.

## Әмір шежіресі

- 1889 жыл – Мартин Хайдеггер Баденде, Германияда дүниеге келді
- 1913 жыл – М. Прусттың «Жоғалған уақытты іздеуінің» бірінші томы шықты
- 1914–1918 жылдар – Бірінші дүниежүзілік соғыс; Хайдеггер Фрайбург университетінде докторлық диссертация қорғады
- 1915–1923 жылдар – Фрайбург және Марбург университеттерінде дәріс оқыды
- 1917 жыл – Ресейдегі революция
- 1921 жыл – Витгенштейннің «Логикалық-философиялық трактат» еңбегі жарияланды
- 1927 жыл – Хайдеггердің «Болмыс және уақыт» еңбегі жарық көрді
- 1933 жыл – Гитлер Германияның канцлері болды
- 1933 жыл – Хайдеггер Фрайбург университетінің ректорлығына тағайындалды және өмірін нацистік идеологиямен байланыстырды
- 1934 жыл – Хайдеггер ректорлық қызметтен кетіп, жалғыз өмір сүрді
- 1936–1939 жылдар – Испаниядағы азаматтық соғыс
- 1939–1945 жылдар – Екінші дүниежүзілік соғыс
- 1947 жыл – Маршалл жоспары (соғыстан зардап шеккен Еуропа елдеріне американық көмек)
- 1961 жыл – Дж. Ф. Кеннеди АҚШ президенті болды
- 1962–1965 жылдар – Екінші Ватикан Кеңесі
- 1976 жыл – Хайдеггер дүниеден өтті

## Ойлары

### Феноменология

Хайдеггер бастапқыда ұстазы Эдмунд Гуссерльдің (1859–1938) көзқарасын ұстанды. Гуссерльдің түсінігінде, адам санасының шоғырлана және тазара алатыны соншалық, ол заттарды шын мәнінде қандай болса сондай етіп, яғни түсіндірмелермен немесе тіл қызметімен бұрмаланбаған күйінде қабылдауға мүмкіндік берді. Осы шоғырлану мен айқындалу үдерісін іске асыру үшін Гуссерль феноменологияны немесе сананы дерексіз, абстрактілі талдауды – феноменологиялық анализді ойлап тапты. Хайдеггер осы идеяларды дамытты.

Феноменология ойлау теориясын ұсынды. Хайдеггер одан әрі барып, болмыс теориясын жасады. Феноменология адам санасының ішкі мазмұнын сипаттады. Хайдеггер болса, өмір сүрудің мазмұнын сипаттамақ бол шешті: ол болмыстың адамнан мұқият жасырылған құпия үдерістерінің тереңіне бойлады.

Хайдеггер еңбектерінің мәтінін оқу мүмкін емес. Көп адамның тіпті кәсіби философтардың да ойынша, Хайдеггер өз философиясының сырын ұққан таңдаулы аз адамнан тысқары шыққанын қаламаған мақсатпен әдейі түсініксіз түрде жазған жоқ па деген сұрақ туындаиды. Алайда Хайдеггер өзіне де йінгі барлық басқа европалық дәстүрде ой толғаған философтардан біршама өзгеше пайымдады. Ойлаудың өзіндік жаңа тәсілін білдіру үшін оған жаңа тіл қажет болды, себебі ғылыми ойдың толықтығын білдіру үшін қазіргі заманғы ғалымдар үнемі арнайы жаңа ұғымдар ойлап тауып отырады. Бұл – кәсіби философтарға арналған тіл.

### Болмыс

Ежелгі заман философтары болмыс дегеннің не екені туралы сұраққа жауап іздеді. Біз қазір оған қалай жауап береміз? Хайдеггердің айтуынша, біздің оған жауап бере алмайтынымыз былай тұрсын, ең қыны, біз тіпті ондай сұрақты қоя алмаймыз, өйткені оның не екенін түсінбейміз де.

Ең алдымен, мына сұраққа жауап берейік: болмыс пен бар болу арасындағы айырмашылықтар қандай? Дүниеде өмір суретін барлық нәрсе бар: кітап, от, қазір мен отырған орындық, алдымағы маған қарама-қарсы жазу үстелі, көшедегі жел және, әрине, менің өзім. Енді осы бар объектілер мен олардың не істейтінінің арасындағы айырмашылықтарды анықтаймыз: олар жай ғана... өмір сүріп, бар болып отыр. Бүкіл «бардың» (бар нәрсенің) мұ-

нысы әрекет болып көрінеді, бірақ ол соншалық әрекет те емес немесе хал секілді сезіледі, бірақ толық мағынасында хал деп атауға да болмайды. Бұл – жоғарыда сипатталғандардың бәрінен маңыздырақ, негіздірек бірдене. Бұл – болмыс. Болмыс – бар нәрсенің жай ғана бар болуы емес. Болмыс – заттардың өмір сүріп отырғанының дерегі; олардың бар екенін негіздейтін нәрсе.

Бірақ біз баз баяғыша болмыстың не екенін білмейміз. Ол: «Чек кітапшамда чек қалған жоқ, бірақ кереуетімнің жаңындағы үстелімнің үстінде ақша бар», – деген сөйлемдегі «жоқ» және «бар» сөздерінің мәнінен теренірек және негіздірек әлдене. Дүние қандай болса, оны сондай деп ойланыз, сосын оны Эйфель мұнарасының елестетіңіз. (Бұл оңай!) Дүниені сәулетті ғимараттарсыз, иттерсіз елестетуге тырысының. Осылайша әр қадам жасаған сайын біз Ештеңеге – аясында ешбір зат атаулы, тіпті кеңістік пен уақыт та жоқ халге жақындей түсеміз. Ештеңені ешкім елестете алмайды. Дәл осылайша біз өз қиялымызды болмыс идеясын – айналадағы барлық объектілер мен құбылыштардың өмір сүруін мүмкін ететін нәрсені ұғынуға дайындауымыз қажет.

Хайдеггер бізді болмысты – дүниедегі бар нәрсенің алғышарттын – барынша мұқият қарастыруға жетелейді. «Болмыс» дегенде, Хайдеггер сиқырлы таяқшасын сілтеп қалып бәрін бірден қалыпқа келтіретін қарабайыр Құдай ұғымын менземейді. Хайдеггер бізді болмыстың, айтальық, бөтелкенің, дауылдың немесе паспорттың (және есінізде болсын, паспорт шындығында жай ресми құжаттан әлдеқайда ауқымды нәрсе – ол белгілі бір қызметтер атқарды, мүмкіндіктер береді, адамның іс-әрекетін шектейді және тұлғаның жеке басын куәландырады) мәнінен едәуір ерекшеленетін мағынасын түсінуге аппаратын өз жолымызды анықтауға шақырады. Біз, қоршаған дүниенің объектілері, бар құбылыш ретінде болмыспен өзара байланыстымыз, оны зерттеу – өзіміз үшін аса қажет.

Адамдар болмысты ұмытты. Олар болмыс туралы сұрақ қоюды ұмытты. Біз ғылымға тым қатты беріліп кеттік; біз бар дүниені зерттеуге назар аударатын ғылымды дамытумен әуреміз.

### *Dasein\**

*Dasein* – біздің «қамаудағы халіміз». Хайдеггердің айтуынша, біздің әр-қайсысымыз әлеуметтік ортаға қамалғанбыз. Әлеуметтік орта – үстімізге кигі-

\* Аудармашылардан ескерту: «*Dasein*» – Мартин Хайдеггердің өзге тілдерге аударылмайды деп саналатын термині. «Дизайн» деп оқылады және «болмыс», «осында-болмыс» мағынасында қолданылады.

зілген тыныштандырғыш жейдеге ұқсайды. Біздің ортамыз жастарды белгілі бір дайын үлгілер бойынша әрекет етуге, рұқсат етілген шенберден шықпауға тәрбиелейді. Ол ақыр соңында Dasein болып шығады. Dasein өмір сұруінің әр тәсілі «дүниедегі-болмыс» деп аталады. Dasein – адам мен болмысты біртұтас етіп біріктіретін байланыстардың құрылымдық құрылышы. Негізгі экзистенциалдық құрылымдар – уақыт, ажал және үрей.

Dasein енжар болмыс ретінде (кітаптар, үстелдер, құралдар сияқты) өмір сүрмейді. Dasein-ның негізгі қасиеті «болмыстың бар болуының» өзінде жатыр. Екінші жағынан, Dasein дегеніміз – «болмыстың болуын қажет ететін бар дүние». Dasein әлеуетті мүмкіндіктерге ие емес (оқуға немесе ашылған есікті тіреп қоюға болатын кітап сияқты, әлде үстінде түскі ас ішетін, сабак оқитын, дастарқанды салбырата жаю арқылы астына балалар ойнайтын орын жасауға болатын үстел сияқты). Dasein – осының бәрінің мүмкіндігі. Айырмашылықтары: үстелді қолданудың әр нақты жағдайы даяшының, оқушының немесе баланың шешіміне байланысты. Үстелдің өзі ештеңе шешпейді. Хайдеггердің пікірі бойынша, өзінің не болатынын, қандай нәрсеге арналатынын әр Dasein өзі шешеді: әкем сияқты кеңседе жұмыс істеймін бе, әлде тәуекелге бел буып, өз мүмкіндіктерімді пайдаланып, ӨЗІМ болам ба? Ештеңе де алдын ала анық емес. Dasein алдын ала берілген нақты мәнмен тұйықталмаған. Бардың Dasein формасы болмысқа жол ашады. Dasein өзінің мәнін өзі жасайды.

Dasein – болмысқа аппаратын жол. Мұнымен бірге, Dasein – бүкіл бар нәрсе сияқты, материалдық дүниенің нақты өмір сүріп отырған элементі. Dasein болмысты зерделей және түсіне алады. Бірақ Dasein бар дүниемен – адам тұлғасымен – ол теориялар құру немесе қандай да бір нәрсе туралы пайымдау қабілетіне ие болғанға дейін берік байланыс орнатады. Біз зерттеп, зерделеуге тиісті бірінші нәрсе – біздің дүниедегі болмысымыз.

### *Өмір сұруден тысқарылық*

Біздің «дүниедегі болмысымыз» жай енжар ғана емес (яғни, белсенді емес). Бұл дүние бізді өзіне икемдейді және біз оған бейімделеміз. «Exist», Хайдеггердің айтуынша, «ex-ist» – яғни сыртта болу, іс жүзінде өз санасынан тысқарыда қалу дегенді білдіреді. Dasein – «өзгелермен болмыс» деген сөз. Хайдеггер: «Адамның дүниеде болуы өзге де нақты нәрселердің болжалды бар болуымен бір мезгілде жүзеге асырылады», – дейді.

Күйбен тірліктің түрлі көріністерімен бетпе-бет келгенде біз қауіпке тап

боламыз. Бұл қауіп – өмірімізде күн сайын болып жататын қат-қабат шаруда мен ұсақ-түйектің тасасында жұтылып, өзімізді жоғалтып алу қаупі. Біздің болуымызға, яғни бардың болмысына қарапайым керек-жарақтың болмысына ұқсап кету қатері төніп тұр. Құралдар мен керек-жарақтарды адам тұтынушылықпен пайдаланса ғана олардың мәні бар. Құйбен тірлік – оқиғаларға жабылған жасанды жамылғы, біздің болмысқа ашықтығымызды әлсіретіп, шекарамызды тарылтатын, мүмкіндіктерімізді азайтып, бізді керек-жарақпен теңестіруге ұмтылатын матта сияқты. Бардың болмысы жай ғана тірі болу мәртебесінде қалып, өміріміздің мәні жоғалады.

Dasein өз мүмкіндіктерін толық ашып көрсеткенде ғана нағыз өзі бола алады. Мәселен, менің өмір сұру салтым толығымен бейқам болуы мүмкін: мен өзімнің кім екенім немесе не істеп жүргенім туралы тіпті ойланбаймын да. Екінші жағынан, мен саналы түрде өзім үшін шешімдердің бәрін басқа адамдарға қабылдауға мүмкіндік беретін өмір салтын таңдай аламын, өз өміріме өзім жауапты болатын тіршілік салтын да таңдауым мүмкін.

## «Болмыс және үақыт» (1927)

- Дүние – адами қам-қарекеттер өрісі. Біздің әрқайсысымыз – жеке «дүниедегі-болмыспыз». Біз дүниеде бірдене жасағанда, оның объектілерін қозғағанда, әлемнің өзі адамның ажырамас бөлігіне айналады.
- Біздің болмыссымыз әлеуметтік ортада өтеді, біз бұл дүниені басқа адамдармен бөлісеміз.
- Біз – қам-қарекеттен жарапанбыз: қам-қарекет бізді қоршаған ортамен берік байланысқан кезде жүзеге асады. Біз өмір сұретін қофамға қатысты болғанда ол жеке қам-қарекетке айналады.

Адамның үш негізгі сипаттамасы бар:

1. Деректілік: біз бұл дүниеге осында бар болуымызben байланғанбыз.
2. Экзистенциалдық: бізде ниет пен мүмкіндік бар; бұл біздің қандай болғанымызға және бола алатынымызға тікелей қатысты.
3. Торығушылық: біз жай дүниеде бар объектілер ғана болу қаупінің алдында тұрмыз. Бұл қауіп біздің өз мүмкіндіктеріміздің барлығын іске асыруға ұмтылмауымызға байланысты.
- Үрейдің кесірінен біз мағынасыздыққа тап болып, тіршілігіміздің соны бар екенін, өлімнің сөзсіз келетінін ұғынамыз. Үақыт өте келе біз қорытындылар жасаймыз, өзімізді бағалаймыз, болмыссымыздың бірлігін, біртектілігін қалап, төлнұсқаға, ақиқат тіршілікке ұмтыламыз.

## *Уақыт және төлнұсқалық*

«Бізді әрқашан бір нәрсе алаңдатады; бізде тіпті ойлануға бір минут та жоқ. Сірә, осының бәрі өзімізге ұнайтын да секілді. Дүниені осылайша сезінуіміздің дұрыстығына деген сенімділігіміздің салдарынан айналадағы көптеген өзге заттармен араласып кетеміз», – дейді Хайдеггер. Бұл болмыстан тіршілікке қашуға, ақыр соңында азап әкелетін сол тіршіліктің мағынасыздығын ұғынуға ұқсас. Азапқа қарсы тұруға тырысқан кезімізде бізге қайтадан артқа қадам жасауға және өз төлнұсқамызға қайта бет бұруға мүмкіндік беріледі. Мен кіммін? Қайда барамын? Не үшін? – бұл сұрақтарды азаптану сұрақтары десек болады. Бірақ олар бізді Dasein төлнұсқасына әкеледі.

Бұкіл обьектілер уақытта тіршілік етеді; уақыт оларды басқарады. Dasein уақытпен берік байланысты. Dasein дегеніміз – өзі болғысы келетін, уақытын өзіне арнайтын әлдене. Уақыттың қандай да бір формасында өмір сұру – Dasein-ның өліммен өзара байланыста болуының себебі. Dasein – өз мақсатын өзі ұғынатын нәрсе. Мұның мәні: Dasein тіршілікте бар нәрсе өлімді ұғынады деп пайымдайды.

Бірақ Dasein өз болмысын өзі билеп, өз болашағының тізгінін өз қолына ала алады. Бұл жағдайда Dasein өзінен-өзі қашуды тоқтатып, өзінің ниеті, қорқынышы, уақыттағы өз тіршілігі үшін жауапкершілікті мойнына алады.

## *Техникаға ұқсаған адам*

Біздің мазасыздануымыз функционалды; бізге өзімізді қоршаған обьектілерді олардың ресурс, құрал, керек-жарақ ретіндегі құндылығын анықтау арқылы қарастыру тән. Біз өзіміз де техникаға ұқсай бастадық. Өмірдің мұндай индустримальық салты, Хайдеггердің ойынша, біздің шынайы болмысымызды ұмытуымыздың залалды салдары. Бұкіл адамзат тарихының барысында біз заттарды, қоршаған дүние обьектілерін (әуелі таяқшаларды, сүйектерді, тастарды, кейін қару-жарақ, машиналарды, технологияларды, ал қазір компьютерлерді) пайдалануға тырыстық.

Хайдеггер біздің техниканы қолдана білуімізге және оны басқаруымызды ешбір шеңберге сыймайтын бақылаусыз әрекет ретінде қарайды: бастапқыда біз ресурстарды табиғатпен үйлесімде пайдаландық, енді ресурстарды табиғатты тұтастай билеу үшін пайдаланамыз. Техника әлемі адамдардың бірлесе өмір сүруінің ықтимал тәсілі ретінде пайда болды. Соған қарамастан, ол бізден шынайы болмысын жасырып қалды. Қазіргі заманғы өмір техника-

ның үстемдігіне байланысты; оның құдіреті біздің барлық мүмкіндігіміз бен қабілетімізді көлеңкеде қалдырып отыр.

«Фылым ойланбайды», – деп атап көрсетті Хайдеггер. Фылым нақты бар дүниеге бағытталуы тиіс. Ол болмысты ұғынумен және түсіндірумен айналыспау керек. Біз табиғаттың қожайынына айналдық. Дүние – айла-амалын тауып, басқаруға болатын объектілер жиынтығы; біздің өнеріміз – басқарудың озық әдісін есептеп шығаруда болып тұр. Бірақ біздің ойлауымыз, Хайдеггердің пікірінше, қарапайым есептеуден және түрлі керек-жараптарды тиімді пайдаланудың неғұрлым тиімді тәсілдерін ойластырудан өзгеше. Біз өзіміздің қайда екенімізді жете түсініп, бізден күйбең тіршілік жасырған төлнұсқамызды ұғынуға ұмтылған кезімізде, ойлау тоқтайды. Ойлаудың шарты – ойлану мен толғану болса; техника – есептеуді талап етеді.

### *Метафизикадан тысқары*

Хайдеггер ашықтыққа немесе жайдарылыққа (куллі бар нәрсенің негізі саналатын, дүниеде болудың сыйға берілген таңғажайып мүмкіндігін) болмыстың аясындағы оқиғаларға тұрткі болатын қандай да бір әрекеттерге итермелейуші динамикалық құбылыс ретінде ой жүгіртті. «Болмыс өзін-өзі жаратады». Біздің санамыз – дүниеде бар нәрсеге кездейсоқ көзқарас емес. Осылайша Хайдеггердің назары Dasein-нан болмысқа көшеді. Мен бұдан былай дүниеде ненің бар екені туралы ойлауға тырыспаймын. Болмыстың өзі менің ойлауыма қажетті арна беруге ұмтылады.

**Метафизика** – болмысты бар болу ретінде зерттеу; бар болып отырғанның мәні туралы пайымдаулар; нақты дүние негізделетін алғашқы себептер мен принциптер туралы ілім; бізді қоршаған нақты дүниені рационалды тану; адамды қоршаған заттар, олардың терендігі мен мәні туралы рационалды білім.

Метафизика болмыстың өзін емес, дүниеде бар объектілерді зерттейді. Болмыс жасырын және өзін осы объектілер, бар нәрсе арқылы көрсетеді. Біз метафизикадан тысқары шыққанда, өз ойларымызды адам табиғатын түсінуге және метафизиканың өзі көтеретін тақырыптарға үқсас мәселелерді қарастыруға қажетті арнаға бағыттағанда, болмыс біз үшін жалаңаштанып, өзінің барлық құпиясын ашады. Бірақ мәселелерді түсіну мен қарастырудың осындаид үдерістері мүлдем басқа деңгейде, метафизика бүкіл ойлау үдерісіне қауіпті залал келтірмей қол жеткізуді қалайтын деңгейде жүреді.

Хайдеггер ескі метафизикалық мәтіндерді қайта оқыған кезде болмыстың жасырын және бүркемелі көріністерін зерттеуге үнемі ерекше назар аударып отырды. Сондай-ақ ол барлық жасырын сырды айқара ашуға тырысты. Осылайша Хайдеггердің пікірінше, болмыстың бүкіл тарихы – болмысты Платон, Аристотель, Декарт, Ницше және т. б. үшін жасырын және құпия күйде сақтап келген ұзақ жол.

## *Тіл және поэзия*

Болмыс өзін адамдарға көрсетпейді, өйткені біз сөйлейміз, тілді меңгерген біз. Болмыс сөйлеу барысында айқындалады. «Тіл – болмыстың үйі», – деп атап өтті Хайдеггер. Ой болмыстың өнімі, жемісі болатын нәрсе туралы ғана ақпарат берे алады. Ол оны сөздің көмегінсіз айтады, өйткені шын мәнінде мұндай ақпаратты адам тілімен жеткізу мүмкін емес.

Біз техниканы жетілдіру және тіл білудің арқасында, қоршаған дүние заттарын түрлі айла-амалмен пайдалану дағдысын дамыту арқылы болмысты түсіну мен ұғынуда табысқа жетпейміз. Бар болуға толы болмысты өзіміздің поэзиямыздың «ғимаратында» немесе одан тыс жерде жасаймыз.

«Салиқалы ақылға негізделген өмірлік ұстаным» деп атауға болатын нәрсе үстіңгі бетте қалады, тіршілікте бар дүниені ыңғайына көндіріп, одан мағынасыз, таяз және маңызсыз әлдене жасайды. Ақиқаттың жарқырауы мүмкін болатын поэзия ғимараты дегеніміз – осы.

## **Түйін**

Феноменология дүние мен оны қабылдайтын сезім мүшелері арасындағы өзара байланысты зерттейді. Бұл ретте ол санаға назар аударады, оны бейсаналық емес, саналылық қызықтырады. Дүниені және ондағы біздің орнымызды мүқият талдау (сипаттау) адамдарға қоршаған ортаны ұғынудың оң және теріс, зиянды жолдарын көре білуге көмектесу мақсатында дайындалды.

Хайдеггерді философ-экзистенциалистердің қатарына жиі қосады. Ол өзі мұндай пайымдаулардың негізділігін мүлде мойындаамады. Ол философтардың ойларын «санадан» ажыратып, «болмысқа» аудара алды. Басқаша айтқанда, біз дүниеде бар нәрсені танып-білуге көмектесетін үдеріс туралы ойлаудың орнына, нақты өмір сүріп отырған дүние жөнінде ойлауымыз керек. Дүниеде өмір сүріп отырған объектілер туралы идеялар ұсынуға байланысты

философиялық дәстүр бұл жағдайда біздің Болмысты ұғыну мүмкіндігімізben қылышады.

Қандай да бір объектілердің болу фактісі, оның ішінде біз де бармыз, ғажайып және оны түсіндіру мүмкін емес. Бірақ философиялық дәстүр осы фактіні түсіндіруге ұмтылады. Болмыстың мәнін түсіну үшін біз өткен дәуір философиясының дәстүрлі түсініктемелерін ескеруіміз керек. Болмысты ұғыну рационалды зерттеулерге емес, таңырқаулы толғаныстарға ұқсас болуы тиіс.

Мартин Хайдеггердің басты мақсаты – талдауды жүзеге асыру болды, соның нәтижесінде болмыс өзінің мәнін ашып көрсетер еді. Ал шын мәнінде, Хайдеггер адамның мәніне феноменологиялық талдау жасаудың шеңберінен шыға алмады. Оның «болмыс» деп нені меңзегені немесе неге ол біздің болмысты ұмытуымызды мәселе санағаны үнемі айқын емес-ті.

Сіз болмыс туралы енді не түсінесіз? Сіз ол туралы ұмыта алар ма едініз? Неге? Болмысты тілмен жеткізу мүмкін емес бірдене ретінде қарастырғаныңыз жөн бе? Егер солай болса, неге? Болмыс біздің қабылдауымыз берін түсінуіміз үшін өзінен-өзі күрделі болған күнде де, біз оны өз талқылауарымыздың тақырыбы деп есептей аламыз ба?

Біз білімді тәжірибeden бөле алмаймыз; олар бір нақты дүниені құрайды. Әлбетте өмірге деген өз көзқарасымызды қалыптастырамыз. Біздің оған қатысты өз ұстанымымыз бар, себебі біз олар туралы ойлаймыз. Төлнүсқалық айналадағы заттардың немесе құбылыстардың кез келген дәлелін терістеуді және адам зердесімен ұғынып үлгерген білімдерді қабылдаудан бас тартуды білдіреді. Біз үшін өз өмірімізді басқару мүмкіндігіміз берін айналамыздың әлемге қатысты шешім қабылдау қабілетіміз аса маңызды.

Бар болу дегеніміз – өмірдегі бардың бәрі; ештеңе ғана тіршіліктен тысқары тұра алады. Болмыс уақытта болады. Уақыт өзгереді. Біз осы өзгерістерді зерттеп, жаңа мүмкіндіктер ашуымыз қажет. Берілген түсіндірмелерге сенбейінше, өмірдің не екенін түсіндіре алмаймыз. Өмірімізге өзіміз билік етіп, жаңа мүмкіндіктер мен қабілеттерді сынауға, олар туралы білуіміз тиіс. Әлбетте, біз сондай-ақ осы қабілеттердің шектері туралы да хабардар болуымыз керек. Біз мұнымен дәл қазір айналысұмыз қажет; уақыт тығыз. Бұл ойлардың барлығы этикаға біршама жақын, алайда Хайдеггер өзінің этикалық ілімін қалыптастырмады. Қандай этика өмірдің төлнүсқалық және көшірмелік салты ұғымдарымен байланысты еді?

Хайдеггерге табынушылар оның зерттеулерінің бұлжымас айқындылығын, детерминизмін мадақтайды. Олар оның ойлау мәнерінің айқындығы мен асқақтығына таңданады. Оның болмысты түсінуі өзі ойлап тапқан сөзге ба-

рып саяды. Кез келген философтың міндеті, Хайдеггердің пікірінше, осы сөзді есту және түсіну қажеттілігінде.

Әйтсе де Хайдеггерді арканумды жасаушы деп санайды. Осыған байланысты оны философия әлемі әбден мысқыллады.

**Арканум** – айналадағыларға жұмбақ та түсініксіздеу білімге ие адамдардың шағын тобы.

Хайдеггер қатты сыналды. Шынында да, ол философиялық ойлау әдістерімен және философиялық көзқарастарымен осы сынға лайық еді. Философиялық дәстүрді айқын баяндауға ұмтылғанына және ұмтылатынына қарамастан, ол өз еңбектерін саналы түрде бұлдыր да түсініксіз тілде жазды. Ректорлық қызметтен кеткен соң, Хайдеггер философиямен, негізінен, өз пікірлестерінің шағын тобында айналысты. Бірақ, жалпы алғанда, философияның өзі де қалың бұқараға арналмаған емес пе еді?

Хайдеггердің нацистер режимімен байланыстары әлі де әрқалай айтылып келеді. 1933 жылы университетте маңыздылауазымға ие болды. Осы қызметте жүрген кезінде өзінің студенттері мен әріптестеріне нацистік идеологияны ашық мадақтап, оны «неміс шындығының бүгіні мен болашағы, сондай-ақ жоғары заңы» деп жариялады. Өзінің философиялық идеяларын нацистік идеологиямен біріктіре отырып, біз әлгінде атап өткендей, жақсы мансапқа қол жеткізе алған болар еді. Алайда бәрі басқаша болды. Хайдеггер философиясын қандай да бір идеологияға көгендеу қыын; оның ойларында ешқандай эпистемологиялық, саяси немесе моральдық өзек жоқ.

Сәл жұмсақтық танытқан сыншылар Хайдеггердің өз қызметін он айдан кейін-ақ тастағанын, сондықтан нацистердің айуандықтарына белсене араспағанын алға тартады. Бірақ Хайдеггер нацистік режимді бір де бір рет айыптамады. Ол өзінің бұрынғы сөздеріне кешірім де сұраған жоқ. Хайдеггер жайғана, бұдан былай нацизмге байланысты ештеңе жазбайтынын, өзінің өткендері істерін – 1934 жылғы қылыштарын қайталамайтынын айтты. Соған қарамастан, қатыгез сыншылар оны адамзатқа қарсы жасалған қылмысқа белсене және қасақана қатысты деп айыптайды.

# **14. Жан-Поль Сартр: экзистенциалистің азабы**

Метафизиканың әйгілі формасы – экзистенциализм Жан-Поль Сартрдың арасында кең таралды. Сартр «экзистенциализмің ақсақалы» ретінде белгілі. Ол бүкіл философияға аса қатты ықпал етті және ізбасарлары өте көп болды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін экзистенциализмің ғылым саласынан гөрі рухани атмосфераға, көңіл құйге айналғанын атап көрсеткендер аз емес. Ол академиялық ортада емес, Сен-Жермен-де-Пре жертөлелерінде көбірек талқыланды. Шындығында «экзистенциалист» сөзі біраз жыл бойына соңғы музыкалық жаңалықтардан бастап, киім саласындағы сән үрдістеріне деңгінің бәрін дерлік бейнелеу үшін қолданылатын. Сартрдың «Болмыс және ештең», «Диалектикалық ақылға сын» сияқты философиялық шығармалары арнайы терминдерге толы, қарапайым оқырманның түсінуіне өте күрделі («Диалектикалық ақылға сын» «коқылмайтын құбыжық» деп те сипатталған болатын). Сартр, сонымен қатар, экзистенциалистердің ойларын қарапайым оқырманның түсінуіне көмектескен бірнеше роман («Жиirkеніш» және «Еркіндік жолы») мен пьесалар («Шыбындар» және «Жабық есік жағдайында») жариялады. Көпшілік оны тамаша драмалардың авторы деп санады.

## **Өмірі**

Сартр 1905 жылы Парижде дүниеге келді. Оның әкесі ерте қайтыс болған. Жан-Польді анасы мен оның Эльзастан келген нағашылары тәрбиедеді. Сартрдың атасы тіл мектебін басқарды және Альберт Швейцермен алыстырыстық байланысы болды.

Сартр 1924 жылдан бастап 1928 жылға дейін Ecole normale supérieure жоғары мектебінде оқыды. Мұнда ол өзінің өмір бойғы адал серігіне, көмекшісіне және «рухани досына» (олардың өздері мұндай анықтаманы ешқашан қолданбас еді) айналған Симона де Бовуарды кездестірді. Бовуар бізге Сартр екеуінің agrégation (элиталық конкурстық емтихан) кезінде танысқаны



Жан-Поль Сартр

туралы жазбалар қалдырыды. Қолдарында термостары мен печенъелері бар студенттер залға лық толды. Емтихан қабылдаушы арнайы қорапқа қолын салып, бүктелген қағаз суырды да, емтихан тақырыбын жариялады: «Еркіндік және кездейсоқтық». Тапсырманы орындауға тұра келді, басқа амал жоқ. Емтихан бес сағатқа дейін созыла беретін. *Agrégation* тапсыра алған студенттер) лицейде немесе университетте қызметке орналасу құқына ие болатын. Олар аздап қана сабақ беріп, негізінен, ғылыми зерттеулер жүргізетін және еңбек жазумен айналысатын.

*Agrégation* аяқталған соң Сартр Гавр мен Лионда сабақ берді. Кейінірек оны Парижге аудыстырыды. Сартр студент кезінде, 1933 жылдан 1935 жылға дейін, Германияда тағылымдамадан өтті. Соын Парижге, Кондорсе лицейіндегі оқытушылық жұмысына оралды. Соғыс кезінде ол француз армиясында метеоролог болып қызмет етті. Сартр 1940 жылы, одақтық күштердің шегінуі кезінде тұтқынға түсіп, 1941 жылы босатылды. Көп ұзамай Сартр оқытушылықты қайта қолға алды және Франциядағы Қарсылық қозғалысының құрамына енді. Әріптестерімен бірге ол фашизмге деген жеккөрінішін осылай білдірген еді.

Соғыстан кейін ол социализм мен экзистенциализм мәселелеріне арналған, ай сайын шығатын «*Les Temps moderns*» журналының негізін қалауда және басқаруда шешуші рөл атқарды (журнал әлі күнге дейін шығады). Ол коммунизм туралы жақсы пікірде болды, алайда ешқашан Коммунистік партия қатарына кірген жоқ. Сартр коммунизм мен экзистенциализмді біріктіру талпыныстарынан бас тартты. Ол ақылға сыйымсыз еді. Сартрдың ештеңеге тәуелді еместігін және біржақтылықтан ада екенін анғартқан оның адам нанғысыз тосын іс-әрекеті – 1964 жылы өзіне әдебиет саласындағы жетістіктері үшін берілген Нобель сыйлығынан бас тартуы болды. Оның дүниетанымын французша *gauchisme* (гошизм, французша *gauche* – «солшыл») деп атауға болады. Бұл дүниетаным – одан сайын радикалды бола тұсуге ұмтылатын көзқарастардың жиынтығы. *Gauchisme* мемлекетті басқарудың қандай да бір қисынды бағдарламасын ұсынбайды, ол жүйеге қарсы болумен ғана шектеледі. Жан-Поль Сартр Сорбоннаның 1968 жылғы студенттер көтерілісі талқыланған үлкен дәріс залында сөйлеген атақты «теориялық» дәрісімен әйгілі. Де Голль Сартрдың өте танымал екенін түсінді. Азаматтық мойынсұнбауды насиҳаттағаны үшін Сартрды тұтқындамақ болған министріне ол табалай: «*On n'arrete pas Voltaire*» немесе «Сіз Вольтерді тұтқындамайсыз фой», – деді.

Сартр мен Симона де Бовуар ашық өмір сурді. Яғни олар өздерінің арнауы, ойдан шығарылған және өмірбаяндық еңбектерінде өз өмірлерінің барлық қырларын сипаттап, түсіндірме беріп отырды. Сартрдың саяси қызметі мен мақсаттарының жүзеге аспауы оны қатты қапаландырыды. Өмірінің соны-

на қарай философтың көру қабілеті тым нашарлады. Ол 1980 жылы дүниеден өтті. Оған жасының ұлғаюы себеп болған шығар, бірақ дәрі-дәрмектерді дұрыс қолданбауы да оның өлімін жеделдетті. Сартр ешқашан университетте қызмет еткен емес және ешқашан үйленбеді. Ол бірде Симонаға некеге тұру туралы ұсыныс жасады, бірақ Бовуар ханым некені орта тапқа тән институт деп есептегендіктен, ашулана бас тартқан көрінеді.

## Әмір шежіресі

- 1905 жыл – Жан-Поль Сартр дүниеге келді
- 1910 жыл – Берtrand Рассел мен А.Н. Уайтхедтің «Математика негіздемелері»
- 1914–1918 жылдар – Бірінші дүниежүзілік соғыс
- 1917 жыл – Ресейдегі революция
- 1920 – Турдағы Конгресс және Француз коммунистік партиясы құрылды
- 1924 жыл – Сартр Ecole normale supérieure-де оқыды; Симона де Бовуармен танысты
- 1928 жыл – Жан-Поль Сартр agrégation алды және оқытушылық қызметін бастады
- 1933–1935 жылдар – Сартр Германияда студенттік сынақ ісінен өтті
- 1936–1939 жылдар – Испаниядағы Азаматтық соғыс
- 1937–1938 жылдар – Ресейдегі сталиндік құфын-сүргін
- 1938 жыл – Сартрдың «Жиіркеніш» деп аталатын бірінші романы жарияланды
- 1939 жыл – «Le Mur» шағын әңгімелер жинағы жарияланды
- 1939 жыл – Сартр француз әскеріне шақырылды
- 1940 жыл – Францияның тізе бүгі; Сартр соғыс тұтқынына айналды
- 1941 жыл – Сартрды босатты; оқытушылық қызметті жалғастыру; Француз Қарсылық қозғалысына қосылу
- 1943 жыл – «Болмыс және ештене» («L'Etre et le néant») жарияланды; «Шыбындар» пьесасы сахналанды
- 1944 жыл – «Жабық есік жағдайында» пьесасы қойылды (жауһар туынды саналады)
- 1945 жыл – Сартр «Les Temps moderns» журналының редакторы болып жұмыс істеді; өз уақытын кітап жазуға толығымен арнау үшін оқытушылық қызметін тоқтатты
- 1947–1949 жылдар – «Жағдаяттар», үш томдық очерктері
- 1948 жыл – «Әдебиет деген не?» атты еңбегі жарияланды
- 1958 жыл – Алжир дағдарысы; Де Голль билікке оралды
- 1960 жыл – «Диалектикалық ақылға сын» жарияланды
- 1964 жыл – «Сөз» атты өмірбаяндық туындысы жарияланды
- 1968 жыл – Франциядағы студенттік толқулар; Сартр өмірін радикалды саясатпен байланыстырды
- 1980 жыл – Жан-Поль Сартр дүниеден өтті

**Феноменді** – бұл үғыммен философияда адамдар сезім мүшелерінің көмегімен қабылдайтын заттар мен оқиғалар белгіленеді.

**Ракурс** – объектілер мен тақырыптарды олардың қырларының өзара байланысын негізге ала отырып қарастыру.

**Кездейсоқ** – шарттар мен оқиғаларға тәуелді, міндепті емес дегенді білдіреді.

**Метафизика** – болмысты бар болу тұрғысынан зерттеу; бар нәрсенің мәні тура-лы пайымдаулар; алғашқы себептер мен принциптерді зерделеу; бізді қоршаған нақты дүниені рационалды тану; адамды қоршаған заттар, олардың тереңдігі мен мәні туралы рационалды білім.

## Ойлары

### Экзистенциализм деген не?

Экзистенциализм – философиядағы шектен тыс жүйелеуге қайта-қайта қарсы шығып отыратын бүлікшілдік қозғалысы. Экзистенциализм дат ойшылы Къеркегордың көзқарасынан бастау алады. Бұдан әрі экзистенциализм Ницшенің (Къеркегор туралы ешқашан естімеген), Ясперстің және Хайдеггердің (өзінің экзистенциалистердің қатарына қатыстылығын ашулага жоққа шығарған) еңбектерінде дамыды.

Экзистенциализм – тіршілік ету (экзистенция – аудармашылар) мәннің (эссенция – аудармашылар) алдында дейтін дүниетаным. Мұны көрнекі түрде бейнелеу үшін Сартр бізге қарапайым, қағаз қиятын пышаққа назар аударуды ұсынады. Ол – шебердің қызметінің жемісі. Бастапқыда, пышақты жасағанға дейін, шеберде осы нәрсе туралы идея болды. Ол бұл затты не үшін жасағысы келгенін де, оны нақты қалай пайдаланарын да білді. Шебер пышақты жасау тәсілін ойлап тапты. Мұндай жағдайда пышақтың мәні немесе мағынасы (пышақты не үшін пайдаланатыны, қандай пішінде болатыны және қалай жасалатынына қатысты идеялар) пышақтың жасалу үдерісінен бұрын пайда болды. Осы көзқарасқа сәйкес, эссенция экзистенциядан бұрын тұрады, оның алдында болады.

Адам тұлғасы туралы ойласақ және Құдай туралы түсінігіміз болса, бұл – Құдай; Ол жарату үдерісінде Өзі нені жарататынын дәл біледі. Идея – ең жоғары ой-жоспар – әуелі Құдайдың ақыл-ойында пайда болды: мән (эссенция) өмір сүруден (экзистенциядан) бұрын тұр.

Тіпті он тоғызыншы ғасырдың атеизмін қарастыру кезінде біз Ағарту дәуірінің қайраткерлері жай ғана Құдай идеясынан алыстал, адам табиғаты

идеясына тоқталғанын байқай аламыз: әр адам – адамдардың мәндік негізін бейнелейтін әлемдік ой-ниеттің жеке үлгісі. Эссенция әлі де экзистенциядан бұрын тұр. Бірақ Сартр Құдай да жоқ, ешқандай әлемдік ой-ниет те жоқ деп жар салды. Ол өмір сүрудің бастауы сол бар болудың мағынасынан бұрын пайда болатын тек бір ғана жаратылыс бар екенін мәлімдеді. Ол жаратылыс – адам.

Сартрдың пікірінше, экзистенция эссенциядан бұрын басталды. Әлемдегі барлық мақұлықтардың арасынан адам бірінші пайда болады, өзін кездестіреді, жарқ етіп жанады, соナン соң өзін анықтайды. Адамдар әзірге ештеңе емес, олар өздерін кейін жасайды, өздерін қандай етіп жасаса, сондай болып шығады. Бұл біздің нені және қалай танып-біле алатынымызды сынау емес. Бұл – адам болу дегеннің не екені туралы қатаң көзқарас және адам нені істеуі тиіс, нені істеуіне болады және кейін не болып шығады деген сұрақтар қояды. Бұл – «Біз қайdan білеміз?» – деген сұраққа назар аударатын философиялық дүниетанымның бөлігі емес.

### «Болмыс және ештеңе» (1943)

- Болмыс қандай да бір феноменді тұрғыдан ешқашан сарқылмайды: бізге өмір сүрудің нағыз, шынайы бейнесін ашып беретін ракурс жоқ.
- Өзіндік-болмыс (en-soi) өзгеріссіз, адамға әрқашан толығымен ашық, мұлде кездейсоқ; оның болмысына негіз болатын ешбір себеп жоқ. Ол объектілердің самарқау, енжар дүниесімен азды-көпті салыстырмалы.
- Өзі-үшін-болмыс (pour-soi) аяқталмаған, айқын емес, құбылмалы. Бұл – адам санасының болмысы.
- Өзіндік-болмыс өзі-үшін-болмыстың алдында. Өзі-үшін-болмыстың пайда болуы өзіндік-болмысқа тәуелді. Өзі-үшін-болмыс өзіндік-болмыстан аннигиляция көмегімен туындаиды.
- Еркіндік – адамның жүрегі; үрейді сезінгенде, адамдар еркіндіктің не екенін түсінеді, өз болмысы үшін жауапкершілікті сезінеді, өзіндік-болмыспен болуы мүмкін емес бірігуге үмттылады; олар торыққанда қоғамда қалыптасқан теңсіздікті түсінеді. Олар үнемі өздеріне көз тастауымен-ақ қауіп төндіріп, объектіге айналдыруы мүмкін «Өзгелермен» мәнгілік қайшылықта болады.

### Атеизм және құндылықтар

Сартрдың экзистенциализмі бір бастапқы алғышартқа негізделген. Бұл бастапқы алғышартты ол өзінен-өзі берілген, даусыз алғышарт ретінде қарастырады: Құдай жоқ. Адамдардың болуы Құдайдың болуын жоққа шығарады. Адам табиғатының сол адамның болмысының басталуынан бұрын болуы де-

ген құбылыс жоқ. Адам – адамдардың болашағы; олар – өздері өздерінен не жасап шығарса, кім болып шықса – сол. Осылайша экзистенциализм дегеніміз – гуманизм.

Сартр гуманистік құндылықтарды қорғаудың барлық талпынысын мысқылдайды, себебі олар адамның мәні адамның болмысынан бұрын басталады деген сенімге негізделеді. Бірақ адамдарда жауапкершілік бар. Құдды оларға еркін болуға үкім шығарылғандай. Біз адамның кім еkenі туралы абстрактілі ойлай алмаймыз. Біз өз болмысымызды нақты жағдайларға сүйене отырып жасауға, тануға тиіспіз. Өзіміз осы жағдайлардың қатысуышыларына айналымыз және қатысадан бас тартуға біздің күшіміз жетпейді. Бұл бізді таңдау жасауға міндеттейді, дәл осы жерде біздің еркіндігіміздің негізі көрінеді.

Жұмысшы материалды алып, оған форма береді. Адамдар да өздері тап болған шындыққа дәл осылайша форма береді. Адамдар өздері тап болған жағдай үшін жауапкершілікті мойындарына алғып, осы жағдайларды шешуге бағытталған іс-әрекеттер жасаған кезде төлнұсқалық әрекет жүзеге асады. Тек біздің іс-әрекеттеріміз ғана қандай да бір құндылыққа ие. Қалай болғанда да біз сабырсыздыққа ұрынамыз: бұл әрекет – біздің айыбымыз, онда игі ниеттерге орын жоқ. Біз өзіміз туралы, өзіміздің не екеніміз, ұқсастығымыз туралы өз түсініктерімізге сүйене алмаймыз. Ондай талпыныстар, Сартрдың пікірінше, жақсы емес.

Сартр философиясы әрекетке, адамның іс-қимылдана негізделген. Біздің өз мәнімізді ұғынуымыз бар болудың абсурдтығына сүйенеді. Біз бұл дүниеде кездейсоқ мәндерміз; біздің болмысымызды туыннатқан себеп жоқ. Біз батыл түрде төлнұсқа әрекет жасауға ұмтыламыз, бірақ біз өз таңдауымызды не нәрсеге негіздейміз? Бұл төлнұсқалық шынайы іс-әрекеттердің өлшемі қандай? Ол жоқ. Сартр дәстүрлі құндылықтарды жоққа шығарып, ізгілік пен зұлымдық туралы түсінікті абсолютті шама ретінде терістеді (бар болу – мағынадан бұрын).

Мен қол жеткізуғе тиісті нәрсенің бәрі – менің еркіндігім. Алайда шешім қабылдаған бойда-ақ менің шешімім басқа адамдарға кедергі жасайды, мен олардың еркіндігін шектеймін. Құндылықтарға негізделмеген әрекеттің сөзсіз соқтығысы және менің еркіндігім басқалардың еркіндігін міндетті түрде шектейтін азап тудырады. «Адам дегеніміз – пайдасыз құмарлық».

### «Адамға еркін болуға үкім шығарылған»

Сартрдың «Шыбындар» пьесасында Оресттің хикаясы қайта баяндалады. Трояға қарсы соғыстан жеңіспен оралған Агамемнонды өзінің әйелі Клитем-

нестра өлтірді. Оның көнілдесі Эгисф жаңа патша атанды. Клитемнестра мен Агамемнонның балалары – Электра мен Орест – аналарын өлтіріп, әкелерінің кегін қайтаруға, сол арқылы қаланы шыбындардың шапқышылығынан құтқаруға тиіс еді. Электра Орестті іске кірісудің қажеттігіне сендерді.

Сартр үшін Оресттің әрекеті адам еркіндігінің Құдайдың бар болуымен сыйыспайтын символы болды. Бұл еркіндік төлнұсқалық әрекетте – Оресттің өзі тап болған жағдай үшін жауапкершілікті қабылдауында – ізгілік пен зұлымдық туралы дәстүрлі түсініктермен қабылдаудың әрекетінде көрініс табады. Фуриялар, кек қайтарудың әйел-құдайлары, спектакль бойы Орестті бақылайды. Бірақ неге ол жеңімпаз болып шықпады? Пьеса барысында, автордың ойы бойынша, Юпитер Эгисфке «еркіндік адам жанының ішінде» орналасқанын айтады. Тіпті Құдайлар да адамға түк істей алмайды. Адамдар еркін, тек кейде олар мұның парқына жете бермейді.

Қойылымның тұсаукесері Францияны нацистер басып алған кезеңде болды. Ол нацистік цензураны жеңе білді, өйткені нацистер оны ескі грек аңызының жай қайта өндөлген нұсқасы деп қарастырды. Ал көрермендер болса, бұл пьесадан сол кездегі саяси ахуалға (Францияның тәуелсіздігінен айрылуы) байланысты жалынды сөздерді естіді.

### *Сартрдың этикасы*

Сартр философиялық лексикаға толы абстрактілі кітаптар («оқылмайтын құбыжықтар») жазудан басқа, философиялық мәселелер мен дилеммалар қамтылған хикаялар мен пьесалар жазды және өте жақсы жазды. Сондықтан Сартрдың этикалық теориясын қарастырудың орнына, біз оның күрделі этикалық мәселелерді сипаттау үшін баяндаған бір хикаясына көз салайық (естерінізге сала кетейік, этика – адам өміріндегі дұрыс және бұрыс туралы түсінікке негізделетін принциптер туралы ілім. Этика «ізгілік», «міндет» және «парыз» сияқты ұғымдармен байланысты). Хикая мынадай.

Бұл оқиға Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Францияны нацистер басып алған кезде болды. Бір жас жігіт өзінің қалай әрекет жасауы қажет екені туралы Сартрдың кеңесіне жүгінді. Оның ағасы шайқаста қаза тапқан, ал анасымен қарым-қатынасы нашар болған әкесі кез келген ыңғайлы жағдайда басқыншылармен тіл табысуға тырысты. Жас жігіт «Шайқасуыш Франция» қозғалысына қосылуға Англияға аттанғысы келеді. Ол үшін шешесін тастанап кетуі тиіс. Бұл жағдайда анасы сатқын күйеуінің ісіне күйінген халде жалғыз, қорғансыз қалар еді. Кіші ұлы оны тастанап кетсе, анасының қасіреті анағұрлым

ауырлай түспек, себебі оның жалғыз моральдық және материалдық тірегі осы ұлы еді.

Оның қайткені дұрыс? Оның таңдау жасаудына не көмектесер еді? Христиан діні: жақыныңды сүй, ең күрделі жолды таңда дейді. Бірақ христиандық сол ең күрделі жолдың қайда екенін және қандай жақынды сую керегін айтпайды – өз тәуелсіздігі үшін шетелде күресіп жатқан адамдарды ма, әлде өз анасын ба?

Құндылықтар көмескі. Жас жігіт өз түйсігіне ғана сеніп, сезімдері мен интуициясына ғана сүйене алатын. Ол тек бір жолды таңдай алады. Егер ол шешесін шексіз сүйсө, онда ол үшін бәрін істеуі тиіс. Егер сүйіспеншілігі жеткіліксіз болса, басқа жолды таңдауы қажет еді.

Бұл әңгіменің кейіпкері еркіндікке ие, өзіне адапт. Сартр моральдық заңдардың болуының өзін жоққа шығарады. Ол махаббат, сүйіспеншілік сияқты принциптер бізге шешім қабылдауда көмектесе алмайды деп ойлады. Әр моральдық шешімді оған тікелей қатысты адам ғана қабылдай алады, басқа ешкім емес. Мәселе мынада: басқа адамдарға тигізер салдарларына қарамастаң, мұндай дүниетаным кез келген әрекетті ақтай алады. Бұл – еркіндікті ғана емес, азапты да көрсетеді.

### *«Тозақ – басқа адамдар»*

«Жабық есік жағдайында» пьесасы бізге Сартрдың адам қоғамына және онда өмір сүру жағдайларына қалай қарағанын анықтауға мүмкіндік береді. Пьесада Сартр тозақ туралы айтқан кезде оны күнә үшін мәңгілік жаза жүзеге асырылатын қандай да бір теологиялық орын деп қарастырмайтыны көрініп түр: Құдай жоқ. Тозақ та, жұмақ та жоқ. Дүниедегі тозақ – айналадағылардың көз алдындағы өмір: басқа адамдардың айыптаулары, өзгелердің пікірлері мен тілектерін ескеру қажеттігі.

Гарсэн (өзін батыр санайтын қорқақ), Эстель (бала өлтіруші, сүйіктісінің өлімі үшін де жауапты) және Инес (адамдарды жек көреді, және олардың азаптанғанын көрмесе, өмір сүре алмайды) қайтыс болды және жабық бір бөлмеге бірге қамалған болып шықты. Бастапқыда олар өздері туралы шындықты айтпай, өздерін ең жақсы адам етіп көрсете бастайды. Бірақ көп ұзамай олардың өтірігі ашылып, ақыры бір-бірінің жандарын жаралайды. Олар ешқашан өздерімен-өздері оңаша қала алмайды. Олар әрқашан басқа адамдардың көзқарастары мен қалауларын ескеруге мәжбүр болады. «Тозақ – басқа адамдар!»

## Экзистенциализм және әдебиет

Сартр Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңде қоғамға айрықша әсер еткен мықты тұлға болды. Кейде оның беллетристикалық және драмалық шығармаларының қайсысы философиялық пайымдаулар, қайсысы сыртқы ықпал (Сартр заманауи американалық романдарға ерекше сүйсінетін), ал қай жерінде оның жеке сенімдері көрініс бергенін түсіну оңай емес. Сартрдың философиялық ойлары оның әдеби шығармаларын оқыған кезде барынша түсінікті бола түседі және оның философиялық идеялары бұл еңбектердің маңызын арттырып, жандандырып тұр. Өз заманының әлеуметтік мәселелерімен және өмірмен тікелей байланыстырыларды нығайта түседі.

Сартрдың өз идеяларын мысалдармен көмкеру үшін басқа авторлардың туындыларын қолданғанын да атап өткен жөн. Шын мәнінде, ол өткір әдеби сыншы болды және әртүрлі жазушылардың шығармашылығын зерттеген еңбектерін жариялады. Оның Шарль Бодлер шығармашылығы туралы зерттеуі – 1947 жылды, Жан Жене жайында жазғаны – 1952 жылды, Огюст Флобер жөніндегі 1971–1972 жылдары жарық көрді. «Әдебиет деген не?» (1948) – ол дайындаған маңызды әдеби түсіндірмелердің тамаша жинағы.

## Сартр және оның уақыты

Жасы үлғайғанда Сартр әдебиеттің күшіне күмәнмен қарай бастады. Алайда ол бұрынғыша философиялық ағымдардың дамуын бақылап, олардың әрқайсысын біліп отырды. Ол экзистенциализмдегі шамадан тыс субъективтікке қарсы бағытталған сынға назар аудармады. Өмірінің соңғы жылдарын радикалды саяси қызметке қатысуға арнады. Сартр «La cause du peuple» және «Liberation» секілді солшыл газеттер мен журналдардың редакторы болды. Билікке қарсы шығатын барлық идеялар мен талпыныстарды қолдады. Цензура «La cause du peuple» басылымын басуға тыйым салғанда, Сартр наразылық белгісі ретінде газетті Париж көшелерінде өзі сата бастады. Коммунистер ұзак уақыт бойы Сартрдың идеологиялық жауы болды, жазушы-философ оларға қарсы тұруын ешқашан тоқтатпады. Қалай болғанда да, оның барлық іс-әрекеті бүкіл әлемдегі адам құқықтарына қолдау білдіруге байланысты болды.

## Түйін

Жан-Поль Сартрдың философиясынан оның танымдық үдерістеріміздің қалай іске асатыны немесе бірдене білетінімізді қашан мәлімдей алатынымыз туралы

лы пайымдауларын емес, адам дегеннің не екені жөніндегі көзқарастарын ғана көре аламыз.

Экзистенциализмнің философиядан гөрі көніл күйге жақын екені туралы тұжырым рас болса керек. Бірақ экзистенциализм бізге эпистемологияның формасы болып көрінбейді, демек, ол – метафизиканың формасы.

Сартр Екінші дүниежүзілік соғысты өз көзімен көрді. Ол соғыс тұтқыны болды, бүкіл халықаралық қоғамдастық сияқты, өмірге деген қауіп-қатер тарихи қатыгездікте, концлагерьлерде, ядролық қаруды жасауда жатқанын түсінді.

Сартрдың нақты өмірге қатысты көзқарастары өте сүрқай болды. Дүние жабайы қалпына қайта оралды. Ал бұл бүкіл адамзаттың атынан сөйлегендей болған Сартрды адам тағдырының мәні туралы мәселеге алып келді. Шамасы, философ болғандықтан ол біздің болмысымыздың абсурдтығын және трагедиялылығын алдыңғы қатарға шығару үшін, өмір сүруіміздің өзін айқын, парасатты және әділ сын тезіне салуды өзінің міндеті санады. Сартрдың еңбектері өз уақыты туралы ұзак рухани толғаныстан, болмыстың метафизикалық масқаралығын мәлімдеуден тұратын еді. Дүние туралы ойларыңыз метафизикалық дауды растаумен аяқтала ма, әлде, керісінше, сізге оптимистік рух бере ме? Бұл ой сізді белсенділікке итермелей ме, әлде болып жатқанның бәрін енжар қабылдауға шақыра ма? Бұл дүниеде үмітке негіз бар ма?

Сартр еңбектері тұтас дәлдіктен тұрмайды. Оның Құдайды жоққа шығаратын постулаты постулат болып қана қалды. Сартр оны күмәнсіз, өзінен-өзі түсінікті деп ойлады. Оның философиясындағы барлық нәрсе дәл осы постулаттан туындаиды. Ойланыңыз, мүмкін, Құдайдың болмысын үзілді-кесілді терістеу Құдайдың бар екенін дәлелдеуге қарағанда бізге әлдеқайда оңай болатын шығар? Болжалды мән мен күн ілгері мәлім атаулыдан мақұрым қалған Сартр әлемі, адамды жай әкеп тастай салған әлем – бұл тек жорамал ғана ма, әлде факті ме?

## **15. Жак Деррида: нақты дүниенің деконструкциялау**

Біз Дерриданы – ең қызықты және пікірлері қайшылықта толы тіл философын зерттеуді бастамақпyz; бәлкім, ол мән немесе мәтін философы шығар? Кейбіреулер: «Деррида – өз заманының ұлы философы болды», – деп тұжырады. Енді біреулер: «Адамдар оның ойларын түсінбегендіктен солай айтады», – деп мәлімдейді. Кітап сатушылар оның кітаптарын немесе ол туралы кітаптарды қай тұсқа қою керегін білмей дал болады: философиялық еңбектерге арналған сөреге ме, әлде әдеби сынға арналған қатарға ма? Деррида өзінің бастапқыда кәсіби футболшы болғысы келгенін айтқан екен. Орасан зор түйсігінің арқасында ол идеяны жеткізетін тілдің сол идеяны қалай болғанда да өзгеретінін түсінді. Оның үстіне, Деррида кез келген мәтін оны зерттеудің белгілі бір кезеңінде өзі баяндап отырған ойға қарама-қарсы пайымдарды дәйектейді және бойына көптеген әртүрлі мәндерді тоғыстырады деген ойға келді.

Кей адамдар Дерриданы шын мәнінде толық мағынадағы философ болған жоқ деседі. Ал енді біреулер ол бүкіл философиялық міндеттердің ішіндеңі ең бастысын орындағы – назарына іліккеннің бәріне сынни рухты енгізді деп тұжырымдайды.

### **Әмірі**

Жак Деррида 1930 жылы Алжир қаласының маңында дүниеге келеді. Алжир елі ол кезде Францияның отары еді. Екінші дүниежүзілік соғыс барысында ол Вишилік Францияның қоластында болды. Алжирде антисемиттік зандар үстемдік еткендіктен, шыққан тегі еврей жас Дерриданың білім алуға мүмкіндігі болған жоқ.

Толық емес орта білімі бар Деррида 1949 жылы Францияға аттанып, Ecole normale supérieure-ге (Францияның Лион қаласындағы жоғары оқу орны – аудармашылар) оқуға түседі де, философияны зерттеуге кіріседі. Оны Жан-Поль



Жак Деррида

Сартрдың экзистенциалистік философиясы қанаттандырды. (Ол ылғи да Кьеркегорды, Хайдеггерді және Джойсты бас алмай оқитын.) 1957 жылы Деррида aggregation\* дәрежесін алды. Сол жылы ол Маргерит Окутурьеге үйленді. Философтың әскери қызметін өтеген кезі Алжир соғысымен тұспа-тұс келді. Алайда ол жауынгер емес, оқытушы еді.

Біраз уақыттан кейін Дерриданы Ecole normale supérieure-ге асистент ретінде шақырды. 1960–1970 жылдар аралығында оны постструктураліст ойшыл ретінде танытқан көп кітап жазып, мақалалар жариялады. Оның алғашқы үш кітабы («Жазу және айырмашылық», «Дауыс және феномен», «Грамматология туралы») 1967 жылы жарияланды. Алайда ол докторлық диссертациясын Сорбонна университетіне 1984 жылға дейін ұсынған жоқ. Деррида Берлин университетінде семинарлар өткізді. Оны өзі дәріс беретін Америкадағы Джон Хопкинс университетінде (Балтимор), ал кейінрек Ирвиндегі Калифорния университетінде жылы шыраймен қарсы алатын. Деррида, сондай-ақ, атақты College de France-те сабак берді.

Әйтсе де Францияның университеттері Дерридаға сенімсіздік танытты. Кембридж университетінде де дәл осылай болды: Дерридаға құрметті «доктор» дәрежесін беру туралы ұсынысты 1992 жылы ғана дауысқа салды. 336 адамның 204-і жақтап дауыс бергендейктен, Деррида құрметті доктор ғылыми дәрежесін иеленді. Әлемдегі басқа университеттер философқа әлдеқайда ықыласты болды.

Беделді газеттер мен журналдар Деррида туралы мақалаларды 1970 жылдардың басында жариялады. Оны әдебиет теориясы қызықтырды, бірақ ол Филипп Соллерстің және «Tel Quel» журналының әдеби теорияшыларының көзқарастарымен келіспеді. Философтың әйелінің Чехословакияда (бұрын бұл мемлекет осылай деп аталды) отбасылық байланыстары бар болатын. Осыған орай 1987 жылы Жак Деррида чех зиялышарының қудаланушы және диссидент өкілдеріне көмек көрсетуді көздейтін Ян Гус қауымдастырының негізін қалады. Конференцияны заңсыз өткізгені үшін философ Прага түрмесіне қамалды. Франция президенті Франсуа Миттеранның өзі араласқан соң ғана Дерриданы түрмeden босатты. Кейінрек оны Париждің шетіндегі Ля Вилетт ғылыми саябағы қызықтырды. Ол өзінің бірқатар еңбектерін сәулет өнеріне арнады. Сондай-ақ Деррида басып алғынған аймақтардағы Палестина зиялышарымен байланыста болды.

---

\* aggregation – француз квалификациясы, орта мектепте немесе университетте сабак беруге болатынын растайды.

Жак Дерриданың негізгі еңбектері – «Грамматология туралы» (1967), «Хат және айырмашылық» (1967), «Философия өрістері» (1972), «Диссеминация» (1972), «Көркем суреттегі ақиқат» (1978), «Соқырдың мемуары» (1990), «Маркстің елестері» (1993).

1992 жылды Деррида Францияның жоғары марапаты – Құрмет легионы орденімен марапатталды. Ол 2004 жылды қайтыс болды.

### Әмір шежіресі

- 1916 жыл – Фердинанд де Соссюрдің «Жалпы лингвистика курсы»
- 1930 жыл – Жак Деррида дүниеге келді
- 1933 жыл – Гитлер Германияның канцлері болып тағайындалды
- 1936–1939 жылдар – Испаниядағы Азаматтық соғыс
- 1937–1938 жылдар – КСРО-дағы құғын-сүргін
- 1939–1945 жылдар – Екінші дүниежүзілік соғыс
- 1940 жыл – нацисттер қысымынан Франция құлады; Жак Дерриданың білім алудың тыйым салынды; Деррида Францияға кетті
- 1954 жыл – Дьенбъенфудегі жеңіліс; Алжир соғысы басталды
- 1957 жыл – Деррида aggregation дәрежесін алды; Маргерит Окутурьеге үйленді
- 1957 жыл – Ролан Барттың «Мифологиясы»
- 1967 жыл – Деррида өзінің «Грамматология туралы», «Жазу және айырмашылық», «Дауыс және феномен» атты еңбектерін жариялады
- 1968 жыл – Франциядағы студенттер бүлігі
- 1969 жыл – адам алғаш рет Айға аяқ басты
- 1976–1984 жылдар – Мишель Фуконың «Сексуалдылық тарихы»
- 1979 жыл – Жан Франсуа Лиотар «постмодерн» терминін ойлап тапты
- 1984 жыл – Деррида Сорбоннада өзінің докторлық диссертациясын қорғады
- 1992 жыл – Деррида Құрмет легионы орденімен марапатталды, Еуропалық Одақ құрылды
- 2004 жыл – Жак Деррида дүниеден өтті

### Ойлары

#### Структурализм

Структурализм – XX ғасырдың 60-жылдарында сәнге айналған философиялық және әдіснамалық дүниетаным. Бұл – тілді, қоғамды, сондай-ақ әртүрлі суретшілер мен жазушылардың еңбектерін зерттеу әдісі. Структурализмнің мәні – нақты дүние нәрселерден емес, байланыстардан тұрады деп қарастыру. Структурализм

ұғымы бойынша, біз қоршаған дүниенің объектісін көргенде, сезгенде, іскегенде ол туралы ақпарат аламыз, яғни оны қабылдаймыз. Ақпараттың алынуына нақты дүниенің өз ішіндегі қым-қуыт байланыстарды бірыңғай жүйеге, қандай да бір байланыстардың тұтас жиынтығына жинауы себеп болып отырған жоқ – ол байланыстарды адамдар көбінесе білмейді де, аңғармайды да.

Бұл дүниетанымның негізі – швейцариялық лингвист, бұрын синхрондық деп аталған лингвистиканы диахрондық ғылым етіп өзгерткен Фердинанд де Соссюрдің (1857–1913) еңбектері. Соссюр ғалымдар өздерінің назарын тілдің тарихи даму үдерісін зерттеуге емес, оның элементтері, ішкі құрамдас беліктері белгілі бір уақытта қалайша бірігіп, тілдің қызмет істеуіне мүмкіндік беретінін зерттеуге аударуы тиіс деп есептеді. Ол өзінің көлемді дәрістерін 1907 жылдан 1911 жылға дейінгі аралықта оқыды. Фердинанд де Соссюрдің «Жалпы тіл білімі курсы» ол қайтыс болғаннан кейін, 1916 жылы жарық көрді. Бұл кітап автордың дәріс оқуы барысында студенттердің тұртіп алған жазбаларынан құрастырылды.

Структурализм біздің дүниені қабылдауымыз барлық объектілердің бинарлық, жұптық категорияларға бөлінуіне негізделеді деп тұжырымдайды. Мысалы: жақсы/жаман, піскен/шикі, ақиқат/жалған, ер/әйел, ак/қара, дерек/қиял, табиғи/жасанды және т.б. Структурализм заттардың мәні немесе бастапқы себебі саналатын құрылымды талдайды. Структурализм тарихты зерттеудің қажеттігін жоққа шығарып, негізгі назарын нақты объектілердің құрылымдарына шоғырландырады. Деррида бұл дүниетанымға қарсы шықты.

### *Логоцентрлік көзқарас*

Деррида Батыс өркениетінің ұлы ойшылдарының бүкіл еңбектерінде бұрманған ағат пікір, сыңаржақтық бар екеніне сенімді болды. Оны жазба сөзді емес, ауызша сөзді жоғары қоюдан көреміз. Жазба сөздің бұл түрін Деррида «логоцентрлік» деп атады және оған «деконструкция» жасау қажет деп тұжырымдады.

Қаттырақ айтсақ, логоцентризм – идеяны бейнелейтін дұрыс сөзді таңдағанда ғана осы идеяның мәніне жете аламыз дегенді білдіреді. Сөйлеген кезде біз идеяның мәнінен бір қадам алшақтағандай боламыз. Жазатын болсақ – екі қадамға. Сөйлеу әрдайым жазудан артығырақ деп саналады, өйткені біз сөйлегенде идеялардың шынайы мағынасына жақынырақпыз. Өзгермейтін, тұрақты мәнге ие идеялардың адам ақыл-ойының көмегімен ғана таныла алатыны сөзсіз. Мұндай түсініктерді Деррида теріске шығарды.

Деррида, сонымен қатар, айқындыққа ұмтылыш Батыстың интеллектуал-

дық өмірі мен ойын қатаң жаулап алды деп санады. Сенімді түрде анық деп танылмайтынның бәрі теріске шығарылып, кейде олардың қатарына поэзия, этика және мистика жатқызылды. Деррида мұндай көзқарас – логоцентризм тираниясының бір бөлігі деп тұжырымдады.

Дерриданың айтуынша Сократ философияның ойлау мен адамдардың арасындағы көзбе-көз кездесулерде туындаитынын алға тарта отырып, ойлаурын жазудан бас тартты; осы себептен де Платон еңбектерін диалог түрінде жазды. Аристотель адамның зердесіндегі ойлардың нақты дүниедегі заттармен тікелей байланысты екенін айтты. Сөйлеу – адамның өз сұхбаттасының идеясынан алыстағанының белгісі; жазу – адамның ойдан бұрынғыдан бетер алыстап, заттарға тікелей бет бұрғанының белгісі. Дінбасылар мен хатшылар өз биліктеріне қарапайым адамдардың есебінен ие болды, өйткені олар жазудың көмегімен заңдарды, жазбалар мен тілді қадағалады. Осылайша олар ашық өтірікке, жалғандыққа дейін жетті. Кейінгі замандардағы ойшылдар оқу мен жазуды үйрету – бостандыққа жету формасы, өз тағдырын басқаруды өз қолына алу тәсілі деп пайымдады.

Қазіргі адамдар бір нәрсені білдіретін сөз жоқ болса, демек, ол нәрсе мүлде жоқ деп санайды. Сөз – зат қандай болса, дәл сондай түрде қабылдау үшін қажет құрал. Тілді менгеру – затты қадағалау деген сөз. Бұдан бөлек, логоцентризм бинарлы қарама-қарсылықтардың біреуін жоғарырақ қоюға тырысты: жарық – қараңғылықтан, дерек – қиялға қарағанда маңызды, пісірілген – шикіден, ер – әйелден, капиталист – жұмысшыдан жоғары.

Біз ауызша сөзді жазбашаға қарағанда маңыздырақ еткен сайын логоцентризм көрініс табады. Сөйлеу – адамның бар екенінің белгісі. Біз сұхбаттарымызға әлдене айтқанда, олар жаңымызда отырады. Ал жазу – болмаудың, жоқтықтың бейнесі. Сұхбаттарымыз қашықта болғандықтан, біз оларға хат жазамыз. Хатта сөздердің көбі жасырылып, түсіп қалады. Логоцентризм сондай сөздердің көпшілігі нақты заттардың өздері емес, көшірмелері деп тұжырымдайды.

Деррида адамның қатыстығы теориясына қарсы шығып, өзінің сынын сөйлеудің жазуға қарағанда басымдыққа ие екені туралы түсінікке негіздеді. Бұл жерде ол ешқандай айтулы тарихи мәлімдеме жасаған жоқ; алғашқы қауымдық бабаларымыз жазуды сөйлеуден бұрын үйренді демеді. Ол тілдің екі формасы да – символдар, белгілер екенін айтты. Оның пікірінше, бұл формалар ішінәра қатыспауды және ішінәра қатысады білдіреді, яғни олар салыстырмалы сипатта.

Мысқылдалап отырып, ол жазуды екінші деп қынжыла сынаушы адамдардың бәрі өз сындарын жазбаша түрде жеткізетінін атап көрсетті.

Деррида сөйлеудің жазудан басымдығын терістегенде қандай да бір абсолютті ұғымын сынады. Сөйлеу де, жазу да – белгілер. Олар пайдалы, себебі оларды қайта-қайта қолдануға болады; біз ақиқат, бастапқы қатысуға немесе мағынаға ешқашан жақындармаймыз. Яғни тіл – жартылай қатысу және жартылай қатыспау деп қорытындылауға болады.

## Дифферанс

Структуралистік лингвистиканың аясында мағына белгілердің арасында айырмашылықтар туындағандықтан пайда болады. Егер досым маған «жамбасым ауырып тұр» десе, мен олардың сөздерінің мағынасын түсінемін, себебі «жамбас» және «бас» сөздерінің арасындағы (басқасын айтпағанда) айырмашылықты назарға аламын. Мен мағынаны тікелей аңғармаймын, мен ықтимал байланыстар жиынтығының арасындағы айырмашылықтарды анықтаймын. Деррида «мағына бірден ұғынылмайды; оны түсіну ылғи да баяу» деп тұжырымдады.

Бірақ біз олардың аясында ешқандай бинарлы – жұп – шешімдер қабылдай алмайтын жағдайға тап болсақ, мәселелерді шешу мүмкін болмайды және қолданыстағы бүкіл тәртіп бұзылады. Ойлаудың осындай ретін бұзып, санада хаос орнату қорқынышты фильмдерде жиі кездеседі; олар біздің бинарлы логикамызға сәйкес келмейтін жағдайларда қолданады. Франкенштейн солардың бір ғана мысалы: ол – не адам, не машина, не жануар емес. Ойлаудың бинарлық тәртібін қалпына келтіргенде, тыныштық қайта оралады. Ал егер қандай да бір жағдайлардың нәтижесінде осы бинарлық тәртіпті қайтадан қалпына келтіруге мүмкін болмаса ше? Мәселенің шешілмейтіні қалыпты болса ше?

Деррида шешілмейтін дүние іс жүзінде Батыстың философиялық дәстүрінің бір элементіне айналғанын, бірақ осы дәстүрдің өзі бұл негізгі фактіні мойындаудан бас тартып отырғанын тұжырымдады. Батыс философиялық дәстүрінде жақсы немесе жаман мағынада түсіндіруге болатын көптеген түсініксіз, көпмағыналы сөздер көп. Мәтіндер көбіне екішты және дәл емес, бұл бинарлық мағыналық жұптан бір категорияны шығарып тастанады. Мысалы, ағылшын тілінде «drug» сөзі емдеу, заңға томпақ балағат және тіпті есірткінің мәжбурлі жетіспеушілігін бейнелеу үшін қолданылады.

Дерриданың пікірінше, жазу структуралистік қарама-қарсылықтарды бұзатын қасиетке ие.

Сөздердің бірмағыналы болуы, әрине, мүмкін емес. Олар ешқашан еш-

бір өзгеріске ұшырамайтын, тұрақты, бірмағыналы бола алмайды. Мысалы, ағылшын тіліндегі «rep» сөзі жазуға арналған құралды, аққудың аналығын және үй жануарларына арналған кішігірім қораны білдіреді; АҚШ-та бұл сөз «penitentiary» (түрме) сөзінің қысқартылған нұсқасы ретінде қолданылады; Кариб аралдарында бұл сөз плантация дегенді, сондай-ақ суасты қайықтарының жабық тұрақтарына арналған докты білдіруі мүмкін. Бұл сөздің мағынасын біз нақты мән-жайларды негізге ала отырып түсінеміз.

Алайда кейбір тілдік айырмашылықтардың нәзіктігі сондай, біз оларды байқамастан, бірінен екіншісіне ойша секіреміз. Мәселен:

Кез келген заттың түпкілікті мақсаты – кемелдікке жету. Өлім – өмірдің түпкілікті мақсаты, демек, өлім – өмірдің кемелдігі.

Бұл жағдайда «түпкілікті мақсат» сөзі «міндет» деген мағынада, сондай-ақ «соңғы оқиға» мағынасында қолданылады. Сірә, жоғарыда келтірілген болжам біз екі түрлі мағынаны байқамаған жағдайда ғана дәлелденсе керек. Екі түрлі мағынаның арасындағы айырмашылықты көргенімізде, бұл болжамның мағынасы жоқ.

Сондай-ақ метафоралық мағыналар бар. Метафоралық мағына – дәлмендәл мағына дегенмен мүлде бірдей емес. Айталық, бір адам «жасөспірімдерге кеңістік қажет» деді дейік. Бұл әр жасөспірімнің өз ісімен айналысада бөлек бөлмесі болуы қажеттігін білдіруі мүмкін. Сондай-ақ бұл сөйлем жасөспірімдерге өз идеяларын іске асыруы, шығармашылық машықтарын дамытуы үшін еркіндік қажет дегенді және қателіктер жасау үшін кеңістік керек екенін білдіруі де ғажап емес.

Жоғарыда көрсетілген барлық мысалдар қазір айқындалды. Бірақ күнделікті өмірде бізді сансыз тілдік шатасулар қоршап тұрғандықтан, біз мұндай «секірістерді» байқамаймыз да.

Деррида тіл мәселелерінің шешілмеуінің базистік негізі бар екенін атап өтті; бұл жағдай ішінара тілдік бүрмалаудан көрініс табады. Түпкі мағынаға біз ешқашан жете алмаймыз.

Деррида барлық тілдік белгісіздіктерді «деконструкциялап», бүкіл тіл жүйесінің жұмыс істеу үдерісіне тән шешілмес қасиетін анықтады. Дерриданың ең-бектері бізге көпке мәлім академиялық мағынадағы дәлелдер ұсынбайды. Оның ойлары – Платонның, Гуссерльдің және Фердинанд де Соссюрдің мәтіндерінде жай ғана саяхаттап жүреді. Бұл ретте Жак Дерриданы шешілмес түйіннің өзі емес, мәтіннің ішкі айқындылығы әлсіз көрінген жерлері қызықтырды. Ол Батыстың рационалистік метафизикасының негізін дәл осылай бұзуға болады деп тұжырымдады.

**Метафизика** – болмысты бар болу ретінде зерттеу; бар болып отырғанның мәні туралы пайымдаулар; нақты дүние негізделетін алғашқы себептер мен принциптер туралы ілім; бізді қоршаған нақты дүниені рационалды тану; адамды қоршаған заттар, олардың терендігі мен мәні туралы рационалды білім.

Тіл қоғамның иғлігіне айналғанда, оны ауызша және жазбаша баяндау үшін қолданатын адамдар тілді бақылау мүмкіндігінен айырылып қалды. Мысалы, жаңа кітап, роман, кино немесе ән жарыққа шыққан бойда сыншылардың оларды қалай лайықты бағалайтыны немесе бағаламайтыны, талданатыны немесе дұрыс түсінбейтіні туралы ойлап көрініші.

Ақыр соңында біз Дерриданың өзі ойлап тапқан «дифферанс» ұғымына да келіп жеттік. Француз тілінде «difference» деген сөз бар. Ол айырмашылықты, ұқсамауды білдіреді. «Differant» есімшесіне негіз болатын «differer» етістігі – кейінге қалдыру немесе әлдебір нәрсеге кедергі келтіру дегенді білдіреді. Осы екі сөзден Деррида «differance» («дифферанс») терминін жасады. Бұл термин қарастыру пәнінен шығарып тасталған барлық мағыналарды бейнелеу үшін жасалды. «Difference» және «Differance» сөздерінің айтылуы бірдей. Олардың арасындағы айырмашылықты жазу аясында ғана байқай аласыз.

Жаңа сөз жаңа идеяны білдірмейді; ол шешілместік ұғымын тағы бір рет еске салады. Тіл, ой және мағына бізге енді тұрақсыз, көпмәнді болып көрінеді. Бұл бізді сөзсіз оларға сенім артуға бола ма деген сұрақ қоюға мәжбүрлайді. Мағынаға қатысты соңғы шешімді кейінге ығыстыруға тура келеді.

## Жазу және қайталану

Көпшілігімізде бірнеше мағынаға ие сөзді немесе сөйлемді қарапайым қолдану дағдысы бар. Біз сөздің мағынасын оның контекстінен ұғуға тырысадыз. Алайда контекст ылғи осы мағынаны бере ме? Мысалы, зандар белгілі бір контекспен беріледі. Бірақ олардың бір жиынтығымен берілген зан бір де бір зан шығарушы елестете алмаған мүлдем басқа жағдайда қолданылуы тиіс болғанда не болуы мүмкін?

Деррида бұл жағдайда жазуды қайталану ретінде – кейбір айырмашылықтарға жол бере отырып қайталану қабілеті ретінде қарастырады. Хат әрқашан автордың ғана емес, хат жолданған адамның да шектелген еркін білдіреді. Солардан кейін осы жазылғанды өзіне арналмаған үшінші тарап көбіне басқаша оқып, мәтіннен бұрынғыдан өзге мағына табады.

Мысал келтірейік: Гомер және «Илиада». Гомер бұл күнде жойылған өркениеттің зағип ақыны болатын (оны қалыпты көру қабілетіне ие қарапайым ажал-

дының көзіне көрінбейтін тылсым құпияны ұққан сәуегей деп есептеуге болады). Поэмадағы дұрыс және бұрыс идеялар жауынгерлер табының батырлығы (данқ, ержүректік және т.б.) туралы түсініктеге байланысты. Бұл поэма мереke күндері, қатысушылардың көпшілігі оқи да, жаза да алмайтын той-думандар кезінде оқылды, дәлірек айтсақ, елге дауыстап оқып берілді немесе жырланды.

Қазір бұл туынды көп жағдайда классикалық білім алған және зиялыштық қауым-ға жататын адамдардан тұратын табынушылардың шағын орталарында ғана оқылады. Олардың бәрі үйлерге, автомобилдерге ие және қазіргі уақыттағы кез келген әскери іс-әрекеттер ғаламат соғысқа және адамзаттың толық жойылуына әкеліп соғатынын түсінеді.

Поэманы әркім әртүрлі оқиды: біреулер соғыстың басталу себебі экономикалық жағдайдан болды дейді, басқалары соғыстың ақықат себебі – Еленаның басын айналдыру, ісі алға басқан бәсекелеске шабуыл жасап, оның байлығын алушының нақты алғышарты болды деп түсінеді.

«Әйелді иелену» ұғымын жек көретін феминист әйелдер бұл туындыны басқаша оқиды.

Жалпы, «Илиада» жиырма бірінші ғасырда дәл 6.д.д. 800 жылдағыдай оқыла ала ма?

### *Әдебиет – деконструкцияның нағыз жүрөгі*

Деррида әдеби талпыныстар біртұтас болуы тиіс деп пайымдады. Ол автордың әр кітабының жазылуы барысында тіл құдды жаңадан жасалғандай болады – жаңа сөздермен және терминдермен жаңартылады деп есептеді. Мәселен, Дерриданың әртүрлі жазушылардың шығармаларын оқуы ақынға тілмен құресуші, шығарманы жасандылыққа ұрындырып, бастапқы мағынасынан айыруши тұлға ретінде қызығына байланысты болды. Бірақ бұл оқу тілдің ішінде не болып жатқаны туралы теориялық бейнелеуге де ұласты.

Дерриданың түсінігінде тіл елеске ұқсайды. Ол үнемі қайталанып отырады; өзін әр жағдайда әртүрлі көрсетеді. Ақындар, жазушылар, драматургтер әлдеше рет тілдің құдіретінің ықпалында болды. Олар тілмен тікелей байланыста болып, өздері де оған талай әсерін тигізді.

Деррида «мәтін» ұғымын қайта қарады. Ол: «Мәтін дегеніміз – нақты дүние объектісінің тілімен сипатталған мәннің – материялылықтың шегіне дейін қандай түрде де тарыла алмайтын іздер», – деген қорытындыға келді. Оның орнына, біз осы мәтін туралы жаңа түсініктің көмегімен ғана мәтіннен тысқары шыға аламыз. Дерриданың «мәтіннен тыс ештеңе жоқ» деген сөзінің мағынасы да дәл осы жерде көрінеді.

Деррида «қолтаңбаның» үш түрін атап көрсету қажет деп ұйғарды:

(1) Автордың мұқабадағы есімі.

(2) Автордың жазу мәнері, мәтіннің ерекше қасиеттері: сөз орамының ырғағы, ұзындығы, автордың сөздік қоры.

(3) Бірақ қолтаңба қолданысқа ену үшін туынды виртуалды оқырманға сеніп тапсырылуы тиіс. Ол енді осы хабарламаны алып, қабылдауға және «қол қоюға» жауапты болады.

## *Деррида және дін*

Дінді қарастыра отырып, Деррида бинарлық қарама-қарсылықтарға байланысты емес бастапқы нүктенің болуы тиістігін атап көрсетеді: бір жағынан – дін, ал екінші жағынан – ақыл-ой және Маркс, Ницше, Фрейдтің дінді сынауы. Ол дін мен ақыл-ойдың бір бастаудан – жауап ұғымынан тарайтынына сенімді болды.

Ақыл әрдайым сенімнің маңызын жоққа шығаруға ұмтылады. Сенім әрқашан адам үшін тартымды, өйткені ол өмір сүрге ұмтылдырады (ол өмірімізге «қасиеттілік», «құтқару», «тазалық» және «айқындық» ұғымдарының мағынасын енгізеді), сонымен қатар өлімге де итермелейді (ол біздің өмірімізге жанқиярлық ұғымын енгізеді). Ол әулиелікті мақұлдайды. Барлық діндарды дінде жалпыға бірдей құрбандық ұғымының болуына байланысты жасалған зұлымдық туралы ойлануға шақырады.

«Құдай» атауына байланысты қындық, әсіресе «Құдай – біз бола алмайтын нәрсе: Құдай – Өзге» дегенде туындейды. Деррида Өзге идеясын Құдайдың Моисейге күймесгүл оқиғасы кезінде айтқан: «Мен – қандай болсам, сондаймын» (Exodus 3:14) деген сөзінен алды. Тіл бізге дейін және біздің қатысуымызсыз пайда болды. Теологтер Құдайдың еңбегін дәл осы жерде еске салады. Мұндай тіл «теологиялық қалыптасу» ұғымына байланысты. Дін – «Құдай» терминінің адамның пайымдауларында қолданыла бастауының, тіл ұшына орала кетуінің дәлелі. Тіл туралы айтып, одан тысқары ештеңе жоқ деген кезімізде, біз теологияға енеміз.

Деррида Құдайды да, дінді де тұрақты тұжырымдамалар деп санаған жоқ және көп жағдайда дін ұғымын қолданудан аулақ болуға тырысқан сияқты; оның теологияға қатысты ұстанымын анықтау оңай емес. Алайда Деррида қанша дегенмен деконструктивті ойлау мен негативті ойлаудың немесе апофатикалық теологияның жақындығын сезінді.

**Апофатикалық (via negativa) теология** – түсіну мүмкін емес Құдайды сипаттайдын бұз дүние категорияларының шеңберінің сыртына назар салу тәсілі. Тек сенім түнегінде, интеллектуалдық және сезімдік түйсіктер жалаңаштанғанда ғана адамның жаңы Құдайға жақындауға қабілетті. *Via negativa* («терістеу арқылы») құдіретті мән, шындығында, адамдар оған таңып жүрген қасиеттерге ие емес екені туралы мәлімдеменің арқасында адамды Құдайды ақиқат түсінуге жақын-датады. Бұл – мистицизмнің бір түрі.

Екінші жағынан, Деррида негативті теология өзінің аксиомаларына де-конструкция қарсылық білдіруі тиіс көзқараспен байланысты деген пікірді ұстанды. Деррида – дүниеде құдіреттің бар екенін танып-білген адам емес, яғни мистик емес. Бірақ мистицизм тастап кетуді, жатсынуды және қараусыздықты ұғыну туралы да көрсетеді. Деррида өзі атеист бола отырып, еврейлердің мұрасынан Құдайдан «қабылданған» білімді адамның ұғынуының жарқын көрінісін байқады. Оның пікірінше, Құдайдан берілген білімдерді тану үрдісі, бейнелеп айтқанда, іріктеу, артықты алып тастау, түсіндіру, қайта өңдеу, бұрмалау деген рәсімдерді мақұлдады. Осы іс-әрекеттер дұрыс, сонымен қатар трансгрессивті (адамның белгілі, рұқсат етілген шектен асуы – аудармашылар).

## Деконструкция

Деконструкцияның не екенін айтуға талпына алатын белгілі бір деңгейге біз енді көтерілген шығармыз. Деррида өзі дұрыс емес деп түсінген, ақыл-ой патшалығына негізделген бүкіл Батыстық философиялық дәстүрге соғыс жариялаған сияқты. Деррида мұны «логоцентрлік ізденіс» деп атады: ойдың ішкі мәнін білдіру үшін ең қажетті, мейлінше сәйкес сөзді – ақыл-ойды көзге көрінетіндегі деңгейге көтеретін сөзді табу жолындағы ізденіс.

Логоцентризм нақты дүниені мүмкіндігінше жетілген түрде: дүниенің болуын, сөздегі мағынаны бейнелейтін нағыз рационалды тілге ұмтылды. Деррида мұндай түсініктің шын мәнінде тирандық сипатта болатынын атап өтті. Ол белгісіз нәрсенің бәрін басып-жаншу арқылы ғана жүзеге асырыла алады.

Шынында да, кейбір ойшылдар осы себепке сүйене отырып, адам танымы, әртүрлі ойлау формалары саласынан поэзияны (Платон), теология мен этиканы (Юм), өнер, дін, метафизиканы және этиканы (Витгенштейн) шығарып тастады.

Мағына – белгілерге тән емес; ол белгілердің сыртқы келбетінде тұрған жок. Құрылымдық лингвистика қатты әсер еткен ойшылдар мағына – символ-

дар арасындағы өзара қатынастардың нәтижесі деп үнемі атап көрсетіп отырады. Бірақ Деррида одан әрі тереңдей тұсті: кез келген мағынаның құрылымы осы мағынаны іздейтін және оны өздері жасайтын адамдарды қамтуы тиіс. Мағынаға сырттан қарау арқылы ғылыми тұрғыдан бағалайтын ешқандай рационалды ұстаным жоқ. Мағынаны іздеуші біз өзіміз жасайтын мағыналарға ғана қатысамыз. Деррида: «Мәтіннен тыскары ештеңе жоқ» дегенде, ол түсіндірудің біз қолданатын барлық тәсілдері мен ережелері туралы айтып тұр. Егер мен «Қызыл телпек» ертегісін оқып, «бұл – ересектердің балаларға қауіпті жерлерге (орманға) барудың қажетсіздігін ескертетін сақтандыруышы ертегі» десем, менің түсіндірмем мәтін шегінен аспайды; мәтінді алғашқы баяндаушылардың қалауына қарамастан, ол мәтін мағынасының бөлшегіне айналады.

## Түйін

Деконструкция – Дерридандың мәтіннің жасырын мағынасын ашу үшін мәтіннің құрылымын анықтаған тәсілі. Деррида атап көрсеткендей, әр мәтін мағына қабаттарынан тұрады, ал олар мәтінді кейінгі тарихи кезеңдердің немесе мәдени жағдайлардың аясында оқығанда және қайта оқығанда айқындалады.

Тіл жүйесі – табиғи жүйе. Алайда олар – іс жүзінде, қатаң, тіпті деспоттық жүйелер ретінде жұмыс істей алатын конструкциялар. Осылайша біз мәтінді әртүрлі түсініктерді ашып көрсететін әдістер ретінде жасауымыз керек.

Мәтін – парақтағы жазудың бір белгілі ғана емес; ол белгілі мағынасы бар әлдебір құрылым. Сондықтан ол сұхбаттарды, әңгімелерді, суреттерді, музыкалық шығармаларды қамтуы мүмкін және осының бәрін мәтінде тікелей көрсету міндетті емес. Сонында олар өздеріне-өздері қайши келеді.

Егер біз осы қайшылықтарды егжей-тегжейлі қарастыратын болсақ, автордың немесе мәтіннің оқырманға әсер етуіне көмектескен тәсілдерді байқай бастаймыз. Әр оқырман мәтінді белгілі бір жорамалдар тұрғысынан қарастырады, олар, «автордың» мәтінде айтқаны қаншалықты маңызды болса, соншалықты маңызды. Олар мағынаға ие. Сондықтан мәтінде тұрақты мағына жоқ. Мен белгілі бір мәтінге беретін болжамдар мен мағыналар дәл сол мәтінге сіз берген мағыналардан өзгеше және оқырманның мәтінді түсінуі көптеген жағдайларға байланысты.

Дерридандың еңбектерінің маңызды қыры – ақиқаттың немесе абсолютті құндылықтың болуын терістеуінде сияқты; сөзсіз белгілі ештеңе жоқ, сондықтан моральдық тұжырымдар мүмкін емес болып шығады.

Бірде Деррида деконструкцияны «мүмкін еместің даусыз дәлелі» деп атады. Ол батыстық философиялық дәстүрдің іргелі құрылымын жоққа шығарды. Бірақ мұның мәні бар ма? Біз мәдени немесе интеллектуалдық контекстен тыс ойлаймыз ба? Бұл контекстер жоғалар болса, біз пайымдай аламыз ба? Егер олар анық емес болса – оны түзету қажет пе? Кім және қандай көзқарас тұрғысынан түзетеді?

Кейбіреулер Дерриданың еңбектері зор маңызға ие екенін және философиялық жұмыстардың қатарына жататынын жоққа шығарады. Олар Деррида маңызды философиялық талпыныстарды, перспективаларды бұрмалап, философияның қауіпті идеологиялардан сақтанатын ішкі қорғанышын тартып алды деп тұжырымдайды. Бірақ осы қорғаныс құралдарының көзі неде? Олардың негізділігі қайда?

# Қорытынды

Философияның осы қысқаша тарихын оқу барысында сіз ұлы философтарды толғандырған идеяларды түсініп, бағаларсыз деп үміттенемін. Сонымен қатар сіз енді философия дегеннің не екенін айтуға дайын шығарсыз.

**Сократ** үшін философия көбіне этикалық мәселелерге байланысты еді. Ол адамдарға ақиқатқа жетудің дұрыс жолын нұсқағаны үшін айыпты болды. Оның пікірінше, этика – білімнің мәселесі, сондай-ақ ол «Мен қайдан білемін?» және «Мен не білемін?» сияқты сауалдардың жауабын іздейді. Сократ философиялық идеяларын, басқа да философтар сияқты, өзі өмір сүрген әлеуметтік ортада сарапқа салды. Өйткені олар өздерін айналасында болып жатқан әлеуметтік мәселелерден оқшаулайтын және қорғайтын қабыршақта тірлік кешкен жоқ. Сондықтан олар осы мәселелерді бірінші кезекте қойып отыруға мәжбүр болды. Пікірталас жүргізе білу өнерін бір ұстанымды қолдау үшін де, оған қарсы шығу үшін де қолдануды үйреткен адамдардың арсыздығы мен әділетсіздігі Сократты қатты ойландырды. Ол ақиқатқа осындай тәсілдермен жетуге болатынына күмәнданды. Оның әдісі – сұрақ қою, күмән келтіру.

**Платон** таным теориясының аясынан асып, өзінің идеялар теориясын дамытты. Бұл теория заттардың ішкі өзгермейтін формаларын – оларды нақты дүниеде қандай болса, сондай етіп, осы түрде ұстап тұрған нәрсені, олар туралы білімімізді тереңдететін форманы – «көруге» негізделген. Платон бәріне мистикалық түсініктеме берді. Бірақ оның ойлары танымның құрғақ теориясының шегінен шығып кеткен еді. Ол мінсіз қоғам және әсіресе мінсіз мемлекет туралы ойланды. Осының негізінде Платон адам табиғаты мен адам қасиеттер туралы және осы қасиеттер мен таланттарды ең жақсы жолмен қалай қолдану керегіне жиі ой жүгіртті. Оны «Әділеттік деген не?», «Мемлекетті кім басқаруы тиіс?», «Мемлекетті қалай басқару қажет?», «Өзін-өзі дұрыс басқару дегеніміз не?» сынды сауалдар толғандырды.

**Аристотельдің** ұстанымында ұстазының пайымдауларына тән мистикадан гөрі практикалық сипат басым болды. Оның философиясында аналитикалық белгілер де айқынырақ. Аристотель көптеген ақпараттық мәліметтердің

зор тізбегін құрастырып, одан әмбебап ережелер шығаруды жақсы көретін. Аристотель құдды: «Білім тек әмбебап ақиқатқа, яғни кез келген жағдайда ақиқат болатын дүниеге қатысты. Бірақ біз осы ақиқатқа жол іздегенде оның жеке сәттеріне, халдеріне, шарттарына және объектілеріне тап боламыз. Жеке құбылыстар мен заттар туралы ойларға терендемей, әмбебап білімге қалай қол жеткіземін?» – деп тұрғандай. Аристотель «жүйелі» адам болды. Ол ақиқатты танып-біліп қана қоймай, өзінің танып-білгені не себепті ақиқат екенін білгісі келді. Ол мәселені анық баяндауға, оған сай келетін терминалогияны анықтауға ұмтылды; бәрін қозғалысқа келтіріп тұрған принциптерді ашуға және оларды ретімен, кезеңдеп зерттеп, сипаттауға талпынды.

Аристотельден кейін ойлау сипаты өзгеше екі ойшыл – **Эпикур мен Зенон** келді. Олар өз назарларын қоғамға емес, адамға, тұлғаға аударды. Эпикурдың ойынша, ләzzat – бірден-бір игілік. Ол адамдарға қарапайым және бірқалыпты, сонымен қатар рақатқа сай өмір сүрге кеңес берді. Оның насихаты жеке тұлғаға бағытталды: қоғамды ұйымдастыру мен басқарудың көлемді жүйелерін Эпикур екінші орынға ығыстыруды. Бұл мәселе құрдымға кетіп бара жатқан дүниеде аман қалудың жолдарын ұсынған Зенонның да басты назарында болды. Бұл – жұбану, азапқа толы өмірден оқшаулану философиясы.

**Акуинолық Томас** өмір сүрген кезеңде әлем едәуір өзгерген еді: ұлы Рим империясы келмеске кетті, ал жаңа христиан өркениеті жүздеген жылдық бейберекеттік ұмыт болған кезеңге ауысты. Енді шіркеу биліктің басты ұйымына айналды. Акуинолық Томас қалыптасқан осы жағдайды Аристотельдің Еуропада жақында ашылған еңбектері мен кең тарай бастаған христиандық сенімнің синтезінің көмегімен түзетуге талпынды. Жүйелілік қайтадан салтанат құрды. Томасты көптеген зерттеушілер жаңалық ашушы деп қарастырады; ол христиандық ілімді философиялық ақыл-оýмен негіздей алды. Теология аясында тек сенімнің негізінде түсініліп, қабылданатын нәрселер бар: оған Үштік, күнәнің өтелуі және құтқарылу сияқты ұғымдар жатады. Алайда оның бәрі Аристотельдің рационалды және сыни философиялық жүйесіне сүйенген Акуинолық Томастың арқасында енгізілді. Томастан кейін философиялық жүйе (дүниенің бейнесі) аянға негізделген христиандық ілім туралы пайымдауларларға негіз бола алатыны мойындалды. Бұл дүниетаным қазір де бұрынғыша өзекті: Хайдеггердің философиясы жиырмасыншы ғасырдың көптеген теологтері үшін осындағы негізге айналды.

**Декарт** өз пікірінің дұрыстығын философиялық ойларының өзегі етіп алды. Бұл өзек ол үшін этика емес-ті. Ол күмәндану арқылы жасалатын қорытындылар күмән тудырмайтынына сенімді болды. Декарт абсолютті дұрыс-

тыққа, ақиқаттыққа және анықтыққа көз жеткізу үшін адам барлық нәрсеге күмәнмен қарауы керек деп есептеді. Осылайша ол барлық нәрсеге күмәнмен қарайтын адам – бірден-бір күмәнсіз объект деген шешімге келді. Осы бұлтартпас дәлелін негіз ете отырып, ол бірте-бірте дүниенің өзіндік философиялық бейнесін жасады. Өз толғаныстарында Декарт әр тұжырымды ерекше тәжірибелік тәсілмен дәлелдеп отырды. Бірақ оның философиялық жүйесінің әр элементі белгілі бір уақыт аралығында дұрыс әрі өзгеріссіз қалуы тиіс еді. Осыған байланысты философ дүниенің өзіндік бейнесінің барлық құрамдас бөліктерінің болуына кепілдік беретін сыртқы, тұрақты және өзгермейтін бірденеге жүгінуі қажет-тін. Оны Декарт Құдайдан тапты.

**Локк пен Монтескьеңің** идеялары қазіргі заманғы либерал мемлекеттің пайда болуында маңызды рөл атқарды. Олардың ойынша, мемлекет – идеялар жүйесін, мәселен, шіркеудің немесе харизматикалық көшбасшылардың құндылықтарын, кастаның немесе экономикалық таптың құндылықтарын күштеп таңу құралы емес. Мемлекет – еркін индивидуумдардың бірлестігі, жиынтығы. Локк пен Монтескье белгілі бір әлеуметтік ұйымдарсыз өмір сұру адам үшін қауіпті екенін мойындағы. Осылайша адамдар баршаға ортақ келісімшарт жасап, қоғамнан тыс өмір сұрудің қауіпсіздіктерін жоюға қажетті бірқатар арнайы басқару ұйымдарын құрды деген қорытындыға келді. Олар мемлекет насихаттаған мемлекеттік минимализм идеясы – күш қолдану мен билікті сырттан күштеп таңудан азат болу арасындағы нәзік тәпе-тендік.

**Спинозаның** басты идеясы – әу бастан дәлелденген ақиқат ретінде қарастырылатын субстанция. Ол әлемде бір ғана субстанция бар деп есептеуден танбады (Құдай немесе табиғат). Біз Құдай туралы айтқанда, оны себеп ұғымымен түсіндіреміз, табиғат туралы айтқанда – оны нәтиже деп ойлаймыз. Спинозаның философиялық жүйесі механистік және тұлғасыздандырылған болды.

Декарт пен Спинозаның ойлары – рационалистік философияның үлгілері. Рационалист философтар ғаламның бар екеніне және оның рационал үлгіде өмір сүретініне сенімді болды. Оның негізгі принципін адам тек ақыл-ойы арқылы ұғына алады деп ойлады. Мұндай көзқарастардың бастапқы нүктесі логика еді және олар математикаға тән әдістерді де қолданды.

**Дэвид Юмнің** ойлау тәсілі мүлде өзгеше. Оның эмпирикалық ұстанымы қарапайым: бұрынғы классикалық философиялық жүйелердің бәрі Құдайдың бар екені және оның құдіреттігі туралы болжамдарға негізделді. Эмпириктер классикалық метафизиканың астындағы теологиялық кілемді сұрып алып, кейін оны қайта орнына қойып, бүкіл құрылымның біржола қирауын күткен секілді болды. Эмпириктер бүкіл білімді тәжірибемен негізdedі. Біз өзімізді

қоршаған дүниедегі қандай да бір объектіні сезім мүшелерімізben сезінгенде ғана (жанбырдың жауып жатқанын білемін, себебі оның тамшылары бетіме тамғанын селе аламын немесе т.с.с.) мәлімет ала аламыз. Юмнің осы теорияны себеп идеясына айналдыруы қисынсыз болды. Біз мұны оның тұжырымдарын ғылыми тәжірибелердің нәтижелерімен салыстырғанда байқай аламыз; бұл тұжырымдар Юмнің өзі сынға алған сол теорияның негізінде жасалған.

**Кант** философиясы ғылымның салтанаты да, сонымен қатар эмпиризмінің қызыу сыны да болды. Канттың ойынша, ғылым зерттейтін табиғат занда-ры жай ғана ақиқат және әмбебап емес – олар априори, яғни сөзсіз ақиқат және әмбебап. Ғылым даму мен жетістікке жету үшін ғана пайда болған жоқ. Ол, Канттың ойынша, анықтауды және түсіндіруді қажет ететін ішкі жасырын қажеттіктер бар болғандықтан табысты дамып отыр. Яғни философтар ғы-лымның соншалықты табысты дамуының себебі неде екенін түсінуі тиіс. Бірақ олар, сондай-ақ, этика, өнер және дін ғылыми әдіснаманың зерттеу нысаны-на айналған сайын немесе ойлаудың басқа түрлері де дербес, занды, дұрыс және қажет екені анықталған кезде де ойланғаны жөн.

**Карл Маркстің** философияға көзқарасы мүлдем басқаша болды. Әйтсе де оның (және басқа да көптеген ойшылдардың) ойларына негіз болған мета-физика еді. Маркс дінді жоққа шығарып, оның орнына материализмді қойды. Оның философиялық жүйесі Гегель диалектикасының негізгі бастауларына сүйенді: нақты дүние тұрақты емес, ол үнемі үдемелі және секірмелі түрде дамиды. Қоғамдағы бүкіл өзгерістер таптық қрестен туындаиды және осы қрестің аясында ғана жүреді. Феодализмнен коммунизмге дейінгі үдемелі, кезеңдік даму бәрібір болмай қоймайды. Маркстің философиясы – социумның даму және өзгеру зандалықтары туралы мәлімдейтін философия.

Маркс революциялық бұқараның пайғамбары болса, **Ницше** дүниеге ас-қақ, тәуелсіз «жаңа адамның» келгенін жариялаған пайғамбар еді. Ницше-нің пікірінше, мұндай адам билікке ұмтылып, барлық құндылықтарды қайта саралауы және Асқақ Адам болуы тиіс. Ол өзінің дүниедегі жалғыздық күйін қабылдап, оған сай өзіндік өмір салтын және құндылықтарын қалыптастыруы тиіс; өзінің және өзгелердің әлсіздігін жек көріп, шектеулер мен тыйымдарды жеңуі тиіс. Ницшенің философиясы – жеке, оқшауланған тұлғаның дербес философиясы.

Аналитикалық философия **Витгенштейннің** еңбектерінде туындаады. Витгенштейн философиясының оған дейінгі барлық ойшылдардың догмалық ілімдерімен ортақ ештеңесі болған жоқ. Ол өзінің бастауын әдістемеден, ғы-лымы және логикалық дәлелдемеден алды. Витгенштейн оқырман автордың ойын ол айтқан заттар туралы өзінің белгілі бір түсініктері оған дейін болған-

да ғана (мүмкін, бұл заттарды толық көлемде ұғынбай-ақ) түсіне алады деп ойлады. Ол өзінің назарын тілді зерттеуге, оны талдау мәселелеріне аударды: ол тілдің қызметінің принциптері жөнінде екі философиялық теория жасады. Аналитикалық философияға барлық философиялық мәселелерді тілдік мәселелер ретінде қарастыру тән. Ол – тілдің көкжиегі туралы: айтып жеткізуге болатынның және айтып жеткізу мүмкін еместің шектері туралы теория. Көптеген зерттеушілер тілмен жеткізе алмайтын бірдененің бар екені туралы айтса да, адамның жаңы бәрібір соны жеткізуге ұмтылады.

Сөзбен жеткізу мүмкін емес нәрсе өз бейнесін **Хайдеггердің** философиясында – болмыс философиясында тапты. Біздің «дүниедегі-болмысымыз» жай ғана самарқау қатысу емес: бұл – толық қатысу, ол қиялға толы дүниені жеңу. Біздің бар болуымыз – дүниедегі өзге де болжалды мәндермен бірге қатысуға негізделген өзгелермен-болмыс. Адам бейболмысты емес, болмысты – дүниедегі объектілердің өмір сұру шарты болған болмыс фактісінің өзін тануға ұмтылуы тиіс. Болмыс – жай ғана өмір сүретін бар нәрсенің бәрінен ара жігін ажыратады. Хайдеггердің ойынша, дәстүрлі метафизика болмысты ұмытты. Болмыс пен бар болуды ажыратудан бас тарта отырып, метафизика өзінің қасақана немқұрайдылығынан дүниеде бар көптеген объектілер туралы ғылымға айналды.

Абсурд философи **Сартр** метафизиканы жаңа бағытта дамытты; метафизиканы дүниенің жаратылышын зерттеу үшін қолданудың орнына, біз жасаған нәрселердің алдын ала анықталған әлемдік тәртібінің болуының мүлде мүмкін еместігін және ол тәртіптің абсурдтылығын метафизиканың көмегімен көрсете алды. Біз мақсаттар қоюдың және өмірдің өзіміз жасайтын мәнін түсінудің арқасында ғана өмір сүре аламыз. Біздің өмірімізді толтыратын кез келген мән өзімізге негізгі етіп алуымыз мүмкін болған барлық басқа мәндерден артық емес. Біз үшін мәселе болып тұрған нәрсе – қандай да бір мәнді сезінбей өмір сүре алмайтынымызда. Мән болмаса, біз өмір сүре алмаймыз, бірақ біздің өміріміздегі осы мәннің рөлін атқара алатын ештеңе жоқ. Біздің өмір сүруіміз – мәнсіз, бірақ біз болмыстың осы жоқ мәнін қалай анықтауды шешуіміз керек. Абсурд!

Ақыр соңында біз мәтін мағынасын зерттеген философқа да келіп жеттік. **Деррида** тілдің қандай да бір тұрақты, өзгермейтін мағынаға арқа сүйей алмайтынын атап көрсетті. Оның «деконструкция» термині мәтіндердің мағынасын олардың ақиқат болуы мүмкін емес алғышарттардан құрылғанын көрсете арқылы анықтауды мензейді. Мәтіннің мағынасын автордың көзқарасымен шектеуге болмайды. Батыс философиясы күмәнсіз, ақиқат мазмұнды іздеуге шырмалып қалды. Деррида бұл ізденісті жалған, бұрыс деп түсінді. Сөздер

мағынаға ие емес, олар өзінің тікелей мәнді иелену қабілетінен өзге, ықтимал мәндерге сілтеме жасаудың көмегімен «құтылады». Тіл салыстырмалы.

Біз нақты дүние адам қадағалайтын табиғат жүйесімен шектелген, адам – басты құндылық, ал ғылыми әдіс – білім алу үшін қажет жалғыз құрал ретінде қарастырылған «модернистік» көзқарастан біраз алыстадық. Модернистік дүниетаным прогресске, дамуға, дәлелдерді объективті бағалайтын, өз бетінше шешімдер қабылдайтын, уақыт пен кеңістік жағдайларынан тәуелсіз, еркін және тәуелсіз адамдарға сенді. Адам өзін қоршаған заттарды қандай болса, сол қалпында білді, сыртқы беделдердің бәріне күмән келтіріліп, терең зерттелді.

Жиырмасыншы ғасырдың сонына қарай адамның ойлау жүйесі өзгерді. Кейде оны постмодернистік деп атайды. Жаңа сана білімнің объективтігін және күмәнсіздігін жоққа шығарды. Барлығын қамтитын, бәрін дерлік түсін-діретін метафизикалық, діни және тарихи жүйелер құру енді мүмкін емес болып көрінді. Постмодерн адамы білімде игіліктің бар екенін мойындаудан бастартты. Прогрессе деген сенім оты сөнді. Ақиқатқа рационалдық тәсілдерден басқа, мысалы, интуицияның көмегімен жету жиіледі. Ақиқат пен білім көбіне жекелеген адамдар қауымының сенімдері ретінде қарастырыла бастады.

Бұл пікірлер жалпы өте ауқымды, дегенмен сіз, бәлкім, қоғамның оларды біртінде, елеусіз ғана, кезеңдең қабылдау үдерісін жақыннатудағы Дерриданың рөлін көре аларсыз.

Сонымен адамдар философиямен 2500 жылдан астам уақыт бойы айналысып келеді. Десек те олар философияның не екені туралы ортақ пікірге келе алмай-ақ қойды. Философия – біз өмір сүріп отырған дүниенің мәні, ондағы біздің орнымыз, өмір сүруіміздің түпкілікті мақсаты (егер де ол бар болса) туралы ғылыми, теологиялық, мистикалық және этикалық ойлардың ғажап қоспасы деуге болады. Барлық ойшылдарға және барлық философиялық жүйелерге ортақ нәрсе – «ойлау». Ежелгі философтар адам заттардың табиғатын тек терең және реттелген ойлау үдерісінің арқасында ғана танып-біліп, аша алады деп тұжырымдады. Кейінгі философтар философия тек дүние туралы ойлаумен ғана емес, сонымен қатар бақылаумен және іс жүзіндегі тәжірибелермен байланысты деп есептеді. Ал қазіргі заманға жақындау философтар философиялық талдау тілді қолданумен байланысты деп тұжырымдады. Тілдің қызметінің принциптерін зерттеу, олардың пікірінше, философиялық ойларды әрі қарай жалғастырудың шарты ретінде қажет болды. Соナン соң, мәтін оны оқырман оқып, өзіндік түсініктері мен тұжырымдарын енгізе отырып, оның бастапқы мазмұнын өзгертпейінше, ешқандай мағынаға ие емес деген пікір пайда болды. Осылайша мәтіннің мағынасы алдын ала анықталмайды, ол – потенциал, мүмкіндік қана.

Бұл кітап философияның не екенін айтуға тырысудан гөрі, қарастырылып отырған философтардың не тыңдырғанын, не туралы ойлағанын сипаттайды. Философия – білімге негіз болудан гөрі, іс-әрекетке бейім. Философияның айрықша белгісі – логика мен айқын реттелген дәйектердің қолданылуы. Адамдардың философияға жүгіну себептерінің бірі – «даналықты іздеуге» үмтүліс (Бірақ одан өте көп нәрсе күтпеніз!). Адамдардың философиямен шұғылдану себептерінің бірі – идеяларды сараптап, жіктегенде, қол жеткізген білімдеріне қанағаттанбауы және өз ойларын дамытуды қалауы. Осылайша философия әрі сынни, әрі жасампаздық қызмет атқарады.

Философтар көбіміз оларды күйбен тіршілігімізде өзінен-өзі болады деп есептейтін: өмірдің мәні, дұрыс пен бұрыс, саясат, бізді қоршаған дүние болмысы, сол дүниені қабылдауымыз, ақыл-ой, өнер, ғылым сияқты түрлі мәселелер туралы пайымдайды. Олар іргелі сұрақтар қояды: кісі өлтіру, ұрлық жасау және өтірік айту неліктен бұрыс? Осы әрекеттердің дұрыс болуы мүмкін кездер бар ма? Қандай жағдайларда? Сіз дұрыс пен бұрыстың арасын қалай ажыратасыз? Бұл сұрақты қоюдың өзі жөн бе? Философияны зерттеу сізге өз наным-сенімдерініздің төңірегінде ойлануға – сіздің өз әрекеттерінізге неліктен сенімді екенінің туралы ойлануға көмектеседі. Біз философияны зерттейміз, себебі Сократ сияқты зерттелмеген, ұғынылмаған өмірдің түкке тұрмайтынына сенеміз; себебі осылайша біз ойлап үйренеміз; себебі – ол бізді ләззатқа бөлейді.

Философтар өздері жауабын таба алмаған сұрақтар төңірегінде үнемі пікір таластыратын сияқты. Мәселені қарастырудың екі жолы бар: сұрақты қоюдың өзі қате деу (бейлиберал және бейфилософиялық әдіс) немесе сұрақ қоюды оны түрлендіре отырып жалғастыру, сұрақтың дәрежесін талдап, қайта бағалау. Өзіміз қалайтын жауапты дәл табатынымызға ешқандай кепілдік жоқ. Философияның бәрі дерлік ескі идеяларға қанағаттанбауға, сұрақтарды қарастырудың немесе мәселелерді шешудің жаңа әдістерін табуға үмтүлуға байланысты. Философия бейнелеу什і де, қайта жасаушы да бола алады.

Философияға метафизикалық ойлардың элементі және тағы бір элемент – біздің не білетінімізді, неге сенетінімізді, қалай түсінетінімізді, сол арқылы, ең алдымен, білімге жететін үдерісті қалай түсінетінімізді сыннау элементі кіреді. Алайда философия құндылықтармен де байланысты. Философияның не екенін айта алмасаңыз да, сіз, ең аз дегенде, өзіңіз үшін оның қандай қырлары қызықты екенін атай алатын жағдайға жеттіңіз.

Ізденистерінізді одан ары жалғастырасыз деп үміттемін. Бұл жолда сізге сәттілік тілеймін!

# Сізге қызық кітаптар

Біріншіден, мен сізге, оғаштау көрінгенмен, философтар мен философиялық тақырыптарға арналған бірқатар комикстерді ұсынамын. Icon Books Аристотель, Деррида, Декарт, Хайдеггер, Кант, Маркс, Ницше, Платон, Сартр мен Витгенштейн философияларына қатысты таныстыру материалдарын жариялады. Бұл басылымдар, сонымен қатар сынни теория, эмпиризм, этика, экзистенциализм, логика, марксизм, модернизм, саясат философиясы, постмодернизм және ағартушылық сынды тақырыптарға да арналған. Бұлар – сәл қалжың араластыра әрі көпшілік оқырманға ұғынықты етіп мамандар жазған мейлінше байсалды кітаптар. Карикатуралар мен комикстер әдеттегі мәтіннен әлдеқайда тиімді игеріледі. [www.iconbooks.co.uk](http://www.iconbooks.co.uk) <http://www.iconbooks.co.uk/> кіріңіз.

Оксфорд университетінің баспасынан шыққан, әртүрлі ойшылдардың философиялық қозқарастарын ұсынатын «Past Masters» («Өткеннің шеберлереңі») циклі де пайдалы болуы мүмкін. Бұл басылым аясында Аристотель, Акуннолық Томас, Декарт, Юм, Кант, Локк, Маркс, Монтескье, Платон, Спиноза, Витгенштейн және Сократ сынды философтардың философиялық идеялары қарастырылған. «Fontana Modern Masters» (London: HarperCollins) – әртүрлі ойшылдардың (олардың арасынан Деррида, Хайдеггер, Маркс, Ницше, Сартр, Витгенштейн және тағы басқаларды жеке бөліп көрсету қажет) философиялық идеяларына арналған кітаптар тобы.

Қолыңыздағы кітапта қарастырылған философтар туралы қосымша ақпаратты сіз мына басылымдардан таба аласыз:

Appelbaum, D., *The Vision of Hume* (London: Shaftesbury, Element Books, 1996).

Bridghouse, T. C. and Smith, N. D., *The Philosophy of Socrates* (Oxford: Westview Press, 2000).

Caputo J. D. (ed.), *Deconstruction in a Nutshell: A Conversation with Jacques Derrida* (New York: Fordham University Press, 1997).

Caputo J. D., *Demythologizing Heidegger* (Indianapolis, IN: Indiana University Press, 1993).

- Copplestone F. C., Aquinas (London: Penguin, 1955).
- Grayoff F., Aristotle and his School (London: Duckworth, 1974).
- Hollingdale R. J., Nietzsche, the Man and his Philosophy (Cambridge: Cambridge University Press, 1965).
- Kenny A., Descartes: A Study of his Philosophy (Cambridge: Cambridge University Press, 1968).
- Körner S., Kant (London: Penguin, 1955),
- Love N. S., Marx, Nietzsche and Modernity (New York: Columbia University Press, 1986).
- McGuinness B., Wittgenstein: A Life (London: Duckworth, 1988).
- Murdoch L., Sartre, Romantic Rationalist (London: Collins/Fontana).
- Nichols A., Aquinas, an Introduction to his Life, Work and Influence (Grand Rapids, MI: Eerdmans, 2003).
- Quinton A., Hume (London: Phoenix, 1998).
- Ritchie D. G., Plato (Bristol: Thoemmes Press, 1993).
- Scruton R., Spinoza (London: Phoenix, 1998).
- Sharpies, R. W., Stoics, Epicureans and Sceptics (London: Routledge, 1996).
- Woolhouse R. S., Locke (Brighton: Harvester Press, 1983).

Төмөнде көрсетілген кітаптар философтарға емес, философиялық мәселелерге назар аударады.

- Ayer A. J., The Central Questions of Philosophy (London: Pelican, 1973).  
 – Philosophy in the Twentieth Century (London: Unwin, 1982).
- Deleuze G. and Guattari F., What is Philosophy? (New York: Columbia University Press, 1994).
- Honderich T. (ed.), Philosophy Through its Past (London: Penguin, 1984).
- Morton A., Philosophy in Practice: An Introduction to the Main Questions (Oxford: Blackwell, 1996).
- Teichman J. and Evans, K. G., Philosophy, a Beginner's Guide (Oxford: Blackwell, 1991).

Егер философия тарихына шындал қызықсаныз, Берtrand Расселдің «Батыс философиясының тарихы» сізге жақсы көмекші бола алады (Bertrand Russell «History of Western Philosophy» (London: George Allen & Unwin, 1946). Сізге, сондай-ақ Ф.Коплстонның тоғыз томдық «Философия тарихы» еңбегі біршама пайдалы болуы мүмкін. F.Copplestone «A History of Philosophy» (London: Continuum, 1962).

Басуға 06.02.2018 ж. қол қойылды. Пішімі 84x100<sup>1/16</sup>.  
Қаріп түрі "Tahoma". Офсеттік басылым. Офсеттік қағаз.  
Көлемі 13,5 б.т. Таралымы 10 000 дана.  
Тапсырыс 263.

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылыш шықты.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,  
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.  
E-mail: priemn1@dauir.kz, zakaz@dauir.kz